






Қ. Мәдібаева



**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ**




*Оқу-әдістемелік
хрестоматиялық жинақ*



Қ. Мәдібаева

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ

Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ



ЗВЕРО
Алматы, 2020

ӘОЖ 821.0
КБЖ 83.3
М 66

*Баспаға І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған. (Хаттамға)*

Пікір жазғандар:

Сүлейман Демирел атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Д. Ысқақұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор **С. Тұрысбек**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **М. Имангазинов**

М 66 XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны. Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ/құраст.: Қ. Мәдібаева. – Алматы: Эверо, 2020. – 360 б.

ISBN 978-601-327-968-8

Бұл хрестоматиялық жинақ әдеби мұраны зерттеу мен игерудің қазіргі кезеңдегі жаңа бағыттары негізінде белгілі шығармашылық тұлғалардың ғылыми айналымға кейінгі кезде ғана қосылып отырған, XX ғасыр басындағы «Қазақ», «Айқат», «Шолпан», «Ақ жол», «Тілші», «Абай», «Сана» сынды әдеби басылымдар, мерзімді баспасөзде жарияланған қазақ әдебиетінің жаңа тарихи дәуірдегі көркемдік даму ұстанымдары сараланған елеулі әдеби-сын мақалаларынан құрастырылды.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетін оқытуда көмекші құрал есебінде пайдалануға ұсынылып отыр.

ЖОО студенттері мен магистранттарына, докторанттарға, әдебиет зерттеуші мамандарға арналған.

ӘОЖ 821.0
КБЖ 83.3

ISBN 978-601-327-968-8

© Мәдібаева Қ., 2020
© Эверо, 2020

АҢДАТПА

Ұрпақ алмасып, ұғымдар ауысып отыратын, әрдайым өктем, құйын мінез озғын уақыт XX ғасырдың басында қазақ даласын тағы да әңкі-тәңкі қылды. Қылбұрау заманның соқтықпалы, соқпақсыз саяси тұрқы түршіктіреді. Қорланып, ұлты қор болмас үшін ұлы майдан ашқан ел жақсысы кейде адасты, кейде айныды. Бірін бірі қаралады да, аялады да.

Ел ертегілерінде айтылатын жеті басты жалмауыз аждаһа – ендігінің жаһандану сұмдығы.

Ештеңеден жеңілмейтін дүлейдің де бір осал жері бар. Бой қуаты зор ұлтты аждаһа жетеу емес, жетпіс басты болса да жұта алмайды.

XX ғасыр басындағы зор тұлғалардың қайраткерлік өнегесі, қалғымайтын ұлтжанды болмысы сақталған әдеби жәдігерлерді ұғыныстықпен ой талқысынан өткізу – ұрпақ парызы.

"Тап" дегенді талапайға тастап жіберіп, қазақтың қарсы бітер қайраттыларын бір-біріне тап-тап бергізіп қойған XX ғасырдың қапалы жиырмасыншы жылдарында көркем әдебиет, оның бағыттары мен міндет, мақсаттары түбегейлі де, түбірсіз де болжанып, талданып жазылған мақалалардың басым көпшілігі қазіргі уақытта ғылыми айналымда жүр.

Жоғары мектептің магистратура бөлімінде әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сынына қатысты негізгі базалық таңдау бойынша пәндерді оқытуда әдеби мұраны тану мен игерудің ғылыми негізделу тарихын қамтып отыру қажеттілігі көпшілік басылымдардың тапшы таралымы, қайсыбір әдеби сын, зерттеулердің әлде де қазіргі жазуымызға көшірілмеуі, т.б. себептерді көрсетіп отыр.

Осы бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің филология магистрлері Г.Рүстембекова, Е.Хуатбек, Б.Баязитов, А.Бағашарова, Г.Омарова және І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранттары А.Шаншарбаева, Ш.Оношбай, А.Қалиманова, Г.Асанқызы, З.Зәйкенмен бірлесіп көмекші оқу-әдістемелік құрал есебінде баспадан хрестоматиялық жинақ шығаруды ұйғардық.

Әдебиет тарихын, әдеби үдерісті ғылыми игеруге арналған пәндерді оқыту барысында хрестоматияда қамтылған материалдар тақырыпты пысықтап, бекіте түсетін дерекнамалық мәнімен бағалы.

XX ғасырдың 20-жылдарында баспасөзде пікірталас, ой бөлісу, кеңесу бағытында көркемдік мәселелерін, халықтық әдеби мұраны игеру мұраттарын, жеке шығармашылық тұлғаның жазу ұстанымын ұдайы талқыға салып отыру үрдісі бел алды.

Әдебиет тарихы туралы айтыс-тартыс қызды. Сол дәуірдің саяси, көркемдік ахуалы, жеке тұлғаның не айтқаны, қалай айтқаны, қашан, қалай айтқаны соңғы кезеңде сан тарап талқыдан да өтіп жатыр.

Жинақта әдеби шығармашылық, көркем әдебиет туралы "қайшылықтарының" астарын әлі де қайта қарау тұлғалардың XX ғасыр басында жарық көрген жан қуаты, ой сәулесі түскен әдеби-сын, зерттеу мақалалары хронологиялық ретпен ұсынылды.

**Қ. Мәдібай,
филология ғылымдарының
докторы, профессор**

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқанығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көнке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар

сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында гәділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыстағы елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Мыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бертіс бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жөніп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы қатты ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас», — деп.

Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атанабастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген

ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», — деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия лаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлки, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына ондай болудан құдай сақтаған.

80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ гүрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген; олардың кітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би, болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған екен. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлки, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері дүниеда қалғаны — қазаққа зор бақ. Бетін түзеп,

жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай — оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғып болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін — өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, тоселіп желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректен кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис — сөздің басы,
Қосарлы бейітсымал¹ келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінажат уәлилердің² зар-наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.

¹Өлең, жыр

²Әудис, пайғамбар

Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық

болмап шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанында көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасак, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер өткен күнмен бәрібір бас.
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі — арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған беки!

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?

Мазлұмға³ жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамыш әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп исең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәләт пен мархамат — көп азығы,
Қайда көрсен, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін-дағы тереңінде.

1897-ші жыл.

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріп айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жәтканы кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уаляяттардағы кітап сатушыдардың бәрінің де магазиндерінде

³Зұлымдыққа ұшыраған адам.

жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетіге асып, көпке көрсетпекшіміз.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНАН

Газетамыздың 110 нөмерінде жазылған қазақша әдебиет кеші басталардың алдында Райымжан мырза Мәрсекөв жиылған әлеумет ішінде қазақ әдебиетімен таныс та, таныс емес те адамдар бар шығар деп, қазақ әдебиетінің жайынан сөз сөйлеген. Айтқан сөзін жалғыз ғана әдебиет кешіне жиылған әлеумет емес, басқалар да естісе, пайдасы болмаса, зияны болмас деп, түгел басуды мақұл көрдік. Айтқаны мынау:

Құрметті мырзалар һәм ханымлар!

Бұ күнгі жиын кітапша айтқанда әдебиет кеші деп аталады. Мұндай жиынның болуының, осындай ізгі іс жасауының қазақ ортасында бұл тұңғышы да шығар.

Мемлекетімізді жан-жағынан жау қапқан қоршап тұрғанда, төгілген қан дария болып ағып жатқанда, Россия панасында тұрған қазақ халқы, біздің бұл жасаған жиынымыздың асыл тегі аз да болса, мемлекет пайдасына істеген бір қызмет. Оның бер жағында біздің қазақта мұқтаж шәкірттер көп. Олар ескерусіз. Соларға да жәрдем болсын деген мақсат. Әдебиет деген сөз айтылған соң, әдебиет деген не нәрсе, ол қазақ жұртында өткен замандарда қандай еді, осы күні қай калыпта, бұл турасынан біраз сөз айтып мағлұмат беруді жөн көрдік. Қазақша қысқасынан айтсақ, әдебиет “сөз” деген мағынада. Сөз дегенмен сөздің сөзі болады. Сөздің сырты шырайлы, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады. Өлең, жыр, мақал, жұмбақ, ертегі, хикая баршасы әдебиетке қосылады.

Бұл сөздің қай түрін алсаңыз да әр қайсысында мағына бар. Халықтың ойлаған ойын, пікірін білдіретін, мұнын, мұқтажын көрсететін осы әдебиет. Бұл жұрттың айнасы. Халықтың түрі, қалпы, салты бәрі сонда көрініп тұрады. Біздің қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін үш дәуірге бөлуге болады: Бірінші дәуірі ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез. Ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп, көк орай шажын жерлерде, шалқып көл, сарқыраған өзен жағасын жайлап

жүрген күндері. Кеңшілікте туып, бар керегі өзінен табылып, төрт түлік малдан бері шығып тұрған мезгіл, ойлауға уақыты кең, сөз сөйлеуге тілі еркін болған заман. Біреумен біреу кез келіп, сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбақпен, пернемен сөйлескен. Той болса, жиын болса, ақынсыз, өлеңсіз болмаған, айтысу парыз сияқты болған.

Ол замандарда еркек, әйел демей, бәріне де шешендік салыстырып айтыспақ, бірін-бірі жеңіспек бір мерей болып саналған. Қыз-қатындар ол кезде еркін өскен. Жиын болса, қыз-келіншек, бозбаласыз қызығы, сәні болмаған Сөз білген, өлең білгендер ол заманда ел ішінде қадірлі болған. Бұлардың қадірлі болу себебі сөз бағалы болып, өлең мен күй адам баласының өнерінің зорына саналған. Осы айтып өткенімізді өспеттеу үшін өткен замандарда айтылған бір- скі ауыз сөз келтірейік.

Мұнан 193 жыл бұрын, 1722 жылда, біздің осы төңіректі (Семей маңын) жайлайтын орта жүздің қазағы Сырдария бойын жайлаған екен. Сол уақытта тобықты деген таптан Қалқаман атты батыр шығады. Ол батыр бір байдың Мамыр деген қызын алып қашпақ болып, жиылған көп қыз, бозбаланың ішінде отырған Мамыр қызға “айтатын жауабың не” деп ымдайды. Сонда Мамыр қыз толып отырған жұрттың көзінен өлеңдетіп, пернелеп айтқаны мынау:

“Күн батысы ауылымның калың камыс,
Бүрсікүннен арғы күн болады алыс.
Жас кісіде бар болса жігер намыс,
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс”.

Бұл сөздің шешуін “Қалқаман – Мамыр” деген Шәкәрім қажының кітабында былай айтады:

“Жауап берді солайша Қалқаманға,
Байқалмады бұл сөзі басқа жанға.
Бүрсікүні қамыстан жолықпасаң,
Мен саған жоқ деді ғой байқағанға”.

Бұл қыз бен жігіт сөйлескендегі сөз. Қыз елеусіз қылып өлеңмен ойындағысын айтып, жігіт оны тапқаны. Қазақ қарияларының билерінің бас қосқанда сөйлескен сөздерін байқасақ, аз сөзбен келтіріп, көп сөз айтады екен. Бірінің ойындағысын бірі тауып, тез жауап беріседі екен.

Киіз туырлықты қазақ үшке бөлініп, үшеуі үш жүз деп аталады: Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз. Бұлар бұрын өз алдына тұрып, үшеуі үш жанға бағынған. Ынтымақтары келіспеген соң ескі заманның билері үшеуінің басын біріктіреміз деп, үш жүзден үш би шығады. Ұлы жүзден үйсін Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, кіші жүзден Қаражігіт би.

Үш би бас қосып сөйлеседі. Сөйлескенде айтады. Үшеуіміз үш ауыз сөз айталық. Үшеуіміздің сөзіміз бір жерден шықса, үш жүздің баласының біріккені. Үшеуіміздің сөзіміз бір жерден шықпай, үш түрлі болса, онда үш жүздің ынтымағы келіспегені деген екен.

Сонда үйсін Төле тұрып айтыпты: “Аларма еді бұ көлдің қуын атып”. Қазыбек жұлып алғандай мынаны айтыпты: “Жазым болып жүрмесе, суын атып”. Қаражігіт би айтыпты: “Ұлы жиын, үлкен той боп жүрмесін, суда жүрген перінің қызын атып”.

Үшеуі осыны айтып тарқасыпты. Бұ билер не айтысты, бұлардың қуы не, суда жүзген перісі не, үшеуінің сөзі бір жерден шықты ма, жоқ үш түрлі болды ма? Бұл арасын әркім әр түрлі шешеді. Біз мұны шешуін айтайық деп айтқан сөз емес. Біздің мақсұт қазақ әдебиеті бұрынғы кезде қандай болғанын көрсетуге мысал келтіру. Бұрынғы заманда сөз қымбат, өлең қадірлі еді деп, жоғарыда айтып едік. Сөйлей білмек өнер еді. Өлең білмек жігіттің көркі еді. Ол кезде атағы алты алашқа шыққан ақындар да болып еді. Орымбай, Кешімбай, Өгеулы. Әйелдерден: Айман, Шолпан, Болық ақындар шықты. Бұлардың өлеңдері барша қазаққа жайылып үлгі болды.

Бұл ақындардың ішіндегі жүйрігі Орымбай ақын еді. Осы Орымбай ақын кез келіп, Ерден батырға көргеннен-ақ кідірместен айтқаны мынау:

Ассалаумағалейкум, батыр Ерден!
Кетіп тұр бақ дәулетің тағы керден.
Ішінде көп қарғаның бір бүркіттей,
Көзіме көрінесің келген жерден.

Ұсынса қол жетпейтін асқар белім,
Өлімнен қарсы келген қорықпас серім.
Қарындас қадыр білмес тірлікке,
Арыстандай асып туған есіл ерім.

Иілімес карағайдай терегімісін,
Ақылдың көз жетпейтін зерегімісін.
Қазақтың қазақ ісі тұрған шақта,
Алаптың баласына керегімісін.

Өлең айту, пернемен сөз сөйлеу бір өнер болса, домбыра шертіп, күй тарту бұ да сөзбен қатар жарыста жүрген өнердің бірі еді. Домбыраға келмейтін күй жоқ десе болғандай. Ән салса бірге қосылып, қандай күйге болса келеді. Мұндысы ма, зарлысы ма, көңілдісі ме?

Қазақтың ескі күйлерінде “Бозінген”, “Қоңыр қаз”, “Сарыбел”, “Қос келіншек”, “Ерке атан” деген асыл күйлер бар. Бұларды шерткенде естіген қазақ баласы басқа бір дүниеге кешкендей болады.

“Бозінген” деген күйді шерткенде ботасын алмай тұрған ілгерілер иіп, ботасын алыпты деген ескі сөз бар. “Қоңыр қаз” деген күйді шерткенде аспандығы ұшып бара жатқан қаз, ілгері ұшып кете алмай, төмендей-төмендей жерге түсіп, жер бауырлап жата қалыпты дейді.

Бұл сияқты сөздер әрине ертегі сияқты асырып айтқан сөздер. Бірақ бұл домбыра тартқанда адам түгіл хайуан құлағына да дауыс жағады деген сөз. Бұл қазақтың сөзді қандай қымбат көрсе, домбыраны һәм сондай көретіндігінің белгісі. Ілгеріде айтқанымыздың бәрі қазақ әдебиетінің әуелгі дәуірі болған ескі замандардағы қалпы.

Енді әдебиеттің екінші дәуірі келеді. Бұл екінші дәуірі жазудың халық арасына көбірек таралған заманы. Әр жақтан әр түрлі халықтың адамдары келе бастап, қалың қазақтың ортасына орнап қажаны да болған. Осындай адамдар өлең айтып, сауық қылу, домбыра шертуді дұрыс емес деген. Бұл “дұрыс емес” деу қожа, молдалар көбейген сайын молайған. Сөйтіп, жұртқа тыю салына бастаған. Түрлі-түрлі кітаптар таралып тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, мирас болып қалмай. Бұрынғы тілге бұрынғы

жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған. Домбыра шертпек, күй тартпақ, ән салмақ — мұның бәрі сыпайы кісілерге лайық көрінбей, ерсі көріне бастаған. Өстіп әдебиетіміз төмендеп, тіл болса, кедейленіп бара жатқан уақытта ардақты Абай марқұм шығады. Қазақ әдебиетін көркейтіп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болады.

Абай бұрын қазақта жоқ өзендерді (калаулар) білгізді, неше түрлі мақаммен таныстырды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылып қалдырды.

Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды. Өлең мен сөз турасындағы Абайдың айтқаны еске түседі.

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Киыннан киыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келесін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тындаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге әр кімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардын бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр жерді өлең қылтты жоқтан қарлап.

Қобыз бен домбыра алып, түнде сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап,

Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.

xxx

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді тындаушы сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяндап.

Бүгінгі жиналда айтылатын өлеңнің көбі Абайдың сөзі, біріншісін Абай аттас қыпшақ Ыбырай Алтынсарин деген кісінікі. Бұл кісі де сөзге ажар берушінің бірі. Ыбырай Алтынсарин Абайдан азырақ бұрын туған болса да, Абайдың замандасы. Алтынсариннің заманына қарай шығарған бір өлең мынау:

Өнер, білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Мің шақырым жерлерге,
Аты жоқ құр арбаны,
Күн жарымда барғызды.

Адамды күстай ұшырды,
Мая істейтін жұмысты,
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.
Білгендерге осылар,

Бәрі-дағы анықтай.
Білмегенге танықтай.
Би де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай,
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.

Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жасөспірім достарым!
Қатарың кетті-ау алысқай,
Ұмтылыңыз қалыспай!

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.

Өнер жігіт көркі деп,
Ескермедік мақалды.

Біз болмасак, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым!
Сіздерге бердім батамды.

Осы айтқан Абайдың хәм Алтынсариннің өлеңдері қазақтан шыққан жас ақындарға үлгі болды. Сөз түзелді, үдік ондалды. Қазақтың әдебиеті бүгін кеш жарыққа шығып, жұрттың сынына түсіп тұр. Әдебиет те жас баламен бірдей, сүйсе күтеді. Халық жақсы көзбен қараса, әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады.

Абайдан бері хәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждақатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті. Енді мұнан былай сөз қадірі ұлғайып, өлең керектігі байқалып, өзге жұрттар да қандай болса, бізде де сондай болар деген үмітпен сөзді аяқтаймыз.

РОМАН НЕ НӘРСЕ

Роман деген сөздің мағынасы мынау. Осыдан 150 жыл соң Италия франсузды билеп тұрған заманда екі тіл қатысып, ортадан дара роман тілі туган. Осы тілмен франсуз жазушылары сол заманның кемшілік, таршылығын көрсетіп кітап жазған хәм кітаптарын роман тілімен жазған үшін «Роман» деп атаған. Сонан бері мін 18 ғасыр (ғасыр – жүз жыл) осы мақсұд, осы мағнамен хәр нәсілдегі, хәр діндегі халық өзінің өмірін, өзінің ана тілімен жазып келе жатыр. Сол жазған кітаптарын роман деп атап кетті. Романның басталуына 18 ғасыр дедік. Сонан бері хәр халық романды өте қыдыр тұтып, жоғары ұстап, гүлдетіп, жасартып көп кітаптар шығарып келеді.

Романның ішкі мағнасы: тіршіліктің жарық хәм күңгірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету. Роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның, я бір нәсілдес, бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жөмәгітін, я қиы-қиы замандарда болып өткен халықтардың өмір кәші.

Романның асыл мақсұды: адамзаттың мінез-хұлқын түзетпек, кемшілікті, қараңғылықты адамзаттан қумақ. Мұнан мұрад, ол адам баласына үйретінді үлгі, тәрбие бермек.

Осы кезде роман адамды жоғары, төменге бөлмей, шетке қақпай, талғамай сынап жазып отыр, яғни роман көпке бірдей болып, романнан хәркім өз керегін алады, өз мінін я артықшылығын табады.

Осы заманда роман жазылады: тұтас халықтың, буын-буын елдің, патшалықтың, мәжілістің жайлары, адамның білім-өнерін, шаруа тұрмысын.

Осы рет, осы мағнамен 18 хәм 19-ыншы ғасырда атақты роман шығарушылар: Әнглиеде Валтер Скот, Чарлз Диккенс, Уйлием Теккерей, орыста Пушкин, Гогол, Лермонтов, Толстой хәм басқалар. Толстой өзінің данышпандық хәм хакімлік жағынан «Соғыс хәм татулық» деген роман жазып шығарғандығымен бүтін жер үстіндегі адам баласына атағы жайылды. Мұнда Толстой алуан-

алуан адамның мінез-хұлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жіңішке қылдай жерін суреттеп көрсетеді. «Соғыс һәм татулық» романында бар: патша да, министр де, төре де, офитсер де, салдат та, кәсіпшілер де, саудагерлер де, байлар да, қызметшілер де, егінші де, мұғалім де, шәкірд те, би де, несір де, еркек те, әйел де, бала да, кәрі де, жас та. Осылардың бар өмірі, мінез-хұлқы, әділдік-зорлығы, артық-кемі, күшті-әлсізі, бәрі де көз алдыға келіп тұрғандай елестейді. Романды түсініп оқыған адам әлгі айтқанның бәрін көреді, сондықтан роман өмір айнасы.

Қазақта роман бұрын жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман шығарған Мир Яқұб Дулат.

Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910-ыншы жылы басылып жарыққа шықты. Басқа халықтарда, жоғарыда айтқанымыз секілді, неше ғасырдан бері тамыр жайып, күннен-күнге, жылдан-жылға ілгері басып, сабағына толып тұрған кезінде, біздің қазақта ең бірінші көзімізге көрінген романды озық жұрттардікімен салыстыруға болмайды, біз өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдебиатында тәуір хызметке санаймыз. «Бақытсыз Жамал»-да қазақтың хазіргі жайынан біразы көрінеді. Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып, партияға қызығып қаздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, бұған шыдай алмай қыз теңін көкसेп қайғыға бату бар. Ата-анадан күдер үзген соң, өз теңімен қашар бар, ахырында қорлық көру бар. Мұнда бар: шала сауатты молла да, жаңа мұғалім де; бар мұнда ақсақал да, би де, болыс та, тілмаш та, орыс та, өтірік куәлік бергін указни молла да. Мұнда бар һәр түрлі әйелдер, бозбалалар, ойын-сауықтар. Осылардың мәрхәмәті, зорлық-зомбылығы, қазақтың ресімі көрсетілген. Мұнда партия да, партияға құмарлар да, ел арасын бұзушы қулар да, барымта да бар. Қабағын салбыратып, еңсесі түсіп, топтан мұңайып Сәрсембай да келе жатыр...

Енді біз түсіндік, роман көпке арналған кітап екенін; көптің кітабы болса, һәрқайсысымызға тиісті, міндетті романды тесе қарап, телміре оқып, мінез-хұлқымызды түзеп, романнан халіміз жеткенше тәрбие алу керек. Төрт аяқты аңдар мен тәрбиесіз тағы өскен адамдар бірінің етін бірі жейді. Негір халқы үй ішінен семізі өлсе қуанып, арығы өлсе, жеуге келмейді деп, күйініп қалады екен.

Біздің өлу бастағар, болыс-билеріміз семізді жығып, арықты семіртін жеп жүрген жоқ па? Мұның негірден басқалығы қанша?

Мін, сондықтан өнер-білім керек, онан да керегірегі тәрбие. Қанша оқысақта, тәрбиеміз кем болса, хасиетіміз аз.

РОМАН БӘЙГЕСІ

117 нөмер “Қазаққа” Есенгүл қажы хаты басылды. Роман бәйгесінің күні осы майда толатын көрінеді. Қажы сыншыларды өзі атап, Семейге шақырып тұр. Өзге мәдени жұрттардың бұл сияқты бәйгесінен бір-екі ауыз сөз жазайын.

Кен қазып, тас бұзып, адам баласы қазынасын байытқанда, мына Европа соғысып адам баласын қырғанда екі іске бірден пайдасы тиген динамитті шығарған Швед инженері Альфред Нобель бәйгеге 18 миллион қазына қалдырды, үш жылда бір мұның процент (өсімі) үкімет, химия, дәрігерлік, роман жазып озғанға, адам баласының татушылығы жолына аса өнер қылғанға берілсін деп (Л.Н. Толстой, Америкада бұрын болған президент Розвельттер (бұл жапон мен орысты татуластыруға себеп болған) сол айтқандай кісілер). Л.Н. Толстой бәйгегі алған жоқ “Мен ақшаны алмаймын. Адам баласын хайуан жолына сүйреп отырған қазына жиган құмарлық” деп.

Мәскеу университетінде граф Уваров атына аталған 1500 сом бәйге бар. Мұжық жайы туралы жазылып озған кітапқа беріледі. Былтыр мұны Р.У. һәм Р. Богатство жазушысы Оганевский алды, “Мұжық жері һәм ауған мұжық” атты кітабына. Орыс тілін білетін біздің қазақ баласы оқыса, мұнан көп білім табылады. Қазақ жеріне ауған мұжық мәселесі деп мұнда бар. Біздің Петроград академиясында Пушкин атына аталған 2 мың сом бәйге бар. Бұл көркем сөз (роман, өлең) жазып озғанға жыл сайын беріледі. Сыншылар жылда жазылған өлең, романдан бәйгеге лайықтысын таппаса, бәйге берілмей жатып қалады. Сөз қысқартайық, осы екі мысалмен. Швед академиясы да, біздің академия да, Мәскеу университетінде де бұл бәйгелер туралы озғандардан сайлаған коми-тет бар. Бәйгеге қосқан кітаптарды осы комитет члендері сынға алады. Өз орта- сынан сыншы, жүйрік табылмаса, сынға кірісуге члендер тасырқаса, мамырласа, комитет бөтен жерден жүйрік, сыншы шақырады. Сыншылар баспа кітапты қолға алып, сынның мақала қылып жазып, комитет академияға қайырады. Университет, академия мәжілісі осы сыншы мақалаларын тындап, судтағы присажныйша билік айтады.

Анау жоғарыда жазылған Оганевский статистика есебі 335 бет. Мұны сынға алып, мақала жазуға аз болса, көнбіс білгіш адамға 15-30 күн керек. Бізде мұнан бұрын роман жазылған емес. Міржақып романы “Бақытсыз Жамал” кішкентай ғана кітап. Мен мұны “Қазаққа” сын жазбақ болып, қолға алып едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жоқ сын өнері менде жоқтықтан ба, оны оқушылар білер. “Қазақ” басқармасында неше роман бар, бұлар неше беттен екенін білмеймін. Анау “Бақытсыз Жамалдай” десек, сынға аз болмас. Сын мақала болып хатқа жазылмаса, аты бәйгеден қалған талапкер дәлел сұраса, қиын болады. Кітап жазған адам кулық құлындаған биеден де қызғаншақ болатын.

Менің бұл сын туралы пікірім жоғарыда жазылғаннан анық болар. Бізде академия, университет секілді ғылым дүкендері, бұлардың комитеті де жоқ. Сынға түсетін кітаптар жазба, басылмаған. Кітап баспа болғанда ана қажы көрсеткен, бұлардың ішінде сыншы парызын алам деген, сыншы болмақ оңай жұмыс емес. Әр шебер өз орнында іс атқарса, іс орнына келеді. Маған өлең айтқызса, мұнан түк пайдалы нәрсе шықпайды. Сыншыларға кітапты жіберіп, бұлар жазған мақалаларын қажы қалаған 2-3 кісі қараса, жол осы еді. Жазулы кітап біреу-ақ болып, амалды құртып тұр. Жынып бұл неше адамның жазба кітаптарын сөз сынына салсақ, бұған жеке би билігіне көндім дегендей, роман жазушысынан уағда шарт. Бұл сыншыларға да, роман жазушыларға да ыңғайсыз. Әлі де болса, кітаптарды сыншы болам деген кісілерге почтамен жіберіп, жылдам қайтаруын сұрап бұлардан сын мақаласын жиып, мұны кісі саны аз, жазушы басы құраулы Семей (Шәкәрім бар), Троицк (Мұхаметжан бар), Оренбургтың (Ахмет, Міржақып бар) бірінде комитет қарағаны дұрыс.

Бұған қажы мен роман жазушылар не айтар екен?

Мен мақаланы газетаға роман-өлең, өзге көркем сөз емес, білем деген жолмен жазып отырмын. Роман сыны маған қол емес. Бірақ бұл күнде қажы атаған соң, мұнан қашу маған жол емес. Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырды байлап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма. Шәкәрім, Ахмет, Міржақып (бұлар Аполоннан баға алған жоқ) жеріме түсті демесе, мен сыншы қарызын өткеруге құл болдым.

ТІЛ-ӘДЕБИЕТ

(Бұл Кеңес жазушының өз сөзіменен өзгертілмей басылды)

Бір кеуде-пенденің дүниеде жасауы, бар болып тұруы үшін жан-рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір милләт, ел болып жасауы, тірлік етуі үшін тіл керек, әдебиет керек. Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас, шіріп, топыраққа айналып жоқ болар! Тілі, әдебиеті болмаған милләттің де тап сол жансыз кеудеден айырмасы болмас, өзіне айырым әдебиеті болмаған милләттер де дүниеде жасай алмас. Жасар дәкин жасауы ұзаққа бармас. Әдебиеті яғни жаны бар милләтгерге азық болар, жем болар, сөйте, сөйте ол милләт өзі де дүниеден жоқ болар! Тіл-әдебиет бір милләт үшін әлбетте керек. Оның керектігі турасында жазылмақ сөздердің бәрінде бұл орында жазып бітіру мүмкін емес. Ол турада неше том кітаптар жазылса да аз. Сондықтан мен бұл орында әдебиет турасында жазылмақ сөздердің жалғыз-ақ — „Фәһәрісті“ ғана жазамын:

1) Тіл-әдебиет бір милләттің жаны һәм рухы-дүр. Сәне ғалия топлы қағидалы бір әдебиетке мәлік болмаған бір милләттің жансыз кеудеден ешбір айырмасы жоқ-дүр.

2) Әдебиеті болмаған милләт тілі шықпаған жас бала кебі-дүр. Себебі, өзінің басындағы қайғы һәм шаттықтарын басқаларға айтып түсіндіре алмас. Сол сияқты әдебиеті болмаған милләт те өзінің басына келген қайғы-қасіретті, шаттық уа қуаныштарды бір-біріне айтып ұқтырудан ғажың болар. Басқа сүйектес уа жыныастарын өзінің қайғы уа шаттықтарына ортақтастыруға күші жетпес, Солайша айырым бір милләт, ел болып жасау үшін ләзім һәм керекті болған беріктік, ынтымақ бір-біріне жәрдем ету кебі шайырлардың олар махұм болар.

3) Дүниеде бір милләтті өз басына айырым бір мәлләт еткен, һәммәда бір мәлләт пен екінші бір милләт арасын жуықтатқан, бір-біріне біріктіріп екі милләт бір милләт қалпына келтірген себептердің ең зорысы да тіл уа әдебиет-дүр. Бәнә ғалия өзіне айырым әдебиеті болмаған бір милләт балалары да өздерінің милләттерін сақтай алмас. Сақтай алмаулары үстіне өздерінен жоғары болған екінші бір милләттің тіл уа әдебиетін үйренсе, оныңтіліне де әдебиетіне де жаны һәм кеудесімен ғашық болар! Өз тіл әдебиетін ұмытар, тілімен бірге өз мәлләтін де ұмытар. Бара-

бара сол екінші милләтке сіңіп, оған бала болар. Балаларына жастан аз тілін жақсы үйретпеген, олардың көңілдеріне құр өгей ана сияқты тәрбие еткен милләт те келешекте балаларынан өзінің қылған жақсылығы, берген тәрбиесі дәрежесінде ғана хақы алар, жақсылықты көрер. Балалары да оған өгей анаға қараған көзбен қарар. Милләт пен балалары арасындағы бұл ала көздік, шафғатсыздық милләттің ... ақырында бітуіне себеп болар. Міне, осы себептер үшін емес пе, бұл заманда бір милләт өзінен күшсіз болған екінші милләттің милләтуігін тіліне, оған бір кетік жасайын десе ең алдымен ол бейшара милләттің тіліне, әдебиетіне балта шабады. Өз әдебиеті олардың, ана ТІЛІ орнынан таратуға әжәяд қылады. Өз ана тілін ана сүтімен бірге емген өз әдебиетінің бағасын біліп, дәмін сезген милләт. Балалар өз тіліне ата-анасынан артық, құрмет етер. тіл уа ӘДЕБИЕТІН жоғалтпас үшін жанын да пидә етер... Заманымызда күшті милләт пен күшсіздер, яки хакім милләт пен мыхықүмләр арасындағы... жанжалдардың көбісі осы тіл, әдебиет мәселесінен қозғалады.

4) Тіл-әдебиет дүниедегі барлық бақыт сығадаттың, ғылым-өнердің, дін уа мәдениеттің асылы-дүр. Кісіні кісілік дәрежесіне ілестіретұғын, мәдениет жолына кіретұғын бұ нәрселердің әдебиеті болмаған бір милләт арасында таралып, тамыр жаюы мүмкін емес...

Жоғарыда айтылған сөздер бір милләт адамдарының дүние тірлігі үшін жейтін тамақ, дем алатын ауа, не қадар болса, тіл уа әдебиеттің сол қадар керек екендігі біраз аңланса керек.

Енді біз өз жайымызға келелік: біз де „қазақ“ атанған бір милләт елміз. Санасак, санымыз бес-алты миллионға толады. Біздің де өзімізге айырым тіл-әдебиетіміз әлбетте бар Жоқ болса оны болдыруға, көміліп жатқан мол қазынаны дүние жүзіне шығаруға, үлкен-кіші баршамыз да борышты һәм міндеттіміз. Шонки біздің дүниеде бір милләт болып жа- сауымыз онсыз мүмкін емес.

Түркі рулары арасында қазақ тілін ескі һәм сөздікке бай, ескі болғандығы үшін де бек саф, нағыз тіл екендігін жұртқа мағлұм. Нағыздығы, байлығы жағынан қарағанда тіліміз Осман һәм татар, кей басқа туғандарымыздың тілдерінен көп алда-дүр. Іликин әдеби жағынан қарағанда тіліміздің олардың тілдерінен артта екендігінде іңкәр айтып болмайды. Біз бұл орынға қадар бір милләт үшін тіл әдебиеттің не қадар керек болғандығы, қазақ та бір милләт, ұлықтан оның да өзіне айырым бір әдебиеті боларға керек екені

біраз аңлатсақ керек. Қазақ тілінің сөзінің көптігі, сөздігінің молдығы себепті — бай, ескілігі, жат сөздерден саламат болғандықтан бек саф, нағыз екендігінде біраз сөйледік. Бұл сөздерді сөйлеуін сөйлесек те оқушылар арасында бұл сөздерді ұнатпаушылар бәлкі оған ашуланушылар да болар? Қазақ тілін ескі һәм бай тіл деп мақтағаны, әдеби тіл емес деп жамандағаны қалай? Мұның бастан аяқ әдебиет деп қақсағаны не нәрсе? — деп сұраушылар да болар. Бәнә галия мен оқушылардың ашуларына, сұрауларына орын қалмас үшін келешекте әдеби тіл һәм әдебиет не нәрсе екенін оқушыларға ұқтырамын.

РОМАН ЖАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Балтырғы жылы Жетісу елінің атақты байларынан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға екі жүз сом ақша бәйге беремін деп „Қазақ“ газетіне ашық хат жазғандығы оқушылардың жидында болса керек. Сол кісі „Қазақ“ газетінің 117-нөмірінде азаматтарға ашық хат жазып былайша деп отыр:

— Балтырғы роман жарысының мезгілі жақындады. Бірінші бәйгеге қосыламыз деген талапкерлер „Қазақ“ басқармасына білдіріп тұрса керек. Енді солардың жазғандарын қарау жұмысы сынып азаматтардың мойнында. Сыныпшылар бір жерге жиылып кеңеспей болмас. Жиылуға Семей шаһарын ыңғайлы көрдім. Өйткені сыныпшылыққа шақырып отырған мырзаларымыздың бірсыпырасы сонда көрінеді. Сыныпшылыққа мына мырзаларды лайықтаймын: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов (екеуінің бірі), Мұхамеджан Сералин, Райымжан Мәрсекөв, Шәкәрім Құдайбердиев, Жакып Ақбаев, Нарманбет Орманбетов һәм Нұрғали Құлжанов!

Ардақты азаматтар! Жаңа бас көтеріп келе жатқан әдебиетімізге бір қызмет бола ма деп бастаған ниет еді. Бұған арқайсысымыз бітпифат етіп, ұлт әдебиеті құрметіне сыныпшылықты қабыл етулеріңізді өтінемін.

Есенқұл Маманов.

Бұл ашық хатты басқан соң, „Қазақ“ басқармасы Ахмет, Міржақыптың қайысы болса да Семейге бара алмайды депті. Біздің басқарушымыз Мұхамеджан Сералин туралы айтатынымыз да сол жауап.

Біз Мамановтың бұл ашық хатына басқарушыларымыздың бара алмайтындығын айтып қалуды ғана лайық көрмей, ұлтшыл байларымыздан қадірлі Есенқұл Мамановтың роман жарысы үшін бәйге тіккендігі туралы бір-екі сөз айтып кетуді тиіс көрдік.

Жақсы һәм көпке пайдалы қылып жазылған кітаптарға бәйге тігіп, ақша беру әдеті Европа жұрттарының шығарған бір түзу жолы. Бұл жолды бастап шығарып, көп ақша жұмсаған адам Швед затынан Альфред Нобель деген адам деп айтсақ, онша адаса қояр ма екенбіз?! Бұл адам швед мемлекетінің астанасы болған Стокгольм шаһарында 1833 жылы, 21 октябрьде дүниеге келген. Россия мемлекетінде соғыс кемелерін істеп атақ шығарған И. Нобель деген

кісінің, баласы еді. Альфред Нобель көп еңбек машақат сіңіріп, тауды; тасты бұзатұғын мылтық дәрісінен неше рет күшті динамит деген бір зат істеп шығарып 1867 жылы дүниеге жария қылған?! Сол ойлап шығарған динамит затты сатып көп ақша жинап зор бай болған. Динамиттан соқ түтінсіз дәрі істеп шығару жолын да тапқан. Баку шаһарында тұрған кезінде нефіден керосин тазартып шығару туралы да көп еңбек сіңіріп, бұл мақсатына да жеткен. Бір заманда Альфред Нобельдің заводында істеген жұмыскерлері 12 000 адамға жетіпті. Бұл адам 1896 жылы декабрь жұлдызының аяғында дүниеден қайтты. Артында қалған малының аз ғана бір бөлігін өзінің асабаларына қалдырып, қалған екі миллион алтынын бүкіл адамзаттың пайдасына жұмсау үшін қалдырды.

Ол уафықтың тәртібі бойынша болады: Нобель өсиет айтып қалдырған ақшасынан жыл сайын өнген саф пайда беске бөлініп, бес түрлі пән жолында жазылған кітаптардың жазушыларына бәйге беріледі. Бес түрлі пән жолы мыналар болады: Бірінші, табиғат (естествоведения), екінші, химия бұл екі бәйгені сыншылық етіп беруші швед мемлекетінің академиясына тапсырылған. Үшінші, тап физиология (медицина) бұл бәйгені сыншылық етіп беру Стокгольм шаһарындағы клиникаға тапсырылған. Төртінші, әдеби һәм философия кітап жазғандар үшін (по литературе и философии) бұл бәйгені сыншылық етіп беру міндеті Стокгольм шаһарындағы академияға тапсырылған. Бесінші, адам балаларының араларындағы соғыстарды бітіру, татулық орналастыру туралы. Бұл бәйгені сыншылық етіп беру міндеті парламенттің сайлап шығарған бес адамынан құралған комиссиясына тапсырған.

Бұл бәйгелер жоғарыда міндеттеп тапсырған сыншы орындардың лайықты көрілген адамына, оның үрім-бұтағына беріледі. 1913 жылғы төртінші бөлімге деп шығарылған 38 мың теңге бәйге һүндістан шәйірі Р. Тагор деген кісіге берілді.

Осылайша етіп бар дәулетінен жақындарына шамалы ғана сыбаға қалдырып, өзгесін бүкіл дүниежүзіндегі адам баласына пайда келтірерлік етіп, өсиет айтын қалдырған Альфред Новель айтады екен: мирасқа қалған малдың игілік көруіне себепші болмай, бәлки ақылдарын, таза жүректерін тіпті адамшылықтарын өлтіруге себеп болғандығын бек көп тәжірибемнен білдім. Қанша ма жақын болса да балаларға мал қалдыру турасында байларға мәслихат бермеймін. Аштан өлместей ғана мүлік қалдыруда залал жоқ. Бірақ,

көп болса олардың әдетке ұшырауына, адамшылықтан шығуына себеп болады. Оның орнына балаларға ғылым һәм өнер үйрет деп ақыл айтамын. Ғылым менен өнер болса, балалар аштан өлмес. Соның үшін жалқау болуларынан һәм бұзылып адамшылықтан мақрум калуларына себепші болар деп қорыққанынан өзім дені сау, ақылды дұрыс жақындарыма мирас қалдырмаймын. Оның орнына менің байлығым адамдардың жоғарылауына, игілігіне себеп болардай жолдар даярлаймын.

Пайдалы кітап жазушыларға бәйге тігу турасында айтқан сөзі: „Мен өзім өмірімде сынаған тәжірибеме қарай дүниенің ғалымдары, тапқырлары, ақылшылары өз жұмыстарына барлығын, өмірлерін, байлықтарын жұмсағандықтан кедей болады. Байлары да ақырында кедейлікке айналады. Оларға жәрдем етуші болмайды. Соның үшін менің... олардың жәрдеміне жетсін“, — деп.

Бұл кісі өз өмірінде некелеп жамағат алмаған һәм жай қалыпта да әйелдерменен араласқаны білінбей кеткен. „Қатындарға қазықталу, бала-шаға асырау жігерді сөндіреді. Пайдалы істер істеуге көлденеңнен түседі“, — дейді екен.

Мінеки, қадірменді оқушылар! Европа жұртында ғылымның, кітаптың, жақсы кітап жазушының қадірінің қандай екендігі һәм мал табуды, тапқан малды жұмсай білуді Европа жұртындағы даналардың қалай ұғатындығы осы Альфред Нобельдің істеген ісінен азырақ бийбасак керек.

Құдайға шүкір, біздің қазақ арасындағы ғылымның қадірін білуші, дәулетін ғылым жолына жұмсаушы байларымыз бар екен. Альфред Нобель жолыменен Есенқұл бай Маманов жүріп отыр, роман жазған адамға ақшалата бәйге тігіп отыр, жазылған романдарды білгірлердің, сынына беріп отыр. Есенқұл байдан үлгі алмақ. Оның, салған жолыменен жүрмек қазақтың, басқа байларының, міндеті. „Тоқсан тоғызды берген құдай жүзіншіні де бермей ме“, — деп Қожа Насыр айтқандай Есенқұл байды берген Құдай онан гөрі де, үміті күштірек байларды берер деп көңілдің, жұбанғысы келеді. Ондай ерлердің шығар шықпасын келер заман көрсетер! Әзірге қазақ байлары сайлау таласына барлық дәулетін жұмсап, шеке қызбайға кіріп, ит пен құсқа жем болып жатқан бір заманда Есенқұл байдың өзінің қатарынан асып, үлгілі жұрттарға лайық іс істеп жатқандығы оның қараңғы түннің ішінде қалың

жұлдыз арасында жарқыраған жарық айға ұқсап тұрғандығын көрсетеді.

Есенқұл байдың сайлаған сыншыларының бәрі болмаса да бір сыпырасы басын қосып, жарысқа түскен кітаптарды сынға салар. Араларынан мынау тәуір дегеніне таңдап бәйге берер. Бәйгені алған жазушы сол бәйгенің арқасында әрі бір қатар ауқат қылып қалар әрі көңілі өсіп бұрынғысынан да гөрі, ілгері баспаққа ұмтылар деп ойлаймыз. Бәйге ала алмай қалғандары да көкілдері қайтпас, жігері сөнбес, қайта жаңадан талаптанып, бұрынғы ағат кеткенін түзетіп, ілгері басуға талпынар, — деп үміт етеміз.

Есенқұл Мамановтың бұл бәйгесі Альфред Нобель жұмысымен салыстырып қатар қоярлық дәрежеде болмай, піл қасында бүргедей болғанмен, құлдығына қарай қауғасы, — деп жаңа ғана әдебиет жолында аяғын ашыл-тапыл басып келе жатқан жұрт үшін бұл ерлік, тіпті Нобель жұмысынан да артық деп айтқымыз келеді. Құдай тағала арқашанда Есенқұл секілді ер көңілді байлардан қазақ жұртын кеңде қылмасын деп тілейміз.

ӘДЕБИЕТІМІЗГЕ КӨЗ САЛУ

Біздің алдымызда қазір жаңа тарихымыз майданға қойған хәм шешінуі қажет мәселелер — Шүбәсіз тіл хәм әдебиет мәселелері. Жас буынды келер заманға даярламақ үшін ұлт мектебі негізін түзу, өскіретін жас жүрекке биік идеялы жарығын салу үшін ұлт әдебиетін гүлдендіру ісіне уақыты келер, біз де талпынармыз. Ол заман қалак тілінде баска тілдердегі хәр-бір мағына, айырым сөздерге жауап ұратын эквиваленттер (дәлме-дәл мағыналар) болуы ләзім. Біздің халық әдбистіміз бар, мол. Енді әдебиетіміз үшін жаңаитил, жаңа қазақша әдебитіл туғызу лазым. Қазіргі қазақ тілі үшін жаңа сөздер, жаңа түрлер, жаңа кестелер жетпейді. Дұрыс, қазақ тілі баска түрік тілдеріне қарағанда самобытность, уездік жағынан байырақ хәм тазарақ. Қазақ тілі, анықты да гибкость — икемділігінде, плавность — ағымы тегістігінде Радлов секілді түрікшілердің ойынша Европа тілдерінен франк тілімен тең. Бірақ қошаметке мәз болып, тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз, әрдайым тіліміз үшін бір күшімізді жұмсап, ажарлауымыз, байытуымыз тиіс.

Бұл пайда негізді қай жерге құрайық жетпеген сөздерді, терминдерді, мағыналарды, әдебиетті, жаңа түрлерді қайдан аламыз? Міне, осы мәселені шешпекшімін. Соның үшін басқаларға бір көз жіберелік.

Мысал үшін бізге хәр жиһаттан (араб сөзі, бар жағынан деген ұғым береді — құр.) жақым хәм таныс Орта Азия шағатай әдебиетін аламын. Шағатай әдебиеті өзі үшін бұл мәселені ислам-парсы мәдениетіне бой ұрып шешті. Бұл әдебиет жетпеген мағыналарды, жетпеген әдеби түрлерді, өрнектерді араб-ғажам мәдениетінен алды, әсіресе ғажам әдебиетінің басшылығымен дәуірледі. Ғаламәдебиеті Ширази, Сағди, Туси, Хайям секілді әдде неше ақын, философтардың атын шығарса, шағатай әдебиеті де сол шамада, сол қалыптағы Әлішер Науаи, Ражи, Әміри, Ахмет Яссауи секілділердің атын шығарды. Бұлардың бәрі де кітаптарында надандық тағсиб, рия, залым, зорлық-зомбылыққа қарсы протест айту, сол жауыздықтарды жоғалту жолында болғандықтары көрінеді.

Германия ғалымдарынан Трумб пікірінше, алғаш үнді табысы болған мистицизм-тассуф шарқ (араб сөзі, яғни шығыс әдебиеті

деген сөз – құр.) әдебиеттері үшін бір негіз болды, ол негіздің үстіне әдебиет үйі салынды. Қомсынып, бұрынғыдан да үдету талабымен әдебиет күннен-күнге өсіп, кеңейіп, ақыл һәм көңілді жаңа пікір кеңеюіне даярлар. Тек бір шарт болсын. Әдебиет әрқашан тұрмыстан айрылмай, қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың әрбір сазына жанғырық саз қайтарсын, халықтың әрбір қайғысын әдебиет айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, әдебиет тұрмыспен берік байлаулы болсын. Тассуф үстінде құрылған шағатай, ғажам (араб сөзі, бұратана ел деген ұғым береді – құр.) әдебиеттері де әуелде тұзу жолмен кеткен еді. Бірақ соңынан бұл жолдан шықты. Баста ортодокс (бір сарыннан таймаушылар) партиясына қарсы құрылған кедергі жемірінді һәм тассуф душманы болған ортодокстық арасында келісу болды. Бұл келісуде хати тассуф өзі жол берді, ақырында талас-тартыспен зорайып, ұлғайып келе жатқан шағатай әдебиеті төмендей бастады. Бұл жолмен кеткен ғұсманлі (Ғұсман – осман түрік әдебиеті деген сөз – құр.) әдебиеті де сол нашар халге келіп, жарыс майданында бір заман ғұсманліларда ұлт әдебиетінің барлығы шүбә астында қалды. Басқалардан үлгі алып, еліктеу ғұсманліларда күшейгендігі сонша, бір сынышының айтуынша, ғұсманлі әдебиеті ескі бизанс бағында серуендеп жүрген иран қызына ұқсап қалды.

Шейх Галб ескі ғұсманлі мектебін сынға алып айтады:

хата өз атыма бойла

Бейіш бетіне бір Нәзира сөйле

Бейіш бетіне бір нәзира!...

бұл жүректі ұдай ашытатын қайғылы хал! Құдай мұны көрсетпесін...

Еліктеу сондай нәрсе, оны мүмкін қадар есімізге кем түсірелік. Бірақ басқаларға басы бүтін ермеу біз секілділер үшін қиын іс және мүмкін емес. Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз, бірақ кімге еруіміз мақұлдырақ? Кімге ерсек заманға, логика — мантикқа тура келер? Бұл мәселені мен орыс — Европа әдебиетіне еру мақұлдырақ болар деп шештім. Өйткені шарқта ұлт әдебиеттері жалғыз Европа мәдениеті басшылығы арқасында жарыққа шықты. Европа мектептерінде оқып жатқандар ұлт әдебиет мектептерін ашты. Шнасилар, Камалдар, Әминдер, татарда Тоқай, Ғаяз, бірінші газетші Смайл Гаспиринский, қазақта Абай,— баршылары Франк,

орыс әдебиеттерінің пікірлері идеяларымен мәлім болды — бағтанды.

Еуропаға еліктеу менімше онша қорқынышты емес. Өйткені Еуропа мәдениетінің бір асылы дух критицизма — рух сыны; бұл бізді жүре алмайтын түйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді және көзімізді ашып, қатемізді көрсетер. Абай әдебиетіміздің атасы, бұл жолдан қорқынсыз, біз үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Өйтпесе Абай үшін араб, ғажам жолы да ашық еді...

Енді өзінің жолымыз қалды. Бұл жолға түспестен бұрын өте даярдануымыз керек, ұлт әдебиетімізді майданға шығармақ үшін ең әуел өз тұрмысымызды білімегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып, тәртіпке — белгілі сарынға салмағымыз өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек. Қазақ зиялылары бұл күнге шейін бұл туралы не қылды? Еш...

Бізге ұят: халқымыздың бай әдебиетін, оның ертегілерін, мақалдарын, күйлерін, жырларын... білуге, жинауға күштарымыз жоқ. Бұларды көңіл қойсақ, жию қиын іс емес. Әрбір оқып-жаза білетін кісінің қолынан келетін жұмыс. Егер, халық аузынан жанып бір жерге жинасақ, оларды тәртіпке салсақ әдебиетіміз, ғылымымыз үшін бір пайда шығара алатын кісілер табылып қалар еді. Бұл істі жарыққа шығармақ үшін кімнің қандай білгені болса, паны болса, жазып ортаға салса, шын ықыласпен оқып табылар едік.

Н.

«Қазақ» — Н. мырзаның бұл мақаласындағы пікірін қазірге жалпы оқушыларымыздың қарауына қалдыра тұрып, соңғы бөлімі — халық әдебиетін жинау һәм тәртіпке салу туралы мынаны ғана айтып өтеміз. Н. мырзаның бұл тілегі һәм оқығандарымызды ескерулісіздікте айыптауының дұрыстығында екі пікір болмасқа керек. Жазба әдебиетімізді жинап тәртіпке салу шарт. Бұл жолда «Қазақ» газетасының қылған қамы, бірінші адымы мынау. Басқарма халық әдебиетін жинап, тәртіпке салып бастыруға қаулы қылған. Бұл іске кірісу «Азамат» серіктігі атынан баспахана ашуға тіреліп тұр. Осы мақсатпен біз Ташкенттегі этнографымыз Әбубәкір мырза Диваев жанабларымен хат жазысып, ол кісі «Азамат» серіктігіне 25

жылдық қызметін — жинаған нәрселерін түгел басуға рұқсат етті. Алдағы ақпан ішінде басқармадан бір кісі Ташкентке — Әубәкір мырзаға әдейі барып жолығып, кітаптарын, қолжазбаларын алмақшы һәм қандай тәртіппен басу жөнін кеңеспекші. Бұл туралы кезінде түгелірек жазамыз, қазірге сөз реті келген соң, қысқаша айтып өттік.

Нәзір Төрекұлов

РЕДАКТОР МЕН ОҚЫРМАН

Әдебиет! Әдеби сұхбат, жыр дүниесі...

Ей, пірадар оқырманым! Мұндай тақырыпты көре сала қуаныштымын бар ма: уф! әдебиет және өлең... Жасаған ием, бұл шайырлардан, редакторлардан, сыншылардан құтылатын күн бар ма өкен ең?! Иәси осы шайыры бар, басқасы бар – бәрінен де безіп кетсем бе өкен...

Ей, бейшара – езілген мұсылман газетінің оқырманы. Бейшара, бейшара! Сенің ахуалыңа мен ашынайын ба, әлде өзің бе? Осылайша пешенемнің жазуымен мұсылман шайырларына ресми сыншы болғанымға пұшайман жедім.

Екеуміздің ахуалымыз әрқашан тынышымызды өтей де адмайды. Қанша тулағанымызбен анығы осы: мен мүскін сыншы қанша жазбаққа мәжбүрленем, сен бейшара оқырман сол әдебиетті, сол жырларды һәм басқаларын оқымаққа ықырарсың. Ықырар болмағың сол, талан-таражға ұшыраған тіленшідей қанша ғасыр өткенімен басқа тіл білмейсің ғой.

Мұнысы иудий ілкіметтің ақырғы пәрменіне лайық бұл міндет әр уақытта, олардың бақилегендігін өзін-ақ аңғарарсың, қазан үрген шапырақтай сарғайған редакторларға, шайырларға жүктелген.

Кісінің басына егудің ахуалды бере көрмесін...

Бұл дүниенің там-қасіретінен, бір-біріне егіз тамшыдай ұжас күндерінен кеудең сығылып, кей уақытта мұсылман газетін, яки журналын қолыңа аларсың.

Бәрібір бос әуре боларсың – жаңа сөз, жаңа пікір іздеме.

Бірақ бізден жаңа сөз, мәнді пікір күтпе!

Бізден – редакторлардан күтпе!

Өзің ойлашы, бейшара жазушыны кім керек қыла қойсын. Біздің осы жағдайымызға біраз ашын, біраз мейірім қыл.

Кей күндері олардың қайбірінде көңіл бұлты ашылып, кілті табылса, күндей жарқырап шықса, лашындай биікке қанат қомдап талпынса оның аяқ-қолын, қанатын бекем шандып тастайтын ғадет-гұрып, дін, мінез-құлықдағдылары жерге қарай төменге тартар... жәсір һәм дау-дамайға басы байлаулы ғаріп шайырларды, ендеше, мұнан артық не жаза алмақ деп ойлайсың, ей, пірадар оқырманым?!

КИРГИЗСКАЯ ЛИТЕРАТУРА
(историко-критический очерк)

Прошло несколько веков от того времени, как киргизы известны русским под этим именем. Правда, хотя и есть часть киргизов, живущих на Юге, которые так и называются, но собственно киргизы сами себя называют казахами. Поэтому все киргизское население распадается на два больших племени или вернее группы: казахи и киргизы; и все вместе взятое называется казах-киргизами или сороче-алаш.

Казахов гораздо больше, чем киргизов, они культурнее их, раньше сблизилась с другими более цивилизованными народами и раньше киргизов приспособились к оседлой жизни. Зато киргизы более вольны и ярче сохранили у себя натуру древнего алашца. Наконец, можно отметить, что большинство казах-киргизской интеллигенции (исключительно получившие образование в русских школах), составляет казахи.

В былое время, как известно, киргизы были кочевниками. Населения тогда было мало, а земли много, и каждый аул владел целыми сотнями и тысячами квадратных верст земли. Всю степь киргизскую от Каспийского моря до Китайской границы покрывал тогда пестрый ковер казах-киргизского скота, состоящего из табунов лошадей, верблюдов, коров, овец и коз, которые у богатых киргизов насчитывались целыми тысячами, десятками тысяч, а у некоторых и больше. Киргизы жили тогда, как говорится, припеваючи. Редкий киргизский парень ехал в степи за своим табуном, не распевая песни.

В то время поэзия киргизская была обильной. По аулам тогда разъезжали акын-певцы-импровизаторы с домброй в руках, посещали самых богатых киргизов, многолюдные свадьбы, пиршества и распевали там хвалебные песни, причем, если встречались два акына-певца, то они состязались между собой, хваля каждый свой род. Состязались они до сих пор, пока один не признавал над собою импровизаторский талант другого. Победа последнего признавалась тогда не как личная победа, а победа всего рода. Таким образом, это были просто средневековые рыцари, но

рыцари, борющиеся не оружием, а словом. Как побежденный рыцарь, признавал над собою господство победителя, точно также побежденный акын признавал после этого над собою господство победителя, и его род уже больше не мог гордиться им, как непобедимым акыном-певцом.

Таких певцов-импровизаторов тогда было много: почти каждый род имел, так сказать, своего «ахуньчика». Среди акынов были и очень талантливые, которые приобрели всекиргизскую известность. Так, например, имена акынов Шоже, Биржан Сала, певца Сары и других будут жить еще несколько поколений. Киргизы не только знают их прекрасно до сего времени, но не забыли даже некоторые песни, воспетые ими.

Обыкновенно акыны выходили из бедных сословий, но несмотря на это, они жили очень роскошно и богато. Сами они не имели постоянного местожительства; а бродили всю жизнь по аулам и все добытое употребляли для украшения себя и сбруи коня. Так, например, говорят, о Биржане Сале, которые помнят о нем, что у него один треножник коня стоил 40 кобылиц, ибо он был сделан из чистого золота. Сам Биржан Сал одевался исключительно в шелковую одежду, даже портянки его были шелковые, отчего он и получил прозвание «Сал», что означает в переводе изящно одевающийся. Были акыны-импровизаторы и из богатых и знатных семей, но они не бродили по аулам. Для этих акынов это было унижением и вообще киргизы, преклоняясь перед талантами акынов, все-таки смотрели на них как на таких людей, которые бродят по степи не с целью показать свои таланты, а ради куска хлеба. Акыны же сами по себе думали иначе. У них был общий идеал – возвысить песнями свой род и увековечить свое имя. Они были совершенно лишены жажды всякой наживы. Это утверждается тем фактом, что акыны, посещая то или иное место, главным считали то, что там находится непобедимый акын, и ехали они туда только для состязания, а не для получения каких-либо наград за свои песни. Некоторые акыны, как например, Шоже, Биржан Сал и др. избороздили всю киргизскую степь, чем и объясняется их общекиргизская известность. Песни этих акынов передавались от поколения к поколению в устном виде и в редких случаях в виде рукописи, поэтому их в настоящее время можно слышать только от стариков.

Устный период киргизской литературы тянется до половины XIX столетия, хотя акыны есть и в наше время. Со второй половины XIX века в истории киргизской литературы наступает новая эпоха – письменная.

Основателями письменной литературы были Ж. Копеев, по прозвищу «знаменитый», и несколько позднее его Абай Кунанбаев, о котором речь будет идти впереди. Ж. Копеев первый от принятого в то время акынами обычая – хвалить свой род и самого себя, переходит к песне, воспевающей народное горе. Впервые его стихи вышли в письменном виде, дав сильный толчок новому направлению, которое можно назвать в истории киргизской литературы именем народничества.

Достаточно было одного примера, как ему стали подражать все молодые поэты того времени. Прежде песни воспевались перед народом в устном виде, и для того, чтобы получить право акына, тем более состязаться с кем-нибудь, певец непременно должен был быть импровизатором. Теперь, т.е. с Копеева, песни предлагаются читателям в письменном виде и имя акына (поэта) становится свойственно не одним только певцам-импровизаторам, а всем, кто имеет талант вообще писать стихи.

Копеев жив и до сего времени, но сейчас он ничего не пишет, ибо очень стар. Он писал как стихами, так и прозой. Многие его публицистические статьи помещены в «Степной Киргизской газете», издававшейся в г. Омске. Произведения Ж.Копеева не имели никакого влияния на устную поэзию, которая продолжала существовать параллельно с письменной. Но акыны, при всех своих условиях, не смогли дольше держаться и иметь такой вес, как прежде. Они должны были под натиском могучих философско-лирических стихов Абая Кунанбаева отступить и замолчать на долгое время.

Поэзия Абая оказала глубокое влияние на литературу казахского народа и определили дальнейшее ее направление. Д позволю сказать об Абае и его времени несколько слов.

Абай Кунанбаев происходит из рода Тобыкты, он родился в 1845 году, а умер в 1904 году. Следовательно, он жил как раз в тот период, когда впервые киргизы стали появляться в русских школах. Все эти «ученые» киргизы смотрели на судьбу своего народа равнодушно и все стремления большинства их не шли дальше того,

более бы добиться светлых пуговиц». Поэтому многие из них при первой возможности становились чиновниками и довольствовались светлыми пуговицами. Другая категория лиц, которым по какой-то причине не удавалось попасть в чиновники, занимались «домашней адвокатурой». Они обыкновенно писали прошения или служили писцами у волостных управителей. Что касается самого народа, то среди него шли споры и раздоры за власть или из-за так называемых волостных управителей.

Борьба эта велась в атмосфере подкупа русских административных лиц и подкупа избирателей; выборы стоили огромных средств, расходы в конечном счете раскладывались на народ в виде несправедливых поборов.

Ученые киргизы принимали здесь главное участие.

Абай резко обличал киргизскую интеллигенцию за ее стремление к чиновничеству и осуждал народ за «царейную борьбу».

В своих стихотворениях он называет интеллигенцию волком, а темный народ стадом. Он сравнивает главарей народа с цифрами, а темный народ - с нулями. «Без нулей единица не теряет своего значения, а без единицы все нули ничего не обозначают...». «Поэтому нужно подобрать умных главарей (в отношении выбора управителей) и слушаться их, а не разбредаться кому куда задумается. Ведь по следам коров не отыщешь дорогу...».

Нападает Абай также и на акынов, которые такой драгоценный клад, как поэзию, употребляли зря, восхваляя богатых, не принося пользы народу. «Живя сами нищими, вы хвалили свой род, что он богатый и нет ему равного», обращался он к ним.

Абая при жизни не оценили. Причиной этому была его крайняя неохота опубликовать свои произведения.

Он не печатал их, и поэтому его сочинения приобрели общекиргизскую известность только после его смерти. Он хорошо был знаком с произведениями Пушкина и Лермонтова и многие из них перевел на киргизский язык. Его стихотворения проникнуты безграничной любовью к народу: весь переживаемый тогда киргизским населением ужас в лице чиновников самодержавия ярко отражается через «незримые слезы» Абая. Язык его в высшей степени художественный, и в этом отношении он не имеет еще себе среди киргизских писателей равного.

Дальнейшее развитие киргизской литературы выявилось в издании журналов и газет. Первый журнал наиболее или менее оказавший влияние на киргизскую литературу «Ай кап», вышел в 1909, но «Ай кап» просуществовал недолго и в 1915 году должен был закрыться за недостатком средств.

После «Ай кап» в 1918 году выходит газета «Казак» – гордость киргизской литературы. Интересно отметить то, что «Ай кап» существовал при участии литературных сил исключительно из молодежи мусульманских мектебов. «Казак» – из русских школ

Огромную вклад в киргизскую литературу внес А.Байтурсунов, редактор газеты «Казак». Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка составил первую киргизскую азбуку и грамматику (до этого киргизы пользовались арабской азбукой). Байтурсунов – поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими примечаниями и приспособив к обличению беспечной жизни киргизов.

За Байтурсуновым следует отметить М.Я. Дулатова – поэта, последователя Ж.Копеева, затем увлекавшегося философско-лирическими стихами Абая. М.Я.Дулатов – один из проповедников народной свободы и образования, поплатившийся тюремным заключением за известные нападки на тогдашнюю администрацию. М.Я. Дулатов первый выступил со своим романом «БахытсызЖамал» («Несчастливая Жамал») в защиту киргизской женщины. Этот роман и сборник стихотворений сделали имя М.Я. Дулатова общеизвестным среди киргизов. Роман «Бахытсыз Жамал» нашел даже подражателей и способствовал выходу в ответ еще нескольких романов других авторов.

Из молодых сил в области поэзии выдвигается молодой поэт М.Б. Жумабаев. Он – поэт-лирик самостоятельного направления. Его стихотворения очень распространены среди молодежи и по звучности не уступают даже стилю Абая. По искренности мысли и художественности слога он превзошел всех поэтов-лириков, писавших до него.

После М.Б. Жумабаева перечислим более или менее известных среди киргизов поэтов. Отметим, например, С. Донентаева, О. Карашева, Шакарима, С. Турайгырова, А. Маметова, С. Сейфуллина, С. Черманова и Б. Отетлеуова. Произведения

перечисленных поэтов насыщены повизмом, но на русской литературе. В этом отношении грешны все, за исключением только Донентаева, Шакарима, Карашева и Черманова.

Из числа последних четырех резко выделяется поэт-народник С. Донентаев. Стихи его чисто киргизского духа и в них чувствуется сильная национальная струя. По стройности рифмы и гармоничности слога, по своему глубокому содержанию и, наконец, по поразительной меткости стихи Донентаева находят себе равных только в произведениях отца народной поэзии Байтурсунова и великого гурца Жумабаева.

Карашев и Черманов – поэты-народники в духе Ж. Копеева и в киргизскую литературу существенно нового не внесли. Так же Шакарим скромный подражатель Абая.

Влияние русской литературы на произведения малоизвестных современных молодых поэтов во главе с Жумабаевым бесспорно. Донентаев, Карашев, Черманов и Шакарим мало знакомы с последней и это способствовало сохранению ими национальной оригинальности, так привлекающей сородичей.

Что касается киргизской прозы, то она (если считать несколько романов) очень незначительна. Более всего в киргизской прозе развито публицистика. Она направлена, главным образом, на защиту политических свобод киргизского народа и равноправия женщин.

Из самых выдающихся киргизских публицистов можно отметить на первом месте Байтурсунова (публицист весьма несторонний), затем А.Букейханова (исключительно по политическим вопросам) и М.Я.Дулатова (защитник женщин и народного образования).

Из молодых сил в этом направлении обещают многое Болгамбаещ Алимбеков, Хаузжанов, Габбасов, Аймаутов, Ауззов, Кемешеров, Турганбаев, Жанибеков и некоторые другие.

Чистая беллетристика не приобрела еще определенного своего направления, и она у многих часто смешивается с публицистикой. В конце 1917 года вышел журнал «Абай», который обещал в будущем хорошее развитие беллетристического направления, но пока еще ничем особым не проявил себя.

В области драматической поэзии киргизская литература сравнительно сильна. Несмотря на то, что выдающихся драматургов

и пьес очень много, оригинальных пьес мало, большей частью в них сказывается влияние русских авторов.

Киргизская литература очень бедна научными произведениями. Нет также на киргизском языке, кроме грамматики Байтурсунова и арифметического задачника Дулатова, ни одного учебника. Этот недостаток начал ощущаться еще тогда, когда киргизам впервые открылась возможность учить своих детей и их дети оказались на школьной скамье с «пустыми руками». Этим весьма важным вопросом занята в настоящее время значительная часть киргизской молодежи. Она организует из своей среды в разных местах комиссии для перевода и составления учебников, а также поручает специалистам подбирать материалы по указанным вопросам. Труды этих комиссий и специалистов частью осуществляются: уже появились некоторые учебники в рукописном виде, в скором времени они будут напечатаны.

Наконец, остается для ознакомления перечислить все издающиеся в настоящее время на киргизском языке периодические издания:

1. Газета «Казах», выходит в Оренбурге с 1913 года, литературно-политическо-общественная, имевшая влияние, как сказано выше, на киргизскую молодежь; известная своей радикальностью, несколько раз оштрафована за это во время самодержавия, была разгромлена большевиками, вновь восстановлена по их ликвидации.

2. Общественно-политическая газета «Сары-арка» выходит в Семипалатинске с 1917 года, орган ЦК партии «Алаш».

3. Литературно-общественно-политическая газета «Бир-лик-Туу», выходит с 1917 года, очень распространенная среди киргизов, известна своими замечательными политическими статьями. Орган казах-киргизского наода.

4. Газета «Уран», политико-общественная, выходит в Ханской Ставке, издается киргизами Букеевской Орды, мало известна глубоким слоям населения.

5. Газета «Жас Азамат», политико-общественно-экономическая, выходит временно в Петропавловске. Вышло только 8 номеров, орган младокиргизов.

В Журнал «Абай», литературно-общественно-экономический, выходит в г. Алеше с 1917 года, весьма солидный орган, фокус литературных сил младокиргизов.

7. Журнал «Балаш», выходит в Омске с 1916 года, единственный литературный орган, помещающий исключительно киргизские рассказы.

АБАЙ

I

Атақты қазақ ақыны Абайдың өлеңдері қазіргі уақытқа шейін үш рет бастырылып таратылған:

1-баспасы 1909 жылы Петроградта «Шарх баспаханасында» басылған.

2-баспасы 1922 жылы Қазанда Татарстан Республикасының баспаханасында бастырылған.

3-баспасы 1922 жылы Ташкентте бастырылған.

1. Баспасы ескі, емлесі ескі, ескі болғанда өте орасан. Баспа реті жөнсіз. Көп сөздері қисынсыз қате басылған, оқушы айыра алмастай жерлері көп болған екен. Қазанда бастырылған 2-баспасындағы қателер Мұхтар Әуезовтің жәрдемімен түзетіліп бастырылған екен. Бұл екінші баспасы Бернияз жолдастың даярлауымен бастырылған көрінеді. Екінші баспасының үлкендігі 207 бет.

Ташкенттегі баспасы да 1922 жылы басылса да, Қазанда басылғанынан біраз кейінірек шыққандықтан кітаптың 3-баспасы деп есептелген. Ұам кітаптың сыртында солай деп басылған. Бұл үшінші баспасы екіншісінің өзі, яки сол Қазан баспасының түзетілгені емес. Ташкент баспасының зорлығы 293 бет. Бірақ кітаптың 3-баспасы (Ташкентте бастырылғаны) кітаптың басылуында әдемілік, қағазының жаңалығы жағынан Қазан баспасынан жақсы болып шыққан. Өлеңдері әдемі өнерден (искусстводан) саналады. Солай болған соң олардың әдемі басылуға тиіс екендігі өзінен-өзі ашық нәрсе.

Түркістан баспасөз таратушы мекемесі жергілікті халық ақындарының өлеңдерінің бұл кітапты жақсы, әдемі қып бастыруымен әуелгі кемшіліктерінің біразын жойған көрінеді. Сөздердің дұрыстығы жағынан Ташкент баспасы алда деп айтарлық. Кітаптың аяғына андамайтын сөздердің андатпалары косылып жақсы қылынған. Қазан баспасында бұл жоқ. Бірақ бұл екі баспаның өлеңдерді бөлімдерге бөлуде, жолдарға айыруда, өлшеулерге белгілеуде бір жолмен бара алмағандықтары көрінеді.

Кейбір өлеңдерде Ташкент баспасы жаңылған болса, көшірулерінде Қазан баспасы жаңылысқан. Солар туралы айтып отуға тура келеді. Кейбір өлеңдердің өлшеулері, жолға айырулары Қазан баспасында Ташкент баспасына қарағанда дұрысырақ болып көрінеді. Мысалы «Бай сейілді» деп басталған 54 жолдық өлеңде:

Елде жоқсы қалмады

Һамада

Қағып елін қармады, —

Ташкентте 7 буындық үшінші қоспа жолдар Қазан баспасында әуелгі жолдардың астында сол жерлердің аяғына жалғанып басталған. Өлшеудің дұрысы сол болуы керек. Бұл туралы Қазан баспасы дұрыс жол ұстаған болса да, бұл өлеңдердің жолдарын мағынасы жағынан қарай бөлімдерге айыра алмаған. Мағынасы жағынан қарағанда бұл өлеңдердің жолдарының әр 6 жолы бір бөлім болып айырылып баруы керек еді. Мұнда Ташкент баспасының тұтқан жолы дұрыс. Ол солайша айырып барған. Бірақ бұлай мағынасы жағынан қарай, 6 жолды бөлімдерге айырғанда бір бөлімді ішке кіргізіп, бірін шығармай, бәлкі бәрін бір қатарда жазып, әр аяғы жолдың арасына көңірек қылып бос қалдыру, яки араға жұпшаптық еткенді белгі қою керек еді.

2. «Бай таба алмай» деп басталған 42 жолдық өлеңдерменен 20-саны астында «Байы болған» деп басталған 72 жолдық өлеңдерді жолдарға бөлуде Ташкент баспасы дұрыс жол тұтқан. Мұнда өлеңдердің өлшеуі ашық, тура бір жолға қойылған. Белгілі бір тәртіпке салынған. Бірақ мұнда да мағынасы жағынан қарағанда 7 жолдан гырат болған бөлімдерді ашық, яки жүзідызды қылу жолы тұтылмаған. Бұлардың мысалын көрсетсек мынау. Ташкент баспасында:

Ұйқы, тамақ

Қалды тым-ақ

Керегі жок

Ас болып.

Жай жатпағын

Тыныш таппағын

Кеш болып.

Қазан баспасында:

Ұйқы, тамақ
Қалды тым-ақ
Керегі жоқ ас болып.
Жай жатпағым,
Тыныш таппағым
Күш болып.

Бұл өлең сол рәуіште Ташкент баспасында әуелгі үш яки әуелгі екі жол 4 буындық, соларға қоспа жолдар 3 буындық өлшеуге салынған. Жолдардың... түсулері жағынан бұл дұрыс болғанын өзіңіз де көріп отырсыз.

Қазан баспасы мағынасы жағынан қарап бұл өлеңдерді 4-2-7 өлшеуге дейін салған. Яғни әуелгі екі жолды 4 буындық қылып, 3-жолдарды 7 буындық жолдан қылып бару жолын тұтқан. Бірақ ол жөнмен үнемі бара алмай, кейбір жерлерінде қателесіп қалған. «Күш болып» дегенді өз басына айырып шығарған.

3. «Сегіз аяқ» деген сөз басы астында жазылған 200 жолдық өлең жолға һәм бөлімдерге айрылуында Қазан баспасының тұтқан жолы дұрыс. Неге десең, себебі мынау: Бұл өлеңдердің бөлімі 8 жолдық. Өлшеуі 5-5-8 болып барады. 8 буындық жолдар 5-5 буындық. Әр екі жолға қоспа қойылған және 8 буындық екі жол қосылып барады. Абайдың бұл өлшеуі солай болғанда дұрыс ретті қағидалы бір өлшем болады.

Ташкент баспасының жаңылысқандығы 8 буындық 3-қоспа жолдарды бөтен 5 буындық жолдардың қатарына қойғандығы болып табылады. Ташкент баспасындағына қарағанда, өлеңдердің өлшеуіндегі түп қасиеті, әдемілігі жоғалады.

Сонда да Ташкент баспасында 8 жолдық бөлімді сызумен айыра баруда дұрыстық жолы тұтылған. Қазан баспасында бұлай қылынбаған.

4. «Қор болды жаным» деген 24 жолдық өлеңдерді бөлуде, жолдарға айыруда дұрыстық Ташкент баспасында. Қазан баспасы бұл орында жаңылысқан. Бірақ Ташкент баспасында 7 буындық жалғыз жолдар 5 буындықтардың астына соңғы жағына алып келіп қойғандай болса, тіпті жақсы болған болар еді.

3. «Қазан мені не етесің» деп басталған 72 жолдық өлеңдерді бөлімдерге, жолдарға айыруда Қазан баспасы да, Ташкент баспасы да дұрыс жол тұта алмаған. Бұл тұрғыда Ташкент баспасы зор қателескен көрінеді. Қазандікі бұл тұрғыда дұрыстыққа жақындап келеді де, жақыншап тексеріп анық дұрыстығын таба алмаған.

Дұрыстығы мынау: Бұл өлеңдердің бөлімі бәрі де 12 жолдық Қазан соның өзі тіпті 6 жолдықтан 2 басқа айрылады. Өлеңдердің өлшеуі дұрысында былайша: 6-4-4-3-6-8, яғни бірінші жол 6 буын, 2-һәм 3-жолдар 4 буыннан, ортада қоспа жол 3 буын, кейінгі екі жолдардың әуелгісі еш өзгерместен 6 буын, екіншісі 8 буын болып барады. Абайды былайша өлшеу ашық бір жол қалып алынған өлшем бір қағидаға қойылған жаңа өлшеу. Мысал үшін, мұнда дұрыс деп бір бөлімді жазып өтеміз.

Сен мені не етесің,
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдып, арбап
Ол бетіңмен сен кетесің,
Неге дүре етесің,
Қоспағандай,
Баспағандай
Жайыңа
Және жаптан бай тап,
Өмір бойы қор етерсің.

Мінеки, Қазан баспасы мен Ташкент баспасы арасында Абай өлеңдерін бөлімдерге, жолдарға, өлшеулерге айыруда бір жолдан барғандықтарының қалай екенін көрдіңіз. Соны көрген соң мұнда біздің басымызға бір сұрау келеді. Ол мынау: Бұл өлеңдерді Абай өзі қалай жазған, ол өзі оларды бөлімдерге, жолдарға қандай қылып айырып, оларды қандай өлшеуге салған?

Қазан баспасын бастырушыларға да, Ташкент баспасын бастырушыларға да бұл мәлім болмады ма екен? Абайдың өзінің түп қолжазбасы жоқ па екен?

Бір ақынның өзі үшін өлшеу мәселесі өте бір мәселе. Абай өзі жаңа өлшеулер тудырған көрінеді.

Абай қанша ән, қандай түрлі өлшеулері болғанын кейін жинап айтып өтеміз, соның үшін бұл туралы енді сөзді тоқтатамыз.

II

Ақындар өлеңдері туралы айтатын сөздерді газеттерге онша толық, кең қылып айтып болмайды. Мұның орны журналдар болады. Сондықтан біздің мұнда Абайдың өлеңдерінің һәм оның ақындығын тексеруіміз қысқа болмауына шара жоқ. Біз газет бетінде қысқаша ғана тексеріп өтпекпіз.

III

АБАЙДЫ ЖҮРТШЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТЕКСЕРУ

Ақындар өз заманы жұртшылығының жемістері болады. Ақынның миы, жүрегі өзі ішінде жасаған мұхитына (айналасына) қарап істейді. Ақынның миы һәм жүрегінде болғанның бәрі, өзі ішіне алған, тұрмыстың оған берген нәрселері, ол соларды өзінің миы һәм жүрегі арқылы тілімен, яғни сөздерімен жандандырып тысқа шығарады. Ұзын сөздің қысқасы: бір халықтың көрмек тұрмысы, дүние-тіршілігі, техникасы қандай болса, ол халықтың ақындары да сондай болады. Сол тұрмыстың берген әсерлерін сөзбен жарыққа шығарып, майданға салады, яғни тіршіліктің өзін, яки одан алған әсерін суреттеп жандандырады. Өзі ішінде жасаған орынның табиғат көріністері, жаратылыс сырлары әрдайым әсер беріп тұратын нәрселерден саналады.

IV

Абайдың өмірі, өткен заманы, елі ақсақалдық (феодалдық) қазақтың билік негізінде құрылған тұрмыспенен жасап келген заманы оның өзінің өсіп-өнген елі, тіршілік еткен жері – төрт аяқты мал шаруашылығымен тіршілік қылған қазақ елі. Бұл елдің тұрмыс көмегінің, тіршілік техникасы, ғылымы, өнері һәм бар идеологиясы қандай болғаны мәлім. Мұнда жазып отыруға қажет емес.

Абайдың һәм барлық қазақ халқының отырған орны, қонып жүрген шеті көрінбес кең шөлдер, меңіреу үнсіз далалар болғандығы белгілі.

Абай, міне сол заманда, сол елдің ішінде сондай тіршілік орындары, сондай табиғат орындары ортасында туған, сонда өскен, бар әсерін сонда жасап, сонда өлген бір кісі. Кісіге сол ел, сол тұрмыс қандай әсер, қандай гибрат бере алса, Абай да сол бізге өзі арнап өлеңдеріменен соны береді. Сол тұрмыстан алған жүрек толқандарынан шығарды. Содан артықты біз хағта Абай күшті даншаннан бір ақын болғанда да, Абайдан күте алмаймыз һәм күтуге қажетіміз де жоқ.

V

Тағы да айтатын бір сөз: Абай – XIX ғасырдың кейінгі жартысының адамы. Бұл заман – орыс сауда капиталының күшейген заманы. Орыс аксүйектерінің (дворян тобының) қуат алған заманы. Өнер капиталының да басталып, өсуге бет алған дәуірі, орыс сауда капиталының һәм орыс патша үкіметінің бар күшіменен қазақ елін жаншып езген заманы да сол заман. Патша үкіметінің қазақ елінің үстіне түрлі жақтан құрық салған, шу қозғатқан колонизаторлық, миссионерлік саясаты да сол замандарда күшейген. Бұл саясат бұрынғы билігін, билеу үшін болған таластардың, ру тартыстарын қуаттандырып, жаман бір жолға кіргізіп жіберген. Қазақ елінде өзара талас, өзара дұшпандық, қастық күшейген. Төрелік, болыстық үшін партия болып таласу деген туды.

Екінші жақтан, қазақ еліне, қазақтың арасына орыс миссионерлік школдары (яғни 122 қазақты орыстандыру, орыс дүниесіне кіргізу үшін қызмет ететін школдар) ашыла бастап, орыс патша үкіметінің орыстық саясатының күшті жүргізіле бастаған заманы нақ Абай заманына тура келді.

Сол жоғарыда айтылған сөзімізді қысқартып, жиып айтқанда былай болады: Кең дала, меңіреу шөл, көшпелі тұрмыс, көбірек аяқты мал шаруашылығыменен күн көріс; Россия сауда капиталының, Россия патша үкіметінің әкімдігі, колонизаторлық, миссионерлік саясаты; аймақ-рулардың өзара төрелік, болыстық, дуалнайлық үшін тартыстар: бір-біріне қастық, надандық, қараңғылық, еңбексіздік, жалқаулық, бассыздық, қайратсыздық, өсекшілдік. Мінеки, Абайдың өзі ішінде жасаған айналасының, елінің, тұрмысының жөні сондай еді. Абай өлеңдерінде адамға сол жолдардың беретұғын әсерлерінің бәрі де ашық көрсетіледі.

Абай – сыршыл (лирик) ақын. Оның өлеңдерінің бәрінде де қайғы бар, зар бар. Ол зарланады, ел мұңын зарланады. Өзінің білімді, сезімді болуы себепті, ел үшін қайғырады. Оның тілінен шыққан зардың бәрі өз зама- нында қазақ елін басып жатқан қайғы, бақытсыздықтың ұшқыны. Абай өзі мұны ашық айтып берген төмендегі 4 жолдық өлеңімен:

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.

Абай қазақтың жалғыз ақыны ғана емес, ақындықтың үстіне Абай – қазақ ояну дәуірін бастаушы ойлаушыларының ең біріншісі. Бұл турада Абай былай дейді:

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Абай – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Абайда ақыл мен жүрек бірігіп, бір түйінді жұмбақ жасаған.

Жүрек тербеп оятар баста миды, –

дейді Абай. Ол толқында толқындана ойлайды, ойлай-ойлай толқынданады.

Абай турасында жұмбақ адам. Мұны ол өзі:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла, —

деп аңғартады. Дұрысында Абайды жақсы тану үшін, бір жақтан жүрегінің, екінші жақтан ақылының түбіне терең бойлайтұғын тұңғыш терең адам керек. Ол:

Жүрегім менің қырық жамау, –

дейді. Мінеки, сол қырық жамау жүректің сырын шешетін жүрек керек. Сонда Абайдың кім болғандығы, қандай ақын екендігі аңғарылады. Абай өзі:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей...
Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара, бір жанмын, жаны жара...

Һәм

Мен ішпеген у бар ма?

Һәм

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл, —

деп Абай бізге өзін дұрыс аңдатып береді.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным
Қайғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек
Ағызды сығып жасымды, —

деген өлеңдері Абайдың заманынан асып туған бір адам болып, кәміл жатқан қараңғылықта тұншығып, қиянатқа шамданып, көмдікке ыза- ланғанын көрсетеді.

Абайды бұл жолға жеткізген себептер өзінің бақытсыздығы емес, бәлкі Абайдың алдындағы елінің бақытсыздығы. Абайдың жүрегіне бұл қайғыларды, бұл ауруларды қойған оның жүрегінің ортеген тұрмыс және жоғарыда айтылған дала тұрмысы, ел намысы, қазақтың құл болып күн көруі. Зерек, сезгіш Абайды сол ел, сол тұрмыс, сол құлдық қайнатып, ақындағын еріксіз қозғап жіберген. Абайдың:

Іште қайғы дерт кесіп,
Көкіректі өрт қысып
Айтпаға көңілім тебіренді, —

дегені соны көрсетеді. Қысқа сөз: Абай – қазақтың сол замандағы өз тұрмысы тудырған күшті, өткір бір таланты. Оның өлеңдері арқылы Абай дәуіріндегі қазақ елінің тұрмысын әм басқа да сыр-сипаттарын ашық көруге болады.

Абай патша үкіметінің қазақ еліне көрсеткен саясатына зарланып былай дейді:

Орыс съезд қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Өз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Болды да партия
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тия,
Дауың мен шарыңды...

Абайдың жоғарыдағы өлеңдері қазақтың болыс болғысы келіп жүрген атқамінерлерінің қандай істер істеп жүргенін, олардың сол уақыттағы рухындағы ахуалды өте жақсы қылып суреттеп, айтып береді. Бұлардың ішінен бірнеше жолды көрсетсек мынау:

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.

Және:

Күн батқанша шабамын
Арлы-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып,
Ат көтіне жалпылдап.

Мінеки, сондай көріністі ашық суреттейді. Сөздеріменен болыс болдым деп, телміріп жүргендердің халдерін бізге ашып береді. Бұл өлеңнің бәрі – 190 жол. Сонда қазақтың болыстық талас артынан еліріп жүрген телі-тентектерінің қылып жүрген ісі һәм мінезі көз алдымызда ашық суреттеледі.

Ол заманда қазақтың ала ауыздығы, бір-біріне қастығы Алайға қандий әсер берген, сол туралы жазған көп өлеңдері ішінен төмендегі өлеңдері ашық көрсетіп тұр.

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып.
Құда, тамыр, дос-жаран, қатын, балаң
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік.

Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне-бірі қастыққа
Ішіне тыққан тастары.

Абай жалпы қазақтың надандығына зарланып, соған кайғырса, ел ақындарының надандығына да қайғырып, зарланып былай дейді:

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Бұл өлеңдер Абайдың ұлы жүрегінің алдымызға шашырап түскен ең ұлы бір ұшқыны емес пе? Қырық жамау жүректі Абайдың өзі түгілі басында есі бар адамның жүрегін, Абайдың сол сөздерінің өзі қырық жамау қыларлық емес пе? Бірақ Абай – өз жүрегіне ұқсас адамдарды таба алмаған адам. Абай өлеңімен өзін-өзі уатып, өлеңін өзінің жаралы жүрегіне ем қылады. Абайдың көңілі өз тұсындағы қазақ елінің істеген істерінің көбіне қуанбайды. Оны төменгі өлеңдері көрсетеді:

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей...
Өз үйіңнен тоярлық қолың қысқа.
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Абайдың өз халқының ісіне өзінің көңілі толмағандықтан,
төмендегі сөздерді ықтиярсыз айтып салады:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.

Және:

Туған жерді қия алмай,
Тентегі-телін тия алмай,
Өлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өңге елді, –

деген сөздерді жүрегінен ықтиярсыз шығарады. Абай өлеңімен
жүрегін жамайды. Абай сол жоғарыдағы улы зарларды, қанды көз
жастарменен бірге халық үшін төмендегі үгіттерді айтады:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпанды білсеңіз
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой.

Байқап отырсақ Абай үкімет, зорлық, неше түрлі ащы сөздерді
қаймықпастан айта береді. Абай дін, сопылық тұзағы, елді тонаушы
надан сопы туралы да еш тыныш тұрып қала алмаған. Абай оларды
мынадай деп сыпаттайды:

Кейбірі пірге қол берген
Іші залым, сырғы абыз.
Кейбірі хажіге барып жүр,
Болмаса да хаж парыз,

Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі
Мал құмар көңлі бек соқыр
Бүркіттен кем бе жем жесі.

Абай жасаған айналасы, елінің жалпы тіршілігі Абайға,
мінекей, сол әсерлерді берген. Абайдың миынан, жүрегінен
ықтиярсыз соларды қайнатып шығарған.

Абайды қанағаттандыра алмаған қазақтың салт-сана тұрмысы
бәрі жиылып келіп дүниеден мүлде бездіруге, үмітсіздікке түсіруге
де себеп болған, пессимистік жолына кіргізген.

Абай сонымен хатта бүтін дүниясынан, бүтін өмір деген
нәрсенің өзінен һәм адамзаттың бәрінен үміт ұзу жолына кіреді.
Олардан қол сыйғей бастайды:

Өмір дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің
Ойлай берсең у екен
Жүрегімді қан қылды,
Өткен адам, өлген жан,
Ақыл іздеп, ізерлеп
Бәрін сынап сандалған
Бірін таппай солардың
Енді ішіме ой салған,
Тұла бойды улатты
Бәрі алдағыш сұм жалған.

Мақаланың басынан бері жазып келген сөздеріміз Абайға
жұртшылық жағынан қарауымыздың нәтижесі болып айтылып
отыр. Абайдың өзі ішінде жасаған қазақ елінің тұрмысы, салт-
санасынан алғаны, мінеки, сол. Бұл тұрмыстың Абайға бергені не
болса, Абай өз басында, өз жүрегінде соны ақындық қуатыменен
жаңадан істеп, жаңадан суреттеп соларды өлеңдері арқылы халыққа
жариялап отыр.

Қазақ халқы өзінің Абайы арқылы өзінің суретін, сипатын көп
жақтан дұрыс көре алды. Сондықтан Абайды өз заманының айнасы
десе де болады.

Енді алдағы мақалаларымызда Абай өлеңінің маңызы, рухы жағынан, ақындық қуаты жағынан, тіл, сөз қисыны жағынан қысқаша ғана тексеріп өтпекпіз.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАБИҒАТЫ ҒӘМ ІШКІ РУХИ ЖАҒЫ ТУРАЛЫ

Біз ақынның шығарған өлеңдерінің нендей табиғатта, нендей рухта болғандығын жақсы тексеріп, бар сырын түгел ашып беру үшін ақынның өзінің табиғаттағы жайларын жете білу керек болады. Мұны білу үшін бірінші керекті нық таяныш нәрсе – ақынның өмір тарихы болмақшы. Міне, соның үшін біз Абай өлеңдерінің табиғатын һәм ішкі маңыз рухы жағын тексерген уақытта Абайдың өмірімен таныса болмағанымыз үшін біздерге көп қиындықтар келдеседі.

Абайдың өмірінің жақсы тексеріліп жазылмағандығы, белгілі бір ғылым жолына салынып жазылған өмір тарихының болмауы Абай туралы жазушыларды аса зор ыңғайсыз халге түсіреді.

Абайдың өлеңіне қосылып басылған өмір тарихы Абайға шын мағынасында сын жазамын деген жазушыларды да қанағаттандыра алмай- ды. Ең соңғы басылған Абай өлеңдерінде де Абайдың ескі баспасында басылған әдебиет заңын қолданбаған алғашқы жазылған өмір тарихын қайта басқан. Соңғы баспасын бастырушы жолдастар Абайдың өмір тарихын толықтырып, ғылыми бір жолға салып бастыруы керек еді. Не үшін қазақтың қалам қайраткерлері Абайдың өмір тарихын толықтырып жазуға сараңдық қылуы аса түсініксіз аянышты нәрсе.

Абайдың өлеңдерінің табиғатын һәм ішкі рухын ашық тексеру үшін бізге демесін беретін нәрселер мыналар:

1) Абайдың өмірінде басылған өмір тарихының көрсетуі бойынша, Абай 10 жасынан былай қырда мұсылманша оқи бастаған. 13 жасына шейін Семейдегі медреседе оқыған. 14 жасында оқудан мүлде тоқтаған. Қысқасын айтқанда, Абайдың бар оқыған мұсылманша оқуы төрт жылдық қана болған. Орысшаны да Семейде болған шағында бастауыш орыс мектебінен үш ай ғана оқып шыққан. Абайдың орысша болсын, мұсылманша болсын мектептерден алған бұл мағлұматы Абайдың барлық біліміне жол ашып берді деп айтуға бола ма? Абайдың орысша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымдардан хабардар болуына мектепте мұсылманша оқуы жол ашып берді деп айтуға бола ма?

Абай үш ай ғана оқыған оқумен орыстың ірі ақындары Пушкин, Толстой, Лермонтов, Некрасов, Крыловтардың түпкі негізіне қалай түсінген. Олардың өлеңдерінен қалайша түпкі негізін бұлжытпай тәржіма қылуға күші жеткен.

Абайдың орысшаны жете түсіне білуі – Абай орысшаны үш ай ғана оқыған оқумен қанағаттанып қоймағанын көрсетеді. Абай мектептен тыс орысшаны толық түсінерлік дәрежеде оқығандығы орысшадан аударған өлеңдерінде ашық байқалады. Я болмаса Абайдың жанында дайын орысша ақындарды ашық түсіндіре білетін білімді бір адамның серік болғаны байқалады. Егер бұл айтылғандай болмаған болса, Абайды жай жабайы адамнан оқшау, өздік бөлек нақ данышпан адамның сыпаты барлығы ашық көрінеді. Бұлай болғанда біз Абайда талассыз данышпандық (гениальность) белгі бар деп айта аламыз. Болмаса Спенсер кітаптарын эм «Позитив философия» турасындағы кітаптарды, Дрепердің «История умственного развития Европы» деген кітаптарын анық түсініп білу үшін, аз қуат керек емес. Абайдың (Кәкітай) Құнанбаев тарапынан жазылған өмір тарихы бізде жоғары айтылғандарымыздың бәріне де жауап бермей қараңғы күңгірт күйде қалдырып кетеді.

2) Абайдың өлеңдерімен бірге басылған өмір тарихында былайша жазылған: «Абай 13 жасында-ақ балалық қылмай ел ішінде жұртты өзіне қаратқан, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып жүрген эм елдің жақ сылары баласынбай аузына қарай бастаған. Бұдан көрінді, Абай жасынан-ақ ірі адамдардың қатарына кіріп, халыққа басшылық қылу үшін билермен тартыса бастағандығы, Абайдың билікке, халыққа таласуына туған-туысқандарының да атақты, елге басшы адамдардан болғандығы да Абайды жастан ірілікке жетектеген. Туысқандарының эм өскен ортаның мақсат қылған нәрселері Абайды билік үшін таласқа кіргізуге әбден мүмкіндігі болған.

Бірақ Абайдың өлеңдерінің көбінде елге басшы боламын деген адамдарды кекеп, зарлы, улы тілмен шаншатындық бар. Абай жабайы ел адамдарындай билікке өзі ынталы адам болғандай болса, зарлы тілін тап онша қадамас еді. Бұл туралы Абайдың билікке көзқарасының қандай болғандығын өмір тарихында толық ашып айту керек еді. Және Абайдың өмір тарихында былайша жазылады: «Жиырма жасында Абай маңдай алды шешен болды» эм «қазақтың

өскі шыншы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді», – дейді. Міне, бұл сөздер Абайдың табиғаты, ішкі рухы билер сықылды болғандығын аңғартады. Жалғыз-ақ Абайдың тілегіне бөгет болған – заман. Заман бөгет болмағанда Абайдың тұтанып жолы әкімшілік еді дегенге келтіреді. Бұл сөздер сырт қараған кісіге Абай өлеңдерінің табиғаты, ішкі рухы соңғы кезде мүлде үмітсіздікке айналып кетуі, сол өзінің тілекті мақсаты болмағандықтан да болған шығар деген шүбәлі ой тудырып та қалады.

3) Абайдың шаһармен байланысы болған ба? Семей қаласында 2 жыл оқу оқығаннан кейін елге оқуды тастап, қайтып кетеді дейді. Абайдың сол кеткеннен қаламен қатынасы мүлде үзілді ме, жоқ болмаса қаламен қатынасы жиі болып, қаладағы мұсылман, яки орыс мұғалімдерімен мәжілістес, пікірлес болып жүрді ме?

Міне, бұл жағы да Абайдың өмір тарихында күңгірт, көмескі түрде, айтылмай қалған. Абайдың өлеңін тексерушіге бұл да зор қиындық тудырады.

4) Абай орыс әдебиетімен эм жазушыларымен 35 жасынан былай қарай таныс болып еді. Абайды бұлармен таныс қылуға себеп болған орыстың атақты білімділері мен Михазльс эм Гросс деген еді дейді. Абайды Пушкин, Лермонтов, Толстой, Некрасов, Достоевский, Белинский, Писарев эм бұлардан басқа да ірі ақындар мен жоғарғы айтылған орыс оқымыстылары таныс болған.

5) Абайдың тәржіма халінде: «Орыс әдебиетімен танысу Абайдың көңіліндегі ақындығын қозғап, Абайдың өлең жазуына себеп болды» – дейді. Бұл айтылғандардан Абайдың 35 жасына шейін ешбір өлең жазбағандығы көрінеді. Шынында, Абай өлеңдерінің бәрінде де 1884 жылдан бастап 1903 жыл арасында ғана жазған, яғни Абай 35 жасына жеткеннен кейін жазуға кіріскен. Хатта Абайдың ақындық күшінің жарыққа шыққандығы 39 жасынан кейін басталды деп айтуға болады. Бірақ тәржіма халінің тағы бір жерінде былай дейді: «Абай 14 жасында-ақ біреуді мазақ, яки қалжың қылып құрбылар ортасында өлең шығара бастаған» – дейді. Бұған қалайша түсінуге болады? 14 жасынан былай қарай жазған өлеңдері қайда? Бірінші баспасы басылғанша не үшін жас жігіт шағындағы өлеңінің бір жолы болса да кітапқа кіргізілмеген. Әлде жас шағындағы жазғандары маңызсыз-мағынасыз болғандықтан баспаға берілмеген бе? Міне, осы жоғарғы

деген өлеңімен хатта адамзаттың өзінен, тіпті безгендігін аңғартады.

«Адам бір бок көтерген боқтың қабы» деген өлеңі де 1899 жылы айтылған. Және сол жылда:

Есінде бар ма жас күнің,
Көкірегің толық, басың бос
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің
Кімді көрсен бәрі дос.

Міне, бұл өлеңдерден аңдаспау бойынша, әлі де шындап та Абайдың қарттық күнінде, яғни өмір бітуі жақындағанда, ел тудыратын сезімдерден Абай жүрегі босап, басына қайғы толып, жас уақытта өлең шығаратын қуаты бүтіндей жоғалып, нашарлайтын халге жетті ме екен? Әлде Абайдың өмірі бітуге жақындағанда, Абайдың ілхамы (шабығы – М. М.) әм ақындық қуаты өз-өзінен жоғала бастады ма екен? Әлде шынында да, махаббат қызықтың мол болған жылдары ақырын-ақырын артқа шегініп Абайдан алыстап кетіп, сондықтан Абайдың ақындығы нашарлады ма екен деген шүбә ойлар еске түседі. Яки сол жылдың өзінде

Көзіме жас бер жылайын,
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер жамап сынайын, –

дегенінше жаралы жүрегін жамайтын дауа бітіп қалып, соңғы өлеңдері әуелгідей тұр таба алмай кетті ме? Әлде:

Күйесің жүрек, күйесің
Күйгеніңнен не пайда, –

деп, ақындық қуаты дәйім күшті болып тұрған күйінде де Абай өзінің күйгендігінен пайда болмағандығын ойлап, сол себепті өлең жазудан өзі тілеп тоқталды ма екен? Не болмаса:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Зия ғып өмірімді бос жүріппін. (1901 ж.)

дегеніндей Абайдың өмірінің ақырындағы үмітсізденуі оның ақындығын бүтіндей сөндіріп қоймайды ма?

Шынында, біз Абайда шын ақындық сыртқы тұрмыс сезімінің әм сыртқы тұрмыстың өзі үшін қайғыру дегеннің 1898 ж. кейін біраз күшейгендігін көреміз.

Абайдан ең бірінші бастап жазғаны 1884 ж. жазған «Сұлу кыз» туралы өлеңі. Бұл өлең Абайдың өлең шығара бастауында бірінші адым болса, мұнан соны аңғарамыз: Абайда бірінші адымнан-ақ суреттеу қуаты өзгеше сүшті болған екен. Әрі сыртқы тұрмысқа жақын болған, яки соған алынып жазылған екен.

VIII

Бұл өлеңнің жазылуы Абайдың 39 жасындағы шағына тура келеді. Бірақ өлеңнің қуатына қарағанда, Абай бұл өлеңді жасырақ уақытта шығармады ма екен деп ойлауға жоқ емес. Абайдың өзі шығарған өлеңдерінің бәрі маңызды әдемі болып әрі көп шығарған жылы 1886 жыл Абайдың табиғатты суреттеген ең жақсы өлеңдері және сол жылда шығарған. Абайдың жұрт үшін қайғыруы да көбірек сол жылда болған. «Жаз» деген ес кетіретін ұсталықпен тіпті жеңіл әм табиғи шығарылған толық көріністі әм шындықпен суреттелген өлеңі мен «Аттың сыны» деген өлеңі де сол жылы жазылған.

«Өлең туралы» айтқан қуатты өлеңдерінің көбі әм «Сүю туралы» деген аса шебер өлеңдері 1887-1897 жылдар арасында шығарылған. 1899 жылдан бастап 1902 жылға Абай орысшадан тәржімамен барды. Абайдың соңғы өмірінің көбі тәржімамен өткендігі көрінеді.

Және әуелде Аллаға онша жақын болмаған әм көбірек дүние үшін, халық үшін қайғырған Абай 1898 жылдан соң Аллаға жақындап, Алланы жат етеді. Алла туралы көбірек ойлап, сол ретте халыққа Алла туралы пәлсапа сөздер сөйлеп, Алла туралы діни үгіттер үйретеді.

1886 жылдарда Абайдың үгіті дүние, тұрмыс үшін болса, енді Алла, ахрет үшін болуға айналады. Абайдың бұл жылдан соңғы өлеңдерінде Толстой сықылды адамдардың жазған сөздерінің ізі көріне бастайды. Абай өмірінің бұл бөлімінде, шынында, қазақ халқына діни жол басшылық сипатын көрсетеді. «Ой туралы» деген

өлеңдері бәрі соған куә. Солай қылып Абай 1895 жылда «Халиққа (Халыққа, жаратушыға деген сөз, махлұқ – жаратушының жаратқан заттары деген сөз) махлұқ ақылы жете алмайды, Оймен білген нәрсеміз бәрі дәһрі (Замана туралы заманаға қас деген сөз. Ташкент баспасындағы көрсету бойынша мәңгілік, дінсіздік деп ұғу қате. F.C.)» – дейді. Әм Алла туралы: «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» әм «Және оған қайтпақсың, оны ойламай өзге мақсат ақылға тола ма екен», – деп өзінің енді Аллаға мықтап берілгендігін аңғартады.

IX

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» – деп Абай енді дүниедегі өмірден соң тағы мәңгі жасауды жанның мәңгілік болуын көксейді. Сөйтіп шындап та ахретке, машһарға әзірлене бастайды:

Дүниеге ынтық, машһарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас, –

деген өлеңдері Абайдың сол сырын ашып береді. Абай 1897 жылда:

Алла деген сөз жеңіл
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес, —

деген болса, 1902 жылда:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас, –

деп ойы, пікірі Аллаға, ахретке берілгендігін тағы мықтап айтып қояды. Сол жылда және:

Махаббатпен жаратқан адамзатты
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл

Әм:

Дін де осы, дін ойлаған тағат та осы, –

дейді. Міне, бұл сөздері Абайдың бұл жылдарда шынында да Толстойдың шәкірті болып, ол арқылы Ғайсаның үйреткен жолымен кетіп, сол жолдағы пікірлерін халқына үйретуге кіріскенін көрсетеді:

Абайдың сондағы табиғаттағы өлеңдері мынау: Солардан қысқа, ашық бір нәтиже шығарғанымыз мынау:

1) Абайдың 20 жылдық әдеби өмірі бар. Соның әуелгі жартысында Абай күштілік көрсетеді. Соңғы жартысында әлсізденіп, өлеңнің табиғатын, ішкі рухын бүтіндей өзгертіп жібереді.

2) Өмірінің әуелгі жартысында Абайдың өлеңдері табиғат, ішкі рухы мен тұрмысқа жақын дайым тұрмыс қайғыларын, тіршілік пікірлерін шешеді.

Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70-80 жылдарында) Алла ам ахрет туралы терең ойларға кетеді. Яғни Абай өлеңдерінің табиғаты, үміттері тұрмыстың түрлі дерттерімен суарылған болса, соңғы жартысы діни пікірлер әм машһарға даярлану атымен суарылады. Идеализм деген пәлсапа жолына бұрып тұйықтайды.

3) Абай өлеңдерінде өзінің ашық сипаттарын, өздігін көрсетеді. Абай кітабында түсірілген суретте қандай көрінсе, өлеңдерінде де сондай көрінеді. Абайдың суретте көрінген маңдайы өлеңдерінде көрінген маңдайының өзі. Абайдың маңдайында ойшылдық пен толқындаушылық бірлеседі. Бірақ кейіннен ойшылдық жеңіп кетеді.

4) Абай өлеңдері халықшылдық, қазақшылық рухымен шығарылған.

5) Абай өлеңдерінде (әсіресе әдеби өмірінің соңғы жылында) шындық (реальность) күшті, хатта діни мәселелерге де шын ынтасымен қарайды.

6) Абайға мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылыққа әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монтанылықты сезбейсіздер. Ол оны сезбейді де.

Жалғыз-ақ Абайдың кемшілігі өмірі ақтығында дінге берілгендігі. Әм машһар қорқынышынан жеңілгендігі.

7) Абайдың кейбір өлеңдерінің бір пікірден екінші пікірге, бір сезімнен және басқа сезімге бірден секіргендігі, асығыстықпен көшкендігі көрінеді. Соның үстіне бағзы бір келіспегендіктер әм бір-біріне қарсы болған пікір-лер де жоқ емес. (Газет жүзінде орын аздықтан мысал келтіріп болмайды.)

8) Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне әм ешбір адамға еліктегендігі білінбейді.

X

АБАЙДЫҢ ТІЛІ ҺӘМ ӨЛШЕУЛЕРІ

Әр халықтың ақындары сол халықтың сөйлеген тілінің жемістері болады деген сөз бар. Бізде сол сөзге қарай Абайды қазақ тілінің жемісі дейміз. Абай тілінің кеңдігін, өткірлігін қазақ тілінің кеңдігі, өткірлігі деп аңлау керек. Бұл тілдің байлығы, әдемілігі Абай өлеңдері арқылы ашық көрінеді.

Абай – қазақ тілінің кең, әдемі бір әдебиет тілі болуға лайықты екенін ашық көрсетіп кеткен бір ақын.

Бұл тілдің әдеби жақтан істелуіне де Абайдың көп қызметі тигендік Абайдың өлеңдерінде ашық көрініп тұр.

Абай одағай сөздерден жасалған етістіктерді көп қолданады. Яки өзі сондай етістіктерді көп жасайды әм бұл туралы шеберлігі танданарлық.

Абай пәлсапа сөздерді, аса терең пікірлерді де еш қиналмастан жеңіл, ашық тілмен аңдата алады:

«Ақыл» мен жан мен өзім, тән – «менікі»
«Мені» мен «менікінің» мағнасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан
«Менікі» өлсе өлсін оған бекі.

һәм:

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес, –

деген өлеңдері соған дәлел.

Абайдың бұл деген жолдық өлеңдерімен идеализм пәлсапасын біздің еңкей аңлаған бергендігін көріп отырмыз. Абай жалпы түрік тілдерінің жалпы өлеңдерінде қолданып өлшеулерден басқа тағы өзінің өлшеулерін жаңа өлшеулері жоқ емес.

Абайдың жаңа өлшеулерінің әсерін жас қазақ ақындарында тағы кәбі, әм бәсе тәтір ақылдарының бағзыларынан көріп тұрамыз.

Абайда өлеңтің әм жансап бәрі сегіз түрлі өлшеу бар, бірақ оның бәрі қарапайым сөз бетінде орын аз болғандықтан, оларды мысалдармен көрсетіп отырмаймыз.

Қайдағын, Абай туралы сөзді тоқтатып басқа ақындарға көшіміз.

ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің сиезі адам аз келгендіктен сиез есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған нөмірлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, сиезге атын атап шақырған адамдар келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз сиез деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатыны екі «шығар».

Сиезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз сиез деп айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған қал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, сиез түгілі жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың камын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстің торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады.

Қазақ билесі ұлтым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері өктәбір өзгерісі болғанда бірден интeрнaтcіянaл (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өтегердей «алымсақтан бері» кәммүнійст, интeрнaтcіянaлиcт едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға кәзімет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет қош көрмейтін болды. Соғтп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, төртіншіларип калды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп ойна кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрін өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қашықты өзгертетін адамның ісі, яғни, жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына саует үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болып кәммүнійстер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, яғни, істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылғандар өте аз. Бірақ, аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл

қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сықылды шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бейбауырмалдық!» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, йа бояумен түсін өзгертіп, йа түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес. қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, иа бауырмал деген сөзден қашып, бейбауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ

мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, гайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне араммай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат. 200 миллион (бұдан әрі - миллион) үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қышып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар ажулап отырғаны – адам баласының теңдігі – кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сыпаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ноғай мәдениетіндей болса да, «казак», «казак» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көптен бірдей көрер деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болып қалып айырықша болғандықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасақ керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бейбауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бейбауырмалдық!» деп айқайлағанмен адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың көптен келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін, сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз,

сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарал тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен нөмірлерде басылған сиезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерінің ниіуін сиезіне «топалаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Сиез ниіуінде болмады деп қою керек емес, ниіуіннен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушылармыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері, қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендер әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жыйыуға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілділік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, яғни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жұрт ақкөңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбіне қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем

болғаны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декірет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декіретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көпге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшейуінің тетігі – оқу мен әдебиетте.

ҚАЗАҚТАҒЫ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ

(Ашық хат)

Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екенін бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Даусыз хақиқат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, тез-терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз.

Бірақ, қазақта баспа сөз шыға бастағанына бір талай заман болса да дәл әлгі айтылған тәрбиешінің міндетін атқарып, елдің бетімен рухын өзі ұғып, өзінің бетімен рухын елге үнемі ұғымды қылып, түзу жолмен аумамай жүріп отырған газет-журнал көп болды деп айта алмаймыз. Бұл санды көтеретін толымды жалғыз газет «Қазақ» еді. Оның өмірі ұзын болған жоқ. Одан кейінгі шыққан газет-журнал болса, көбінесе бір қалыпта тұра алған жоқ. Не басындағы адамы ауысыды, не заманы ауысады, көбінің өмірі тіпті болымсыз, қысқа болады. Сонымен, тәуір сөздің қадірін ұғып, құлағын түріп қалған қазақ бәрінен де қана жұта алмай, әдебиеттің тәуір бұйымдарын көксіп отыр.

Бұл айтылған сөз, біздің баспасөздің ұйқын-тұйқын болып, жөндеп шыға алмай жүрген бір дәуіріне тиісті болса, осы соңғы бір екі жылдың ішінде, тағы бір дәуір туып отыр. Бұл баспасөздің басылуы, күшейген уақыт деуге болады. Бірақ, қалың қазақтың тілегіне келгенде бұл саны бар, сапасы жоқ сөздерге ұқсайды. Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі қазақтың миына кіріп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер суықтық қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен оқушыны таба алмай отыр.

Сондықтан біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ. Бұл арада, ел біржолата баспасөзді оқи білмейді. Надан сөз қадірін әлі ұққан жоқ деп елді орынсыз кінәләудің қисыны жоқ.

Ежелден жазу заңы - әрбір жазушы өзіне лайықты оқушы табу керек. Әрбір әдебиет ретті әдебиет болар десе, сол оқушының ауданын үлкейту керек. Сондықтан, жазушының міндеті: ел неге

қысқарады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу, һәм соған лайықтан сөзін жазу.

Біздің осы күнгі газеттерімізді алсақ, кейбірі бұл шарттардан бір жолата таза болып, аман тұр. Кейбірінің кім екені белгісіз. Көбі әрі-бәрі сандалуда. Сондықтан газеттерден қазіргі уақытта жұрттың көбі жамандау бөлімін ғана оқиды. Ол неден? Себебі, жамандау әзірше кінәсінде өсекшілдіктің салдары. Бұл жерде газет те ел рухына жақындайды. Сондықтан ол бөлімнің оқушысы бар.

Оның үстіне, өзгешелікті қоя тұрғанда, қазіргі кейбір баспасөздерде көбіне қазақтың мақтаншақтығы шығатын болды. Бұл әдет оқушы жиюдың орнына көп жұртты баспа сөзден жирентіп барады. Осы айтқанның бәрі де әдебиеттің елге тәрбие бере алмай, я рухына жақындай алмай, ол міндетін атқара алмай жүргендігінің белгісі.

Бірақ, осымен қатар елдің қазіргі тілегіне, әдебиеттен іздейтін бөліміне (спросына) қарасақ, ол белгілі: ашық, дұрыс, бірақ тілек болып отыр. Қазірде қаладағы оқыған тобын былай қойып, қырдың ашығайтын алсақ та, солардың осы күнгі іздейтін таза әдебиеттің бұйымдары екені даусыз.

Өртедеп айтылып жүретін бір сөз бар: қазақ жаратылысында белшеетрест деген. Бұл қазақтың қай заманына болса да қисынды сөз, осы күндерде мұның шындығын көріп отырмыз. Таза әдебиетке өси келе жатқан қазіргі құмарлық осының салдары.

Сондықтан, шығып жатқан газеттердің бұндай істерге жамандау мен мақтанудан қолы тимейтін болса, оларға бетінен жарыққасын деп әдебиет бөлімі бар. Журналдарда елдің әлгі тілегін де өске алып, таза әдебиет ауданындағы сөздерді жазуы, жас жазушылардың міндеті. Бұл айтылғандардан басқа екінші бір мәселе - қазақ әдебиетінің неше түрлі үлгісі болса да, әлі қалыпқа түсіп, бір тәртіпке салынған жоқ. Соған хәркімнің пікірін біліп, таза әдебиетке бір жол салу бет түзеуде, бүгінгі күннің қарызы сияқты. Бұл жерде көмекші болу тағы да біздің жазушылардың міндеті.

«Шолпанның» бетінде, осы айтылған сөздерді іске асырамыз ба?» - деген үмітпен басқарма, журналдың ілімі һәм әдебиет бөлімдеріне лайықты мақалаларды жіберіп тұруын қазақ жазушыларынан сұрайды.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ

(тарихи әдеби сын)

Қазақ әдебиетінің осы күнгі қалпымен һәм келе жатқан бетімен таныстығы бар адамдардың біздің әдебиет туралы айтатын әртүрлі пікірі бар. Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі тар, ойы көп кестелі. Қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде елеулі орын алатын әдебиет секілді көрінеді. Бірақ, осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптанбаған, майысқан, сынған, әдебиет деп саналғандай.

Бұл мәселе туралы біздің өз жазушыларымыздың бір жерге қойылған пікірі, бір қалыңқа тоқтаған сыны әзірше жоқ. Бірақ, өткен күннің әдебиетін еске түсіргенде, ескіліктен сол белгіні қалдырып кеткен адамды ойлағанда, айтылған өлең, жыр, тақпақ, мәтелдердің ауыздан шыққан кезін ойлағанда, бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден басын игендей боламыз, сөзі қалған кісінің атын құрметпен атағандай боламыз.

Сөзінен туатын мағынасы, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі өзін еріксіз елеткендей болады. Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз, сүкіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз... Құрметіміз өзіміз емес. Себебі: әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін оқығандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне, жазба әдебиетте классикалық шығармаларда кездесетін үлгілі мінездер, типтер ел ішіндегі айырықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар. Бұның бәрі құрғақ сөз болмас үшін төмендегі бірнеше дәлелдерді көрсетпекшімін.

Мысалыға, қазақ өміріндегі бақташылық салтты көрсететін атақты Қозы Көрпеш-Баян өлеңін алайық. Бұнда бақташылықтан

адамға жұғатын теріс мінез, сараңдық (Отрицательная черта) «Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп салар сырмағы жоқ» Қарабайдың мінезінен көрінеді. Қарабайдың мінезі, әдеті, өміріндегі мақсаты өлеңнен бастан аяқ көрінеді. Қарабай Пушкиннің (Скупой Рыцарь)-ның қазаққағы айқын тұрған типі. Бүгін көрсетіліп отырған сол өлеңдегі байдың үлгілісі, мінездісі – Қарабай. Бұл да өлеңте бүтін адам болып көрінеді.

Бұлардан соңғы тағы сол өлеңдегі өзгеше қызық тип - Қодар. Қодардан да маңызы ең жақсысы қандай болмағы көрінеді. Мал бағушы адам арман қылған бақташысы, қиял қылған қайратты адамды көрінеді. Бірақ осымен бірге ең мағыналы жері – Қодардың пішінінен адам баласындағы ойсыздық, шолақтық, тар ғана бір бетпен, малмен бірге мал болып кеткен білімсіздік, надандық көрінеді. Өлеңші бұл жерде Қодардың пішініне қарап тұрып қазақ қалпындағы жалпы кемшілікке күлгендігі білінеді.

Жасырын, мазақ, аңы мысқыл сезіледі. Осы секілді шебер көрсетілген үлгілі типтер Қозы Көрпеште біреу ғана емес, өлденеше. Бұл турасынан айтылатын толық сөзді кейінге қосып, екінші мысалдарға келейік: қазақ әдебиетінің өрнектілігіне толық дәлелдер батырлар өлеңінде де бар.

Қазақ батырлары бәрі бір қалыңқа соққандай, барған жерін ерлері үшін, жойған келетін үнемі жолы болып отыратын Хайретані, Сейіт-Батталша батыр емес. Бұларда қазақ мінезі түгел бір деуге болады. Қазақ батырларындағы мақсат: алдымен ұлтшыл болу, одан әрі діншіл болу. Бұның мысалы: Қобыланды, Ер Тарғын, Қобыланды атаңа руды, туысты бел қылған батыр.

«Анадан туған атасыз» атасын сөйлеп не етесіз, «анадан туған некесіз» некесін сөйлеп не етесіз... дегені қазақтың ұғымы, қазақ тәрбиесінің ізі...

Қора толған қойымды,
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай,
Жас бөріге тапсырдым...

дегені бақташы қазақ батырының сөзі. Қобыланды алдымен кара қазақ, екінші ұлтшыл болып көрінеді. Және жауы қазақ емес, жат болады. Сондықтан бұның жолы болғыш.

Екінші, мұның қарсысындағы Ер Тарғын. Бұл қазақтың бірлігі кетіп азған заманының батыры. Арысы мұсылман, берісі қазақ ішінен жау тауып, ұйытқы бұзған, шепті жарып, шеңбер бұзған батыр. Сондықтан, мұның жолы болмайды.

Бірақ, мұның жаратылысында да қазақ қаны күшті. Қазақтың жай сылбыр мінезі, салғырт батыры:

Атадан кескекті туған аюымын:
Кескелеспей басылман.
Кілегей қара бұтпен,
Келед жаумай, ашылман.
Тұтадай сүйегім қалғанша,
Душшаным саған бас ұрман.
Палуан, сұлтан батыр, хан,
Қыларың болса, қылып қал.
Күндердің күні болғанда,
Бас кесерім жасырман...

Әуелі туысынан бастап сөйлейтін, такаппар, нағыз қазақ бұл сөзінен көрінеді.

Қазақ батырының барлығының жайынан айтатын сөз. Бәрі де өзге батырлығынан бұрын, әуелі рухын батырлыққа айналдырған салқын қанды, дене қайратынан да жан қайратын артық бағалаған батырлар. Сондықтан бұлардың ортасынан орта ғасырдың рышарына ұқсаған Тарғын сияқты әйелшілі болса, оның жолы болмаған.

Біздің әдебиеттің бізге сүйкімді жерлері осындай әріжерлерінде қалпымен, өзге жұрттікіне ұқсамай, таза қазақтікі болып шығатындығында. Біздің ауызша әдебиеттің бұдан басқа түрлеріне, ұсақ тарауларына келгенде алдымыздан көзді қуантып, жайнап шығатын асыл тас сияқты қымбатты бұйымдары басқа жерде де бар.

Сол ауызша әдебиетте қара сөзбен айғылатын, аңқаулықтың ісі аңқыған қарапайым ертегімен қатар, Сарыарқаның «аққоде малға шүйге шөбін, кір жуып, кіндік кескен жері, көлеңкелі ағашы, қоңыр желіне» шейін шеберліктің орамына кіргенін көреміз.

Тайлақтың енді аман бол қалған елі,
Арқаның сен де аман бол қоңыр желі...

Нәзік сезімді әйел заты Айтаңсықтың аузына туған ел, өскен жермен қолтасарда ел қиялының салған сөзі осылар.

Қазақ даласында ақындықтың тәтті сұлуынан, қой баққан шыр тайлақ тизна бала, жар басында жарты лашықтағы сақау батырның шейін күр қылмағандықтан, ел іргесі батыр да, жұрт тұрғысы бір түнде де қор болмаған. Сондықтан өлеңмен айтқан батыр, жермен айтқан өсиет, тақпақпен айтқан дау бір кезде атастуды арап, аққанды жат қылуға жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, ариқшінің шіріген сөзін сап қылуға да жараған. Қан, қара бір төре, аламаншыл батыр. Жетекшілік қарашы бәрі де айбармасыз кестелі, сырлы сөздің кәдірін білімге ұстарып зейінін шығарған еңресейткен кем білмеген.

Ескі қазақ баласы шынында, туған жерде өлеңмен қарсы аланып, өлеңмен шығарып салынатын болған. Бұл қазақ рухына шық енген мінез еді. Сондықтан, қазақтан шыққан туыстар адамдардың бәрі де өмірінде кез келген ірі істердің бәрінің жанынан алды рухы мінген тұншыры өлеңменен желдіртіп өткенге ұқсайды.

Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келген қиын асу, тар кезеңде жорыққа аттанып, жасанған жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың үлкен соғысының біріне бара жатып Керей ханы Бектің өлімі берген батасы мынау:

«Күрума малтыққа жолықтыр,
Күрсауды жауға жолықтыр.
Ел есқіндій,
Етек басқиндай...

Абылайдың сарт көгін ашқандай көлге жолықтыр» деген.

Бұл асау қанды батыр, тайғақ кешу, тар жолда еліне еңбек сіңіруді қиял қылған елшілік аламан сөзі.

Ел өміріндегі үлкен уайым атақты баспашыларының өлімі болса, онда да қамыққан көңілдің шерін сыртқа шығарушы өлең болған.

Абылай өлім халінде жатқанда айтқан Бұқар жырау сөзі мынау:

Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,
Қалар да мекен жаның-ай.

Осы бір ауыз өлеңдегі мағына қанша? Мұнда Абылайдың жауынгерлігі, жолы болып, кезенген жауын көп жеңгендігі. Елді билеуге шеберлігі, теңтек бұзықты тия білген әділдігі. Ел ішіне тыныштық орнатқандығы. Сол үшін үш жүздің баласының ала көңілсіз оны сүйгендігі, оған деген тілегі, құрметі түгел көрінбей ме? Аз сөзде көп мағына осыдан артық бола ма?

Әр адамның өз басына кез келетін қиын күн, өлім күні болса, оны да өлеңмен қарсы алып және өлім халіне лайықты, зарлы сарынмен ән шығарып кеткен адамдар біреу ғана емес.

Сыбан Сарыбай ақынның өлерде шығарған өлеңі мен аты қазақ даласында әлі күнгі даланың мұңлы күйінің бірі болып күніреніп жүр.

Мінеки, бізге ескі әдебиетімізді сүйгізетін себептері осы айтылған секілді мысалдардан туады.

Рас, өткен күннің әдебиеті біздің сүюмізді тілемейді. Сүюмізбен семірмейді де, түрленбейді, жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бұл күнгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін бүгінгі қалпын һәм келешегіне түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хакихатқа жақын сөзді сөйлеуі де мүмкін.

Сондықтан, мен бұл мақаланы қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп атасам да, бүгінгіні сыңға салу үшін ескілікті айтпау, әдебиеттің басын айтпау, бізге, атадан қалған дәулетті айтпау лайықсыз болғандықтан туып отыр.

* Ескіліктен жоғарыдағы айтылған қысқаша мағлұматпен тоқтап, енді жаңа жазба әдебиетке келеміз.

(аяғы бар)

Мұхтар Әуезов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ

(басы 2-3 санында)

Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жүргізілгенінен көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есетейді. Бұл пікір суретті (худож.литература) ретінде қарағанда, дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен алмасқаншақ болады.

Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл өлеңге көбінесе дін мақсатымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерін кіргізбеуге болмайды.

Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан жартылай келіп жазба әдебиетке кіреді.

Тегінде, Қазақстандағы айтыс өлеңдер өзге жұрттың әдебиетінде кел келмейтін біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түрі.

Айтыс өлеңінің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кіріседі, бірақ замандағы айтыстың ішінен үлкен әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан-Сара өлеңшілері жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан, болмаса екі кісінің қатынап туатын әңгімелер ертерек уақыттарында аталық әдебиетінде Грандисон Ричардсон, Достоевскийлердің уақытында болған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұнда әңгімелерді «Эпистолярный роман» деп атаған. Біздің айтыстардың көбі сол Эпистолярный роман түріндегі өлеңдер.

Сондықтан жазба әдебиеттің әуелгі басында бұл өлеңдер кіруі тиіс.

Одан бері де жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағанда, Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп: Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп һәм Нарманбеттерді алу керек.

Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жасы кем болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетте белгілі сарынды еске алу керек. Осы соңғы екі сипатынан қарағанда әлгі

төртеуі қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірдің ақындары деп санауға тиіс.

Көшпелі деп ауызшадан жазбашаға қарай көшкенін айтамыз. Міне, сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөзінен туған жаңа күйді айтамыз.

Әдебиеттегі бұл көшпелі дәуір қазақтың жалпы тұрмысындағы, тарихындағы көшпелі дәуірмен жалғасып келеді. Қол ұстасып қатар кетіп, егіз болып туды деуге болады.

Қазақты патша саясаты билеп алған, қол-аяғын байлап бағындырып алған. Жерін алып, өзінің төрелерін қазаққа ұлық қыла бастаған. Отаршылдық әрекетін күшейте бастаған, діннен айыра бастаған уақытына келді.

Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерінен қазақтың ойына уайым араласқан, көңілі жабығып, қайғы басқан. Сөзінен, өлеңінен, әнінен, бұрынғы билік еркелік, еркіндік бәрі де арыла бастап, оның орнын арман, зар, шер, қайғы басқан.

Сондықтан, әдебиеттегі көшпелі дәуір де осындай мұңды күйден құралған. Осы ретпен қарағанда, Шортанбай жазған «Зар заман» - әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәуірдің зор айнасы. Бұл өлеңнің ішінде қазақ тұрмысына жанасқан кемшіліктің айтылмағаны жоқ деуге болады. Орыстың ұлығынан бастап, қазақтың өз ішіндегі берекесіздігі, бұрынғы мінезден айырылып бара жатқандығы, дінін жоғалтып, жастарының азып бара жатқандығы – барлығы да зарлы сарынмен айтылып өтеді.

Заман қайтып оңалсын,
Адам қайтып қуансын.
Жаңдрал болды ұлығың,
Майыр болды сыпайың.

Айрылмайтын дерт болды,
Кедейге қылған зорлығың.
Тілмәшты көрдік білгендей,
Дуанды көрдік үйіндей.

Абақты тұр қасында,
Қазылып тұрған көріндей.
Байлар ұрлық қылады,

Мал көзіне көрінбей.
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей...

деген жоғарғы сөздерге дәлел.

Осы сияқты ел уайымының бір жыршысы Нарманбет бұл күнгі күннің қайғысы қажытқандықтан, өткен күннің еркіндік қызығын көрсетеді. Бұл да сол елдің әдеті болатын.

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда?
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Найзағай жарқ-жұрқ етіп, нөсер құйған,
Көк жасыл, кемпірқосақ туың қайда?

Бұл күнгіге қанағаттанбаудың себебінен бұл күнгі табиғатқа да риза болмағандық сол көшпелі дәуірдің сүйегіне сіңген мінезінен туып отыр.

«Сипдалтып Сарыарқаны алды мұжық,
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ.
Баласы байғұс қазақ қалды мыжып»...

Алтынсариндікінен ең болмаса, қазақты ұрсуда сол заманға кәсіп мінез. Осы сияқты, қайғы уайымның сарыны Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінде көп кездеседі. Бірақ, мұнда алдыңғылар сияқты шексіз уайым болса, сонымен, араласқан жалпы дертке ем іздеудің талабы да бар. Аурудың емі мұнау деп ашып айтып, бір нәрсені шешіп бермесе де, бірде дінді, бірде оқуды, бірде таза адамшылықты ем қылып ұсына бастаған Алтынсарин.

Көшпелі дәуірдегі ақындардың бәрінің жайынан айтатын сөз: Бұлар өз заманның бел баласы. Олардың заманы қараңғыда сипалап, сенделудің, қиналудың заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі дінді, бірі ескілікті жоқтап, бірі орысты жамандап, бірі қазақты жамандап, түрлі дертті таба алмай жалпақ адасқан заман.

Сондықтан, ол дәуірде күншығыстың діни дерті (Религиозный мистицизм) де байқалады, ұлтшылдық та сезіледі, болымсыз өнершілдік те көрінеді.

Бірақ, осылардың ешбірі де жеңген емес, бір жерге тоқтаған тілек жоқ, бір қалыпқа түскен бет жоқ, әр жерде өз аурумен киналуда, ыңыранып зарлануда болған.

Мінеки, көшпелі дәуірдің айырықша мінезі осы. Сондықтан, ол мезгіл көшпелі дәуір деп аталады. Бірақ, ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі, бұлардың өлеңдерінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойымен әдебиет шеңберінің ішінен бастаған Абайды әдебиеттің басшысы дегенде осыдан кейінгі дәуірді еске алып айтамыз. Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық қылып, Абай - қазақтағы суретті сұлу сөздің атасы. Терек сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан - Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан.

Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі: қырдағы қалың қазаққа Европа мәдениетінің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа танытушы - Абай.

Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айтып берген. Сондықтан, Абай қазақ оқушысының ойымен қатар, сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің барлық байлығы, орамдығы, өркениеттілігі табылған.

Абайдың барлық өлеңі қазақтың сол күштілігінің ішінен туған асыл құрыш. Қырдағы қалың қазақтың осы күнге дейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі. Соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

Абайдың өлеңінің ішіндегі мағынасы мен беттеген бағыты жағынан қарағанда, көшпелі дәуірдің өлеңдерінен айрылатын жері: мұнда сөздері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ. Оның орнында қазақ өмірінің кем кетігін түсінген, көзі ашықтық бар, дәлдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар.

Бұрынғыдай әр нәрсені уайым көрген далбасалықтың орнына Абай қазақтың жасына білім жарығына ұмтыл дейді. Кәрісіне, малыңды дұрыстап бақ дейді. Атқа мінген жақсыларына елді

қарай сұмай, адал еңбек қыл, қарызыңды атқар дейді. Қазақтың ішіндегі кемшіліктің қайсысына болса да Абай өз емін айтып кеткен.

Әдебиеттің зор міндетінің бірі - елдің мінезін түзеу деп білгендіктен, Абай ел ішіндегі көпшіліктің мінезін өлеңмен суреттеп, белгілі типтердей де көрсеткен «Мәз болады болысын», «Адасқанның алды - жөн, арғы - соқпақ», «Болыс болдым, мінеки!» деген өлеңдерінің бәрінде де қырдағы әрбір таптың адамдарының мінезі сипатталған.

Абай өлеңінде кездесетін мұң мен зар болса, ол бұрынғы зардың сарқығы емес, өз жүрегіндегі сырын айтқан сыршылықтың сарыны. Бұл да Абай өлеңіндегі жаңа түрінің бірі.

Мінекей, бұл айтылған түрлердің бәріне қарағанда, Абай өлеңіндегі біткен бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалды. Ол ашық тілек, айқын ұғымның (здоровый реализм) сарыны. Әдебиетте жұрттың тілегі айқын көрініп, беттеген беті ашық білінген соң көшпелі дәуір бітеді.

Абай ол дәуірдің ақыны емес екендігін өз өлеңінде айтып кеткен. Сондықтан, өлеңді бастағанда ескіліктің ақындарымен ұрсудан бастайды. Рас, олармен ұрсуы Абайдың қатесі шығар. Өзін тапқан енесін тепкенге ұқсайды, бірақ ол ұрсу ескіліктің бетіне қанағаттанбай, жаңаша бет іздеудің белгісі болатын. Сондықтан ол қатесі Абайға кешіріледі.

Абайдан басталған сол реализмның сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге дейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде бір ағым күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап бара жатқандылық, күшейіп жүрген мезгілдер бар. Бірақ, негізгі сарынға келгенде, қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айласына көп ұзап, өзгеріп кете қойған жоқ.

Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын - «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі Ахмет, Міржақыптың әдебиетте ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұтас. Ол уақытта қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытына келеді.

Сондықтан, бұл уақыттағы іс пен сөзде тығыз қамның, асығудың ретінде болады. Өзгенің бәрін қоя тұрып, бір саясат

әңгімесіне жұмылудың, жалғыз соған ғана үнілудің қалпында өтті. Сол кезде шыққан «Қырық мысал», «Маса», «Оян, қазақ!» - бәрі де осы ұлтшылдық «Қазақ» газетінің бетіндегі бағытпенен тұтынған жолда, осы ретпен жүрді. Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер барлық мақалалардың бәрі де қазақты ұйқыдан ояту, сергіту, күшін біріктіру, оқығандарын түзу жолға салу. Соларға басшы болу қазақ ісіне көз-құлақ болуға арналған.

Бұл тұтынған жолында «Қазақ» газеті өз міндетін атқарды. Бірақ, таза әдебиет көзімен карағанда «Қазақ» газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше нұр шашып, өркендеп кетіп еді деп айтуға болмайды. Заманында тарихпен салыстырғанда, әдебиет, саясат жүзіндегі бір беткей жұмылудың заманында көп жаңа түр тауып кете алмайды. Жаңа түр өзге жұрттың ізіне карағанда, тұрмыс жүзіндегі қиқы-жикылықтың, брожениенің мезгілінде көп туады. Сондықтан, ол күндегі өте жас әдебиеттен жаңа түрлерді іздеуге болған жоқ.

Жұрттың бәрінің сөзіндегі бір сарын - жалғыз ұлтшылдық сарыны болатын. Бұл турада ескіден келген тарауының түрі көп. Ауызша әдебиетпен салыстырғанда ол күнгі әдебиет ауданы тарылып, түрі азайып солақай бірақ, бетімен кеткен сияқты. «Қазақ» газетінің мезгілінде соның айналасында болып, соның рухымен жазған жазушылар Ахмет, Міржақып, Шәһкәрім, Ғұмар Қарашев, Мағжан, Сәбит, Сұлтанмахмұт, Майлин, Өтетілеуов, Маметовтер.

Бұлардың ішінде Міржақып, Ғ. Қарашев әуелгі өлеңдерінің кезінде жоғарғы көшпелі дәуірдің төрт ақынының сарабына салынған, Сұлтанмахмұт пен Мағжан соңғы өлеңдерінің кезінде айрықша екі жолға түскендей.

Бірақ, «Қазақ» газетінің кезінде бұл ақындардың бәрі де сол газеттің бетін өздеріне бет қылып, тұтынғаны даусыз. «Қазақ» газетінің басшылық дәуірі 1917 жылдың төңкерісіне шейін жүріп келді. Өзгерістің алғашқы жылдары қазақ әдебиетіне айрықша жаңалық кіргізген жоқ. Өзгеріске дейін жүріп келген «Қазақ» газетіндегі сарын бұл жылдарда қалпынан ауған жоқ. Бұрынғыдай білініп отырды.

Бірақ, бұл жылдардың жаңалығы - әдебиеттің беті өзгермесе де, түрі көбейе бастады. Қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер жазыла бастады. Аз уақыт шығып тұрса да, ғылыми әдебиет журнал болып, «Абай» журналы азын-аулақ түр шығарды.

Өзгерістің алғашқы жылдарындағы әдебиет қалпы осы болды. Жазба әдебиеттің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда, жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді.

Ол жаңалық - жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан (реализм) сарыны, көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі. Осы күнде ішкі терең сезім нәзік сыр күйіне айналып келеді.

Бұның белгісі Мағжан Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар. Бұдан басқа сезім жағына көбірек көз салған бірен-саран пьесаларда, соңғы жылдардың кіншілеу әңгімелерінде бар. Жаңа басталып келе жатқан әдебиет дәуірінің бұл сияқты жұрнақтарында көбінесе құлаққа ілінетін күй - сезім күйі. Бұлардың ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сыры көп, адамды өз ішіне үңілетін мұң мен жырдың сарыны бар. Сыршылдық дәуірі қай жұртта болса да әуелгі кезінде ескі ертегідегі жыл, пері, жалмауыз, жезтырнақ сияқты жаратылысы тұманды қараңғы заттарды жыр қылумен басталған, қазақта да осының белгісі көрініп отыр.

Қазақ әдебиетінің бұл күнге дейін жүріп келген жолына қарағанда, жаңа дәуір, жаңа үлгінің тұтатын кезі жеткендей. Жазба әдебиеттің азын-аулақ туып, ауданын кеңейтіп, келесі өрнекті дәуірге қарай аяқ басып осы белгілерден басталса керек.

Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны бекіп қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық романтизм дәуірі болады.

Бұл арада біздің әдебиеттің өткен күні туралы айтылатын бір сөз: Абайдан бергі дәуірді орыстың реализм дәуіріндей толық реализм дәуірі деп айтпаймыз. Ол уақыт қазақ әдебиетінің аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан кезі болғандықтан, толық реализм шартын көрсеткен жоқ.

Бұл мақалада ол дәуірде реализм болды деген сөз болса, ол өзге күйдің ішіндегі күштірек болған сарын сол деп айтылған. Әйтпесе, әр нәрсеге арналып айтқан ұсақ өлеңдерден белгілі дәуірді туғызатын ұзақ күй шығады деуге болмайды.

Қазақ әдебиетінің тарихы бағыты жайынан айтылған осы сияқты азын-аулақ мағлұматқа қарап, барлық жазба әдебиеттің салмағын өлшегенде, қазіргі қалпын бағалағанда айтатын сөз: біздің

«ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР»

(сын)

әдебиет әлі жас, әлі бойы өсіп жеткен жоқ. Өткен күніне қарап, келешегі зор десек, біздің әдебиет келесі күнде шығатын талдай тұрғыларының біреуіне ғана жаңа-жаңа тырмысып келеді. Біздің ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп, таралып азайып отыр. Жазба әдебиет бір беткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тарауланып, ауданын кеңейтейін деп отыр.

Болмаса, ауызша әдебиет жасаған күлдіргі тип: Қодарды, қайғылы трагический тип геройлардың типі: Қозы-Көрпеш, Баянды, Елдің Серіні жазба әдебиет жасады ма? Әлі жасаған жоқ. Бұларды ай ерекше жан деп, тип деп ұға білген қазақ кейінгіні де ұға алады, ұқпақ түгіл өміріне үлгі қылып еліктеуге де жарайды.

Ел ішіндегі бозбала Біржанның ақындығы мен салдығына, Ақанның серілігіне еліктесе, батағәй қария Асан Қайғының қайғысына еліктесе, далада еркін өскен ерке қыз Сараның салдығы мен айтыс құмарлығына еліктесе, бұл еліктеудің Чайльд-Гарольдке, Печоринге еліктеген орыс жастарының мінезінен қай жері кем? Әдебиеттің қазақ мінсін түзеп, басшы болуына мүмкін екендігі осы белгілерден білінбей ме? Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішінде қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге дейін біз саяз сүзіп жүреміз. Қазақ әдебиеті, қазақ өмірінің бетіндегі қаймағын жалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішінс Тазша бала мен Жалшы сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқыннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс, әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін.

**) Бұл мақала өткен санда білім бөліміне жаңылыс басылғандықтан, осы санда әуелгі арналған әдебиет бөліміне жібердік.*

Орынборда биылғы басылған кітаптардың ішінде «Қызыл сұңқарлар» деген Сейфуллиннің бір кітабы шықты. Бұл өзі пьеса. Бірақ, бұл күнге шейін пьеса жазған жазушылар кітабына орынды, орынсыз болса да не комедия (күлкі) не драма (қайғылы хал) не трагедия (қанды уақиға) дегендей аттарды қоюшы еді. Соныменен бұл кітаптың негізі, мақсаты, беті бір кітаптан айырылушы еді.

Біздің жазушы кітабын жоғарғының қайсысына қосарын білмей дағдарғанба, болмаса ананың бәрінде өзінің бірақ кітабынан табылған ба, (дұрысы соңғысы болса керек) әйтеуір, пьеса деген жашпақ атты бірақ отырғызыпты.

Бұл сөздерге қарап, оқушы шұпқаланып жүрмесін. «Қызыл сұңқардың» пьеса екенінде дау жоқ. Себебі сыртына, қазақшама сенбесең міне, орысшама дегендей қылып қазақша-орысша да «пьеса» деп қойған.

Ал, кімде болса пьесаның сендік, қазақтың тілінде жазылған қазақ өмірінен алынған қазақ пьесасында кейде қарап көрейік.

Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесаларының мақсаты, бағыты, неше түрлі болғанменен бәрінің де әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол – пьеса ішінде сөзімен, мінезімен, ісімен кім екендігі анық көрінетін белгілі типтер шығару. Біреу жақсылықтың үлгісі, біреу жаманшылықтың айнасы, біреу қорқақтықтың, біреу бірліктің, біреу ақымақтықтың, біреу қаттылықтың тағы осы секілді көп мінездердің үлгісі болып көрінуіне керек. Сондай мінезімен көрінген адамдар әр тықылы бүтін бір таптың, бір таптың ішіндегі әр мінезді болып жаратылған адамдардың жақсы жағы да, жаман жағы да көрінетін болу керек. Сондықтан пьеса жазушылар әуелі типтерінің жайын ойлайды.

«Қызыл сұңқарды» әуелі осы жағынан алайық. Бұнда, пікірлері бір болса да мінезімен, сөзімен, анда-сандағы ісімен бірінен-бірі айырылатын жеке-жеке бөлім бар ма? Қазақтығын, орыстығын былай қойғанда, жеке-жеке әр адамның өзіне қас болған мінездерімен көрінетін революционерлер бар ма?

Бұған жауап «Қызыл сұңқарда» бөлек типтер жоқ, жалғыз Ахметқалидан басқаның бәрі бір-ақ адам. Шынында, Еркебұлан, Жұмаш, Жағфар, Лозуи, Нестеров ауырып қалғаны болмаса, Байділда түгелімен бірі айтқан сөзді бірі айтатын тұтас бір-ақ адам емес пе? Бәрінің мінезін жиып келсек, бір Еркебұланнан табылады, Лозуидің мінезін алсаң бәрінен табылады. Бәрінің хәлі бір, пікірі, өмірі бір болғанмен де бірі оны ойлағанда бірі мынаны ойлайтын, бірі оны қиял қылғанда бірі басқаны қиял қылатын, сөйлесе алғы біріне-бірі шулыға бермей дауласатын да жерлері болады. Адамның шын өмірін алсақ осындайлардан құралады. Бір жерде кездескен он адамның бәрі бірден бір уақытта ой ойлап, бір уақытта бір мінез істеп, бір уақытта бір-ақ нәрсені қиял қылады деуге психология заңында бірінші рет қана айтылған сөз: ол үшін бәйге тисе, біздің Сейфуллин алды. Әйтпесе, бәрі сөйлетіп қойған граммофон секілді. Бәрін Сейфуллиннің бірақ қалыбына соққан жансыз адамдар. Екінші, бұл пьеса қазақ өмірін көрсете ме, қазақ пьесасы екені таныла ма? Қазақ баласы осы кітаптың ішінде бар ма? Менің ойымша, қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыдағы айтқан ірі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтықтан ешбір белгі де жоқ. Бұлардың құр сарнаған сөзінен басқа, жайшылықтағы мінезі мен ісі көрінбегендіктен, әдеті мен жайшылықтағы әлді жері, әлсіз жері сезілмегендіктен, тегінде қандай екенін білу де мүмкін емес. Сондықтан, қазақтығын былай қойып, жеке гана бір адам болғанда да кім екенін білу өте қиын. Олай болса, пьесаны қазақтыкі деп адасудың орны жоқ. Қазақтан кірген артқы өмірі көмескілеу бір тип Ахметқали болса, ол мазақ есебінде көрсетілген. Орынсыз қылжақ-сықақтың қолжаулығы болған.

Байділданың: «Шынына келгенде Құдай мен құмалақ өзі екеуі бірдей! Екеуі де, әншейін сорлы жұртты алдауға жасаған былшыл» деген сөзінен жоғарғының шындығы көрінеді.

Қазақ өмірін көрсетпек болған ақырғы бөлім қазақ өміріндегі Сейфуллиннің қиялы болмаса анық өмірі емес. Қиял турасынан не айтуға болады. Кезі келіп шалқығанда футуризмге де апаратын қиялға біз не дейік. Бірақ, пьесаның ішінде қазақ бар ма деген жерде айтатынымыз - барлық пьесаның ішінде Ахметқали мен Еркебұланның шешесінен басқа қазақ жоқ. Кітапта рулар да тип

өмірі көрінбейді. Өзін өмір кітабының бір-ақ беті гана болымсыз етеді.

Отан соңғы, бір сөз декорацияны сипаттауда төртінші бөлімде «...жаста аяу биік таулар...» деген сөзден бастап сол беттің аяғына шетін ойын болмесінің сипаты кетеді.

Түгелімен поэтическое описание пьесаның беті, мақсаты үшін тегін тамалжытпақ болып егелену неге керек екенін жазушының өзі білмесе, оқушы біз білмедік.

Тағы бір сөз, кітаптың бас геройы Еркебұланның аты туралы: бұл қазақты кез келмейтін ат мұнда қойылса, мақсатпен қойылған болу керек. Сондағы мақсат не? Бұл атта мырзалық пен серілік бар. Бұла болып, болып болып өскен, ерке жалғыздың сипаты бар. Болып басы луган жағына кететін сайдың сипаты бар. Бірақ, бұл атты өш уақытта еңбекшілдік қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды. Ол болмаса, бұл адамның аузынан көбігін ағызып жүрген елшілдігі, еркелігінен болыпандығынан шыққан гана уақытша бір мінез болу керек. Онда шетінің жоқтығы білінеді.

Отпен, бұл кітаптың бәрі бастап аяқ қазақ әдебиетінің ішіндегі бір аралықпен жолшылдық шығар. Еркебұлан деген атпен жазушының көрсеткіш шығар.

Тіпті болмаса бұланның кім екенін білдірмей жұртты қандағанын қулағанына, өзі көрген кісілерінің шын атын атағаны дұрыс емес пе? Сонда өмірге жақын болмас па еді? Кітабының шын мақсаты көп мағанаға да оқылмас па еді?

Осы себептерге қарағанда, жазушы келешекте шынын айтар деген үміттеміз. Әзірше кітапта түгел көрінетін бір адам (законченный цельный тип) жоқтықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар кісісі тұтасып бір-ақ, кісі болып кеткендіктен – екінші адамдарының жан сипаты көрінбейтін жарты адамдар болғандығынан, үшінші - Еркебұлан деген ат сияқты ешбір ойсыз ақылға симайтын қисындылық (целесообразность) дегенінен алыс тұрған қалыптарына қарағанда бұл кітапты өзге жақтарынан сынау орынсыз деп білемін.

Кітаптың бір мақсаты агитация десек, онда да жоғарғы шарттарды орындап отырып, агитация жүргізуге болады. Болмаса мұндайларды желігіп отырған, жеңіл жолмен жазып жіберген

реклама дейді. Оның ішінде мақтанып кеткенін байқамай қалатын әңгүдіктік болады.

Әйтпесе не жазушылықтың, не жан сипатының (психология) адам баласы түгел қолданған заңдарына бағынбай, ауыздығымен алысып кеткен қисынсыздықтарына жоғарғыдан басқа себеп таба алмайсыз.

Өмірінің қызуымен салқыны жоқ. Ойы менен қыры жоқ, ұзақ бейнет, ауыр жаза, өлім қауіпі болсада бір-ақ сөз, бір-ақ іс, бір-ақ мінез, бірақ қиялда тұратын он шақты адам болады деп бұл күнге шейін ешкім жазып көрген жоқ. Мұндай жандар болмайды. Сондықтан, мұнда өмір жоқ. Жан жоқ. Көбінесе «шынға қосып бұлдырды аламыштаған» пьеса.

Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатын сол қазақ әдебиетінің жұрнағы болып ішінен орын алуы не ғайып, олай болса қызыл түсті сұңқар көрінгенше, бұл кітаптың ішіндегі шала көрінген геройлардың сұңқарлығыда түсініксіз бола тұрар.

«Қызыл сұңқарлар» туралы ендігі тілейтін тілегіміз: басында да ұлы аруақ, тірі достың талайына сый есебінде арналған екен. Оның үстіне, Орынбордағы жиын сайын жиылушыларға сый деп үлестіріледі дейді. Баяғының қазағы біріне-бірі сыйға тауыстың бір тал құйрығын бергенде, қуанысып алысады екен, тек мына ісіміз сол құйрықтай қуантуға жарап, сондай кәдірлі болған еді.

АҚАҢНЫҢ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ

«Ақ жолдың» осы санында Ахмет Байтұрсынұвтың 50 жасқа толған тойына арналған мақала басып отыр. Қырғыз-қазақ баласында елу түгіл, алпысқа да, онан да көп жастарға жеткен жасы үлкендер толып жатқанмен, солардың ішінен еленіп, Ақаңның еске алынып отырғандығында үлкен айырмашылық бар.

Қазақ халық болғаннан бері өз бетінше еркімен дәуір сүрген кезі болмай, қоңсы халықтарының қол астына кезекпен қарай-қарай келіп, бастаған хандарының өзара келісе алмаған кесапатынан орысқа бағынып, үш жүз жылдай үзілместен келген Романовтар үкіметінің зұлым саясатының кесірінен жері мен салтынан, тілінен айрылуға айналып бара жатқанын алдымен сезіп, оянған Ақаң еді.

Орысқа жақындасып, Европа тәрбиесін алған қазақ балалары өз халқына қарамай, жан бағу дегенді жеңіл көріп, шен еуіп, кеңсеге кіріп, хүкіметке жағынып, «жақсы адам» атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларын үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тіліне шыр кіргізбей сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді.

Ақаң ұлт мәдениетінің көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі әлдігімізден айрылып, қоңсы кеңг ағайындардың біріне табынып, танабадан айрылып кететін едік. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап айттың шығарып, тіл ізім оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді. Ақаң шығарып тұрған «Қазақ» газетінің қазақтың тілегін орындап, тілін, жазуын жөндеп кеткенін күндеп, «тіл бұлінді» деп не сөз жиғандардың түрткісіне төзіп, сол үшін рухы едіні орындап тұтқын ұясы болса, өз мойнына арқалаған ұлттың игілігі үшін ол кездегі аюдай анталағандардың аузынан айбынбаған.

Мен сыйым бір бөлмеде жатар десем,
Өтпеймін тамағыңнан, зуре болма,—

деп қазақты қосынғандардың қорлығын көрген Ақаң еді.

Ақаңның қазақтың әр жасының көңіліне қуаныш кіргізетұғын идеясы — Ақаңның елу жасқа келгендігіне той істетпейтұғындар осылар.

Оразды ұлттар Ақаңдай адамдарының туған күндерін, көп жасаған қуаныштарын бұл сықылды газетке жазған бірлі-жарымды мақаламен білдірмей, жер-жерде жасалған үлкен сыйлармен өткереді.

Ақаңның елу жасқа толғаны туралы қазақтың көп жері білмегендіктен, көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер болған Ақаңның туған жері — Орынбордағы қазақ азаматтарының жер-жерді күн ітгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ақаңның атын білген екі республикадағы қазақ өмірде есте қаларлық қылып бірге тойлайтұғын еді. Ақаңның халыққа қылған қызметін көрсетіп, тәржіма халын айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді. Осы айтылғандар Ташкендегі «Талап» басқармасының ойында бар

еді. Сондықтан бұл тойды тегіс дайындалып алған соң, жайырақ істелсе деп ұйғарылып еді. Орынбор азаматтарының жетеғабыл қолға алып қалғандығынан, көңілге алғандай боп істелмей отыр. Тойды тек телеграммен құттықтауға-ақ мұршамыз келді. Құттықтан телеграмм бергендер «Ақ жол», «Шолпан» басқармалары, Түркістан Халық ағарту комиссарлығы, Қырғыз білім комиссиясы, «Талап» ұйымы һәм қазақ студенттері.

Қазақ-қырғыз студенттері жеке телеграм берді.

АҚАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ (ЮБИЛЕЙ)

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тауір күндерінің бірі деп саналады.

Сол өткен азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ақан арсалдан тұңғыш той ой ойлаған қазақ баласының жүрген жолының түпін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған өзінің өзінен, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі.

Ақанның майданы алған жыры шығып, әдебиет, саясат жолына жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ақанның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманынан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұрыс, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жабылып тиеді.

«Қазақ» газетінің бүгін өміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жиналған бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақан салған өрісті біліп, Ақан ашқан мектепті оқып шыққаны табандырағын жаңа аттан, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақанның бұл істеген қызметі — қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш — мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақан сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға бітып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей

болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұндалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын.

Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйқтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын. «Қазақ» газетінің сол заманынан бері қарай талай өмір өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманының бірі.

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи оқиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі — қазіргі жасалып отырған Ақаңның елу жылдық тойы.

Саясат толқынына түсіп ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай, ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған еріне арнаулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы елу жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өксікті сөзін айта алады.

Ақаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар. Бірақ Ақаңды туғызған елі жалаң атын есітіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан, білгенімізше бала күнінен бергі өмірін қысқаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ақаң 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде, Тосын баласының туған Сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Төртінші аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң — Шынықтың немересі. От әкесінің аты — Байтұрсын.

Ақаңның туып-өскен ауылы, қыр қазағының ұғымынша, ол кезінде Үмбетейдегі іргелі атаулы ауылдың бірі болған. Оның ұрпағы, белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ақаңның жеккешарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі ерлерді адамдар көбірек шыққан.

Ақаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жерге түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Түркиядағы екі сыныфтық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқитын жүрні 13-ке келгенде, әкесі Байтұрсын хукімет алдында «жанықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен. Мұның себебі: Тосын баласының сайлауына шыққан Торғай уезінің начальнигі «Кәрі оғаз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай табына болысып, соның сөзін қоспап, бұларға қиындық қылғандықтан, Байтұрсын Кәрі оязды сабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл оқиға Ақаңның еліне қандай «Анама хат» деген өлеңінде бала күндегі жүрегіне қандай әсер бергендігін көрсетеді:

Оқитын он үшімде, ой түсіріп,

Биттенген жүрегімде бар бір жарам, - дегені сол күндегі әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учительдік школына түскен. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабақтап балаларының алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школдан 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген. Ақаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі, Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школга барып оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әуликөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уездік екі сыныфтық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдап тұрғаны бізге

белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ақаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі қазақтың басқа жерлердегі хал-жайын көріп, білу болса керек. Омбыға барып, Алекторовпен көрісуі Ақаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі — Алекторовты қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсұтын сезген болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері — Ақаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері — Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныптық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищесінің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы төрт жыл Ақаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші — жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші — қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші — отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан,

Ақаңдар бастаған іске қыр қазақтының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған.

Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, бірінші болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ақаңның аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, ағартушының ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың ішінде белгілі «Қырық мысал» жазылған. Бұл ел қырық жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ақаңның атағы жайылып, елдің оған қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. Бірақ сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның жауыз хукіметі қайта күшейіп, ақшадерге қуғын жасап, қысымшылық жасайтын қанды күштері қайта туған. Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, алақанынақ қарызын шенді шекпенге сатқан құзғын сияқты тамақтары, өзімішіл надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қарағаты үйді биәт қылған «сабаздарға» жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылдағы петиция берген адамның бәрінің атын жиып, үстерінен белгілі доностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көпке ұзаққа бармап, аз күнде еңбегі жаныған. Қазақтың өзгеріс уақытында түзелуі ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де хукіметтің қырық сабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Ақаңның атымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң, жазшыларды Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанып, айдалып бара жатқанда, Ақаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған,

Айдап бер, қалса адамың қуылмаған, - деген

өлеңінен шыққан көрінеді.

Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң, бір жарым жылға (административный ссылкаға) айдалу ретімен Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарында әуелгі ниет қылған бетінен тайыпбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын.

Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері тырбанып талап қылып қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз

орталарынан шығарып бастырушы қылып Мұстафа Оразаевты, газеттеріне шығарушы болуға Ақанды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі «Ғалия» шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атақты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ақаң шығарушы болып, «Ғалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында оқып жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастады. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

Он жетінші жылдың төңкерісіне шейін Ақаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да қазақтың сатылған тілмаштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ақанды абақтыға салмақ болған күндер бізге белгілі. Бірақ Ақаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Хүкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды.

1917 жылдың төңкерісінен бері Ақаңның істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, сөздері жұрттың көбіне белгілі болғандықтан, одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін.

Осы күнде Ақаң Орынборда.

Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ерте күннен-ақ кіргізіл, бетіне әжім түсірсе де, әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызметі болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқылушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек. Ақаң соңғы жылдардағы уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы, тәтті өлеңдерін соңғы жылдарда есіте алмай жүрміз.

Бірақ Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге өсіп шалқын жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,

Кім қалды таразыға тартылмаған, - деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сынан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалмақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Сондақтан елу жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ақаң біздің айтатын сөзіміз: Ақаң — еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі — артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ақаң мектебіне тейіп кіріп жатқан жас буын. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды.

Қаламданып тамған бал ем болудан айнымайды. Әлде болса өзінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілсуден қазақ баласы кайтпайды.

АБАЙ КІТАБЫ

Ташкентте Абайдың таңдама өлеңдері 3-рет басылып шықты. Бастырушы Т.К. (Түркістан халық комиссариаты. — М. М.) білім комиссиясы. Кітап 200 бет. Тысы жақсы. Қағазы әдемі. Бөлімдердегі өлең сымбалдары да орынды. Басына Абайдың суреті қойылып, өмірі жалғанған. Емлесі қазақша, ауыр, жай сөздерге дұрыстаушылар тарашынан түсінік берілген. Кітаптың аяғына баспа қаталарын да тізіп қойған.

Кітаптың істеліп, шығыс жағына келгенде көзге көрінісі-ақ сүйкімді көрінеді. Өлең-жырлардың жіктері ашық, ретті тізілген.

Бұл кітапты дұрыстаушы жолдас Х. Досмұхамедовтың айтуына караганда Абайдың өлеңдері асығыс ретте басылып шықты дейді.

Заман тапшылық уысында, керекті мүлік қолда жоқ. Кітап бастыру жұмысы Түркістанда инемен құдық қазғандай. Түркістан Қ.Қ. білім комиссиясының негізі құрылғалы екі-үш жылға айналып барады. Жалпы іс жүзінде білім комиссиясын алмаулап мұқтаждандырмау шарасына кіріскен ел жоқ. Бірақ мұның басында түрлі бөгет, тосқауылдарға көнбістігін көрсетіп, қажымай істеп келе жатқан Х. Досмұхамедовтың көзге көрінерлік еңбегінің біреуі болса, ол да Абай кітабы.

Заманның мұндай жеткіліксіз ауырында білімге аңсап, шөлдеп отырған халыққа тәртіптеп, сүйкімді қылып Абайдың кітабын ұсынғанына жолдас Төреқұлов пен Халелдің «карыз алғысы» халықтың мойнында.

Тегінде Абай мұсылманша жазудың реттелмеген шатақ уағындағы жазушы. Ескі кітабы да осы жөнде болатын. Сондықтан Абайдың өлеңін түзетіп жаңа жолмен жазу, кейбір сөздерін мағыналаудың ауыр тиетіні анық. Бұл ретте Абайдың осы 3-баспасында өлеңдегі, жырлардағы кейбір жеке сөздер жорамалмен жаңылыс түзетіліп кеткен. Бұдан басқа кітаптың баспа қатесін түзетуші (корректор) нашарлау болған. Мұны кітаптың аяғына жалғанған жаңылыс кестесі көрсетеді. Бұл жаңылыс кестесіне кірмей қалған жаңсақтарды бірталай деуге болады. Мұның кінәсі жоғарғы айтылған асығыстықта, жетімсіздікте шығар. Мен бұл

жорамалмен жаңылысын қоя тұрып, жорамалмен кеткен жаңсақтарынан мысал көрсетейін:

1. «Мал мен бастың кеселін ұят бұзар» — 26-бет, 6-жол. Бұл ұят бұзар емес, «ұя бұзар».

Ынтымақ, бірлікте іріткі салатын шәрғездердің сын аты.

2. «Тиянақсыз, билеусіз байқұс құлың» — 28-бет, 12-жол. Құлың емес, «құлқын», құзғындық.

3. «Кірлі болып түскен соң» — 57-бет, 17- жол. Кірлі емес, «кәкірлі»: қылмысты, жазықты. Ұлықтан келетін жазаға «кәкір» дейді.

4. «Кіреден мойын кесілсе» (өзі туралы айтқанда). Кіреден емес, «кердеп»: кердең қылжак.

5. «Тәуекелмен батырады». Батырады емес, «батыр ой».

6. «Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз жол емес.

Ынтымақ жүрек, шын көңіл

Өңгесі хаққа қол емес».

Бұл екі жолдағы «қол» мен «жол» айырбасталып түскен. Абайдың бұл жыры кітаптың басындағы өмірінде дұрыс жазылған, ортасында түзетілмеген.

7. «Байқасан дүние біткен ретімен». — 146- бет, 18-жол. Дүние емес, «дүние» — тән.

8. «Қобыз бен домбыра алып түнде сарнап», — 15-бет, 172-жол. Түнде емес, «топта», жиында.

9. «Шаныннан жүні қылтылдап» — 188- бет, 2-жол. Жүні емес, «жон», жотасы.

10. «Сау болмаспын әлбетте» — 196-бет, 3-жол. Болмаспын емес, «болмас па ем».

11. «Ұлы сусын төгілсін», — 212-бет, 16- жол. Ұлы емес, «улы».

12. «Кез болсаң қойға жазарға». — 233-бет, 7-жол. Жазарға емес, «язарға», мұңға.

13. «Лап бергіш, көп ойланғыш, қайта ойланғыш». — 218-бет, 22-жол. Көп ойланғыш емес, «көт айланғыш».

14. «Биікке басты болар деме залым». — 223-бет, 18-жол. Биікке емес, «бейіске», ұшпаққа.

15. «Жылы жүзбен жұлдыздар желіп жүріп», — 223-бет, 7-жол. Жұлдыздар емес, «жұлдыздай».

16. «Ие сені бітірген қиян дөңге», — 237- бет, 17-жол. «Ием» сені бітірген «иен дөңге», иен дала.

17. «Тым-ақ даусың күшті деген». — 250- бет, 5-жол. Күшті деген емес, «күштеген».

18. «Жүгінде жөндеп ерттейді», — 257-бет, 12-жол. Жүк емес, «шом», қом бұл ескі баспасында «шомында» делінген еді. Жүкші ерттейді деу жаңылыс.

19. «Надандар сол заманда шырыш бұзған». — 227-бет, 15-жол. Шырыш емес, «шырық», қоғам, бірлік, ұя. Мұны кітаптың аяғындағы түсінік сөздер айтады.

20. «Шапқан елдің бәрін де будам қылып». — 268-бет, 15-жол. Будам емес, «бодам», ауылдық ретімен бас идіру.

21. «8-бағынды өзіңнен кім сұрайды». — 275-бет, 16-жол. Бағынды емес, «бағанды», құнынды. Міне, бұлар жорамалмен кеткен жансақтар. Мұның ішінде кейбіреулерінің ұйқастық жағынан жақындығы бар болса да, мағына жағынан зор айырмалары бар. Мұны келесі басылатын кітаптарда ескеру керек.

Жалпы түрік ұлттарының ішінде шұбарсыз сара тілдісі — қазақ қырғыз дегенде, олардың басқа ұлттармен тіл жүзінде етенелесіп кетпей, қатынас пен байланыстың аздығы тілді «сара-таза» сақтап қалуға деген бір жауабы бар. Бұлай болғанда Семей мен Жетісуда тұтас жатқан арғын, найман қазақтың ішіндегі ғана — «сара тілдісі» деуге болады. Абай, міне сол таза қазақтың баласы. Оның үстіне қазақтың ескі сөзді қара тілі, әдейі қысқарған жат тілдердің бірлі-жарымдысы болмаса, қазақтың қара халқының қара даңғыл сөзінен ауытқып сөйлеуді білмейді. Абай, мәселен «Аттың сынындағы» мүшелердің көбін осы күнгі біздің оқығандарымыздың көбі білмейді. Ел арасындағы мал баққан бір шалдан сұрасаң, Абайдан асырып айтып бере алады.

Тегінде Абай өлеңнің, жырдың ұйқасына өте сақтық қылатын ақын. Өлең жырлардың нықтарында қыл сыймайтын қию бар. Басқалардай пікір үйлесетін жанамалау сөзді әкеле салмайды. Тізбегіне әдемі келетін ұнасымды сөзді, пікірдің ішіндегі ұйқасымды да қарамайды. Абайдың өлеңін дұрыстағанда бұл сарын да ескерілуі керек.

Екінші, Абай жазу ретінде сыпайыланып та отырмайды. Азалық, асықтық, қосылыс жырларында, өлеңдерінде көңілде өзі ұрлап отырғанының бетін жарқ еткізіп ашып жіберуге тақалады.

Шеңбердің тұты жетіп жолпі сөзден Абай именбейді. Мәселен, «көт» деген сөздің Абайдың өлеңінен кемінде бір онын табуға болады. Бұл біздің қара салықта көбірек қолданылатын сөз. Қазақ «соңы» дегенді көбінесе «көт» дейді.

Мұндай сөздерден бір сыпайышылық жүзінен түзетсек, жазушыға қиып қолдан боламыз. Абай сол халықтың өз рухы табысқа сыйлаған ақыма.

Абайдың ады артындағы ақындардан бір үздік артықтығы: өлең жырлардан бөше түрлі күй сымбалдарына салғандығы. Кейінгі жазушылардың көбі Абайдың күйін қолданып жүрсе де, Абайдан артық күй таппан жоқ. Аспақ түгіл кейбір күйіне өлең өлшеп те жазы алған жоқ. Мәселен, «Сен мені не етесің». Абай қазақ әдебиетіне тіл жатқан үлгі болса, күй жағынан да үлгі.

Абайдың бұдан басқа ел арасында шашылып жүрген көп сөздері бар. Тастуімізше, жазбалары да бар болса керек. Міне, бұларды жинап, толық қылып бастыруды марқұм Бернияз газетке жазушыларынан оқып, Қазақстаннан үмітіміз таудай еді. Аяғында ол біткен емес.

Түркістан болсын, Қазақстан болсын Абайдың бір кішкентай ескі кітабын қайтармаппа бастырып отыр. Бұл кішкене кітаппен жанын салыққа Абайды таныстыру жемісті болмайды.

Енді Түркістан білім комиссиясы Іәм «Талап» ұйымының жетінші кеңестегі жемісті, негізді жұмысының біреуі осы «Абайды» таныстырақ қылып шығару болу керек. Бұл жөнінде Абайдың баспадан алып шығу жүрген сөздерін жинап, оларға сын беріп түтінделіп, өмірін толық жинақтап жемісті қылып шығаруға тырысу керек. Бұл туралы газеттерге жырлар жазып, жалпы халықты сабақшандыру керек. Абайды жете білетін Шәкерім, Мұхтар, Мағжан, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек. Соғып осы бастан қам қылып, асықпай бірнеше жылды мойынға алу керек.

Қазақстанның баспа сөзінен Абайдың толық кітабын да осы кезде дәмеленуге болмайды.

Себебі Абайдың күні бұрын қорқып, құдайға сыйынған сыншысы салпаң құлақ Сәбит Абайды жуан жұдырық деп, қара тастай ұстап, бақырып отыр.

Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де сондай сыншыдан
Құдайым мені сақтасын.

(Абай.)

Бірақ Қазақстанның жалпақ еңбекшілері кімнің қораз, кімнің бұлбұл екенін айырар. Бір есектің бетімен кетпес.

Түркістанның езілген еңбекшілерінің шөлдегені білім, аңсағаны ұсақ өсек емес, бірлік негізі. Сондықтан кім білім берсе, кім білім жағынан еңбегін жұмсаса, тілесе кім болсын Түркістандағы еңбекшілердің әкесі де, ең қасиетті кісісі де осы.

Нәзір Төрекұлов

«АСАУ ТҮЛПАР»

*Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске.
Боларсың бақадай,
Көп мүссең егеске.*

Абайдан.

(Сәкен) Садуақас Сейітқалиұлының 1914-1922 жыл арасында жазған өлеңдері. Орғынбор, 1922.

Сыншы (критик) мен доктор арасында бір-ақ айырма бар. Ол аңғарма ауру кісі шетін халге келіп қалған болса, доктор қарап, аңғармай сөйлемей, аурудың көңілін көтеріп кетсе, ол докторды өзіміз айыптамайды. Шыншыл сөйлеу – сөйлемей доктордың өз еркінде, доктордың “өтірігінен” жұртқа зиян жоқ...

Сыншы болса не? Сыншы (критик) әр уақыт шынын сөйлеуге міндетті. Шыншыл сөйлеу – сыншының қарызы. Сыншының “өтірігі” – жұртқа зиян, жаушы мәйлі “әлетін” болса, критикасы көңіліне тігіп ауыр шетін болса, жаушының мінезі мәйлі жаман-ақ болса, ажабадай “жұтам” деп тұрған болса, із болмаса “жат тұтан бұл дүниеге мен бір сары” деп көзіне жас ашып жалынған болса, сыншы өзі парасат қарамай, өз міндетін атқаруға тиіс!..

Жаушының жағатын сыншы – би; сыншының сынына жаушы – би. Келесі енді мақалатқа “Асау тұлпарға”.

“Асау тұлпар” – Сәкеннің 1914-1922 жылдар арасында жазған кітабының аты. Сегіз жыл жазған өлең-жырлары!..

Кітаптың бір шетінде “күш – білімде” деп жазып та қойылған! “Бәсе, күш – білімде” дедім де: “Сәкен бізге не білім береді екен?” деп баспадан аяғына шейін оқып шықтым. Қарасам, “Асау тұлпар” дегені нанында да “асау” екен, бірақ “асау” болғанда, “білімсіз асау” екен! Дәлел керек пе? Дәлел керек болса, мен үндемейін – Сәкеннің өзін сөйлетейін. Не туралы? Мәселен, қатын туралы жырласын. Қатын – дүниенің шырайы, еркектің жолдасы, жаңа түрмыс келе жатыр.

Қатын жайында Сәкен не біледі екен – қарайық. Бұл – қиын мәселе. Бұл мәселеге келгенде көп азаматтар сүрінген. Революция

бұл мәселені шешті. Революция заманының қазақ ақыны әйелді қалай түсінген екен?

Мысал үшін 1921жыл 15-майда Омбы–Қызылжар жолында вагонда отырып жазған “Маржан” деген өлеңін алайық. [“Асау тұлпар”, 8-бет]:

“Маржан, Маржан, қарағым!
Күлімдейді қабағың” –

Сәкеннің көзі Маржанның аяғында...

“Түріліпті балағың,
Жалаңаш, балғын балтырын
Не деген сұлу, жарқыным”.

Маржанның жұмыста жүргенін Сәкеннің өзі де біледі:

“Маржан, Маржан, жүрегім,
Қолыңда сенің күрегің.
Жұмыста жүрсің білемін”.

Жұмыста жүргенін өзі біліп тұрса да, басында өз “қайғысы”:

“Жалаңаш жұмыр білегің,
Мойнымнан құшшы – тілегім” (?)

Орынсыз жерде, іс қылып жүрген бір қатынға барып жабыса кеткені таң қаларлық екен. Бірақ, ойлап қарағанда таң қалатын дәнеме жоқ. “Жұмыста жүргенінде” оның ісі бар ма?! Сөйтсе де, Сәкен “өз қайғысын” ойлап жүргенде есіне заман түсіп кетіп, ұялғаннан өлеңін былай аяқтайды:

“Маржан, Маржан, мініскер,
Сымбатты, күшті, жұмыскер,
Шын сұлу, таза, біліскер,
Піскен алма қойнында,
Білегінді артшы мойныма.
Маржан, көзің көмірдей,

Арам бітін семірмей,
Денең күңгіт темірдей,
Бай қалыңдай керілмей,
Іс істе, жаным, ерінбей” (?)

“Маржан” білмейді сіді: білегін ақынның мойнына артсын ба, өз биімеке “бай қалыңдай керілмей” іс істесін бе? Менің ойымша, ол өлеңінде, іс уақытында келіп, “білегінді артшы мойныма” деп айтып жүрген кісіні сол “күрекпен” басқа салып калу керек. Болмаса, бұл өлеңде не бар? Революцияның бізге берген не кереметтік сезімі! Не ағалығы, не ақылы! Бұлардың еш бірі болмаған соң, жауабы “күрек” болады! Мысал үшін, міне, екінші өлеңі: “Маржаны” (“Асау тұлпар”, 130-бет):

“Өмірде іздегенім,
Талай іздеп, көздегенім,
Сен едің, жаным, сен едің,
“Бақытым менің жалғыз сенде,
Барлық дүние саған тең бе? – (?)
Деп едім, жаным, деп едім.
Ауыл бірлік, жүрдік, қондық,
Ойып, киіпті үйде болдық,
Жаттың маған тақанып,
Ақырын жұмысқ қол ұстастық.
Жүрегіңе қысып бастың,
Қолымды ұстап анарып”.

Сонан соң? Сонан соң, өзің білген баяғы мінезі. Мінез – табиғи. Өз табиғатынан шыға алмайды, байғұс! “Мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады, бір-бірімізді құшақтадық” дегеннен басқа “білімді” білмейді:

“Құшақтадым, қыстым сені
Сен де сүйіп, құштың мені”...

Бұл өлең 1922-жылы Орынборда жазылған. 1922-жыл, революциясыменен өз жолында кетіп барады – Сәкен болса, өз жолында... баяғы, баяғы! Жеті жыл бұрын да ол тап осылай болған

– сонан бері ол тіпті өзгермеген. Мысал үшін сабаздың 1915-жылда жазған “Жазғы түнде” деген өлеңін қаралық. Сабаз далада. Мұндай түнде Сәкенді тауып болмайды.

Ол “уағдалы жерде”:
“Торып шыққан жарыңды,
Уағдалы жерде барыңды,
Білдіресің көрініп”.

“Жары” жетіп келгеннен соң, тағы бәрімізге белгілі баяғы әңгімелері:

“Ерінге ерін тиісіп,
Бал алып тілден сүйісіп,
Жандырап жарың лебімен.
Төсіне қысып төсіңді,
Махаббат жеңе есіңді”.

(“Асау тұлпар”, 9-бет).

Кейде сабаз жас қыздарға да кез келіп қалады. Сонда ақынның басына келетін “пікір” не? Бұл “пікірді” білу үшін “Асау тұлпардың” 97-бетіндегі “Надежда, Үміт, Үмила” деген өлеңін оқыңыз:

“Надежда, Үміт, Үмила,
Аққуымсың, сәулемсің”.

“Түйін салып жас балдыр,
Алма ер жетіп өседі. (?)
Албырап, биік саяда
Уыздай болып піседі,
Не шіриді, не құрт жеп,
Не бір пенде үзеді.”

“Сен алмасың биікте,
Сен әлі жас баласың.
Түскеніңді үзіліп,
Білмей қалқам қаласың”. (?)

Бұл өлеңтің астында 1922-жыл тарихы тұр! Кітаптағы 68 өлеңтің тартып бірі әйел, махаббатқа арналған. Бірақ, байғұстың біткен әйелі осы. Біткенін білмейді, көрмейді. Бірақ трагедия мұнда да. Біткенендігің өзі сезбейді. Міне, трагедия қайда! Арабтың “жаһанназирәһ” дегені осы болады.

Сәкеннің философиясына келелік. Философиясы шолақ: Бұқар аулақастығын “философиясына” бір-екі жаңа “сөздер” жалғаған. Бір-біріне бірақ жапсарлай қалған. Жақсылап жанастыруға шамасы келмеген. Мысал үшін “Айт күнін” оқыңыз. (“Асау тұлпар”, 15-бет).

Бүгін айт, құрметті күні исламның,
Мейрамы күллі момын мұсылманның.

Бейгі сегіз ұжмақ ашылған күн,
Халықтың рахмат нұры шашылған күн.
Тәңіріне шүкірлік қылып тілек тілеп,
Сәждаға барша момын бас ұрған күн.

Сауһсеі түскен күні ақиқаттың,
Қалдырған ізгілігі Мұхамедтің.
Ортақпақ, туысқандық, қайырымдылық (?)
Құшаған ашқан күні махаббаттың. (?)”

Таштамай жасы-жамап, кәрі-жасын,
Бай, кедей, біткен, жақын ауылдасын.
Нәр момын күтетін күн келгендерді,
Құрметпен алдарына жайып асын.
Міне, философия! Не дейсіндер?....

Бірінші: сабаз исламды білмейді: Ақиқаттың қай күні түскенінен, “туысқандықтың” қай күні құшағын ашқанынан хабары жоқ. Махаббат нәм әйел туралы қанша “білімді” болса, “ислам” туралы да сонша.

Екінші: өзің білмеген, нанбаған нәрсеңді жұртқа үлестіруден не пайда?! “Ермек” үшін барды-жоқты шатқаннан кімге пайда? Бұл өлең революциядан бұрын-ақ жазылған болсын, бірақ 1922-жылы білетарып шығаруда не мәні бар еді, біле алмадым. “Орыс ойына белгенін қылады” дегендей, Сәкен де “ойына келгенін” жазады.

Бұл сөзге дәлел қылып екінші бір өлеңін де көрсетуге болады. “Кітабының” 98-бетіндегі “Азия” деген өлеңін оқыңыз. “Азиясына” біз баға берместен бұрын, тағы Сәкеннің өзі біраз сөйлеп өтсін. “Азия” Еуропаға айтады:

“Мен жібердім семитімнен Мұсаны,
Ибраһим, Дәуіт пенен Исаны.
Тағы талай көп пайғамбар жіберіп,
Ақырында Мұхаммедті жұмсағам.
Адамзаттың шыңырауға батқанын,
Былғанышқа үйелесіп жатқанын,
Әуелден-ақ құтқарушы сен бол деп,
Семитімнің ұрпағына артқанмын”.

Еуропа Азияның тілін алмаған соң:

Мен жібергем қару, садақ, жаракпен,
Ғұн, мадияр, бұлғар, мавр, арап пен
Түрік-татар, моңғолымды көргенсің,
Олар сені ұшықтаған садақпен.

Мынау жері тағы қызық:

Жібітуге жүрегінің тастығын,
Семитімнің көп ұрпағын тағы да
Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын.

Ал енді Еуропа көнбесе не болады? Ол уақытта жаман болады!

Теңсінбесең паң қып ұстап өзінді,
Күшпен үйрет мынаны деп жұмсармын,
Моңғолымды, қиғаш садақ көзімді.

Еуропа не қылса Азияның көңілін тапқан болады:

Семитімнің балалары бастады,
Ер соларға, енді оларға қас болма.

Бұл “өлең” 1922 жылы июннің 10-ында Орынборда жазылған! Азияның төрт революция өз жолыменен кетіп барады да, Сәкен өз жолыменен алдан барады. Бұрылып та қарамайды.

Бұл өлеңін жазғанда сабаздың не мақсаты бар екен? Азия семитімге қарсы жазайын деген болса ниеті жақсы, бірақ пайдасы жоқ. Ойткені, қазақ арасында мұндай нәрсенің жоқтығы барынша белгілі. Еуропаны жақсы жолға бастайын деген болса, Еуропаға келгенше жолдан пайда шамалы.

Шамалы “ақылдан” шамалы пайда.

Бұл өлеңнің мәнісін тексерсек, “ботқадан” басқа дәнге не шықпайды. Бірінші Азияның қазіргі заманда Еуропаға “жолбасшы” балаларының өмірі өсіп отырмын. Екінші: ғұн, бұлғар, моңғолдардың Еуропаға келгенде тегін келмей, “ақиқат” орнату үшін келгендігін де бұл уақытта шешіп, шынымды айтайын, білгенім жоқ. Бірақ, мәнін білмегенімді “Еуропа – Азия” да білмейді. Егер “Орынборда Сәкен деген бір қазақ ақыны осындай бір пікір “шығарыпты” делінсе, сол күні-ақ Сәкенді Орынбордан алып келіп, бір музейге кіргізіп көр еді. Мұндай қызық кісіні музейден басқа жерге қойып та болмаймын!

Үшінші революция семит(Сам) балаларының сыбағасы, “өміршіл” болғанын, бүтін ұлттар солардың артынан еруге керектігін білгенім жоқ.

Бұл уақытта шешіп мәнің білгенім – ортада принцип бар еді, марксизм білгенім бар еді. Бағыс Маркстің не жазығы бар: Қазақстан соларында семит балаларына бастық қылып қоятын. Өліктің тірілуі мүмкін болғанда Маркскең келіп Сәкенге айтатын сөздерін айттар еді.

Сөздің қысқасы: мұндай білімсіздікпен өлең жазып, әуре болып жүруінің өзі ұят. Білімсіз болғанда, ұятты болу керек. Болмаса “Еуропаны” жамандау керек болса, ауылда жүрген әшейін бір қара ақынға: “Базарбай, кәне, бір Еуропаны жамандап бер”, – десең, сол да шамасы келгенше жамандап берер еді. Сол да Сәкеннен өткізбесе, қалыспас еді. Бірақ не пайда?!

Жамандағанда біліп жамандау керек. “Уа, Еуропа уа, Еуропа” дегенменен болмайды. Әдебиет “митинг” емес, біздің міндет: Еуропаның білімін, техникасын алып, капитализмнің бізге керекті оперін үйреніп, Кеңес үкіметін көркейту, күшейту, “Қиғаш көзді моңғолдан”, оны өлең қылған қазақ ақындарынан не Азияға, не

дүниеге “сауап” жоқ. Жаңа өлеңдерінен Сәкеннің өз ақылыменен жазғандары түкке жарамайды. Мысал үшін “Иван менен Мырзабекке” деген өлеңін оқысаңыз жетеді. Бұл өлеңде Сәкен өзінің “ұлтшыл-националист” еместігін, интернационалист екендігін білдірмекші болған деп ойласа да болады. Жә, Сәкен кім болса сонымен төбелесіп кете беруге даярлығын білдірген десе де болады. Екеуінің бірі: Иван мен Мырзабек не кедей табынан, не буржуазия табынан. Екеуі де кедей болғанда, оларға “найза оқталып” жүруі жарамайды. Екеуі де ақсүйек төрелерден болғанда, оларды үгіттеу артықша жұмыс. Не десең де байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды, пікірлі өлең айта алмаған. “Қазақ марсельзесасы”, “Жұмыскерлерге” деген өлеңдері – бәрі Сәкеннің пайдасына жүрмейді. Өйткені:

Патшада әділдік жоқ еді,
Ұлықтар паракор тоқ еді,
Бұқара халықты кем тұтқан,
Жек көрген, игімен тең тұтқан.
Қоспаған санына адамдық,
Айламен ұстаған надан ғып, –

(“Асау тұлпар”, 62-бет)

деуіменен ғана кісі революция ақыны болып кетпейді. Революционер ақын басынан аяғына шейін бір түсте, бір қалыпта болады.

Бір жақтан порнография жазған, бір жақтан Азия менен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын жұртқа үлестіріп берген, бір жақтан өзінен шығарып жазуға тура келгенде “білімсіздігін” интернационализм қылып көрсеткен кісіні революционер-ақын деп айта алмаймыз. “Революционермін” деген кісіні, әсіресе санасыз “ақыннан” шыққандарды қатарға алудан бұрын бес-он “електен” өткізу керек. Оның үстіне “електің” көзін күннен-күнге тарайту керек болады. Біздің мұнда Сәкенді өткізіп отырған “елегіміз” – Октябрь революциясының бізге берген сезімі, бұл сезім өлшеу болуға жарайды.

Енді Сәкеннің тәржімелеріне көз салайық! Тәржімелері де таң қаларлық! Бөтен жұрттың әдебиетінен бір нәрсені тәржіме қылмақшы болғанда белгілі бір пікірге қарап, сол пікірге тура

көзқарарын ғана тәржіме қыла білу керек. Әйтпесе, жараған-жарамағанын тәржіме қылуға болмайды. Сәкен қайтеді? Сәкеннің ауылы да белгілі бір пікірі көрінбейді. Сол пікірдің өзі түбінде жоқ. Бірақ, бірауында өт-өлінен жарқырап шыға келер еді. Мысалы: Шайх Сағиддан (“Асау тұлпар”, 34-бет).

Өн мен күйге түйе де (?)
Шағтанар хайуан десек те.
Селбейгін оны адамды,
Сашпаң құлақ есек те.

Сағиддан “мұндай” өлеңі барлығын енді көрдім. Жарайды, Аққолда отырып Сәкен өзі “оқыған” Сағидды жазған болсын. Бірақ, бұл өлеңдегі “түйеге” мен таң қаламын: “Ақмоланың түйелерін білемеймін, көргенім жоқ, басқа жердегі түйелердің әншіл, сүйені болғанын естігенім жоқ”. Егер Ақмоланың түйелері “сүйені” болса, Сағиддың одан хабары болмаса керек, “осыны селбейгін адамды” енді біз кім дейміз?

Мынау Сәкеннің Жапоннан барып алып келген өлеңі:

Сүйеніме жасырып,
Түнде жаның барсам мен,
Төре ашып сүйісің,
Аузынан бал алсам мен.
“Арзылдап, ит, сен мені
Қорқытпа-деп: қабармын,
Тастасам сүйек үрмесің,
Көңіліңді сөйгіп табармын.

(“Асау тұлпар”, 35-бет).

Иттің көңілін табу жолын Жапонға бармай-ақ білу мүмкін еді ғой. Оны түнде қызға барғанда жанына құрт салып кететін қазақтың бозбалалары да біледі. Сәкен мұнша алыс жерге барып жүрмесе де жарар еді. Түбінде осы өлеңді Сәкеннің өзі жазған-ау деймін.

Төре ашып сүйісің,
Аузынан бал алсам мен, –

деген сөз Сәкеннің өзінен шығады. Бәрін өзім жазған болмайын деп ұялшақтық қылып Жапонға сілтеген деймін. Не болмаса, “хикметі” терең сөздер!

Мынау Сәкеннің әлгі ұрысқан Еуропасынан “Мицкевичтен” деп алып келген малы:

Жақсы көрсін десең ит,
Жақсы көр итті өзін де, –
Ұмытпайтын бұл бір сөз,
Дұқман айтқан сөзіне.

(“Асау тұлпар”, 35-бет)

Асыл сөздер, терең сөздер! Бірақ, қазір бізге керек емес сөздер!..

Һеш нәрсеге жарамаған 69 өлең хақында мұнша ұзын критиканың өте қажеті жоқ та шығар. Сонда да ұзын критика жазуға мына пікірлер себеп болды:

Бірінші: Қазақ республикасы кітапқа кедей жұрт, оқуға ынтық. Мұндай уақытта қазақ оқушысының қолына мұндай кітапты ұстату үлкен қата. Мұндай кітап беру жұртты кітаптан бездіру деген болады. Жұртты ілгері бастыратын, көтеретін, тәрбие қылатын санасы болмаса – “кітап” кітап болмайды.

Екінші: әдебиет көптің малы. Аяқбай, Таяқбайдың малы бола алмайды. Бұл себептен әдебиет үйіне кіретіндер һәр уақыт “қатты тергеуден” өтуі тиіс. Әйтпесе, һәркім өз қайғысын жаза берсе, әдебиет ермек болып кетеді.

Сәкеннің “Асау тұлпары” болса оқыған кісіге ауыр пікірлер береді. Қазақ халық әдебиетінің енді аяққа тұрайын деген уақытында мұндай “кітаптың” Қазақ республикасының астанасында шығуы қайырлы емес. Неге десеңіз:

Бұл кітаптың не санасы бар,
Бұл кітаптың не ахлақы бар,
Бұл кітапта революцияның не рухы бар, не берген?..
Сана орнына “ботқа” берген,
Ахлақ орнына порнография берген,
Революция рухы орнына “асаулық” берген.
Кім оқысын бұл кітапты?

Қазақ кедейіне беруге болмаса,
Мектеп баласына жарамаса,
Әнші-кәдімгі көрсету ұят болса,
Сәкен өзін де келеке қылған, әдебиетімізді де!

1500 жыл бұрын “жабайы” арабтың жазған “махлұқат сифуһиса” электрик-радио заманы ақынының жазғанынан 1500 мәрте артық.

Мұны Сәкен білмегенде, Орынбордың халық ағарту комиссариаты білсе керек еді. Бұл туралы комиссариат өз жауабын соншан жазға жатар, бірақ қазірден қылынатын жұмыс-мынау:

Жасөспірім жігіттерімізге шын революция тәрбиесі берілуіне шын тиісін деп жастар ұйымы бұл кітапты жастарға оқытпаққа тиіс.

Кісі өзінің кім екендігін, дүниеге қалай қарау керектігін білмесе тұрмысқа жармайды, революцияны түсінбейді. “Асау тұлпарды” оқыған кісі өзінің кім, дүниенің не екендігін білу былай тұрсын, он аяғы менен сол аяғын білмей қалу ықтималы бар.

“Кітаптың” осы “кәсіптері” критиканың ауыр болуына себеп болды.

«Темірқазық» журналы, 1923 жыл, №1.

«СЫНҒА СЫН»

«Жазушының жазғанына сыншы би, сыншының жазғанына оқушы би» дейді, «Темір қазық» журналының 1923 жылы шыққан бірінші санында Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына жазған мақаласында Нәзір Төрекұлұлы. Оның бұл сөзіне менің де қол қойғым келеді. Жазушының шығармасын бағалау сыншының еркінде болса, оның сынын қалай бағалау оқушының еркінде. Сондықтан мен, Нәзір жолдастың сыны туралы бір-екі сөз айтып өтуді мақұл көрдім.

Нәзірдің бұл сыны – қазақ совет әдебиетіндегі алғашқы сын мақалалардың бірі. Бүгінге дейін қазақ тілінде жазылған шығармаларға партия қызметкерлері назар салмағандықтан, партиялық тиісті сын жөнді болмады, сондықтан, коммунист Нәзір Төрекұлұлының сын жаза бастауы жақсы беталыс. Қазақ республикасында марксизмге буыны қатпаған жас әдебиетшілердің баспада жарияланғандарының бәрі дұрыс болып көріне беруі ықтимал. Сондықтан, әр басылған кітапқа марксизм тұрғысынан баға беріп отыру қажет болады.

Бірақ, бұл секілді жауапты жұмыста Нәзіршілеу лайықсыз-ақ. Олай дейтін себебіміз, – Нәзір «Асау тұлпарды» қолына алғаннан-ақ, о жақ, бұ жағын сығалай қарап, ішінен сөкет нәрсе табуға тырысады. «Асау тұлпардағы» жақсы шығармалардың ешқайсысын көрмейді, ол шығармалардың революциялық, советтік қазақ әдебиетіндегі алғашқы қарлығаштар екенін айтпайды. Ол, тек, бұл жинақтың қате, кемшіліктерін ғана тереді. Біз де бұл мақалада «Асау тұлпардағы» жақсы шығармаларға талдау жасамай, Нәзір Төрекұлұлының қате, кемшіліктерді қалай сынауына ғана тоқталамыз.

Кемшілікті ғана іздеген оның көзіне ең алдымен мемлекеттік баспаның басып шығаратын кітаптарының сыртына қоятын маркасы түседі. Онда «күш – білімде» деп жазылған. Нәзір осыны оқиды да, «Бәсе күш білімде, дедім де, Сәкен бізге не білім береді екен деп басынан аяғына шейін оқып шықтым» дейді.

Нәзір жолдас, «сын» ісіне бұлай қарау, цирктегі Бим-Бомдарға ғана лайық. Олар халықты күлдіру үшін аузына келгенін айтады.

Нәзір Нәзір де сойтіп, сыншылық бетіне мемлекеттік баспаның маркасын ұстай келеді де, сөзін жазушының шығармасын талқылаудан бастайды. Мемлекеттік баспаның таңбасы тұрмаса Нәзір «Асау тұлпарды» оқып шықпақ емес.

Осы да сөз бе екен? Кітаптың өзіне емес, сыртындағы маркасына қарап оқуға бола ма екен? «Асау тұлпарды» осылай қисая салған Нәзірдің шығармаларға беретін бағасына келейік.

«Асау тұлпарды» дұрысы – әрбір коммунист, олардың ішінде Нәзір Төрекұлұлы жауапты қызметкер қазақ тілінде шығып жатқан жаңа өлеңтің берін оқып, білін отыруға тиіс. Баспасөз – тәрбие құралының бірі. Бұл қаруды Коммунистік партия кім көрінгеннің қолына беріп отыра алмайды. Бұны, Нәзір жолдас та білетін сияқты. Бірақ талқаларынақ нәрсе – ол Түркстан республикасында баспагерлердің бірі боп тұрған шағында онда басылған кітаптардың шығармасына сын жазған емес. Кітаптарды былай қоя тұрғанда, ештеңе екі-үш жылда «Ақжол» газетінің беттерінде коммунистік идеяға жет талай мақалалар басылды. Нәзір жолдас ол кезде Түркстан Орталық Атқару Комитетінде жауапты хатшы еді. Нәзір жолдас сынына болса сонда қайда қалған?

«Асау тұлпарды» сынаумен Нәзір ескі қарыздарын үстінен түсіре алмайды. Түркстан республикасының баспасөзінен Орта Азия жазғандары түгел тәрбие алуға тиісті. Бірақ оның беріп отырған тәрбиесі қандай? Осында баспасөз органдарының көбінде Қазақстаннан сығатын барған байшығ-үлгішілдер отыр. Нәзір олардың Совет өкіметіне қарсы жазып, баспада жариялап жүрген шығармаларын неге көрмейді?

Нәзір жолдас «Асау тұлпардың» халыққа тарап кетуінен көрсетеді, сондағы дәлелі: «69 өлеңнің төрттен бірі әйелге деген махаббат туралы жазылған. Әйелдің түрілген жалаңаш балғыры да өлеңге қосылған».

Шариғатта әйелдің екі қолының басынан, бетінен басқа денесі «таурат». Нәзірдің осы «қағиданы» әлі ұмытпағаны ма? Ескілік шармауындағы өзбек әйелдері бетін де қымтап жауып алады. Нәзір әйелдерді әлі де солай ұстау керек дей ме? Пушкин, Лермонтов секілді орыс ақындарының әйелді сипаттауын Нәзір оқымаған ба? Қазақ ақыны Абайдың әйелді сипаттауын қайда қояды екен ол? Басқа ақындардан да бұл секілді өлеңдер аз табыла ма?

Нәзір Сәкенге «әйел туралы көп жаздың, төңкеріс тақырыбына аз жаздың» десе сыйымды нәрсе ғой. Ол өйтпейді... «Жұмыста жүрген әйелге құмартасың» деп, Сәкенді күрекпен қақ бастан салып жібергісі келіп тұрады.

Нәзір бұл «қиын мәселені» өзінше оңай «шешіп», Сәкеннің қасында әдепті революционер көріне қалғысы келеді. Жоқ, Нәзір жолдас, болмайды ол! Әйелге деген махаббат – табиғат заңы. Махаббат байлыққа, кедейлікке, жұмыскерлікке, капиталистікке қарамайды. Нәзірдің Сәкенге: «жұмысшы әйелге карама» деген «ақылына» қосыла алмадық. Әйел сүюді революцияның тыйғанын мен әлі естіген жоқпын. Бұндай «революция» ишандардың «революциясы» болуы мүмкін, бірақ пролетариат революциясы бола алмайды.

Нәзірдің «Айт күні» деген өлең туралы сынына қосылуға болады. Бірақ, қосыла алмайтын жерім: «Сабаз исламды білмейді, – деп кейімі Нәзір Сәкенге, – «ақиқаттың қай күні түскенінен, туысқандықтың қай күні құшағын ашқанынан хабары жоқ. Махаббат һәм әйел туралы қанша білімді болса, «ислам» туралы да сонша!».

Бұдан көрінетін нәрсе, Нәзірді Сәкеннің «Айт күнін» мақтағандығы емес, ислам дінін білмегендігі ренжітеді. Сәкеннің ислам діні туралы білімі толық болса, Нәзір оған ренжу орнына қуанады. Бұлай сынаудан сынамай тек отырған көп жақсы. Сәкен сияқты коммунист «Айт күнін» мақтап жасөспірім азаматтарды бір адастырса, ислам дінін біліп, жеткізіп мақтай алмадың деп, Нәзір екі адастырған болып табылады.

«Азия» өлеңіне шыққан сыны да сын көтермейді. Сәкен Азияның майын ағызып мақтаса, Нәзір де сөйгіп Европаға кір жуытқысы келмейді. Шынында екеуінікі де қате.

Нәзір сынының ішінде оқушының езу тартып күлетін жері, Сәкеннің:

«Өн мен күйге түйе де
Шаттанар, хайуан десек те,
Сезбейтін оны, арамды
Салпаң құлақ есек те... –

деген жолдары. Нәзір Сәкенді «Ақмоланың түйелері болмаса, басқа жақтың түйелері әнші, күйші болғанын көрген жоқпын» деп

түсінетінін. Жаңды жаным табиғатты күйге еліту Сәкен бастаған ісін қалай ба? Қай өлең, қай кездің әдебиетінен кездеспейді ол?

Нәзір жолдас әдебиет ісінде өзін білімсіз деп санамайды. Әдебиетте өлең тарту, суреттеу бар нәрсе. Олай болса, Нәзір сыны қай өлең, оның аты құр байланысу мақсаты.

Сәкеннің «Жапон әдебиетінен» деген аудармасында:

«Сүйгеніме жасырым
Түнде жаным барсам мен...
...Арсыдан ит сен мені
Көркімге...
...Тастасам сүйск, үрмесің...» –

деген жолдар бар. Нәзір бұл өлеңге былай байланысады: «иттің итіннің табу жолын Жапонға бармай-ақ білуге мүмкін ғой. Түнде қызға барғанда жанана күрт салып кететін қазақтың бозбалалары да айна біледі ғой!».

Осы да сын бол ма? Бұл өлеңді мейлі жапон жазсын, мейлі Сәкен, мейлі түнде жапон жігіті итке сүйек тастап жүретін болсын, мейлі қызға жігітті қалтасына күрт салсын, мұнан революцияға келер не пайда, не зиян бар?

Нәзір «Асау тұшар» туралы мақаласын «Темір қазық» бетіне жариялаудан қанағаттанбай, Қазан, Уфа, Ташкент газеттерінің бетінде де жариялатты. Онымен де қанағаттанбай, Москвадағы «Рассвет» журналына да өткізді. Етіп отырмын, Бұхара һәм Самарқанды да басқалған дейді. Бұның аты не? Бұл сын ба, болмаса бір жолдасын бүкіл Россия халықтарының бетіне қаратпастай етейік деп тырақан шүкән ба? Әрбір санын кісіге соңғысы екені айқын көрініп тұр. Бірақ, одан ешнәрсе өнбейді. Сәкеннің кім екенін, Нәзірдің кім екенін қазақ еңбекшілері жақсы біледі. Октябрь төңкерісіне кімнің шын, кімнің өтірік қатынасуы да оларға мәлім. Байлар мен байшынгерлерге Сәкеннің ұнамайтынын білеміз. «Асау тұшар» төрт аяғынан түгел басқан шығарма деп ешкім де айтпайды. Тұшардың сүрінген, жығылған жерлері де бар. Бірақ, ол қазақ еңбекші табының мүддесінен туған бірінші көркем шығарма. Иә, иә, оны ешбір қарсы науқан жоққа шығара алмайды.

Орынбор, «Қызыл Қазақстан» журналы, 1923 жыл.

«АСАУ ТҮЛПАР» ТУРАЛЫ

*Шоттың басын бассаң,
Сабы маңдайыңа соғады!
(Қазақ мақалы)*

Тұрмыс жүзінде алғашқы шыққан затқа әркім өзінше сынап, өзінше баға беруге ерікті.

Әрбір зат егіз, қоспақ қияпатты. Егіз, қоспақ заттың екі жағы айрықсыз бірдей, айрықсыз тура болмайды. Таудың бір жақ беті теріскей, бір жақ беті күнгей. Уақыттың жартысы күн, жартысы түн, қыс һәм жаз. Әрбір затты «мінейін» десе мін табылады. Тағы сол затты «мақтайын» десе мақтайтын түрлері де табылады.

Тұлпарды да жамандауға болады, көк есекті де мақтауға болады.

Менің жазып шығарған «Асау тұлпар» деген кітапшама кейбір азаматтар «сын» жазған.

1) Қазақстанның аймақтық партия комитетінің орысша шығатын журналында жолдас Тоқтыбайұлы сын жазды (журналдың 2 – 3-санында).

2) Мәскеуде шыққан «Темірқазық» журналының 1-ші санында Төрекұлұлы Нәзір сын жазды.

3) Нәзірдің «сынын» кекетіп «сынға сын» деп «Қызыл Қазақстан» журналында есім орнына «Сым» деген атпен бір жолдас жазды.

4) «Бостандық туының» 8-ші санында тағы да Нәзірдің «сынын» теріс деп көрсетіп С.М. (Сәбит Мұқанов –) жолдас «Сынға мін» деп мақала жазды.

Бұл жазғандардың ішінде «Бостандық туының» 8-ші санында жазған С.М.-ның «Сынға мін» деген мақаласы тұтас сол номерге басылмаған, мақаланың ақыры жоқ, сол себепті оның ақырының қандай болып шығатыны мәлімсіз.

Ал енді, жоғарғы айтылған «сындардың» ішіндегі ең байымды, байғанды ең түзуірек сын Тоқтыбайұлыныкі. Ал ең лаққан, ең шатқан «сын» Нәзірдікі. Нәзір «Асау тұлпарды» қалай болса да аяқтауға, ұран жолуға тырысып, кітапты оқығаннан, қаламды қолына ұстағаннан «Асау тұлпардың» мекірелерін іздеген көрінеді.

Мен «Асау тұлпарды» өзім жазып едім деп көкке көтеріп, ешкімді бер-а деп, «Топ жарған» деп мақтамаймын. «Қанаты бүтін құрлар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ...» деп бұрынғылар айтқан. Және «Асау тұлпар» менің өз басымнан шыққан қиял емес. «Асау тұлпар» – қаланың қамытын киген қырдың, Сарыарқаның «Асау тұлпары». Әдебиет тарихында ешбір кітап еш уақытта жалғыз бір кісінің еркімен шыққан емес, әлеумет тұрмысының ағымдарының ықпалымен шыққан.

Қаламның енді Нәзірге. Нәзір «сынының» басына Абайдан «бісміллә» келтіреді.

Ой «бісмілләсі» мынау:

Таласпа, жаттам алл,

Құраның елмеске,

Ботарсын бақадай

Көп түссен егеске...

деген сөздер...

Рас-ақ! Бұл кигіде екі кісіге бірдей. «Шоттың басын бассаң, сабы маңдайыңа соғады» деген. Ал Абайдың бұл қағидасы өз заманында Құнанбайдың тұқымы тәрізді қара қазақты билеген жуан атаның балаларының қолынан орыс патшасының уезной чиновниктері билікті алып, әр елге «болыстық» деген, «волостной старшина» деген дәрежелі қызметті орнатып, оған қазақтың «атаны», «атасызына» қарамай, әркімі «шарға түсіп» таласып болыс болатын болған соң, қара қазаққа хан болған Құнанбай тұқымының билігіне «атасыз», «кешегі тебінгісі тесік» жамандар біраз жал біткен соң таласа бастаған.

Міне, Нәзірдің «бісіллә» қылып келтіріп отырған бұл сөздерін Абай сол Құнанбайлардың аяғынан ала бастаған «атасыздарға», «кешегі тебінгісі тесіктерге» айтқан сөзі:

Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске,
Боларсың бақадай
Көп түссең егеске...

Әрине, Абайға айтуға лайықты-ақ! Қанша тыраштанғанмен «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан мұндарлар» Абайға, Құнанбайға қайдан жетсін! Абайдың бұл мақалын 1917 жылы большевиктерге қарсы адамдар айтқан. Бұл мақалға қарсы болсақ та, біз де бұл «бісілләні» мысал қылып алып көрейік. Нәзір «сынының» басында өзін жігердей қылып маңыздап, салмақтанып мақтайды. Өзін жақсы докторға теңейді. «Әділ сыншымын» дейді. «Қорықпаймын, көңілге қарамаймын» дейді. Доктордан да артықпын дейді. Тексеруші молда тәрізденеді. Әрине-ау! Олай болса дұрыс-ақ қой! Бірақ «тексеруші» молданың, «білгіш» доктордың, «данышпан» сыншының сөздерін байқап оқи келе, молданың «дүмше» екенін, доктордың «ішірткіші» екенін, «сынның» лақпа екенін көресің.

«Дүмше молда дін бұзар», «доктордың жақсысы дертке дерт қоспаған» деген. Бірақ менің өз басым қазақша жазған сынын тұтасымен Нәзірдің өзіне жаппаймын. Бір қазақ баласына Нәзір айтқан шығар: «Әйтеуір, басқа-көзге төпелеп бәлемді жамандай бер» деп. Ал қазақ баласы сыбанып алып шата берген болар. Өйткені Нәзір қазақша тіл білмейтін. Ана жылы Мәскеуде 8-ші Советтер съезінің уақытында жолдас Жангелдин Нәзір мен жолдас Рысқұловты «татуластырамын» деп пәтеріне шақырған. Жангелдиннің пәтерінде мен де болдым. Жолдас Меңдешев те һәм басқа бір-екі жолдас болды. Сонда Нәзір мен Рысқұлов кінәласқанда үйде қазақтардан басқа һәм Нәзірден басқа ешкім жоқ. Сонда сөзіне түсінбейтін болған соң Нәзір қазақтарға орысша сөйлеген. Һәм былтыр да мен кездескенімде, өзім Нәзірмен қазақша сөйлесе алмай, Нәзір тағы орысша айдаған.

Бірақ бәрібір қандай сөз болса да Нәзір болған соң әйтеуір Нәзірдің дейміз ғой.

Бұл Нәзірдің «сынына» келейік. Нәзірдің мені мінеген екенін бір жас дұрыс жері бар. Ол менің 1916 жылы айт күнін өлең жазған жазғым, оны «Асау тұлпарға» кіргізгенім. Нәзір мені: «Асауды білмейді һәм бостандықтың қай күні құшағын ашқанын білмейді» дейді. Рас, менің исламды Нәзірдей білмейтінім рас шығар. Нәзір исламның «бесігінде» туған адам ғой. Бұл өлең коммунистікке қареті жоқ, коммунизм жолына келмейтін өлең екені рас. Бұл — «Асау тұлпарға» катеден қыстырылып кеткен өлең. Бұл бір. Екінші, Нәзірдің мені үлкен мінеп, мұқатып жамандайтын жері менің айта туралы жазған өлеңдерім.

Мені жамандайды: «Сен әйелді сүйемін дейсін», «сүйгіз дейсің» һәм «жалаңаш балғын бақтырын дейсің, түріліпті балағың дейсің» деп сөгеді.

Айталары қаптармалармен кекеткенде дәлел қылып тауып алатын өлеңдері мыналар:

Маржан, Маржан, қарағым!
Күнімдейді қабығым,
Түріліпті балағың,
Жалаңаш балғын бақтырың
Не деген сұлу, жарқыным!..
Маржан, Маржан, жүрегім,
Қолыңда сенің күрегің,
Жұмыста жүрсің білемін.
Жалаңаш жұмыр білегің,
Мойнымнан күшшы, тілегім!
Маржан, Маржан, мініскер,
Сымбатты, күшті, жұмыскер,
Шын сұлу, таза, біліскер.
Піскен алма койнында,
Білегінді артшы мойныма.
Маржан, көзің көмірдей,
Арам ет бітіп семірмей,

Денен күшті темірдей,
Бай қызындай керілмей,
Іс істе, жаным ерінбей.

Міне, бұған Нәзір бұрқырап ашуланған болады. Маржанды жақсы көрме дейді. Маржан сені күрегімен салып қалар дейді.

Сірә, Нәзірдің ойынша жұмыскер әйелге махаббат өлеңдері үйлеспейді, арамтамақтарды жеңіп, дүниенің тұтқасын қолына алған еңбекшіл табының Маржанын, бостандықтың Маржанын өлең қылмай, жалғыз-ақ көлеңкеде, саяда «жібек көрпенің» үстінде бұралып «уһ, аһ!» деп отырған бай қыздарына үйлеседі дейтін көрінеді.

Жұмыскерлікті, күректі, жұмыскердің күшті, жұмыр түрілген сау білек, балтырын өлең қылуды «көркемдік» сезімі емес, «Ахлақ» емес дейді.

Керілген, ерінген, еркелеген бикештердің сұрме тартқан көздерін, бояған беттерін, қолдан салған қалдарын өлең қылсақ, бәлкі Нәзірше «көркемдік сезімі де» болар еді, «ахлақ» та болар еді. Қайтейін, гапу өтінем де!.. Біз үйге алмадық! Және Нәзірдің сөгетін өлеңдері мыналар:

Өмірімде іздегенім,
Талмай іздеп көздегенім,
Сен едің, жаным, сен едің!
Бақытым менің жалғыз сенде,
Барлық дүние саған тең бе?
Деп едім, жаным, деп едім,
Ауыл бардық, жүрдік, қондық.
Ойнап киіз үйде болдық.
Жаттың маған тақалып,
Ақырын жұмсақ қол ұстастық.
Жүрегіңе қысып бастың
Қолымды ұстап апарып...

Бұған Нәзір ашуланады: сен өз басыңды ғана ойлайсың дейді. Революция бір бетімен, сен бір бетіңмен барасың дейді.

Және де менің 1915 жылы жазған «Жазғы түнде» деген жарнамалы жамандайды. Жамандағанда бұл ұзын жырдың әйел туралы жазылған бір 4-5 жолдарын жамандайды. Ол мынау:

Көріп шыққан жарынды,
Уағдалы жерде барынды,
Білдіресің көрініп...

Ерінге ерін тиісіп,
Бал алып тілден сүйісіп,
Жандырап жарың лебімен,
Төсіне қысып төсінді,
Махаббат жеңер есінді...

Нәзір сөгеді: сен жазғы түнде үйде отырмайды екенсің, жарымды іздеп қақтырып жүреді екенсің деп және Нәзірге мына бір кішкене жыр өте жақпайды. Ол мынау:

Надежда, Үміт, Үмілз,
Аққусың, сәулемсің,
Шырағым, Үміт, Үмілз,
Қарындасым, бауырымсың!
Түйін салып жас балдыр
Алма ер жетіп өседі.
Албырап биік саяда
Уыздай болып піседі.
Не шіриді, не құрт жеп
Не бір пәнде үзеді,
Сабағы қурап немесе
Үзіліп жерге түседі.
Сен алмасың биікте,
Сен әлі жас баласың.
Түскенінді үзіліп
Білмей, қалқам, қаласың.

Міне, бұл жыр да Нәзір «сыншыға» өте жақпайды.

Міне, «әйел туралы жазған өлеңдерінің бәрі жаман» дегендегі дәлел қылып келтірген өлеңдері осы жоғарғы өлеңдер һәм оның да кейбіреулері тұтас өлеңдер емес, тек өлеңнің жұрнақтары.

Әйелдің жұмыс қылғанын айтасың, жалаңаш, күшті, жұмыр балтырын, білегін айтасың, әйелге мойнымнан күшшы деп айтасың, піскен алма қойнында деп айтасың, балағың түріліпті деп айтасың деп Нәзірдің бұрқырап мені жамандаулары шын көңілімен айтқаны болса, ол Нәзірдің туғаннан алған тәрбиесінен ғой деп ойлаймын...

Әйтеуір мақсат – бір Сәкен деген «әдепсіз», «жүгенсіз» бар екен деп өзбек ағайын мен татар ағайынның белгілі «гәрбиелілері» бір-бір түкірсін деген шығар деймін. Әйтпесе қазақ тілінде жазылған кішкентай «Асау тұлпардың» не екенін өзбек пен татар қайдан біледі. Ал, білмейтін кітабы туралы Нәзірдің «сыны» оларға неменеге керек?.. Өзбек газеттері мен татар газеттеріне «сын» жазу мақсат, Қазақстанда бір Сәкен деген «әдепсіз, адасқан» адамның бар екенін білдіру емес, «Нәзір деген жалпы тілдің (қазақтың тілінен басқа) бәріне жетік бір «жақсы, білгіш, сыншының» бар екенін паш ету болады». Дұрыс-ақ, кісі өзін мақтау үшін біреуді жамандау керек. Оны газет-газетке жарнамалау керек, сонда атын шығады!

Ал енді мәселеге келейік:

Әйелдің денесінің ашық мүшелерін өлеңге қостың, білегіңді мойныма артшы дедің деп сын тағу зор қате.

Қу молдалардың зәлімдігімен әйелді «нахрам» деп жасырам деп өмір бойына апасынан, қарындасынан һәм өзінің қатынынан басқа ешбір әйел көрмеймін деп кейбір мұсылман халықтары бұзық жолға, бұзық әдетке түсіп кеткен. Мәселен, өмірінде көрмеген соң әйелдің жүзіне құмар болып, әбден шыдай алмаған соң сақалы, мұрты жоқ балаларды әйелше киіндіріп, бастарына шаш тағып, шашбау байлап, еркектер оңашаға жиналып, ойнатып құмарларын басатын болған. (Мәселен, «Бәтша ойнату»).

Және өмір бойында ерлермен араласып, әзілдесіп сөйлесе алмайтын болған соң, ондай халықтардың әйелдері де бір еркек түстілеу әйелді еркек орнына ұстап оңаша жиналысып, сонымен

ойнан, қолуықтарын басатын болған (мәселен: «Сәтенмен ойнау»). Міне, Нәзірдің бізді «әдепсіз» дегенде сүйреп әкелетіні осы болады. Оның білегін, балтырын, балағын өлеңге қоспайтын, білегінді мойныма артшы, мен сені сүйдім демейтін халықтардың еркектері «нахрам» деп әйелге қарамай, өздері сол әйелге іштерінен өзегі үшінше құмар болып, құмарлықтарын басу үшін сақал, мұртсыз еркек балаларды қызша киіндіріп алып ойнататындардың өлеңдері сондай болады:

Бақ айнала ұшар қаз,
Йүр, балақан, йүр, йүр!..
«Бәтшаман» деп қылма наз,
Йүр, балақан, йүр, йүр!..
«Бәтшаман» деп қылсаң, наз,
Йүр, балақан, йүр, йүр!..
Өліп кетер, бәтша баз,
Майда қадам йүр, йүр!..

Міне, еркек балаға құмарланып, аузынан суы құрып, өзеуреген осы өлең жақсы ма, жоқ:

Маржан, Маржан, жүрегім,
Қолыңда сенің күрегің,
Жұмыста жүрсің білемін.
Жалаңаш жұмыр білегің,
Мойнымнан күшшы, тілегім, –

деген жақсы ма?.. Қайсысы дұрыс?.. Әрине, шатасқан «құмарпаздықтың» қиялынан шындық дұрыс.

Ал, Нәзір айтар: «Сәкеннің өлеңдері тіпті қазақ әдебиетінің заңымен қарағанда да «ботқа» һәм «әдепсіздік» деп.

Түркістандағы қазақ жігіттері Нәзірдің қолына «қазақша үйрен» деп Абайдың өлең кітаптарын берген, Нәзірдің келтіріп отырған «бісмілләсі» сол Абай кітабынан.

Қазақ ақындарының ішінде Абайдан өлеңге шебер жоқ екені рас.

Ал Абайдың ғапықтық тақырыпты һәм әйелді өлең қылған ретінде сөздерін аралап, теріп алған кісіге Абайдың өлеңдерінің

ішінде тіпті бізден аулақ, тіпті сорақы кеткен жерлері бар. Абайды да Нәзір тіпті жақтырмауға керек еді ғой?.. Міне Абай өлеңдері:

Тар төсекте төсінді,
Иіскер ме едім жалаңаш.
Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып, тай-талас.
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көңіл мас!..

.....
Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Бой шымырлап, тән еріп,
Ішім оттай күйгенде,
Жүрек балқып игенде...

.....
Жақындай бер жуықтап,
Тамағыңнан аймалат!

Және Абайдың қызы айтады:

...Біз қырғауыл, сіз тұйғын,
Тояттай бер кел де алып,
Гүл шыбықтай бұралып,
Салмағыңа жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып...

деп. Абай айтады:

Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқи бер
Бозбалалар қолға алып...

.....
Иығы тиісіп,
Тұмандай көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жылайын, жырлайын,

Ағызып көз майын.

Айтуға келгенде

Қалқама сөз дайын.

Және Абай айтады:

Қандай қызда ләззат бар жан татпаған,

Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.

Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,

Алмасы өкпе болар қол батпаған...

Бұран бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,

Болады осындай қыз некен-саяқ.

Піскен алма сияқты тәтті қызды

Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егер де қолың тисе білегіңе,

Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.

Бетіңді тамағына таяп барсаң,

Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

Және Абай айтқан:

...Сай-сайға қыз-келіншек жоғалғанда,

Аулақта бар арманын қандыраға.

Бозбала іздеп табар сол барғанда

Болғанда тал шымылдық, шалғын-төсек,

Басына жастық болар томардан да.

Міне, әйелге айтқан өлеңдері осындай. Абайдың өзімен билікке таласа бастаған кешегі төмен атаның баласына кекетіп, мысал қылып келтірген өлеңдерін «бісміллә» орнына ала жүгірген Нәзір бұл өлеңдердің мағынасын неге сұрап алмады екен?..

Әттең, әділ тілмаштың аздығы-ай! Нәзір байғұс қайтсін. Нәзірге әйтеуір жамандау керек. Онан соң Нәзірекең менің «Азия» деген өлеңімді жамандайды.

Бұл өлеңді газет-журнал окитын қазақтың көбі-ақ көрген шығар.

Мен бұл өлеңді Маркстың қағидасына түп-тура келеді деп айтпаймын.

Бұл өлең Генуийский һәм Гаагский конференциялар болып, Еуропаның патшашыл үкіметтерінің елшілері жиналып, күншығыс халықтарына арам құлқындарын арандай ашып, обырлық саясаттарын іс жүзінде жүргізбек болып, барлық Азияны тырнақты шеңгелдеріне бүріп алмақ болып жатқанда, Азияның Еуропа құлдығында жатқан халықтарын қорғамақ болған Совет үкіметінің елшілерін жалғыздап, мүйіздеп жатқан уақытта патшашыл, обыр, жалмауыз, сұм Еуропаның бетіне соққан шоқпар еді. Орысша айтқанда «протест» еді. Шоқпарды, протесті әркім әр түрлі соғады.

(Восточная политика) Күншығыстағы ұлт қозғалысын Совет үкіметі Еуропаның обырлығына қарсы қоюға саясат жүргізіп отыр.

Менің татарды, мадиярды, ғұнды айтып қорқыттып, ақырында монғолды Еуропаның есіне салып, монғолдың білегін көрсетіп қорқытқаным – сол Совет үкіметінің Азиядағы ұлт қозғалыстарын Еуропа обырлығына қарсы қоюға саясат жүргізгені.

Бұл сондай пікір, «Нәзір сыншы», мұндай «Күншығыс саясатын» сіз де білсеңіз керек еді.

Бір татардың Англия агенттерімен қосылып Совет үкіметіне қарсы іс жүргізген айыпты адамын Ташкентте тергегенде «Нәзір сыншы» Ташкенттің мұсылмандарының алдында әлгі айыпты адамды прокурор болып қараламақ болып шығып, сол айыпты кісіден мынадай жауап сұрады деп есітіп едім. Нәзір сұрайды: «Сіз өзіңіз мұсылман бола тұра, бұл мұсылмандардың дұшпаны болып жүрген Англияның жағына неге шықтыңыз?..» – деп.

Міне, Нәзір Ташкент мұсылмандарының алдында айыпты адамнан осындай жауап сұраған... Ал онымен Нәзір коммунистігінен, марксистігінен шығып кетіп отыр ма?

Ол бір саясат, бірақ азырақ «демагогқа» мінген саясат. Менің «Азия» деген өлеңімнің ішінде рас, әдеті, антисемиттердің бетіне ұрайын деген де пікір болған. Ол пікірдің өте оғаш көрініп кеткені антисемиттердің өте көптігі. Хатта ондай адамдар өз араларымызда да аз емес.

Бұл өлеңді «талқандап» жамандағандағы Нәзірдің барлық мақсаты «анау жаман, Марксті білмейді, мен білемін» деген

демагогия. Рас, демагог шолақ кашардан да ыңғайлы һәм оңайлы өлсе!

Әйтпесе Еуропаның ұсталығына, «өнерлеріне», германдарына, машиналарына жалғыз-ақ Бұхардың молдалары ғана қарсы болар.

Және монғол келіп Еуропаға ұсталық үйретеді, ғылым үйретеді деп ешкім айтқан жоқ.

Қазіргі Еуропаға, монғолдың білегін көрсетіп «жауыздығынды қоймасаң, монғол сені үйретер...» деген сөз, ұсталыққа һәм ғылымға үйретер деген емес. Жауыздығынды қоймасаң тағы, надан, шикі ет жеген, алақандап қап ішкен, монғолдың ардасы мөңкіп, тулап мойнының үзін жіберер деген сөз.

Үндістан, Ауғанстан, Фарстан, Түркия, Мысыр, Қытай – бәрі бірігін Англияның патшашыл үкіметіне қарсы тұрып, Англияны быт-шыт қылып әлсіретіп, мойнын артына қайырса, Совет үкіметінің қазіргі қоңілдегі жерінен шықпас па еді?.. Мұндай қозғалысты қуаттаумен Совет үкіметі коммунизмнің жолынан тайған бола ма? Күнәлі бола ма? Нәзекен айтады: «Азияны Еуропамен жауластыру білімсіздік, ақылсыздық» дейді. Жарайды. Бірақ Нәзірдің бұл ақылын Совет үкіметі неге алмай жүр екен? Нәзір мен лорд Керзиннің жақсы «мәслихатын» Совет үкіметі неге алмай жүр екен? Чичерин неге құлақ қоймай жүр екен?

Және Нәзір айтады: «Әдебиет митинг емес, біздің міндет Еуропаның ұсталығын үйретіп, Кеңес өкіметін күшейтіп, көркейту...» деп.

Па, шіркін-ай!.. Бұл сөзді біз жаңа есітіп отырмыз ғой!.. Нәзір білгіш бұл сөзді енді айтып отырса, біз бұл сөзді 1917-ші, 18 – 19 – 20 жылдарда айтқамыз... Нәзірдің мұнысы баяғы «ол жаман, мен жақсы» деген демагогия.

Ал Нәзір: «Еуропаны неге жамандайсың?» десе, Еуропаны жамандамай отырған кісі жоқ. Еуропаны тексеріп сөз қылғанда қазіргі бастықтарымыз екі сөздің бірінде «қартайған», «шіріген», «жаләп», «жойылайын деп бара жатқан Еуропа» дейді.

Нәзір менің «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге», «Иван мен Мырзабекке» деген өлеңдерімді жамандайды.

Бұларға ешбір дәлел айтпай, құр «эйтеуір жаман» дейді. «Мұндай өлеңдермен кісі революция ақыны болмайды...» дейді.

Нәзірдің өзі де «дәруіш» деп қол қойып, өлең тәрізді бірдемелер жазып жүретін, «жақсыны көрмек үшін» дегендей соларын Нәзір бір жақсы шебер тілмашына қазақшаға перевод қылдырса көрер едік. Нәзірдің қандай революция ақыны екендігін. Нәзірдің көкейін тескен мақсаты өзбекше, татарша, қазақша һәм басқаша жазып, «жақсы», «ағақты» жазушы болу ғой. Өлеңдерін қазақшаға с удовольствием аудартар.

Ақырында Нәзір менің уақ-түйек переводтарымды жамандайды һәм ол переводтарға нанбайды. «Сәкеннің өз ойынан шығарып жүрген сөздер» дейді.

Олар, мәселен, мына бір уақ сөздер: фарсының ақыны Шейх Сағдидан:

Ән мен күйге түйе де
Шатланар, хайуан десек те,
Сезбейтін оны адамды
Салпаң құлақ есек те, –

деген. Һәм Жапон ақыннан:

Сүйгеніме жасырын,
Түнде жалғыз барсам мен,
Терезе ашып сүйісіп,
Аузынан бал алсам мен.

Арсылдап ит сен мені
Қорқытпа деп «қабармын!»
Тастасам сүйек үрмесің,
Көңілді сөйтіп табармын.

Бұл өлеңдер туралы Нәзір айтады: «Шейх Сағдида мұндай өлең жоқ болса керек еді. Және ол заманда бұл заман түйенің ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ» дейді. «Ақмоланың түйесі

болмаса, өзге жердің түйелері ән мен күйге шатланғанын көргенім жоқ» дейді.

Әттең, асқан ақылдылық-ай!

Дұрыс, білмеген тілді «білемін» деп мен Нәзір Төрқұлов тәрізді мақтанып шатаспаймын.

Бұл уақ өлеңдерді мен жапонның, фарсының һәм төменгі көрсеткен өлеңді поляктің өз тілдерінен аударғаным жоқ, мен бұл уақ өлеңдерді орысшадан кезі келген уақыттарда перевод қылып кеткемін. Орысшаға өтірік жазған болса переводчиктердің, «тілмаштардың» жандары шықсын. Переводчиктердің қолына қарау Нәзірдің өз басында болған іс еді, бұған Нәзір түсінсе керек қой. Енді Нәзірдің түйе ән мен күйді сезбейді, сезсе жалғыз «Ақмола түйесі сезер» дегеніне келейік.

Бұл енді Нәзірдің әйтеуір жамандайын деген ниетпен жамандауға асыра басып жіберіп, артынан Ақмолаға кіжінгенін байқамай көрсетіп алғаны.

«Күйді түйе сезбейді» деп Нәзір білгіш айтады. Ал өзге жұрт: «хайуандардың бәрі де күйді сезеді...» дейді. Біз, сірә, сол «Нәзір білгіштікінен» көрі көптің айтқанын алармыз деймін...

«Би адамның тәнінің негізінің өзінен шығады... Шапқан ат, жүкті түйе, ескек ескен қайықшы һәм балға соққан ұста қандай есеппен билеп ритмический қимыл қылса, олар да сондай қылады. Ритм (би) біртүрлі жақсы сезім туғызады. Һәм сол себепті ритм (би) жалғыз жұмыс қылғанда ғана жеңілдік келтіретін зат емес, ритм (би) өнерлі яки надандығына қарамай барлық адамзатқа бірдей көркемдік ләззатын беретін зат» дейді Карл Бухор.

Міне, жоғарғы айтқанға қарағанда адам болсын, хайуан болсын күйді һәм биді (ритм һәм гармонияны) сезбейтін жан жоқ, сол адам болсын, хайуан болсын күйді һәм биді сезетін жалпы жанның ішінде Нәзір айтқан «Ақмола түйесі де» сезуге керек.

Жалғыз-ақ күйді, биді сезбейтін әлгі Сағди айтқан салпаң құлақ есек болар. Оның ішінде де Түркстанның салпаң құлақ көк есегі болар.

Тағы да Мицкевичтен менің көшіргенім:

Жақсы көрсін десең ит
Жақсы көр итті өзін де.
Ұмытпайтын бұл бір сөз
Лұқман айтқан кезінде...

деген сөз бен жоғарғы жапон өлеңінен көшірген тағы да итке айтқан сөзді мен 1917 жылы Ақмолада бізді большевик болдындар деп сыртымыздан балағаттап жүрген бірқатар мырзаларға айтқамын. Оны «не себепті жазған?» деп бұл бір 7-8 жол сөзге тамсанып Нәзір «сыншы» басын сындырмай-ақ қойғаны жөн еді.

Және жоғарғы келтірген 4 жолдық «жақсы көрсін десең ит» деп бастаған сөзді Мицкевич өз басынан шығарған көрінбейді, оны Мицкевич те Лұқманнан алған болса керек. Өтірік айтса жаны шықсын.

Міне, Нәзір сыншының «Асау тұлпарды» сынға салғанда, жамандағанда, айналдыра кеткенде дәлел қылып алған өлеңдері осы хәм оған сипай қайырған қазақша жауаптарымыз осы. Әттен өзбекше, татарша жетік тіл білмеймін, егерде білсем Нәзірдің әлгі «мына жақта бір Сәкен деген әдепсіз, білімсіз өлең жазған адам бар, оны біліп қойындар, мен ондай емеспін, мен әдептімін, мен білгішпін, мені біліп қойындар...» деп жазған өзбек газеттеріне де, татар газеттеріне де жазып жіберер едім.

Тілмаштар (переводчиктер) іздесем маған да табылар еді, бірақ Нәзір айтқандай, одан не пайда?..

(Керек қылса, туралыққа қараса, бұл сөз қолдарына түссе, ол газеттің өздері де басар, баспаса керегі де шамалы).

Нәзір сынында жазған: «Азия» деген өлеңді жазғанда Еуропаны жақсы жолға бастайын деген болса, «Еуропаға қазақша жазудан пайда шамалы» деген.

Бұл не деген сөзі?

Бұл «Еуропалықтар қазақша оқымайды, сол себепті оларға қазақша жазғаннан не пайда?» деген сөз болады.

Біз сұрар едік: өзбектің, татардың балалары қазақша оқымайды. Үлкендері ақылы толық, олар оқыса да «Асау тұлпарды» керек қылмайды...

Ал, олар үшін олардың тілінде «сын» жазудан не пайда екен?

Рас, бір зор пайда бар, ол Нәзір Төреқұл баласының атын жариялау. (Афиша, реклама жақсы нәрсе. Қазір бұл тәсілге біздің «трест, бумдар» хәм гумдар да түскен көрінеді).

Қысқасы, «әдебиет митинг емес» деп, әдебиетті ондай нәрселерден таза, пәк сақтау керек деп Нәзір «сыншы» айтса да, өзінің саясат хәм әлеумет ретіндегі бізге кіжінген запыранын «Асау тұлпарға» әкеп төгіп, «қаптырмалы сынын» жазған болған.

Жұрт екі сөзді енді қатар салып көрер.

1923 жыл.

ЕЛ АСЫЛЫН ЖАСЫТПАНДАР

Әдебиет – халық айнасы. Ақынның жыры, әні, жазушының кестелі, майда сөзі елдің тілін кестелейді, тұрмысын суреттейді, сезімін оятады. Елге тура жол бастайды, түзу тәрбие береді, қысқасы, елдің білім жүзінде теңдігін әпереді, елдігіне жеткізеді.

Бірақ, бұл күнге дейін біздің көп ақын, жазушыларымыз аяқ-қолын көсіле алмай келеді, талай жыршы-сыршы сезгіш ақындарымыздың, жазушыларымыздың өлеңі, сөздері көбі жарыққа шықпайды, елге ұсынылмайды. Ешбір пайдасыз, басылмай қалады. Бұған себеп болып отырған жазушы, ақындарымыздың күйсіздігі. Көбінің күн көруінің қиындалуы. Ел надандығымен бұларды бағалай алмайды, кәдірсіз ұстайды. Мұны іс басындағы жауапкер қызметкерлеріміз көрмейді.

Бұл хәл, әрине аяныш хәл. Ұмытпасқа керек, біздің надан елді жарыққа шығаратын, білім сатысына, маданиятқа аяқ бастыратын, елдің сана-сезімін оятып, тілегіне жеткізуге себепші болатын ақындарымыз, жазушыларымыз. Еңбекшіл халықтың қамын жеген адамның ең зор міндеті жоғарғы айтқан ақын, жазушыларымызды кәдірлей білу керек. Ел асылы деп ел қамы үшін олардың жазғанына зор баға беру керек, тілектес, көмектес болу керек. Бұл еңбекшіл халықтың тілегі, пайдасы, сондықтан, іс басындағы жауапкер азаматтардан біздің өтінетініміз жергілікті ақындармен, жазушылармен жақын, жиі қатынас қылуымызға жәрдемдес болса екен. Жергілікті ақын, жазушылардың жазғанын біздің журналымызға, не ерекше кітапша қылып бастыруға жібертіп тұрса екен.

*Күншығыс баспасөзінің басқармасы.
Мәскеу, Трубниковский переулок, 19- ұй.*

«БАҚЫТ ЖОЛЫНА» СЫН

(Үш бөлімді пьеса)

Садуақас Сейфолла ұлынікі. Бастырушы. Қазақстанның мемлекеттік баспасөз баспаханасы. 1922 жыл, Орынбор.

Сейфолла ұлының өлең, пьеса кітаптарымен қазақ халқын ағарту жолына Қазақстан баспасөзі бел байлап, әбден кіріссе керек. Сейфолла ұлы журнал оқушыларымызға мәлім. “Темірқазық”-тың өткен санында да Сейфоллаұлының үлгілі, дәнді өлеңдерін жырлағамыз. Өлеңдерінің қызық жерлерін оқушыларымызға тартқамыз. Әрине, Қазақстан баспасөзінің надан қазақ елін ағартамын деген жолы – қасиетті жол. Бірақ, бұл қасиетті жолды қалай іске асыруға керек. Мінеки, гәп сонда. Қазақстан баспасөзінің жолы – баяғы жол, қалың бұқараны қалай ағартуды білмейді. Сорлы “Асау тұлпарда” нені көрсек, “Бақыт жолында” да сол көргенімізді растап отыр.

Пьесаға келейік. Пьесада не көрсетіледі? Пьесаның қысқаша мағынасы мынау: Мүслима деген қызды әкесі Терлікбай Нөгербай деген болысқа бермекші болады. Терлікбай қызын болысқа берумен екі пайда таппақ; бірінші майдандағы қара жұмысқа алынайын деп тұрған баласын босатпақ. (Қызыңды берсең, балаңды іспескіден шығарам деген болыстың уәдесі болады). Мүслиманың кәрі, бай Нөгербайға барғысы келмейді, Мүслиманың сүйген ғашығы Біржан деген мұғалім болады. Мүслиманы болысқа беруді үлкен ағасы Ермек те ұнатпайды. Ермек әкесіне ұрсады. Жігіттерді жиюмен пайдаланып, халықты жеген би, переуодшиктерді, қалпелерді тілдейді. Олардың арсыздығын, сатылатындығын, өтірік діншілдігін бетіне басады. Рас, Ермектің халықтың надандығымен – жаман әдетпен күресуі кейбір жерлерінде балалық, топастық, томырақтығын көрсетеді. Мәселен, молдалардың алдында “мұқатам” деген кісіше Ермек бөріксіз, жалаңбас отырады. Домбыра шертеді, шылым тартады. Желіге көтеріліп, әйелдің теңдігі туралы сөздер сөйлейді. Бірақ, бұл мінездердің бәрі көзге түсе қоймайды. Пьесаның негізгі мағынасымен білінбейді. 17-жылы февраль төңкерісі болады. Дуанда “халық” халқымен білінбейді. Әйелге жол ашылады. Мүслима сүйгенімен қанады. Міне,

пьесаның бар мағанасы осы. Театр кітаптарына қоятын өлшеуді бұл пьесаға өлшеп болмайды. Жазушының жақсы ойы, қазақ ішінде қазақ әйелінің теңсіздігін көрсету. Бұл міндетін жазушы өз шамасынша жығыла-сүріне орындаған. Қазақтың бір бұрышында болған уақиғаны жазу үшін, дән сыршылдық, өзгерісшілдік керегі жоқ. Сахнада пьеса көрушілерге не реніш қыларлықтай, не сүйенерліктей жаңа рух бермейді. Өйткені, бұл пьесада ондай “өзгеше бір әлеуметшілдік оты” жоқ. Пьесада теңдік сезімінің өзі Ермектің басында ғана. “Тап еркіне” Мұслимада алып ұшып тұрған ештеңе жоқ. Мұслиманың өзі теңдікке селқос. Бұлай болғанда, бұл уақиғаны пьеса деп жалпайтпай-ақ тұрмыстан алынған сурет (картина) деп қана қою керек еді. Ол уақытта қоятын өлшеу де басқа болар еді. Бірақ, сұмдықтың бәрі пьесада емес, драматургтың қабаттастырған эпилוג өлеңінде. Эпилогтың нағыз “маңызды, үлгілі” жері:

“Қалың қиын бөгетті,
Кеудемен бұзу, жол ашу.
Тұманнан шығу жарыққа;
Бақытқа тынбай таласу,
Сүю, сүю хәм құшу!..
Махаббат шарабын ішу!
Міне өмірдің дәні осы!
“Тіршіліктің мәнісі!..”

Міне, жазушының сикы. Қазақ әйелін теңелту деген мәселені қалай шешеді?! Айтатын ақылы не?

Сүю, сүю хәм құшу!
Міне өмірдің дәні осы!
Тіршіліктің мәнісі.

Алжысаң осылай алжы! Тіршіліктің мәнісі “құшу, сүю”. Өмірдің дәні де “сүю, құшу!” дегенді Сәкен жолдастан естідім. Сәкен көргенін жазғанда тыңдауға, оқуға болады.

Ал енді өзінен бірдене жазам деп, “білім” шығарам дегенде Сәкенді “құдай” ұрады. Сәкеннің айтатыны баяғы бір Қаратау, баяғы бір мінез, баяғы бір сөз. “Мен оны құшақтадым, ол мені

құшақтады”, тіршіліктің мәнісі сүю, құшу! Сәкеннің өзінен шығарған психологиясының негізі осы.

Тұрмыстың талқысына түспеген, келешектен күткені көп, жас оқушыларымыздың “тіршіліктің мәнісі сүю, құшу” деген “терең” сөздерімен Сәкен “ақын” жүрегін айнытып бітірді. Сәкеннің қай “философиясы” болсын жүрегінді айнытпай қоймайды. 1923-жылда, кеңес hükіметінің алтыншы жыл дәуірінде халықты бұлай ағартуға болмайды. Кеңес hükіметі бұлай ағартпақ емес. Сәкен жолдасқа айтатын ақыл, қашанда болса не істесең де, не сөйлесең де революцияға не пайдалы екенін ойлау керек? Не сөйлегенінді өзің білмей, жоқты барды сөйлеу ме, жоқ, бірдене деуден бұрын әуелі өзіңе біліп алу керек пе? Басында ақылы бар адам соңғы жолды қабылдаған.

Біздің тұрмысымызда да соңғы жол пайдалы.

«Темірқазық» журналы, №2-3, 1923 жыл.

ӘДЕБИЕТ ҒӘМ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

I

Әдебиет адам баласы хат жазуды білгеннен кейін туған нәрсе. Адам баласының тұрмысының түрі, тұрмысқа көзқарасы, өмірінде тіршілік қылу жолында сансыз еңбекпен алған тәжірибе, білімдері халықтың көкірегіне орнаған иманы. Жақсы тұрмыс іздеу жолында әм тұрмысын жақсылау жолында, адам баласының табиғатпен, бір-бірімен жауласып тартысқандары, әлеумет істерінің бағыты, ағындары, осының бәрі қай заманда болса да, қай жерде болса да баяндалып қағаз бетіне түссе, соны әдебиет дейді. Әдебиет әр түрлі:

Өнер, білім туралы жазылған сөздер, кітаптар бар, олар – өнер, білім әдебиеті.

Шаруашылық, әлеумет, саясат туралы жазылған сөздер, кітаптар болады. Олар – шаруашылық, әлеумет, саясат әдебиеті.

Бұлар былай тұрсын. Бұл күнде көбіне «әдебиет» деп көркем әдебиетті айтады. Ол мынау:

Әр заманның ғәм әр замандағы халықтың тұрмысы қандай. әм тұрмысқа көзқарасы қандай екендігінен анықтап мағлұмат беру үшін жазылған сөздер. Және әр замандағы халықтың әр тараптарының көкірегінде имандары қандай болған екендіктерін суреттеп, мағлұмат беру үшін жазылған сөздер. Және сол әр таптың адамдары тұрмыстарын жақсылау үшін қылған әрекет-ғамалдарын әм махаббат, бақыт іздегендері қандай болғандығын баяндап, суреттеп жазған сөздерді, кітаптарды көркем әдебиет дейді, не тек әдебиет дейді.

Осы күнде «әдебиет» дегенде әм әдебиет туралы сөз айтқанда сол көркем әдебиетті айтады.

Көркем әдебиет халықтың жақсылы-жаманды тұрмысынан жазылған гибратты хикая. Халықтың жақсылы-жаманды тұрмысын халықтың алдына суреттеп әкеп, гибрат, үлгі үшін салған көркем сөз.

Көркем әдебиет, мәселен: роман (ұзын хикая), әңгіме, драма, опера (театр актёрлары), олең, жыр – осыларды әдебиет дейді.

Әдебиеттің туған жері – Азия. Азиядан Еуропаға жайылған, одан қалпына жер дүниеге жайылған.

Әдебиет айны мысалды. Ол айнаны адам баласы алдына қарсы ұстап көле жатқан тәрізді. Адам баласының түрі, қияпаты өмірінде бірге бірге алдыменіне түрге түсіп отырмақ. Адамның түрі өзгерсе, айнааның суреті де өзгереді. Халықтың тұрмысы өзгере бастаса, әдебиеттің көкірегіндегі иманы өзгере бастаса, білімі өзгере бастаса, әдебиеті де өзгере бастайды.

Адам баласының тұрмысының әм дүниеге көзқарасының өзгергеніне қарай әдебиет те өзі туып, дүниеге таралып жайылғаннан бері тасай түрге, талай жайға, талай ағынға түсті, талай дәуірге түсті.

Өкелерінің тұрмысын алдарына суреттеп беріп, жақсылықтарынан үлгі беріп, жамандықтарынан сақтандырып, әдебиет адамды түзеді. Кейінгі жас буынды тәрбиелейді. Әдебиет – үлгі.

II

Туған мысал хикаялар жазылған. Бұлар жазылғанда қаһарлы патшалар туралы, патшазаданың туралы, қол бастаған қаһарман, батырлар туралы, олардың соғысы, жекпе-жектері туралы жазылған. Бұлар туралы олеңдер жазылған. Дүниені пәни қылып, мал-мүліктері мен тәж-тақыттарынан безген, ғашықтықтан мәжнүн болған патшазада, ғашықтар туралы жазылған. Патшалардың нөкерлері, салтанаты туралы жазылған.

Олардың нөкерлі, күтулі қатын-қыздары тұрмысынан, олардың жұмақтай көркем зейнетті сарайларының, бау-бақтарының жайлары жазылған. Әдебиеттің бұл нұсқасы Азиядан көшіп Грецияға, Италияға барып, туып, өсіп, гүлденіп толған. Бері келе әдебиеттің бұл нұсқамен, бұл бағытпен барысы кеңейіп, көркейіп келіп театр жасалған. Бұл бағытты әдебиет өзінше толған соң кітапты, театр кітабын қалай жазу керек деп, шарттар жазылып, әдебиет әм(театр

сол шарттармен жүре бастап, дәуірлеп, шарасынан асып, көркейіп, жалпы Еуропаға жайылған. Еуропаның әдебиеті сол нұсқа мен сол бағытта, сол дәуірде кеңейіп, гүлденіп келген. Міне, бұл дәуір XVII ғасырдың ақырына шейін толықсып келді. Бұл дәуірді классицизм дейді. Классицизм Италиядан, Грециядан жалпы Еуропаға жайылған.

Еуропаның әуелгі зор жазушыларының бәрі сол классицизм үлгісімен жазып, соған еліктеп көркем сөз, шеберлік, көркем іс жалғыз-ақ ескі Италияда болады деп келген.

III

Классицизмнің жолы сол – жазушы жазғанда қылдан таймай белгілі үлгімен жазады. Жазылған сөздің әр мүшесінің қиықтары дәл, түгел келіп отырады. Сөздің әр мүшесі өлшеулі болады. Сөздің рухы, ызбарлы әуені болады. Театр кітаптарын жазғанда театр майданына көрсетілетін оқиғалар бір жерде, бір уақытта болулары керек. Оқиғаға қатысқан қаһармандардың, геройдың сөздері күшті, ызбарлы, суық әуенді болу керек.

Ескі Италия Грецияның бұл түрлі көркем әдебиетін, шеберлігін, көркем заттарды жаратуларын ұнатты. Көркем заттар мыналар: сурет, әдемі сарай, үй, сырнай, күй. Әм сол ескі Италия Грецияның классицизмнің жоспарымен жазды. Еуропаның атакты жазушылары мыналар: Гете, Шиллер, Шекспир әм басқалар.

Бұларға күллі Еуропа жазушылары еліктеп жазды.

Еліктеу келе-келе көз жұмып еліктегенге айналды. Мәселен, Руссияда Херасков деген жазушы ескі Грецияның Гомер деген ақынының «Иллиада» деген қаһармандар, тәңірлер тұрмысынан (тәңірлер дегені – ескі Италия, Греция дінсіз болған) өлең жырмен жазылған хикая кітабына еліктеп, «Руссияда» деген өлеңмен жазылған кітап шығарды. Бұлардың жырлары ылғи зорланып, әуеленіп, салқын ызбарланып отырады. Әрбір өлеңдері басталғанда, зорланған, әуеленген сөздермен басталады.

Гомердің Иллиадасының әрбір бөлімдері мынадай сөздермен басталады. Мәселен, қазіргі ақындардың «таң атты, күн де шықты

қуаңдай бол» деп айтатын сөздерінің орнына былай дейді: «Патша із қыркы младая, золотыми перстами эрое».

Оның қазақша мәнісі мынау:

Алтын қолды мүбәрәк,

Тәңірдің көркем жас қызы,

Тұманнан шықты жарқырап.

Бұған еліктеп Руссияның XVIII ғасырдағы ақыны Херасков ақынның «Руссияда» деген жырмен жазылған кітабын былай деп бастаған:

«Ново Россію освобожденную

От ига варваров татар»

Оның қазақша мәнісі мынадай болады:

«Руссияны жырлаймын, –

Аң-хайуандай татардың

Құлдығынан құтылған...»

Херасков Иллиададағы еліктеп, кітабын соған ұйқас «Руссияда» қытқан. Осындай рухпен орыстың Екатерина деген қатын патшасын қаластан жазған Державин деген ақыны бұған азырақ еліктеп жазып жүрді. Мәселен:

«О богоподобная цревна,

Киргиз капышской орды!»

Оның мәнісі мынадай болады:

«Уа, қазақ-қыргыз ордасының тәңірдей патша ханымы!»

(Екатеринаны Державин бір мақтап өлең қылғанда қырғыз-қазақтың патша ханымы деп айтқан. Өзін қырғыз-қазақтың, татардың мырзасы деп айтқан. Державин Руссияның ең алғашқы ақыны, өзі христиан дініне кірген ноғайдың мырзасы екені рас).

XVIII ғасырдың ақырынан бері әдебиет патшалардың, патшазадалардың һәм қаһарман батырлардың қапасынан кеңшілікке шығып, жалпы халыққа бірдей бола бастайды.

XVIII ғасырдың ақырынан бері әр реттен халық алға басып, әдебиет классицизмше «ханзадалардың», батырлардың тұрмысынан ғана белгілі шартпен жазылуды, әуелі зорланған суық ызбарлы рухпен жазылуды тастап, жаңа жол іздей бастайды. Жаңа жол

іздеуге себеп – жалпы халықтың сауаттанып, оқу-білім халыққа тарағандық. Халық дәулетінің бір қолға жинала бастап, әрі байлар шыға бастағандық. Бұқара халықтың көзі ашылыққырап, классицизмнің үлгісімен жазылған әдебиеттің жалпы халыққа жат екендігін әбден көріп, одан жеріп, жалпы халықтың оқыған жастары өздеріне сүйкімді жан азығын іздегендік.

Классицизмнен жеріп, оны жат көріп, әдебиетке жаңа түр іздеген, әрине, жастар.

Жастарға әдебиеттің жаңа жолын іздеткен, түрін іздеткен сол XVIII ғасырдың ақырында Еуропада әлеумет майданына шыққан жұмыскерлер табы – пролетариат.

Жұмыскерлер табын туғызған сол XVIII ғасырда жетіліп, дәуірлеген капитал. XVIII ғасырдың ақырында, XIX ғасырдың басында жұмыскер мәселесі әлеумет ісінде бір негізгі зор мәселе болып шыға бастады. Бұл төменнен жоғары кернеген жұмыскерлер табына, XVIII ғасырдың ақырына шейін гүлденіп, толықсып келіп, бір қалыптан аса алмай тіреліп тоқыраған классицизмді қалдырып, әдебиетке жаңа жол салдырған Еуропаның күшейе бастаған капитализмі хәм онымен қатар тағы да ұйысып, капиталмен күрес майданында ысылып, білім ала бастаған, жауын жеңбей тынбайтын тарихи күш – жұмыскер табының дүмпуі, пролетариат капитализм дүниесінде күшейе бастаған соң, Еуропаның әр елінде ұлт сезімі ояна бастады.

Ояна бастаған ұлт сезімі сол уақытқа шейін Еуропа әдебиетін қапаста ұстап, сол қалыптан шығармай келе жатқан Италияның көркем сөз шеберлігіне (Итальянскому искусству) еліктеуді тастатып, классицизмді тастатып, отан – ұлт өнерлерін, ұлт тарихы шеберліктерін майданға шығарта бастады. Шеберлік, көркем сөзге ерік, бостандық керегін айта бастады. Не нәрсеге болса адамның рухы, қиялы ерікті дей бастады. Адамның еркін рухы, еркін қиялы ешбір тәртіпті білмейді, әрбір жаратылған зат көркемдікті мақсат қылады, көркемдікке ұмтылады. Ол көркемдікті жалғыз-ақ өзінен ғана табады. Тіршіліктің барлық көркі адамның жалғыз өзінде ғана.

Табигат адамның рухын, табиғатын таза, көркем, нәзік, биік әуелі қылып тәрбиелеуі керек деді.

Міне, бұл түрлі әдебиетті романтизм деді. Романтизмнің және бір белгісі мынау: дүниеде тәңірдің жаратқан екі тілі бар. Біреуі табиғат – жаратылыс (природа), біреуі – көркем сөз шеберлік (искусство). Жаратылыстың тілімен тәңірі өзінің бар екенін білдіреді. Көктің, бұлғттың күркіреуі, жасылдың жарқылдауы, ағардың ағуы, өсуі, қамыстың сылдыры, судың сарқырауы, жанбарылардың сыбыры – міне осының бәрі адам баласының ақылы жетпейтін жастарып сырларды сөйлейді. Бұл – тәңірінің бір тілі. Ал тәңірінің екінші тілі – шеберлік. Мұнымен де тәңірдің жасырын сырлары білінеді. Сөйтіп романтизм көркемдік, ұлттық шеберлікпен тәңірді, жаратылысты, дінді бәрін бірге қосып қояды.

Романтизм ең әуелі Германияда туды. Романтизм туған уақытта Еуропада зор тарихи, саяси оқиғалар болған қарсаң еді.

Францияның XVI Людовик деген патшасын халық тағынан түсіріп, оған жатқасына бұйырып, басын алды. Одан Наполеон патшаны күлді Еуропаға жанып, өзіне бағындырды. Оған әр жүрттің ұлт патшасы өңіліп, әр ұлт «намасы, ары» үшін Наполеонға қарсы тұра бастады. Еуропа долы жүргендей күңіреніп, ашыққа түсіп, бұрынғы ұйқысынан ояна бастады. Біртүрлі өнер-білім, өнердің тууына шаруашылық хәм саясат өзгерістері себеп болады.

Романтизм барлық Еуропаға, барлық жер дүниеге жайылып, классицизмді әдебиет тарихында артта қалдырып, ер жетіп, гүлденіп, толықсып, дәуірлей берді.

Әрине, әр жаңалыққа ескілік қарсы тұрмай қалған емес. Жаңалық пен ескілік ешбір уақытта тарих жүзінде күреспей, майдандаспай қалған емес.

Мұсылман дүниесіндегі «усул жәдид» пен «усул қадимның» күресі тәрізді, тарих жүзінде әр жаңалық пен ескілік күреспей қалған емес. Сондай-ақ жаңа туған романтизм мен қартайған классицизм қатты күрескен. Күрестің зорлығын мынадан білуге болады. Францияның атақты Гюго деген жазушысы ең алғашқы

классицизмнің тар матауын тастап, корольдардың ғана тұрмысынан, олардың баққұмарлық, «әуейленген ғашықтық» қаһармандықты жоғары тұтқан ар-намыстылықтарын ғана жазуды қойып, жай бұқара халықтан шыққан бір ерді бір король қызға таластырып пьеса жазған. Пьесаны жазғанда классицизмнің ережесі бойынша барлық оқиға бір орында, бір күнде болатын қылмай, әлденеше орында, әлденеше уақиға қылып хәм пьесаның сөзін патша, корольдардың сарайындағы «құп, тақсыр!» «алдияр тақсыр!» деген тәрізді сұм сөздерді жазбай, бұқара халықтың сөзімен жазған. Бұл пьесаны ең алғашқы театрға қойғанда жиналып көрген жұрт күлкі, мазақ қылған. Жиналған жұрттың ішіндегі аз ғана сол жаңа жолды қуаттаушылар болмаса, өзге әлеумет пьесаны келеке қылып, ертеңінде барлық газет-журналдар мазақтап «сын» жазып, ақырында таластың күшейіп кеткені соншама, бір-екі жігіт, біреуі жаңа түрмен шыққан пьесаны мақтап, біреуі жамандап, екеуі жекпе-жекке шығып, біреуін біреуі өлтірген. Бұл әдебиет тарихындағы Гюгоның атақгы пьесасының аты «Эрнани» еді.

Әрине, ескілікті қуаттап, жаңалықты жау көріп, жаңалықты кірпідей көргендер хәм жаңалықты «әдепсіздік» деушілер «жоғарғы стильдің» мырзалары хәм олардың құлдары болған. Бұл тарихтың әдеті әр заманда, әр дәуірде мейлі әдебиет жүзінде болсын, мейлі басқа бір өнер-білім жүзінде болсын жаңалықты алғы «бұзықтық», «әдепсіздік» деп санамақ. Бірақ, бірте-бірте ақырында жаңалық, жаңа ой, жаңа жол, жаңа мақсат жеңбек. Өйткені ол жаңалықтарды туғызып отыратын ілгері басып келе жатқан тұрмыс, тіршілік, сонымен романтизм дәуірледі. Романтизм ережесінің бірі – әдебиетті көркем айна деп тану. Бірақ ол байлар мен оқығандар үшін ғана керекті көркем айна. Әдебиет адамның «рухын көркемдікке шақырмақ». «Адамды тәңіріге жақындастырмақ». Әдебиет тұрмыстың «лас», «былғаныш» жақтарына айналмай отырмақ. Әдебиеттің бұл романтизм дәуірі XIX ғасырдың ортасына шейін келді.

Романтизмнің алғашқы бастықтары Германияда: тек ағайынды Гюгелер, Францияда: Шатобриан, Руссо. Англияда: В. Скотт, Байрон, Ресейде: Карамзин, Жуковский.

XIX ғасырдың басқы кездерінде Еуропаның жалпы әдебиетінде сол уақыттағы Еуропа әлеуметінің тұрмысқа риза еместігі жалпы қасіреті жазылды. Әдебиеттің бұл күйінің бастаушысы Англияның жазушы ақыны Байрон болды. Байронды көп аялаушы үлгі қылды.

XIX ғасырдың орта кезінен бастап әдебиет дүниесінде романтизм бірте-бірте ескіре бастады. Оның ескіре бастаған себебі: сол кезде жаңа зор машиналар шығып, капитал ұлғайып, жұмыскер табы көбейіп, Еуропада жұмыскер табы (пролетариат) кернеп күшейе бастады. Әлеумет істерінде жұмыскерлер мәселесі бірінші орында болып, жұмыскерлер тұрмысы туралы, жұмыскерлер мақсаты туралы сөздер күшейе сөйленіп, жұмыскерлер ұйысып тізе қосып, байлармен басымырақ күресе бастады да, жұмыскерлер тұрмысынан әдебиет жазылып шыға бастады. Маркстың «Жер жүзінің жарлылары, бірігіңдер!» деген ұраны жайыла бастайды. Енді әдебиет айнасына халықтың жоғарғы табының құр көркем қызықты зейнетті, тәтті, тоқшылықты, шаттық жақтары ғана түспей, халықтың төмен таптарының ащы, ауыр, қиыншылық, аш-жалаңаш жайларынан жазыла бастады. Әдебиет кедей мен байлар табының бір-біріне жау, қарсы екенін көрсете бастайды. Әдебиетке сол уақытқа дейін шетте қалып келе жатқан жұмыскерлер табы да ортақ бола бастады.

Барлық халық тұрмысының әдебиет айнасына күнгей беті де, теріскей беті де түсе бастаған соң халықтың жоғарғы таптар тұрмыстарымен қатар, төменгі таптарының да тұрмыстарының суреттері түсе бастаған соң әдебиет енді жалпы халық тұрмысының шын айнасы бола бастады. Тұрмыстың тек көркем жағын ғана суреттемей, әлеуметтің әр табының дүмпуімен әдебиет енді тұрмыстың нашар жақтарын да суреттеп, тұрмыстың шын суретін көрсете бастады. Әдебиет енді бұрынғыдай тұрмыстың нашар жақтарын жасырмайтын болды.

Бұл – тұрмыстың екі бетін бірдей көрсететін ережелі әдебиетті реализм деп атады. Реализм сол XIX ғасырдың ортасында туып, ер жетіп өсіп, қазіргі біздің уақытымызға шейін көркейіп, жер дүниеге жайылып келді.

Реализмге де әлеуметтік «мырза жанды», «мырза танды» нәзік табиғатты таптары қарсы болып, кірпіше жиырылып, «жеркеніп» баққан. Бұл жаңалықпен де күресіп баққан. Бұл үшін де біреу ескілікті қуаттап, біреу жаңалықты қуаттап, әлеумет екі тапқа бөлініп майдандасып, қыза-қыза қан төгіп те ұрыс қылған. Реализмді де кекетіп жыланша шағып баққан. Мәселен Германияда Кауфман деген жазушы «Күн шығардың алдында» деген пьесасын жазып, оны алғашқы театрға қойғанда театрдағы халық ду шуылдап, айқайлап, жанжал шығарып, жазушыны ианаттап, қарақаттаған. Бірақ мұндай жаңалық жеңбей қойған емес.

Классицизмдей өліп қалмай, дүние әдебиетінде реализммен араласып романтизм де келді. Бірақ әрине романтизм бұл уақытқа шейін реализммен араласып келгенмен, неше түрге түсіп, әшейін жалпы әдебиетке қосымша артық астар, артық бояу тәрізді болып қана келді.

Реализмнің алғашқы бастықтары Францияда: Бальзак, Эмиль Золя; Англияда: Диккенс; Рүссияда: Пушкин, Гоголь, Толстой, Куприн; Германияда: Гейне, Кауфман. XIX ғасырдың ақырынан XX ғасырдың басынан бері бүгінге шейін бұл романтизм мен реализмнің өздері де түрлі қияпатқа, түрлі формаға, түрлі үлгіге, түрлі ағымға түсіп келді. Ол түрлі ағым дегендеріміз мыналар:

Модернизм

Декадентство

Символизм

Мистицизм

Натурализм

Футуризм

Иммажинизм һәм басқа әдеби уақ ағымдар. Бұлардың әрқайсысы туралы келешекте айтармын. Және 1917 жылғы Октябрь төңкерісінен кейін Рүссияда жұмыскерлер табы үкіметті, мемлекет

тігінің, мемлекет таңдырын өз қолына алғаннан кейін Рүссияда жарлы табының әдебиеті, жарлы табының шеберлігі туа бастады. Бұл Рүссиядағы халықтардың тұрмысының тарихы өзгерісінің кезінде байлар табымен қан майданға шығып, тұрмысқа серт айтып, басын бәйгеге тігіп күресіп, белдескен заманда туған жарлылар табының жас әдебиеті қазіргі уақытта анықталмаған, бір қалыпқа түспеген түрлі қияпатта. Мұның да қандай түрлерде екенін келешекте айтармын.

(мақаланың жалғасы табылмады)

1922 – 1923 жылдар

БЕКЕТ

12-апрельде Орынбор қаласының театрында қазақтың тарихи тұрмысынан алған Анненкова Бернардың орыс тілінде жазған «Бекет» деген бес бөлімді драмасы қойылды.

Бұл драмада жазылған оқиға – қазақтың тұрмысында болған әңгімеден алынған. Қазақ алғашқы орыс патшасына қараған заманда Есет әм Бекет батыр дегендердің қазақты орысқа қаратпаймыз деп, Қазақстанның бір шетінен бунт көтерген екен деген әңгімені едәуір жан білетін шығар. Бекет батыр және неше заман хандық қып қазақ халқын қан жылатып бір шыбықпен айдап келіп, ақырында «өзінен зорлар» шығып, орыс патшасының әскерлері, төрелері, жандаралдары келіп Қазақстанға тұяқты шеңгелдерін сала бастаған заманда, қазақ халқын орыстың «ақ патшасына» бағындырып, өздері ол «ақ патшаның» төрелеріне жағынып, «сұлтан», «гөре», «правитель» деген дәрежелер алып, қазақтың нашарларының желкесіне мінуін қоймаған төрелерге де қарсы болған екен, қарсы болғандығы сол Жантөре төренің баласы Арыстан төрені өлтірген дейді.

Өзінің досы Шернияз деген ақсақал «ақ патшадан» шен, дәреже алу үшін Бекеттің бунттың бастығы екенін Арыстан төреге білдіріп, онан соң Арыстан төрені Бекет өлтірген соң, тағы да «ақ патшадан» дәреже алу үшін Бекетті ұстатып, Бекет Сібір айдалған. Соңынан Бекеттің қатыны барған. Бекет Сібірден қашқан. Қашып қайта еліне келген. Міне, осы әңгімелерден Анненкова Бернар деген орыс әйелі бұл драманы орыс тілінде жазып шығарып, орыс театрында ойнатып отыр.

Драма қалай жазылған?.. дегенде айтатынымыз: драмалығы сұрыпталған, көркем тілмен жазылған. Қаһармандарының бәрі, Бекеттің баласына шейін әдебиет жүзінде белгілі екі түрлі сипатты, екі түрлі типті адамдарды көрсеткен.

1) Бір түрлі сипатты адамдар: Бекет қатыны һәм 12 жасар баласы, әм Бекеттің тұтқын болған екі жолдасы, әм кәрі анасы бәрі де еңбекшіл табының көзқарасымен қарамай, ұлт ұжданымен, ұлт рухымен қариганда дұрыс сипатты, үлгілі типтер. Әрине Бекет хан бір патшаға қарсы тұрған еңбекшіл таптың қамқоры бола алмайды гою. Бекетті ұлттық батыр, қолбасы қылып көрсеткен.

Қатынын Бекетке лайық ер, жауды жеңуді сүйюші, сенімді, көпшілікті сүйюші жанқияр жолдас қылып көрсеткен. 12 жасар ұл баласын ата жолын қуатын орынбасар қылып көрсеткен. Шешесін баласы үшін жан қиятын жақсы ана қылып көрсеткен.

Тұтқынға түскен екі жолдасын жауға бермейтін қылып, Бекет төрелі жолдасын суреттеген.

2) Ал енді екінші сипатты, екінші түрлі типті адамдар: өлдерінің қара бастарының пайдалары үшін көпшіліктің басын ситқан, арын, имандарын сатқан теріс сипатты адамдар.

Олар: Арыстан төре, Шернияз әм әскер бастықтары.

Бұл драманың дұрыстығын, шындығын тексеріп қарамай-ақ қалай ойналғаны туралы бір-екі сөз айталық.

Шындағын тексеріп қарамай-ақ қояйық дегенім: Бекет бунт бастағанда, қазақтың жалпы қара бұқарасының төмен табының қамын ойламай-ақ қойып, қазақтың қамын тұтас ойлап бунт шағарына деу әм өзі хан болу үшін емес, қазақ халқын патшаға, ханға, сұлтанға, төреге бағындырмаймын деп, халықтың бостандығын іздеп бунт шығарды деу өте қиын жұмыс.

Әйтеуір Бекет біреу болса да қазақтың сұм жалмауызының тұқымы Арыстан төрені өлтірді, сонысына көп-көп рақмет айтып, ерлігіне риза болу керек. Енді «Бекетті» қалай ойнағаны туралы бір-екі сөз айтып өтелік.

Бекеттің өзін Орынбордың белгілі артисі Маслов ойнады. Шешесін жазушы Анненкова Бернардың өзі ойнады.

Қатынын Орынборда драма шеберлігінде әйелдер арасында ең бір жақсы ойнайтын артистка Биранская ойнады.

Арыстан төрені Орынбордың белгілі артисі Савинов ойнады. Сібірдегі түрме бағын күзететін күзетшінің ролін Орынбордағы атақты халық артисы Каренин ойнады.

Шерниязды артист... ойнады.

Масловтың өзінің батырларға біткен денесі театр майданында шеберлігімен Бекетке біртүрлі лайық сай, дұрыс келді.

Ауырлықтың ең көбі Бекетті ойнаған Масловқа түссе де, Маслов өзінің белгілі рухты шеберлігімен жақсы ойнады, бірақ суық тигеннен қарлыққан дауысы кемдік қылды. Шешесін Анненкованың өзі көңілдегідей шығарды.

Қатынын ойнаған Биранская, Бекеттен соңғы киын роль соныкі болса да, өте жақсы шығарды. Биранскаяның денесі қырдың қайратты әйелінің денесіне лайық әм даусы да оған лайық және оның жақсы ойнайтындығы театр мінбарында өзінің артист екенін ұмытып кетіп, роліне жан-тәнімен кіріп, кітаптағы жазылған әйелдің шын өзі болып, соған барлық рухпен беріліп ойнады. Кітапта жазылған әйелдің ролін «ойнамайды», сол әйелдің «өзі болады», бұл жақсы артистердің сипаты. Арыстан төренің ролін ойнаған Савинов та өз ролін жақсы шығарды. Әсіресе Савиновтың денесі, түрі қазақ төресінің, баласының қияпатына өте дұрыс келді. «Правитель» болған «алдияр» ауыр айбатты келмейтін бе еді деп айтатын да болар. Ол қате. Савинов дәл қазақ төресінің баласының ролін шығарды.

Шерниязды ойнаған артист те өз ролін жақсы шығарды. Әм әскери тергеуші, тұтқынға сақтаушы ұлықтың ролін ойнаушы артист те жақсы келтірді.

Каренин белгілі өзінің шеберлігімен өз ролін жақсы шығарды.

Қысқасын айтқанда, ойнаушылардың бәрі де рольдерін біртүрлі жақсы, дұрыс шығарды. Қазақтың киіз үйінің іші театрда ең бірінші жақсы болып, ең бірінші дұрыс болып көрінгені осы. Қазақ тұрмысынан жазылған оқиғалардың ең бірінші жақсы болып қойылғаны осы шығар. Театрға жиналған кісінің саны да өте көп, театр лық толық болды.

1923 жыл

Жүсіпбек Аймауытов

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

(Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндама)

Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын біріңге, өрісін артылып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек.

Екінші топтамай, шұғылдан істелген жұмыс өңсіз, үстіртін бөлшек тұрмайды. Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, ноқатын, тәсілін қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек (материал керек), ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу (изучать ету) керек. Бұл жағынан да емін-еркін болу аямадық.

Мағжанды тексергендегі тағы бір қиыншылық мынау. Қандай операдан, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап, баға беру шетін нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. "Алтынның қолда барды қадірі жоқ" дегендей. Замандастар, тұстастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеушімен өлшейді, сыншылардың көбі не ақынды жетістікшілер, не замандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін. Біз де сол көптің біріміз. Не заманға күйіп, не басқа бір мақсатпен бір жағынан ағып өтіп жүрсек, ғажап емес. Міне, сондықтан біз бұл баяндамамызда Мағжанның бір табысын толық тексеріп, жете сынап ұшығына шыға алмаймыз (таза зерттеу үшін баяндама жетпейді, аз болса қалыңдығы бір елі кітап жазу керек болады). Бұл баяндаманы Мағжан сөздері туралы аздықтп көңілге перне түсіріп, пікір алысу деп қарау керек.

Әйтсе де мұндай баяндамалар пайдасыз да болмайды. Орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда, атақты социалистический сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жоқ деп қайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе, әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде

әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады.

Мағжанның өлендерін аса құптап, бұлдап жарыққа шығаратын Мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да бар, мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр? Оны тексеру біздің мақсатымызда жоқ. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде, біз ғылымның жолын тұтынуымыз керек. Мәдениетті жұрттар жазушыларын, ақындарын қай жолмен тексеріп сынаса, біз де сол жолды қолдануымыз керек.

Ғылым жолы да әртүрлі:

“Дүниені рух билейді; тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі – рух, идея (пікір) жүру керек; дене, зат (материя) – рух пен идеяның құлы” дейтін идеализм жолы бар. Бұл – Гегельдің жолы. Гегельдің жолын қолдансақ, жеке адамды өлгенше дәріптейміз, әлеуметтен де басшыға артық мағына береміз; ақын, ілім, өнер бар, тілесе не шығарсын, не жазсын, әлеуметті теріс жолға бастасын, олай жазбадың, бұлай жазбадың деп мін таға алмайтын боламыз; ендеше ол жолды біз тұтына алмаймыз.

Біздің ақынды тексергенде қарайтын тұрғымыз: идеализм емес, материализм, марксизм мұнарасы болу керек. Өмірге, тұрмысқа, шындыққа қабысатын тура жол – Маркстің жолы. Бүгінде Маркстің жолын, белін басып, Гегельдің етегінен ұстай алмаймыз. Егер олай етпекші болсақ, онымыз не желөкпелік, не болмаса тарпаңдық болып шығар еді.

МАРКС НЕ ДЕЙДІ?

Бәріңізге мәлім: “Сананы, пікірді тұрмыс билейді” дейді. Бұрынғылардың “тұрмысты сана билейді” деген пікірін Маркс мансұқ еткен. Марксше, қандай адам болсын, мейлі асқан данышпан, мейлі терең ғалым, мейлі көмейі жоқ ақын – бәрі де өз заманының, әлеуметтік қатынастың, өз табының жемісі, өз ортасының құлы болуы керек. Әлеумет әсері тимейтін, әлеуметтен құрық алып шығып кететін ешбір адам болмақ емес. Олай болса, ол заманның ақыны сол замандағы әлеуметтік тұрмысымен, әдет-

тұрмысымен, мақсатымен, рухымен, салт-санасымен суарылып, әлеуметімен біте қайнап өсіп шықпақшы.

Ақын қандай әлеумет ортасында туып, қандай ортада жүріп, тәрбие алды? Қандай тұқымнан, қандай таптан жаралды? Оның шікірі де сол әлеуметтің құрылысына байланысты. Әлеумет құрылысының негізі не? Негізі – адамның тіршілік ететін кәсібі, шаруа түрі. Шаруа түрі деген сөзді түсінікті қылып айтсақ, бір әлеумет аңшылықпен, екіншілер бақташылықпен, үшіншілер диқаншылықпен, төртіншілер фабрика, завод кәсібімен күнелтеді – міне, шаруа түрі деп осыны айтамыз. Әрине, бұл жұрттың шаруа түрі түгелімен бір-ақ түрде бола бермейді, кейде мал бағумен егін салу аралас, кейде егіншілікпен өндіру кәсібі аралас болатын жұрттар бар. Бірақ әлеуметтік шаруа түрі дегенде, көпшіліктің кәсібін еске алу керек. Мәселен, Ресейді диқаншы мемлекет десе, қазақты мал бағушы халық деп атаймыз.

Адамның пікірі қай уақытта өзгереді? Әлеумет құрылысы, әлеумет ортасы өзгерсе. Сонда әлеумет ортасы қашан өзгереді? Әлеуметтік шаруа түрі, күнелту кәсібі жаңа қалыпқа түскенде өзгереді. Мәселен, қазақтың шаруа түрі мал бағудан шығып, диқаншылыққа, не кен қарау, фабрика, завод кәсібіне айналса, қазақтың бүгінгі әдет-тұрпы, салт-санасы мүлде өзгеріп кетеді.

Шаруаның билемейтіні жоқ. Әлеумет ішіндегі адамдардың өзара қатынасы да содан туады. Әлеумет түгіл, үй ішінің де, ерлі-айыпты адамдардың тұрмыс жайы да шаруаға тіреледі. Шаруа түрі ел билеу жұмысына да, саясат құрылысына да ықпал жүргізеді. Дінді, дүниені қалай ұғыну, өнерлі, ғылымды болу-болмау, салт-сана түрі бәрінің бас иетін қожасы – шаруа.

Олай болса, әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әбді жоқ.

Өзгелерден гөрі әлеуметтің мұңын баса жоқтайтын ақын болу керек. Өйткені ақын қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден гөрі сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тіл жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының қатарға кіріп ер жеткені кейін қалып, кер кеткені өзгеден гөрі ақынға артығырақ батады, ақынның

жүрегі өзгеден гөрі көбірек толқиды, көбірек толғанады. Өзгелер салқын қанмен қарайтын нәрсеге ақын күйіп-пісіп қалады.

Қол қорыған қызғыштай, “Ел қамын жеген Едігемсіп” ақын қауап болып жүргені. Күшті ақын әлеуметінің тіл қамшысы, сыйламаса да табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұңын, зарын айтқызатын елшісі. Өз әулетін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген, әлі де тимекші.

Луначарский айтады: “Юнан жұртында Солонның данышпан атағы шыққандығы халыққа жағымды заң шығарғандығымен де емес, қара сөзге шешендігімен де емес, күшті элегия-поэма жазып, жұртқа әсер берген ақындығымен еді”, – дейді. Ақынды пайғамбарға теңеген сөз ежелгі Рум жұртынан қалған. Ақындар өздерін пайғамбарға, періштеге, әділ қазыға теңеп сөйлесе, онысында шындық жоқ, бекер деуге болмайды, бір шақадай болса да шындық бар.

Ақын бір жағынан өз табының, әлеуметінің жоғын жоқтап, мүддесін көксіп жүрсе, екінші жақтан оның бір артықшылығы – өзгеден тәжірибешілігінде, өзгеден өмірді анық, жете білуінде.

Өзі өмірді анық жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес. Сондықтан ақын жалғыз ғана таптың пайдасын көздеп, сойылын соға бермейді, өмірді анық танып, кемшілікті түгел көріп тұрған соң ақын кейде тап көлемінен шығып, жалпы шындыққа, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кетеді. Кейде көңілдегі ойы шықпай, басқа нәрселерге де көшіп кетеді.

Луначарский айтады: “Ақын бірнеше таптың, бірнеше топтың ар елегінде болуға мүмкін. Ақын тетігі көп машина тәрізді. Тургеневті ақсүйектердің ақыны, солардың уәкілі деуге болма ма? Болмайды! Тургеневтің тұсындағы барып тұрған ақсүйектер адам құлданып, құлдың еңбегін жеп, дәурен сүргенді дұрыс деп білетін еді. Тургенов мұжықты құлдануға қарсы болды. Ол тумысы ақсүйек болса да, еркіндікті сүйетін ақсүйек еді. Ақынның кім екенін ұғу үшін оның шығармаларын тексеріп, зерттеу керек. Зерттесек кейде бір тап емес, әлденше таптың мүддесін көксеген ақындарды да табамыз.

Нағыз сырлы әдебиет бар, мәселен Лермонтовты, Шекспирді алсақ олар белгілі бір үгіт айтқан ба? Таптың жырын жырлаған ба?

Жоқ, оларға сырлы, көркем сөз шығару, айқын перне түсіру мақсұт болған. Олар бір әдемі суретті, болмаса адамда болатын бір сезімді, болмаса белгілі адамдардың жанында болған тартысты алады да, соларға келген нәрсені суреттейді.

Міне, ақынға тарайтын Маркстің, маркшілердің көзі осы.

Ақынның пікірі, ақынның сөзі әлеуметіне байлаулы; ақын әлеуметтің жасап шығарған құралы болса, Мағжан да өз әлеуметінің ұлы екен ғой. Мағжанды жасап шығарған әлеумет қандай? Соны қысқаша шолып өтейік.

Бәрімізге белгілі Мағжанның туып-өскен, тәрбие алған әлеуметі – қазақ. Мағжан тұсындағы қазақтың әлеумет құрылысы қандай еді? Ата-анаға, ру-руға бөлініп, руды ақсақал, би, болыс, тұлғаш билеген, орысша айтсақ, “патриархат” құрылыс еді. Арғы заманда қазақ еркін жүріп, ен жайлап, өзінен шыққан хандары, батырлары, билері, шешендері болып, онда да бір кісінің аузына қирауды әдет қылды. Жан-жағынан жау қысып, өз ішінен ала ауыздық шығып, қазақ берекеден айырылып, орысқа қарады. Орысқа бағынғанмен де қазақтың бұрынғы әлеуметтік қалпы өзгере қойған жоқ, әлі де хандардың, билердің, аталы ауылдың тұқымы билейтін болды. Солар – дуан бас, солар – советник, солар – қазы, солар – болыс, би болды. Олардың “ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс”, қарсы келер, бас көтерер жан болған жоқ. Қара бұқара кедей сөзге, қатарға алынған жоқ. Әлеуметшілік, жұртшылық деген нәрсе болған жоқ. Елдің тағдырын ру басылар, ақсақалдар, болыстар кесіп-пішті. Әлеумет құрылысы өзгерген жоқ: қазақтың кәсібі, шаруа түрі мал бағу болса, әлі де мал бағуда келе жатты. Кәсібі мал баққан, әлеуметі ру басыға бағынған жұртта тап жігі, байлар, кедейлер табы деген нәрсе анық болмайды.

Міне, Мағжанның туып-өскен ортасы, ұяда көргені осы.

Мағжан бала кезінде ел ішінде есейген соң, шетке барып, Үндідегі татар медресесі “Ғалияда” оқыды. Міне, Мағжанның екінші тәрбие-тәлім алған дүкені. Медресе “Ғалияның” оқытушылары Мысырдан, Стамбулдан оқып шыққан татар зиялылары болған. Өздері ислам бұлағынан су ішіп, мұсылманшылық, түрікшілдікпен уланған татар оқытушылары шәкірттерін де сол рухпен тәрбиеледі. Үлгішілдік, түрікшілдік, қала берсе исламшылық туын көтеріп, медресе “Ғалия” өз заманында қазақ, татар, башқұрт сияқты уақ ұлттардың жасына недәуір сезім кіргізді. Руссия қол астындағы

түрік баласын оятып, жауыз патшаның арамза саясатына қарсы тұрғызбақ болды. Бұратана атанған уақ ұлттарға ондай сезім, ондай ояныс, әрине, тұрмыстың туғызған нәрсесі еді. Патшаның отаршылық, озбырлық саясаты кімнің болса да, арқасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылдай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау (штат) деген шығға тастап, өзді-өзін жұлыстырды, қырқыстырды. Полиция, стражник, урядник, қазақ-орыстың қамшысы қазақ даласын жайлады. Қазақтың бұрынғы елдегі берекесі кетті, партияға кіруге, азуға, тозуға айналды: ұлыққа жағынып, шен алуға, кектескен жауын мұқатуға ел билеген жуандардың аяған құралы болған жоқ. Өтірік, өсек, шағым, ұрлық-зорлық, айдау, байлату қабынады. Патшаның оң көзі боламын деген соғылғандар тыңшылыққа жазылып, елдікті, жұрттықты шен-шекпенге сатты. Қазақтың басына туған осындай қара күндерді көзі қарақты азамат көрмеске, сезбеске, қайғырмасқа болмады; көрді, қынжылды, жанға батқан соң ашынды, ұлт сезімі ояна бастады.

1905 жылғы өзгерістен былай қазақтың қамын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады.

Ол өзгерістің арты мемлекеттік думаға уәкіл жіберуді шығарды. Қазақ азаматтарының бас қосуына, мұңын сөйлеуіне аз да болса еркіндік берілді. Қазақ баласын оқуға беруі көбейді. Қазақтың баспасөзі газет-журналдары шыға бастады. Қазақтың “жақсы” боламын деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да қосылды.

Медресе “Ғалиядан” шыққан соң Мағжан орыстың учительский семинариясында оқиды. Бұл 12-13-ші жылдың шамасы болса керек. Ол орыстың әдебиетімен танысып, солардан үлгі ала бастады. Ол кездегі орыстың әлеуметтік құрылысы, ескі ақсүйектер дәуірі шөгіп, капиталистер дәуірі үстемдей бастаған дәуір еді. Көпшілік құл есебінде саналып, өмірге жеке адам қожалық еткен заман еді. Орыстың жақсы деген зиялылары патша өкіметіне қарсы болып, қара бұқараны жақтап, “бұқарашылдық” туын көтерген шақ еді. Капиталға негізделген әлеуметте кім пысық, кім қунақты, кім өнерлі, кәсіпшіл болып сауда қылса, фабрика, завод жүргізсе,

жердің жүзін шарлап ысылып, көпті көрсе, сол қара бұқарадан ақын асқан үздік болып саналған. Сауда капиталының дәуірлеу себебінен Колумб Американы тапқан, сауда капиталы математика ғылымын күшейткен. Сауда мәдениетінің, пәнінің, әдістің, “техниканың” өркендеуіне Архимедтің баққаны тәрізді ықпал жүргізген. Саудагердің алапаты өзгеден артқан, буржуйлар табын тудырған, адамға табыну, адамға бас ию, өзімшілдік сықылды пікірді майданға шығарған. Сондықтан капитал дәуіріндегі ақындардың, жазушылардың көбі дарашыл (индивидуалист) болған. Әлеуметті былай қойып, жеке адамды суреттегіш, кейіпкер (тип) шығарғыш болған. Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, Максим Горький, Александр Блок сынды жеке адамды дәріптегіш, дарашыл ақындарға мүрит болған, солардан тәлім алып, соларға еліктеген. Ол ақындардың бәрі идеализм жолын тұтынған болатын.

Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесіншісі – батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының – жағдайы солай. Мағжанның ұлтшылдық, түрікшілдік өлеңдері “Ғалияда” шәкірт болып жүрген кезінен басталады.

Сол күнде-ақ “Туған жерім – Сасықкөл” деген өлеңінде, патшаның отаршылдық саясатына қарсы жаза бастайды.

Айдын көл ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп, сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
Білмеймін не боларын қайран көлім!
Жарайды тең болмаса күн мен түнін,

Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің, –
деп туған жерінің зарын зарлайды.

“Анама”, “Жазды күні қалада!”, “Есімде...тек таң атсын!”,
“Жауынгер жыры”, “Орал”, “Орал тауы”, “Алыстағы бауырыма”
деген өлеңдері ұлтшылдық сезімінің ояна бастағанын көрсетеді.
Бірақ әуелгі кездегі өлеңдерінде бұл сарын аса күшті көрінбейді;
қазақтың ауыр халіне, ғайыбына қайғыру, болмаса кекеу, табалау
сықылды үстіртін, жеңілірек болып келеді, 11-ші жылы жазылған
“Орал! деген өлеңің:

Екі дүние күн мен түн, өмір, өлім,
Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің.
Бала болып жата бер бесігінде,
Сар даланың еркесі – қазақ елім, –

деп аяқтатады.

Адамның денесі қандай мысқалдап өсіп, жетілетін болса сезімі
де, пікірі де, сондай, бірте-бірте жетіліп өркендемек: адам туа
ұлтшыл, туа адамшыл бола бермейді, ұлтшылдық сезімі де сол
сықылды әуелі үй ішінен, одан қала берсе туған ауыл, туған жерден
бастап, жоғары орлейді. Туған ауылын, жерін сүймеген адам
ұлтшыл да бола алмайды. Мағжанның ұлт сезімі де жақыннан
алысқа қарай тереңдейді. Мағжанның алғашқы кезде ұлтшылдығы
нағыз жүректен қайнап шықпай, сол кездегі ұлтшыл азаматтарға
еліктеп, солардан жұқтырып алғандығы сезілді.

Міндік, міне біз қайық.
Есен-сау өтсек...
Тілекке жетсек,
Сонда біздің шын айт...

деген өлеңдерінің:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ, –

деген сөздерімен сарыны бір.

(Соңғы Ахмет өлеңі)

Қазақтың халі қандай ауыр екенін сезсе де, ол күнде Мағжанда
келешектен үміт күткендік сезіледі. Бұл қалыпта заман тұра бермес,
бізге де жарық сәуле күн туар дегендей жұбаныш болады, неғұрлым
отаршылдық, жауыздық күшейе берсе, соғұрлым қазақтың жанына

баттар, ашындырар, ашынған ел қорғалай бермес, қарсы бас көтерер
деп сенеді:

Мезгілше мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын!
Жанадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі тек таң атсын!

Патша үкіметіне қарсы екендігі, келешектен үміт күткендігі
мынау өлеңнен тағы көрінеді:

Қараңғы дауылды түн
Тұрса да қара бұлттар көктен төніп,
Соқса да жел долданып өршеленіп.
Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ –
Жылтырап жанған боп тұр қалмай сөніп.
Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,
Жарығы болмаса да жан таңғалар.
Сәулелі аспанда алтын күміс нұрлы,
Айбынды күн мен айға дәл пара-пар.
(1913 жыл)

Бұл өзінің өлеңі деуге де болады. Бірақ Короленконың “От”
деген әңгімесіне де келеді.

14-15-ші жылдардан бастап оның ұлтшылдық сезімі жетіле
бастады. Ол бұрынғыдан гөрі қаттырақ, зарланады, күштірек
налиды. “Тәңірі” деген өлеңінде: осынша өнер-ғылымнан, бақ-
дәулеттен сорлы қылатын өгей балаң біз бе едік? Басқа жұртқа
жолбасшы, көсем жіберіп жатқанда көзінің қырын бір салмайтын
алаштың не жазығы бар еді? Түйе баққан жалаңаш араб құрлы
көрмегенің бе? – деп құдайға тілі тиеді.

Қазақтың газет-журналдары шығып тұруы, қазақ жастарының
жұмыла оқуға кіріскені, олардың әр қалада мәдениет ағарту
ұйымдарын ашып,, кеңес құрып, ұлт мәселесіне, баспасөзге
араласуы Мағжанның ұлтшылдығын күшейтеді. Жастардың жігері,
талабы Мағжанды да жігерлендіреді; ол жастарға сенеді, жастардан
таудай үміт күтеді. “Балалап қанат қақты”, “Мен кім?”, “Тез барам”,
“Мен жастарға сенемін” деген жалынды, күшті өлеңдерін шығарды.

Ақынның қасиеті – заманға жаңғырық, әлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) қалдырып отыруында. Бұ жағынан Мағжанның кемшілік жерлері бар: ұлтшыл ақынның мұндай кемшілігін айтып өтпеске болмайды.

16-шы жыл – қазақтың басына қара күн туған тарихи ауыртпалық жыл еді. Патша өкіметінің 25 маусымда шығарған жарлығы бойынша қазақ сықылды бұратана халықтар соғыс майданындағы қара жұмысқа айдалды. Қазақ шаңырағы теңселді, қазақ даласы қан жылап күніренді. Елдің келесіне келген мұндай зор селебені, ауыр қайғыны ақын терең сезіп, айқын суреттеу керек еді. Бұл туралы Мағжанның бізге “Орамалдан” басқа берген еңбегі көрінбейді. Ұлттың ыстығына күйіп, суығына тоңам деп жүрген ақынға 16-шы жылғы тарихи оқиғаны жалғыз кестелі орамалмен желпіп өткеніне көңіліміз жарымайды.

Бірақ бұл кемшілік талай зор уақыттарда болған. Атақты Пушкин өз заманындағы оқиғаларды түгел суреттей алмаған, қайта Гоголь әлеумет мінін көбірек көрген. Қазіргі орыстың төңкерісшіл ақыны Клычков төңкеріс туралы бір ауыз өлең де жаза алмаған. Ондай көрмей кету үлкен ақындарда да болған. Қазақ өмірін айнаға түгел түсірмегеніне қарасақ, Мағжан да солардай ақын. 17-ші жылғы февраль төңкерісі қазақ азаматтарына ұлт сезімінің көтерілуіне зор себеп болды. Ауылда сөйленіп жүрген ұлт қамы, ұлт мұңы іс жүзінде жарыққа шығатындай көрінеді, қазақ азаматы мәре-сәре болды. Төңкерістің болғанына, бостандық туғанына қарық болып кенелді. Әлеумет жұмысына араласа бастады. Мағжанның өсіп келе жатқан бостандық тамырына Сібірді алған патшашыл жандарал Колчак балта шапты. Патша заманының қара күні қайта туды. Казак-орыс атамандары Сібірдегі қазақ даласын шарлап, қазақтың басына әңгіртаяқ орнатты. Мағжан көріне түсіп жоқ болып бара жатқан бостандықты жырлады. “Жаралы жан” қазақтың басына түскен ауыр күндерді суреттеді. Сонда да Мағжан ұлтшылдық бетінен танған жоқ. “Азамат, анау қазақ қаным десең” деп азаматты елін қорғауға шақырды. Осы бағытпен келе жатқан Мағжанның маңдайына Октябрь көтерілісі тақ ете түсті. Ұлт ұранын көтерген “Алашорда”, алашордашылар қашты, пысты. Саясат майданынан табаны ауды. Мағжан бұрынғы сенімнен, бұрынғы жолынан айырылып, дағдарып қалды. Баяғыдан бері имандай ұйып, жүрегіне сіңіп, қасиетті деп жүрген идеалы,

мақсаты, бір күнде тас-талқан болды. Мағжан мініп келе жатқан “ұлтшылдық” дейтін атынан айрылып, жаяу қалды. Не қыларын білмеді, іштен тынды, дағдарды, састы. Қайтсе де ол халде қалуға болмайды, бір шара, бір жол іздеу керек болды. Қарманғанда қолдана түскен алдамшы түрікшілдік бола кетті. Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол “Галияда” жүргенде түрікшіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша оқуға кіріскеннен былай, ол пікірін жарыққа шығара қоймайтын. 19-шы жылдарға шейін Мағжанның түрікшілдік рухын жамылған өлеңдерін білмейміз. Колчактың кер заманы, одан қала берсе ұлтшылдықтың аузына қақпақ салған кеңес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панасына, түрік қанатының астына қоюды табады. Жеке ұлтшылдықтың өрісі тарылғандығын көріп, түрік тұқымды жұрттармен әдебиет жүзінде өзінше одақ жасаған болады. Бара-бара Мағжанға түрікшілдік те тар ауданды көрінді, ол күншығыстың – Азияның ақыны болып, Европамен, Батыспен “араздасады”. Ресейде болсын, Мағжанның түрікшіл, азиатшыл болу себебі, оның өз қиялынан болмаса, оның солай болайын деген тілегінен деп ұғуға болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен, күншығыс халықтарын алсақ, бәрі де Батыстың, Европаның жемі, азығы, атып жейтін аңы болып келе жатыр. Үндістан, Ауғанстан, парсы жұрттарын, түрік, араб жұрттарын қашаннан бері ағылшын сорып, қанап келеді. Қытай, Жапония сықылды мемлекеттер – Европадағы мәдениетті озбыр жұрттардың қыркысып, таласып байлығын иемденбек болып көз тігіп отырған жерлері. Ресей қол астындағы түрік тұқымдары патша өкіметінің отары болып келді. Батыстың мәдениетті жұрттары өнерсіз, ғылымсыз Шығыс жұрттарын жеуге ынтасы құрып, мойнын созғалы талай жылдар, ғасырлар өгіп барады. Европадағы талай қанды соғыс, капитал соғысы көбінесе күншығысқа қожа болу үшін шығып келген. Азия – құл, Европа – қожа ретінде үкім істеген. Бұл саясатты азиатшыл шығыстың жұрттары білетін. Батыстың жауынгерлік торынан құтылуға талпынатын. Бірақ торды үзіп шыға алмайтын. Міне, шығыстың осы қалпын ақын да білген, ойлаған. “Күншығысты Батыстың капитал бұғауынан азат ету керек” деген Кеңес үкіметінің ұраны ақынның жүрегіне жылы тиеді де, енді ол шығыс жалауына жабысады. Шығыстың ұранын шақырады. “Күн

батысты қараңғылық қаптады, түн баласы қанға қақалып, түнеріп өлуге айналды, адамдардан безді. Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет “пайғамбары” Күншығыстан шығуға керек”, деген пікірге келеді. Бұл пікір тууға әрине, “Европаның сөнугі” деген Шпенглер сықылды ғалымдардың кітабын оқу да себеп болады. Бұл пікірге ауғаннан бері Мағжаннан “От”, “Күншығыс”, “Пайғамбар”, “Ақсақ Темір”, “Түркістан”, “Жер жүзін топан басса екен”, “Оқжетпестің қиясында”, “Қойлыбайдың қобызы” сықылды өлеңдерді көреміз. Төңкерістің алғашқы аласапыран дәуірі қазақ тұрмысына қатаң тиді. Қазақ даласы ақтар қашып, қызылдар қуған соғыс майданы болды. Азамат соғысында ел қатты шығынданды, оның үстіне “разверстка” шықты. Әуелгі кездегі милиция, агент, тағы басқалардың лаңы қосылды. 21-ші жылы зор ашаршылық, дүние тапшылықтан, сауда тоқталғаннан шыққан жалаңаштық-осының бәрі ұласып, ел қазасына зор ауыртпалық болды.

Төңкерістің түпкі мақсатын түсінбеген, төңкеріске даярланбаған қазақ жұрты күнбе-күнгі шығынын есептеп, алғашқы кезде Кеңес өкіметіне де көңіл орнықпады. Большевик деген сөзді құбыжық сияқты көріп жүрді. “Бейнеттен қашсаң дөңбекке” дегендей, қайда барсақ та, кімге паналасақ та Қорқыттың көрі дегендей қалың бұқараның әркімі-ақ “көй-көйді” тартты. Қорқыттың қобызын қолына алып, елмен бірге “көй-көйді” Мағжан да тартты. Қазақ ашаршылық ауыртпалықты көтере алмай жоғалып, құрып кете ме деген қауіп туды. Табан тірейтін нәрсе қалмады, жалғыз сенетіні қызмет басындағы қазақ азаматтары болса, ақын олардың қызметтеріне де қанағаттана алмайды. Сөйтіп, сары уайымға, қайғы-зарға салына берді.

Февраль өзгерісіне шейін Мағжан өз басынан алыстап, әлеумет мұңына артық беріле алмады. Сөзінің көбі табиғатты, әйелді, махаббатты суреттеуге арналды. Өзгерістен былай ұлтқа қызмет етуге керек болды: әлеумет жұмысы майданға қойылғаннан былай Мағжан өлеңінің көбін елге арнап жазатын болды. Бұрынғы істеріне өкінгендей, жастық, мастықтан бойын тоқтатқандай, “еліме есебімді не деп берем?” деген сөз аузына кіреді. “Кінәні маған қойма, жүрекке қой!” деп әлеуметтен кешірім сұрайды. Бұрын Мағжан айға, жұлдызға көзі түсіп кетсе, желді жырласа, бұлбұлмен сөйлессе, кесте тігіп отырған қызды көрсе, шолпының сылдырын естісе, альбомға сөз жазса – айналып келіп өзіне бір соқпай

кетпейтін, өзін алдына қойып сөйлейтін, өзіншіл ақын болатын. Әлеумет мұңын қолға алғаннан бері, Мағжанның алатын ашармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Ақсақ Темір, Қорқыт, Қойлыбай, Баян сықылды хандар, батырлар, ақындар болса да, азаматтың өз мақсаты көрінбесе де, енді ол елдің уәкілі болып, елдің ауымымен сөйлейді. Бұрын Мағжан әлеуметтен қашық жүрген өзіншіл ақын болса, енді ол елінің азаматы, ақыны болуға айналды. Енді ол азамат міндетін көрсетеді. Жайда ұлттың бас қамы үшін жүрген азаматты “қойды қасқырға жегізген Сәрсен атағасының төбетіне” салыстырады. Азаматқа ұран салады. Қызметке шақырады.

Азамат, анау қазақ қаным десең,
Ұжмақтың суын апар жаным десең.
Болмаса ібіліс бөл да уалып бар,
Токтатам, тұншықтыраам зарым десең.

Азамат болсаң қазағыңа пайда тигіз, өйтпесең “ібіліссің” деп, ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұғына алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді.

“Біреуіне” сен тәңірім деп табынад,
“Біреуіне” мен құлың деп бағынад,
“Біреуіне” садақа бер деп жалынад,
“Біреуіне” құйрық болып тағылад.

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы қой, – артынан оның ағылад,
Азаматқа қонақтық қой табылад.

Қазақ қой сықылды, кім бастаса, соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа “ұлық” болғанына мастанбай, шын жүрегінмен тура басып, адал қызмет ет дегені. Азамат ақын заманға, тұрмысқа жарымайды, зарланады, күңіренеді, өмірден тіршіліктен мағына тапшайды. Келешектен күшті үміт күтпейді. Өлеңнің жалпы рухында үмітсіздің, сары уайымның, қайғы-зардың ізі бар. “Қысқы жолда”

сардалада адасып, суық кебін жамылып қалу суреті көзіне елестейді. “Жазғы жолда”:

Төрт жағы дала, жер де көк,
Дала өлік, жоқ бір от...
Жер де жатыр тұншығып... –
деп көзіне жас келеді.

“Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады...”
“Көк бір дария қара көк,
Жұлдыздан әлі хабар жоқ,
Іште – жалын, жүрек – шок,
Дарига жаным өледі...”

Қалың қара тұман басынан айықпайды, қараңғылық қоюлана береді, пеш ішіндегі сөнген шоқты бала үреді, шок үстінен кішкене ұшқын ұшып сөнеді. Бала сөнген шоқты үрлесе, ақынның көзіне мөлт-мөлт жас келеді. Бұ не? Мұның бәрі өзі ме? Өзі деуге болмайды. Анау боранда бақайынан сүрініп, қалғып-шұлғып қара көгі босаңсып суық кебін жамылатындай, қалтақтап келе жатқан кім? Оны ақынның өзі деуге болмайды. Ақын олай жүрген емес. Оның айтып отырғаны белгілі – қазағы. Сардалада мәдениет сәулесінен аулақ, табиғаттың тілсіз апатына құрбан болған, тұншығып жатқан қазағы. Мағжан мәдениетті елді көреді, қазағын көреді. Екеуін салыстырады. Салыстырса арасы жер мен көктей, қазақ қашан ел болар, қатарға кірер, табиғаттың апатына шыдай алмай, жапан түзде суық кебін жамылып қала ма? Әлде мәдениетті елдің аузына түсіп жұтылып кетер ме? Мәлім емес, қазақтың келешегі қараңғы. Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келеді. Мұндай сорлы жұрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия. “Аспан қара көк дариядай баяғы қалпында, жұлдыздан әлі хабар жоқ” дегені – қазақ елі баяғы қалпында, мәдениет жұлдызы, ел болу нышаны әлі сезілмейді дегені. Сөнген шоқтың ұшқыны желдетіп қайта сөнеді, келген үміт көріне түсіп жоқ болып, жүректі өртейді. Әрине, қазақтың халі ақынды сонша зарландырғандай ауыр деп айтуға болмайды. Төнкерістен кейін жұртшылыққа кірісіп,

атпматы қызмет істеп, қазақтың жастары лек-легімен оқып жатыр. Ал да болса келешектен үміт бар ғой. Осынша қайғырып, зарлануға бола ма? Жетектеуге көсемдік көрсете, қайрат-жігер бере жазғаны дұрыс қой. Бұ жағынан қарасақ, Мағжанды уайымшылсың деп кінә қоюға болады. Бірақ оның табиғаты сондай, нәзік болмашы нәрсе оны жабықтырады, болмашы нәрсе қуантады, оның сезімді жүрегі, ұшқыр қиялы “ұжмак” сынды сәулетті (идеальный) өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмысқа, сұр өмірге қанағат етпейді. Сондықтан ол қорыққан ақын болып шығып отыр. Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған көшпелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңаның жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып, түсіне алмай, жаңа заманның адамы бола алмай, көп тайқалақтайды. Ақсүйектер дәуірі күйреп, капитал дәуіріне көшерде, ақсүйек ақындарында да торығу, ескіні жырлау болған. Өйткені ескі өмірдің жақсы жақтары көңілде сайрап тұрады, жаңаның не боларына көзі жетпейді. Міне, осындай көшпелі дәуір басталарда, адам ескіге көзін сүзіп, жабыққан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр. Ол жалғыз ақынның сезімі емес, елдің де арманы, көңілі “әттең баяғы дәуреніміз болар ма?” – дейтін ер ел ішінде де аз емес. Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады.

Мағжан қала тұрмысынан жиренеді, қалаға қанағат ете алмайды, табиғатты, даланы жақтайды. Қала өнер-білім қайнаған жер, жемісі қызыл гүлі жайнаған жер болса да, ақынның “тәні рақат, жаны шат” болып жүре алмайды. Өйткені “қаланың жыбырлаған жаны, дем ала алмайтын шаңы, еркіндікпен жүргізбейтін заңы” бойын жаздырмайды. “Кең далада, қалың орман, ну тоғай, шалқар көл, самал жел, сары қымыз, сұлу қыз” есіне түседі. Өмірдің сұлуы – “дүниенің ұжмағы” дала сияқты көрінеді. Сәрсенбайға атты айдатып, шу-шулеп қаладан шыққанша асығады.

Қала бір жатқан дәу пері.
Айналасы тұман, тұн,
Дем алысы от-түтін.
Жарқ-жұрқ етер көздері.

Қаланың әйелдері күнде сүйгіш опасыз:

Жүздерінің қаны жоқ,
Көздерінің жаны жоқ,
Еркектері перілер.
Оларда отты жүрек жоқ.
Тамақтан басқа тілек жоқ.
“Сәрсенбай-ау, сен неге
Шырқап бір ән салмайсың? –

деп кеңдікке, еркіндікке шығып жаны сая табады. Мағжанның көп өлеңдері табиғатты суреттеуге арналады. Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кем де кем шығар, Мағжан табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен жігіт, жіптің бір ұшығы сол табиғат сырымен жалғаулы, романтик ақын табиғатты дәріптеген соң, оның қойнындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба? Қазақтың өткендегі өмірі мінсіз, кірсіз, идеальный өмір көрінеді, оған бұрынғы өткен қарттар да, байлар да, батырлар да, ақындар да, жақсылар да бұ заманда болмайтын жат адам болып көрінеді. Нағыз өмір, нағыз дәурен соларда болған, “адам” деп, “ер” деп ауыз толтырып айтуға солар жарайды. Бүгінгілер немене? Адамгершілік, ар-ұяты жоқ “қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар”... сықылды көрінеді.

Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануға Мағжан көмек көрсетті деуге болады. Бұрын Мағжан өлеңдерінде орыстың түрлі ақындарына еліктегіш көрініп тұрса, қазақтың ақындарымен танысқаннан кейін Ақан сері, Шәңгерейлерді жинағаннан былай, Мағжан өлеңнің бетін ескілікке қарай бұрады. Енді қазақтың ескі ақындарын дәріптейді. Қазақтың ескі заманын жырлайды. Ертегі, Қорқыт, Баян – Мағжанның романтизмі күшейгендігіне дәлел.

Қаладан жиреніп дала қашса да, Мағжан қаланың мәдениетінен қаш деп айта алмайды. Жек көрген қала – мәдениет ошағы, жақсы көрген елі – надандықтың ұясы. Бір жағынан еркіндікті сүйсе, екінші жағынан ол өмірдің тұрақсыз екенін ойлайды. Мағжан қазақтың бұрынғы ақындарының (Абай, Ахмет, Міржақыптың) ізін қуып, халықты өнер-білімге шақырады. Мағжан сондықтан мәдениетшіл романтик болып отыр.

1912 жылдарда:

“Заман түлкі – тазы бол!” десе,

15-ші жылдарда:

Басқа жұрт оқулары оқу қуған,

Біліммен өз жұртының бетін жуған.
Ішіп-жеп босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер-жүзіне не үшін туған” –

дейді.

1917-ші жылдарда:

Өзім тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім құран, багынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін.
Енді, ескілік, келдің өлер кезіне, –

деп ескіліктен ат құйрығын үзеді. “Зуһра деген қыз түн сайын жылап “құдайға” жалынып жүріп, түрлі жұлдыз болған екен. Сен де оқып, қазаққа жұлдыз болып нұрынды шаш!” – деп Ғазиз қарындасына ақыл айтады.

Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған.

Пушкин, Лермонтов, Байронға, Шекспирге еліктеген. Толстой сықылды әлемге аты шыққан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған. Леонид Андреев, Чехов, Арцыбашев, Сологуб сықылды ақындар Достоевскийге еліктеген, Максим Горький, Пушкиндерді жатқа білген. Абай Лермонтов, Пушкинге еліктеп жазған. Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңіліне жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм) романтизм болады. Сентиментализм әсері, әсіресе әйел теңдігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырайды. “Домбыра”, “Зарлы сұлу”, “Жәмила”, “Шын сорлы”, “Жас келін”, “Алданған сұлу”, “Тілегім” деген өлеңдерін оқысаңыз, бәрінде де әйелдің халін өте ауыр көрсетіп, әйелмен мұңдасқандай, әйелді аяғандай, есіркегендей, оқушылардың жанын ашытқандай мұң бар, зар бар:

Жәмила, мұнша неге жүдедің,
Бетіңде тамшы қан жоқ қой.
Сарғаймашы, бауырым? –

деп іші-бауыры елжіреп қатты аяйды. Шыдай алмай, өзі де бірге жылайды, оқушының да жүйесін босатады. Ақынның көрінісі

сондай, бос әйел көрсе жыламай қоймайды. Сүйген жар құшағында бола ма, қуана ма, күйіне ме, әйтеуір көзінің жасын тыя алмайды. Екі сөзінің бірі сүйейін де өлейін, күйейін де өлейін. “Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан, тірі тастап кетіп мені не етесің?” Әйелді аяп есіркеу, орыстың бейнешіл ақындарына еліктегендігі Мағжанның бар өлеңдерінде көрінеді. Жазу жолында бейнешілдердің негізгі әдісі – ишарамен, бейнемен түсін бояп, көлеңкелеп жазу, олар төңіректегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір ұйқастық іздейді. Сөздің ішкі маңызында көбінесе, сыртқы ұйқасына, тізіліміне, ырғағына көбірек назар салады. Олардың сөзі ақылдан гөрі жүрекке артығырақ әсер беріп, сезімді билейді. Бүгінгі өмірді онша керек қылмау, өзінен өзгені жақтамау, өнерді өте жақсы көру, әйелді сүю, махабатты жырлау – міне, бейнешілдердің тұтынған жолдары. Сондықтан бейнешілдердің өлеңі құлаққа жағымды, үнді, әуезді, күйлі, зарлы келеді. Дыбыстардың құрылуы сурет тугызады. Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ. Өлеңнің сыртқы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шығады. Шу дегенде ермек үшін қатарлап жиып қойған баланың қуыршағы тәрізді көрінеді. Бірақ жұмбақ та болса, тіпті мағына шықпайтын өлең жоқ. Бәрінде де мағына бар. Мәселен мынау өлеңін алайық:

Сап-сары бел, еседі жел, еседі,
Еседі жел, көшеді жел, көшеді.
Дала тұйық, бала тұйық, екі үнсіз,
Дала жұмбақ, бала жұмбақ шешусіз.
Сап-сары бел, еседі жел, жел еседі,
Дала жұмбақ, бала жұмбақ кім шешеді?

Қарапайым қазақ осы өлеңнен не ұғар еді? Түк ұғуға болмайды. Қарапайым адам түгіл, осы өлеңді өзіміз қалай ұғамыз? Бәріміз бірдей осы жұмбақты шеше алар ма екеміз?

Сыртынан қарағанда, “сап-сары бел, еседі жел, еседі. Көшеді жел, көшеді” дегендерді қайта-қайта айта берген бір түрлі сөздер, пәлендей мағына жоқ тәрізді. Бірақ анығында мағына бар. Мағынасыз сөз, сөзсіз мағына болмайды. Мағжан тағы жазады.

Өтеді өмір, жүрекке шер байланды.

Өтер өмір жүрек көмірге айналды.
Өтеді өмір, бітеді жыр, жүрек күл,
Жырсыз жырау, тиіп қырау солды гүл.

Мейірімді ана жас бөпесін ұйықтатарда: “Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем, қой-қой бөпем, жылама?” деп қоңыраулатып, қоңыр әнге салады. Сол тәрізді Мағжан өлеңдерін оқығанда, адамды әлдилеген, тербеткен сипатты, біресе мұң-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жаныңды билеп, көзге әлденелер елестейді; алдында ұшы-қиыры жоқ, бір белден ассаң, бір бел, толқынды сары далада тұрғандай боласың, екі жағына кезек теңселіп, ырғаң-ырғаң басып қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғандап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласың; кейде ақ сандықта ақ көйлегі, жез құманы бұлғандап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан әйелдерді көргендей боласың.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Сыбырға айналады сылдыр.
Жүректі өртеді құрғыр-ды

оқығанда, маңайыңның бәрі сылдырлап кеткендей боласың. Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді. “Сап-сары бел” деп заман өтіп бара жатқанда, күпісіне оранып, бұйығып жатқан қазақ елін жырлайды.

Бейнешілдердің өлең жазу әдісін Мағжан қазақ әдебиетіне кіргізеді. Кей жерде Мағжан символисттер өлеңнің сыртқы түріне еліктесе, кейде ішкі мәнісін де алып жібереді. Бальмонт 22 жасында өмірден торығып, әлеуметтен қол үзіп: “Әлдиле өлім, әлдиле! Десе, Мағжан да Бальмонтшілеп, жас басынан торығып, өлім шақыруды шығарды. Мағжанның еліккен орыс ақындары көп, оның бәрін санап өтудің қажеті жоқ. Осы да жетер.

Мағжан татар ақындарына да еліктеген. “N-нің альбомына” деген өлеңі Тоқаевқа еліктегені көрінеді. “Көңілді ашар”, “Сәуле”, “Хор сипатты қарындас”, “Күз”, “Өткен күн” деген өлеңдерінде Абай сөздері ұшырайды. Мысал үшін мына бір өлеңін салыстыруға болады.

Мағжанның күзі:

Көрік жоқ қырда, ойда шығып жүрсен,
Естілмес құс-құрт даусы құлақ түрсен:
Қақтанған жамыла түсіп от мазданып,

Көресін кемпір-шадды үйге кірсең.

Абайдың күзі:

Кемпір-шал күржең қаққан, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қайда кірсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап қайда көрсең.

Мағжан жазады:

Сылдырап аққан өзенге
Үй тігіп дереу қонысып,
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп сыңқылдап,
Жас келіншек, жас қыздар,
Кереге жайып, уық байлар.

Абай жазады:

Сылдырап аққан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін түрініп,
Сыбырласып, сыңқылдап.

Абайға еліктеу ең алғашқы кезде болған. Ол кезде жалаң Абай емес, Ахметке, Мержақыпқа да еліктеп жазған, мәселен Мағжанның:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Қара балуан Жәнібек...

деген сөздері Ахметтің “Тілек батам! деген өлеңіндегі:

Қара балуан Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек.
Жетім қалған жұртыңа,
Кім тиянақ қазық ед?

сөздерінен бөтені жоқ.

Бастапқы кезде Мағжан орыс әдебиетінен көбірек үлгі алған болса, соңғы кезде Мағжан басқаша көрінеді. Бұрын сөз кестесін

орыс ақындарынан алатын болса, енді ол үлгіні қазақтың ескі өлеңдерінен іздейді. Орыс ақындарының ықпалынан шыққан жері Мағжан өлеңдері қазақ рухында, қазақ ұғымына жақындап жатпайды. Мағжанның ақындық күші де соңғы кездегі өлеңдерінен көрінеді. Мағжанның сөз кестесі қазақтың ескі әдебиетіне қарай пұтандығына мысал бір өлеңді алайық:

Еділде

Бүктеліп жатқан бел,
Сүтке тойған маралдай.
Бұйра қою қарағай
Белге біткен шалқалай
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай.
Арнада өзен қылығы,
Қылмындаған қалқадай.
Түсте толқын тулап ед,
Ойнақтаған тайлақтай,
Кешке толқын тынып тұр,
Қоңыр-іңір бейуақтай,
Тізілген толқын меруерт,
Бір-біріне тағылып,
Шұбырған толқын шуменен,
Ағытқан қойдай ағылып.

“Қорқыт”, “Баян” сықылды поэмалар – Мағжанның нағыз өз тумасы, орыстан я басқадан жұқтырып алды деуге келмейді.

Мағжанды еліктегіш ақын дегенде, көбінесе өзінен бұрынғылардан алған өрнегін айтып отырмыз. Болмаса барлық өлеңдері ылғи еліктеумен шыққан деп айтпаймыз. Ол еліктесе, сыртқы түріне, тонына еліктейді, ішкі мазмұны, ішкі сыры өзінікі болып отырады.

Енді Мағжан өлеңдерінің ішкі жағына, дүниеге көзқарасына азырақ тоқтап өтейік. Әр ақында өзінше дүние тану, өмірге, табиғатқа баға беру деген нәрсе болады. Мағжанның пікірі қандай екен? Оны білуге керек. Алдымен ол өмірге, тіршілікке қалай қарайды? Жоғарыда айтып өткенбіз, Мағжан тұрмысқа көңілі жарымаған, өмірден түңілген, өткенді жырлап, мұң-зарға салынған

уайымшыл, үмітсіз ақын десеміз. Олай болған соң өмірден қажыған, жабыққан ақын өмірді жақсы деп, тіршілікте қызық, рақат бар деп сенбейді. “Алдамшы өмір, қу ғұмыр, сұм жалған...” деп қарайды. Сөзімізді дәлелдеу үшін бірнеше өлеңдерінен мысал келтірейік.

15-17-ші жылдарда:

Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз,
Айрылармыз, сүйген жардан күйерміз.

Болмаса:

Жасаған, тез алатын ажал жоқ па?

Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа, –

деп өмірге, тойып, өлім шақырып жатса, сол пікірі 22-23-ші жылдарда да айтылады:

Ду өтер, сорлы адамды әуре етер,
Көз ашып-жұмғанынша жоқ боп кетер.

Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды.

Тәңірі ием, жаратпасаң, сонда не етер!

Өмір сөнед, үміт өлед, не қалды?

Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Бұл сөздерде өмірден мағына, тіршіліктен мақсат, келешектен үміт күтпегендігін көрсетеді. Адам сүю, күю үшін, азап шегу үшін жаралады екен. Өтпейтін нәрсе жоқ, бәрі өтеді. Қанша кенелгенмен, жас болдым, жар сүйдім, қызмет қылдым дегенмен – бәрі опасыз, аяғы барып өлімге сарқады. Тіршілік деген бір әурешілік; өмір, өлім мәселесі талай ойшылдарды, ақындарды терең қиялға батырған. Не үшін жасау керек, өлетін болған соң, осы әурешілік, бәрі не керек? – деген қаралы сұраулар жалпылама адамның басына келе бермейді. Не өте сезімді, ауырған, не ажал босағасына таянған адамның ойына келеді. Ақын тұрмысқа өмірде қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Не үшін жасамақ? Әрине, адамда аз да болса, бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек? Адам – алдағыш, адам – жауыз, өмір – азап, келешек – қараңғы, бәрі – өзгергіш, опасыз.

Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік – міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған даруы. Сол заңға Мағжан да құл болған ақын. Ол да табиғатты

табиғаттың қойнында жырлайды, тыным алады, жаны сая табады. Мағжан табиғатты дәріптейді. Оған еш нәрсені теңгермейді. Теңгерсе аса қадірлі, қасиетті нәрсені теңгереді. Кіршіксіз таза махаббат кімде болу керек?

Баласын сүйген анада болу керек. Сүйген ашық жарда болу керек. Жүректі елжіретіп, еритетін, өлгенді тірілтпесе де, өткенді жандыратын өмірдің қызығы, ләззаты осылар. Бұларсыз өмірде мағына жоқ, бос қуыс. Мағжан табиғатты сондай көреді. Табиғатты жазса айнымас анаға, нәресте балаға, болмаса сүйген жарға теңеп жазады. Ол табиғатқа жан салады, құшақтастырады, сүйістіреді.

Көкке тиген биік тау,

Құшақтасып тұманмен,

Ақырын ескен жылы жел,

Маужыратып тербетіп, –

деп тау мен тұманды ғашық жарларша құшақтастырып, желге анаша баласын тербеттіреді:

Сылдыр-сылдыр, сылдырлап,

Бірінің сырын бірі үрлеп,

Толқынды-толқын қуады! –

деп толқынға жан бігіреді.

Еркетай жаз бір күлсе,

Күлмей шыдап кім қалар! –

деп жазғытұрғы жарлардың ақ жүзін суреттейді.

Періштем деп айналып,

Алтын айна күн жүзер! –

деп күнді мейірімді анаға салыстырады. “Жел сықылды тентек бала болып сұлулардың бетінен сүйем” деп, желді де бозбала жігіт қылып қояды. Ақын махаббатқа сенеді: жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. “Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жаралайтын тікенек! Жар сүйсе, жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы жүрекке махаббаттай күшті әсер бере алмайды”, міне, ақынның махабатына көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға да мүмкін деп қарайды.

“Сүю мен жек көрудің арасы – бір-ақ аттам” деген нақыл өмірден, тәжірибеден алынған сөз. Сондықтан ақын:

Алдағаным жоқ, арбағаным жоқ,
Сен сөзіме, сұлу қыз.
Тап сол сағат сүйгенім-хақ,
Куә мынау көп жұлдыз, –

деп махаббаттың өзгеретіндігін айтады. “Ақын – көбелек, балықтан татса, тастап кетеді” десе де, біржола махаббатқа беріліп кеткендігін “Г...-ге” деп жазған өлеңдері ашып береді.

Сүйдің мені басқа жанды көрмедің,
Жасың төктің, қадіріңді білмедім.
Мөлдіреген шын меруерт жасыңнан,
Садаға боп сорлы неге өлмедім? –

деп өкініп зарланады. Сүйген жары болмаса, оның өмірі де, ақындығы да сәнетін тәрізді.

Болса гүлсіз, бұлбұл үнсіз,
Үнсіз бұлбұл, бір сұр құс.
Үнсіз өмір – сөнген көмір,
Отсыз жүрек – бос қуыс...

“Гүл болмаса бұлбұл сайрамайды, ақын жырламайды; бұлбұл сайрамаса, бір сұр құс, жырламаған ақын – жабайы адам, сүйе білмеген жүрек – қуыс кеуде”. Ақын шын сүйсе, таза сүйеді. Бірақ өзінше сүйе білетін адамды көп көре алмайды, көбінікі қолдан жасаған бояма, күнделік есеп екенін біліп, ақын тез суынады. Мағжанның махаббат туралы күшті өлеңдері: “Айырылғанда”, “Тірілдім”, тағы басқалар. Басқа жағынан Мағжан идеалист болса да, махаббатқа идеализм көзімен қарамайды. Ол “бұлай ғана” сүю болады демейді. Жан-тәнімен тұтас сүйгенді махаббат дейді. Жалпы, әйелді ғарыштан, нұрдан жаралды, періште деп көрсе де, өзі сүюге келгенде, “жар” деп, еріктің “жарымын” деп қарайды. “Шолпы”, “Сүй, жан сәуле”, “Құр қалыппын”, “Жұлдызды-жүзік, айды алқа ғып берейін” деген өлеңдері махаббатқа Абайша қазақша қарайтындығын көрсетеді. Бұл жағынан келгенде ол – материалист (затшыл).

Ал енді жалпы әйелге көзқарасын алсақ Мағжанның пікірі қазақша емес, қазақ “әйелді еркектің сол жақ бұғанасынан

жаратады”, “байтал шауып бәйге алмайды” десе, Мағжан олай демейді. Ол әйелдің теңдігін көксейді. Әйелді азаттыққа, мәдениетке шақырады.

Жаратты тәңірі әйелді,
Бастасын деп бар ерді,
Туралық шындық жолына –

деп, әйелді еркектерге басшы қылмақ болады.

“Материархат” заманын еске түсіріп, әйелді туралық, шындыққа бастайтын пайғамбар қылып көрсетпек. Әйелді күн орнына ұстап, мал орнына сататын, еріккенде ойнап, ермек ететін еркектерге:

Бұл ісінді қоймасаң,
Әйелмен ылғи ойнасаң,
Жүрмесін көп боп бұл күнің, –

деп оларға кіжінеді. “Әйелін күн қылған ел ел болмайды” деген пікірді айтады.

Төңкеріс болып, бостандық заманы туғанда, әйелдің теңдік алғанына қуанып, жігерлі сөздерін сөйлейді:

Мынау ту кімнің туы – әйел туы,
Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар,
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.
Анау таң, кімнің таңы? Әйел таңы.
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан!
Басар сені төгілген әйел қаны.

Құрт аурудай жайлап, әйелдің еңсесін көтертпей, тұншықтырған доңыздай сасық, ескі ғұрыптың пердесін жыртып, атып келе жатқан жаңа таң сенікі деп әйелдерге ұран салады.

Өзі де сол әйелдер тобының ішінде жүргендей, “жанымызды улаған” деп, әйелдің қасіретіне де, қуанышына да ортақ екенін сездіреді.

Кейбіреулер Мағжанды ескішіл дегеннен тудырып, діншіл деп ойлап қалуы мүмкін. Олай ойлауға да жеңіл-желпі себеп бар. Мағжан екі сөзінің бірінде “алла, жасаған, пайғамбар, періште, иман, құран, ғарыш, ұжмақ, ібіліс...” деген сөздерді келтіреді. Осындай сөздеріне байланысып, діншілдікпен айтады десек, ол тым сыңаржақтық болады, қандай дінсіз ақын болса да, сөзді күшейту

үшін, халықтың ұғымымен есептесу үшін дін лұғаттарын алудан қашпайды. Қазақтың, қала берсе мұжықтың ақыны боламын деген кісі “құдай, әулие, пайғамбар...” деген сықылды күшті сөздерден қашып құтыла алмайды. Өйткені бұқараның екі сөзінің бірі құдайсыз келмейді.

“Құдай біледі, мен сенің құдайыңмын”, “сен құдайдың баласы ма едің?” деген сөздердің орнына құдайды алып тастағанда, қандай күшті нәрсе табарсың? Егер Мағжан “өзім тәңірі, сөзім құран” демесе, өлеңі сондай күшті, сондай бойлауық болар ма еді? Әрине, жоқ. Ол екеуінен күшті қазақ ұғымында сөз жоқ. Қазақ діншіл емес, құдай деген сөзді ойыншық есебіне қолданады. Дін көзімен, құран көзімен қарасак (ләм иалид, уәләм иуләд), құдай ешкімнен туған да емес, бала тудырған да емес. “Құдайдың баласы бар десен, кәпір боласың” деген шаригаты күнде қақсап жүрген молданың тілін кім алып жүр? Жаны қысылған кезде дін былай қалмақ. Сол сықылды, Мағжанның “құдай” деген сөзі де, халықты не діншіл, не дінсіз қылуға түк септігі жоқ. Шеген дейтін кісі өлгенде келіні жоқтап, дауыс қылыпты:

Аспанда ұшар лашын,
Лашын жаяр құлашын,
Әтекемді алған құдайдың
Келіні мендей жыласын, —

деп. Соны айтқан қатынның аузын кім жұлып алды дейсіз? Қазақ ішінде қожа, молда, бір жағынан діншілдікті ексе, екінші жақтан дінсіздікті егуші тентектер де аз емес.

Және дін сөздері, “А, құдай!” деген ұғымдардың қалмау себебі: тұрмыстан, шаруадан болады. Табиғаттың терең сырын, ішкі заңын білмеген, тіршілігі, өмірі табиғаттың құбылуына байланысқан табиғаттың құлы болған диканшы, бақташы халық бір зор күш бар деп білмек. Ол күшке бағынбақ. Табиғаттың мұрнын тесіп, мініп алған жұрт ондай күшті зат бар деп білмейді. Өйткені табиғаттың бар сырына ақылы жетіп отыр. Сондықтан “құдай” деген сөз көп жылға шейін қалмайды.

Орыстың мұжығынан шыққан төңкерісшіл ақындар төңкеріс өлеңдерін Ғайсасыз, Жебірейілсіз, Мекелісіз, әулие Николайсыз жазып отырған жоқ.

Ол ақындардың сөзіне алғашқы кезде құлағы тосаңсыған маркшілдер болса да, соңғы 3-4 жылдың ішінде ондай сөзді

түкылауды қойды; бір ауыз сөзге емес, жалпы мағынасына, пікіріне қарап, төңкеріс әдебиетіне жағқызатын болды.

Мағжан дінді жақтамайды, дінге қарсы, ол – мәдениетшіл, дін мәдениетке бөгет болады. Сондықтан дінмен ұстаса жазады. “Үйретіп “дін” деп құлдык, қорқақтықты, қандай құл бізге молда бола қылды”. “ЫМ” деп еріктен, еңбектен, қайрат-күштен айырған дінді ләнеттейді, “жалбарып жасаған деп жас төкпеспіз, өзің де, сөзің де бізден аулақ!” деп отырған ақынды діншіл деуге келмейді.

Өзім тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім құран, бағынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзетуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе, —
деген ақынды құдайшыл, ескі ғұрыпшыл деуге болмайды.

“Дін, мешіт, құдай” деген нәрселер құлқын, тамақ үшін тұғынатын байлар мен молдалардың құралы екенін ашық айтады:

Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым!
Ерігіп қуған болып ата заңын.
Анда-санда домалап бару үшін
Салдырған өзіне арнап жуан қарын,
Бұл мешіт – көк үйі емес, қарын үйі,
Көргің келсе, көріп кел, мал базарын.

Мағжан – идеалист. Дүниені рух, пікір билейді, тұрмысты сана билейді, тарихта әлеумет маңызды емес, жеке адам маңызды дейді. Сондықтан ол хандарды, батырларды мадақтайды.

“Тәңірі бар бір ғана Қиял аты” деген пікірі идеалистердің пікірі, бірақ оған қарап діншіл деуге болмайды. Екеуінің арасында айырма бар. Осымен Мағжанның дүниеге көзқарасын тоқтатып, енді оның ақындық күшіне келейік.

Мағжан ақын ба, ақын емес пе? – деген сұрауды қоюда мағына жоқ. Оны ақын емес деп, таласушы бола қоймас. Жалғыз-ақ ақындық күші қандай деген сұрауды қою керек. Бұл сұрауға Мағжанды күшті ақын деп жауап береміз. Несімен күшті? Тыңнан тапқан жас пікірімен бе, болмаса терең ой, терең пәлсепесімен бе, әлде қазақтың өткен-кеткенін, бүгінгі өмірін айнаға түсіргендей көрсетіп, келешекті болжап, пайғамбарлық еткендігімен бе? Жоқ, бұлардың бірі де емес. Мағжан терең ойдың ақыны емес, ол заманды суреттеуге шебер емес. Ол келешекті болжап, жұртты соңына ертетін пайғамбар ақын да емес. Мағжан –

сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті.

Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей “тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін” үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жаспен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады. Қай өлеңті оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз бір сезім тугызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді.

Шер батса кім іздемес туған елін?

Тұлпар да көздемей ме туған жерін.

Арқаның ардагері қалың алаш!

Тұрған да біле білсең, сенің жерің –

деген тәрізді сөздер еріксіз бір сезімді тудырады. Мұндай қыздырма сөз Мағжанда толып жатыр. Ақынның ұлтшылдығы осындай сөздерінен көрініп тұрады. Ақын салқынқанды болса сөзі қанатсыз, желсіз болмақ; жалынды сөз жалынды жүректен шығады. Мағжанның кейбір жалынды сөздері Максим Горькийдің сөздеріне ұқсайды. Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қытықтап, жыбырлатып қана қоймайды, түбімен суырып мейірінді қандырады. Еркін балуан қан майданда жарық еткізіп шалып соққанда, “Па, сабаз-ай!” деп отырған жұрттың айызы қанбай ма? Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де “Па, сабаз-ай!” дегің келеді (әрине, көркем сөзден ләззат алатын болсаң).

Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады, Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз барады. Міне, ашуланған батырдың суреті:

Түкті қабақ жауып түскен көзіне
Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде.
Қырлы мұрын. қырмызы ерін, қап-қара.
Тікенектей түк шығып тұр жүзінде.

Міне, Көкшетаудың суреті:

Көкшені күндіз, түнде мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды Бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.

Мұндай айқын сурет қазақ ақындарында болып көрген жоқ. Пушкин 5-6 ауыз сөзбен толық сурет туғызады десе, аз сөзбен көп сурет шығару Мағжанда да бар:

Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,

Құмдарға жолбарыстай тастап ізін, –

деген сөзбен бұл келе жатқан қандай кісі екенін, жүрісін, киімін, мінезін – бәрін көз алдына алып келеді.

Қазақ ақындарында Шәңгерейдің суретшілдігі – сөз күші Мағжанға жақын келеді.

“Құйрық атып құлия,

Түлкідей қашқан жымия.

Қаранды үзіп барасың.

Бізден де, қайран дүния!” –

деп толғайды Шәңгерей. Өтіп бара жатқан өмірді бұдан күшті қалай суреттеуге болады?

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,

Асығып екі жастың қанын ішті, –

деп суреттейді Мағжан. Мұндай суреттер толып жатыр. Бәрін тере берсек, көп орын алады. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі “Баянда” толық көрінеді. Абай айтқан “сөз патшасы” “Баянда” бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге – бише, батырға – батырша, ханға – ханша баға беріп, әрқайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, махаббатты, батырды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. “Баян” – қазақ

ҚИСЫҚ СЫНҒА ӘДІЛ ТӨРЕ

«Ақ жол» газетінің 432-санында Темірбай жолдас «Қазақ әдебиетінің тарихынан» деген мақала жазған.

Мақаланы басынан оқи бастағанда әдебиет тарихының толықтыруы екен деп қалуың да талас болмағанмен, аз оқығаннан кейін мақала алғашқы алған бетінен тайып, ойлаған ойыңа қарсы келіп, жазушының жек көретін бір адамына соқтыға жөнеледі. Ол адамы – Сәкен.

Сәкеннің әдебиет тарихынан оқыған лекциясы туралы, Сәкенді өтірікші, жас буынға хате ұғындырады дейді. Мылжың дейді, соқыр дейді, арсыз, әнгі дейді. Білгенінше жамандап халық көзіне үлкен мінді кісі етіп көрсетеді.

Темірбайдың өзі айтқандай, егер мен Темірбай болсам, дұрыс сөзді қисық ұққан, бадырайып тұрған «А» хәрпін «Б» деп, «Т» хәрпін «Е» деп шатастырып, ашық жазылған сөзге көзі жетпей, жетсе де көрмей, әдебиетті сынамай, Сәкенді сынап қай жерінен мін шығар екен деп тіміскілеп, дұрыс сөзді бұрыс деп, Сәкенге қара басының дұшпандығын білдірген, Темірбайдың өзіне өз сөздерін қайта атар едім. Бірақ Темірбай Сәкенге дұшпан болса да, мен Темірбайға дұшпан емеспін. «Екі қатын сиыр сауып отырып, тезек үшін ұрсысып бірін-бірі: салдақы бетпақ, пәлен-түген», – деп қайдағы сұмырай сөздерді тауып айтқандары сықылды мен де бірдемелерді шатастырып, ауызға не келсе соны оттар едім. Бірақ мен қисық сөзге әділшілігімді айтам, біреудің бетіне күйе жағып ұждансыздық қылуға батылым бармайды.

Темірбайдың бар ойы Сәкенді жұртқа жаманатты көрсетіп өту, одан басқа түгі жоқ. Темірбайлардың Сәкенге көз қарасын кім де болса біледі. Әйткенмен «Дұшпанды досыңдай сына» деген сөз өте тура, өте иманды сөз. Мұны Темірбай ойлауы керек еді. Біреуге дұшпан болдым деп, түзу ісіне баға бермей, ағын да қара, қарасын да қара деу адамшылыққа жата ма?

Темірбайдың бұл жазған сөзінде сүйенерлік дәнеме жоқ, оныкі Сәкенді қаралау. Әйтпесе әдебиетке жаны ашып отырған Темірбай жоқ. Жаны ашиды дер едік, мынау әдебиетке жаны ашыған кісінің сөзі емес, тек ұнатпайтын адамның бетін тырнау...

Сәкен әдебиет тарихынан жаңылса, не қате ұғынса, Темірбай өзіне дұрыс ұғындыру керек еді. Сәкеннің мына жері қате, мұны былай ұғыну керек деп айту керек еді.

Бұлай болған уақытта Сәкеннің қатесін бір көрсек, әдебиеттің шын тарихына танысып қалуымыз екінші пайда болар еді.

Темірбайдың әдебиетте жұмысы жоқ, жұрт жаққа шымылдық құрып, дәлелін жарыққа шығармай, ішіндегілерге Сәкенді жамандайды. Оны көріп отырған жұрт, әділ тексеруіміз керек.

Темірбай Сәкенді жамандағанда былай деп жамандайды:

Сәкен «Қазақ әдебиетінің тарихын сөйлеу оңай, ол жаңа ғана дүниеге келген жас бала» деп айтты дейді. Сәкен олай деп отырған жоқ. Сәкен қазақ әдебиеті екіге бөлінеді, жазба һәм ауыз әдебиеті дейді. Әуелі бірнеше жүз жылдап, ауыз әдебиеті болып келді: мақал, тақпақ, ертегі һәм қара өлеңдер дейді. Жазба әдебиет соң шықты дейді. Бұған не талас бар. Таласушы тек ойы қарсылықпен таласады. Әйтпесе бұл арадан ала сала жамандауға сиятын дәнеме жоқ.

Сәкен лекция оқығанда мылжың сөйледі дейді. Бұған қарағанда, лекция оқушы жұрттың түсінген-түсінбегеніне қарамай қысқа ғана оқуы керек деген ой аңғарылады. Мағынасыз сөйледі деуге жатпайды. Себебі жазылып отырған, естіп отырған лекцияның ішінде мағынасыз құрғақ кеңес жоқ. Мылжың мен жақсының арасын қандай кісі айырады, әрине, бұл Темірбайдың сыбағасы емес, олай болса, оған кінә жоқ.

Әдебиетке жақындауға мен сескенемін, қорқамын, мен суга кетіп қалам, менің батырлығым жетпейтін жерден Сәкеннің қорықпағаны, жүректілігі керегі жоқ жұмыс дейді.

Темеке! Жұрттың бәріне өзімдей қоян бол деуіңіз жолға келмейді ғой! Әдебиет философтардың жеке алған еншісі емес. Әдебиет халықтың тілі мен халықтың тұрмысынан алынып жазылады. Өз тұрмысында болған затқа халық Темірбай секілді қарамайды. Өз шамасынша сынайды. Ол сынау қисық емес, түзу сынау болып шығады.

«Әйелді періште» деген байларша, әдебиетті қол жетпейтін көктің періштесі деу қате. Әдебиет адамның тұрмысынан алынса, өз тұрмысына адам өзі Тәңірі. Олай болса, адам әдебиеттің құлы емес, әдебиет адамның құлы.

Төңкерістің коммунист ұлдарында, Темірбайдікіндей жарылып кетейін деп тұрған жүрек болмайды. Олар әдебиет, мәдениет, бай, құдай бәрін балғамен, найзамен құл қылып алады.

«Социализм мезгілінде өкіметті ас пісіретін әйелдер басқара алады», – деген жолдас Лениннің сөзі бар. Біз социализмге тармасып келе жатырмыз.

Темірбайдың «Әдебиет оқудың түбіне жеткен ғалымдардың еншісі» дегеніне қосыла алмаймыз. Он екі фәнді тамам қылған молда білсін деп отыра алмадық. Әдебиет аз оқығанның да еншісіне тиеді. Төңкеріске қарсы байшыл философтар, тұрмыс күресінде сол оқығаны басынан кешіріп отырған жұмыскер көп біледі. Тәжірибемен Темірбай есептеспесе де біз есептесеміз. Жазған сөздерінің түріне қарағанда, Темірбай көп тәңірінің пендесі ме деп қорқам, әйтпесе коммунист болса, «Исторический материализмді» оқып шықса, әдебиет кімнің еншісі екенін біл, илан дер едім.

«Сәкен есі жоқ әңгі» дейді. Қазақ әдебиетінің ағасы Абайды, 1905 жылдан соң өлең жаза бастады, ол қазақ әдебиетінің ағасы емес», – деп айтты дейді. Егер Темірбай бұл араға құмарланған болса, жазылған сөздерді қайта-қайта оқып, не жазылғанына түсініп барып кіналау керек еді. Сәкен айтады: «Осы адасумен адасып отырып қазақ әдебиеті,

1900 жылдан бері шықты».

1905 жылдың жұмыскер қозғалысынан кейін, ұлт сезімі туа бастап, қазақ оқығандары тіл түзеу дегенді жарыққа шығара бастады. Бірақ сол әдебиеттің жас уақытында, бірен-саран өлеңін қазақ тілінде жазғандар болды. Мәселен: «Абай» дейді. Бұдан Сәкеннің Абайға Темірбайдан артық баға беріп, тарихи сынай білгендігі көрінеді. Сәкен Абайды 1905 жылдың бергі жағында өлең жазуға кірісті деп отырған жоқ, әдебиеттің балаң кезінде, яғни 1900 жылдан бұрын жазды деп отыр.

«Егерде мен Сәкендей соқыр болсам, орысша оқыған қазақ ақындары орысша сөз кіргізіп, қазақ тілін бұзды дер едім», – деп Темірбай Сәкенді және түйреп өтеді.

Айнала қарағанда, Темірбай әдейі біліп адасып отыр да, болмаса өзі білмей, біреудің дегеніне еріп отыр.

Бұл туралы Сәкеннің сөзі: «Қазақ елі орысқа бағынып, орыс оқуын оқығандар шыға бастағаннан кейін, әдебиетшілердің әуескерлігі орысшаға ауа бастаған. Бұдан былай сөздің ішіне

орысша кіргізу мақсұт болған. Орыс тілін білген-білмегенінде жұмысы шамалы, аз-мұздап білген тілін өлеңінің ішіне кіргізіп шығуға ақындар өте ынталанған дейді. Бұл сөзден орысша оқып шыққан ақындар өлеңдеріне орысша қосты деген мағана шықпайды. Идің надан ақындары орыс тілін қызық көріп, білмегеніне қарамай өлеңіне орысша сөз кіргізуге тырысқандары айтылады. Оған анау бір ауыз өлең дәлел. Сол өлең оқыған қазақтың жазғаны ма, болмаса надан қазақтың жазғаны ма, Темірбай соған қарауы керек еді. Орыс школының бетін көрген кісі «Принимать», «Здравствуйте» деген сөздерді «Прьмить», «Зьдрасти» деп өмірінде айтпайды. Сәкеннің бұл сөзін дәлелдеу үшін, Николай патшаның таққа мінерде Омбыға келгенінде Ақан серінің айтқан бір ауыз өлеңін келтіруге болады.

Темірбай не деп түсінер екен (өзінің аузынан шыққандай қылып көшірем):

«Бірінші» здырау, жалаю,
Уасем прдсентуа жестуа,
Беликий князь басында тәж,
О судар грабитель, сен сабаз.

Мінекей Ақанның осы өлеңдерінен не аңғаруға болады. Жадғыз-ақ оның өлеңінің ішіне орыс тілін кіргізуге әуреленгендігін аңғаруға болады. Бұны Ақан еріксіз айтты деп Темірбай маған пәле салса, мен Темірбайға қазақтың бозбаласының «қыз ойнақта» айтатын өлеңдерінен мысал келтірсем тоқтар деймін. Әрине, қазақтың қызы жігітін өлеңіне орысша кіргіз деп қыстамайтынына Темірбай сенер.

Көптен көп поклон айттым скажия,
«Сен тұрсаң, уағаданда спасиба,
Сөзімді ескере ала ескерсеніз,
Шеструй хорошенкей сватия».

«Мінгенім дәйім менің сабырасынай,
Кемпір мен шал ойнайды напрасынай,
Ойнаса бозбала мен қыз ойнасын,
Екеуі полный пошом сағласынай».

Қысқасын айтқанда Темірбайдың түзу жүріп келе жатқан атты бұрып шалдырғысы келгені болмаса, орыс еліне араласқаннан кейін, қазақ өлеңіне орыстың сөздері бұзылып, жарылып, тілімтегі

кіріп, қазақ әдебиетінің, сиқын бұзуы хақ. Тегінде нені болса да білген-бүлдірмейді, білмеген бүлдіреді.

Бір ерегіспен аузынан шығып кетсе де, Темірбай мұны мойнына өзі де алар деймін.

VI — Омар туралы Сәкен мақаласының ішінде «Әсіресе сол кезде Ғалияда оқитындарға қосылған Омар Қарашұлы» деген сөз «Ғалияда оқитын Омар Қарашұлы» деп жазудан қата кеткен.

Сәкен де, мен де ұлтшылдарға беретін бағамыз шамалы. Сонда да кімде-кімнің істеген ісін бағалай білеміз. Омардың (қай сан екенін білмеймін) «Қазақ» газетасына қазақ тілі туралы жазған мақаласы бар, Сәкен соған сүйеніп айтты. Қорытып айтқанда, қазақ емлесіне бір кісі көсем болып, мүлтіксіз шығарды дей алмаймын.

Мұныма «емленің» табаны әлі жерге тимей, мың кісінің сынына түсіп жүргені тарихи дәлел.

Жоғарғылардың бәрін қорытып келгенде мен өзім мына пікірге келдім: Темірбайдың жұмысы әдебиетті сынауда емес, Сәкенді сынауда. Менің ойымша әдебиет Сәкен емес те, Сәкен әдебиет емес. Жалпы әдебиет туралы Сәкен пікірін жарыққа шығарғанда, қате жерлері болса, Темірбай түзеп әділ төресін беретін жөні бар емес пе еді?

Егер өзінің айтқанындай қолынан келмесе, бір ауыз дәлелсіз біреуді балағаттау неге керек еді?

Егер «Ақ жол» басшылары Сәкенді бейпіл сөзбен мұқатам десе, ата-енесінен түк қоймай лағнаттаса, мынасынан сылайы болар еді.

Темірбайдың сынынан оқушы нені ұқты? Әрине, Темірбайдың Сәкенге дұшпандығын, аяғынан қалай шалуды аңдып жүргендігін ұқты.

Бұған қарағанда Темірбай Сәкенді өз ойынша жас буынға ложное понятие берді деп кінәласа, өз қара басының өкпесін газетке жазып, дәлелсіз біреудің бетін тырнап, арына қолын сұғып, ұзданын ұмытты деп біз Темірбайды кінәлаймыз.

ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ

(Талқыға)

Әлеуметтің зор құралы, тап тартысының құралы әдебиет екендігінде дау жоқ. Партия, кеңес құрылысы, сот, оқу, шаруа туралы мәселелер баспасөз жүзінде көтеріліп, сөйленіп жүр. Әдебиет мәселесі әлі тұнық жатыр. Өзге мәселенің егжей-тегжейі тексеріліп жатқанда, әдебиетті соны күйінде қалдыруға болмайды.

Қазақта баспасөздің күшейіп келе жатқаны анық. Қаламшылар, жазушылар, ақындар, сыншылар шығып жатқаны анық. Төңкерісшіл, бұқарашыл ақын, әдебиетші болудан әркімнің-ақ дәмесі бар. Әркім-ақ келсе-келмесе де бірдеме жазып, тырбанып жүр. Зор шәрлерде қазақтың оқығандары, зиялылары әдебиет мәселесі туралы баяндама жасап, жазушыларды, ақындарды тергеп, сынап жатыр. Біреуге олай, біреуге бұлай жөн тағып, қоңырау байлап жатыр. Мұның бәрі әдебиет мәселесін қозғауға мезгіл жеткендігін көрсетеді.

Әдебиет мәселесін көтергенде, алдымызда тұрған көп сұраулар бар: төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты, рухы қандай еді? Енді қандай болу керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжа салды? Қазақта төңкерісшіл, тапшыл жазушылар, ақындар бар ма? Болса кімдер? Қандай шығармаларынан көрінеді? Тап ақыны жоқ болса, себебі не? Қашан болады? Қазақ жазушылары төңкеріске жолдан қосылған «жолбикелер» ме? Жоқ, бел баласы да бар ма? Жолбикелердің ұлтшылдық әдеті қашан қалады? Оларды пайдалануға бола ма? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі бола ма? Жалшылар әдебиеті мен қара шаруа (мұжық) әдебиеті арасында айырма бар ма? Қазақ әдебиеті көтерілуге жағдай бар ма? Әдебиет пен техника әдебиеті қатар өсе ме? Бірі оздық кететін дәуір бола ма? Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде? Күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм), санашылдық (идеализм), нағыздық (реализм) дәуірінде ме?

Тұрмысқа, заманға қайсысы қабысады? Әдебиетке қандай көзбен қарап, сынау керек? Жалаң тап, саясат көзімен бе? Жоқ, басқа жақтарынан қарау керек пе? Қазақ әдебиеті қайткенде тез өркендейді? Жазушылар орнында пайдаланып жүр ме? Әдебиетшілер ұйымдасатын, пікірлесетін заман жетті ме? Ол керек пе?

Міне, әдебиет мәселесін көтергенде туатын сұраулар.

Бұл сұраулардың әрбіріне бірер мақала жазып, толық тексеру керек; әрқайсысына тарихи, ғылыми негіз беру керек. Бұларды ат үстінен қарап шешуге болмайды. Бірақ, мәселені көтерген соң, белгілі пікір ұсыну керек. Сол пікірді талқыға беру керек. Сондықтан мәселенің астар жағын, негізін бұ жолы қоя тұрып, қысқаша түрде пікірімізді көптің алдына ұсынамыз.

Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт теңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қала берсе орыс атауына ереуіл жасау еді.

Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды – үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан уайым-қайғы, торығу кіргізді.

Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұхарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек.

Қазақта төңкерісшілдікке талпынған жазушылар, өлеңшілер бар, бірақ, кейбірінің аттары ауыздықпен алысып, алып қашып жүр. Әдебиетке тереңдеп сүңги алмай, дұрыс бағыт тұтына алмай жүр. Жарып шыққан күшті ақын әзір көрінбейді. Тап ақыны әзір қазақта жоқ. Бірақ болуға мүмкін.

Қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған.

Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қою мүмкін емес. Төңкеріске, коммунизм жолына көрінеу қаса қылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды да пайдалануға болады.

Қожалық құрған, билеп-төстеген үстем ұлттың әдебиеті мен төменшік, әлсіз, езілген, бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиеттен айырмасы бар һәм болмақ.

Жалшылар әдебиеті мен кара шаруа әдебиеті бір емес. Тұрмысы, шаруа түрі, дүние тануы екі басқа елдің әдебиеті де өзгеше болмақ, бар һәм болады. Ендеше қазақ әдебиетінде де өзгешелік болу керек.

Шаруаның түзеліп, мәдениеттің көтерілу қарсаңында әдебиет те гүлдену керек. Ондай жағдай қазақта болса, әдебиет өркендейтін дәуір таяу болса керек.

Техника (әдіс өнері) мен әдебиет қол ұстасып жүре бермейтін шағы да болады. Әдебиет озып кетуге де мүмкін. Кеш бастауға да мүмкін. Қалып қоюға да мүмкін.

Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да құтыла алмайды. Нағыздық дәуір қазіргі тұрмысқа аналардай қабыса қоймас.

Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сынаржақ етпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең. Әр нәрсенің себебін, жағдайын, аргы-бергісін, жақсы-жаман жағын түгел тексеретін, көз алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз. Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғалым иесі де болу керек.

Әдебиетке аңсаушы көбейсе, әдебиеттің қадірін білуші, көтермеші, қолдаушы табылса, әдеби сөздер, айтыс-талас, бәйге, сын сықылдылар баспасөзде кең орын алып, әдебиет майданы ашылса, жазушыларымыз, ақындарымыз бәрі бірдей «Ломоносов», я тілмаш болып кетпей, әдебиет қызметіне де берілсе, сонда қазақ әдебиеті тезірек өркендер еді.

Қазақ әдебиетшілеріне де пікір ауысатын, кеңесетін, ұйымдасатын мезгіл болған шығар деп, осы мәселені қозғадық.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ САРАЛАУ

Төңкерістен кейін қазақ өлеңшілері, жазушылары көркем сөздің не екенін білмегендіктен, әйтпесе өнері жетпегендіктен, не болса соны жазып, баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады. Төңкерістің алғашқы екпінінде айғай сөз, үгіт жарастықты еді. Сән болып еді. Төңкеріс сабасына түскен заманда алғашқы айғаймен жүре беру келіспейтін кінәретті нәрсе. Дәмсіз, кенеусіз сөзбен қандай әдебиет болса да туғыза алмаймыз. Әсіресе еңбекшіл әдебиетін жасай алмаймыз.

Қазаққа алғаш жазу кіре бастағанда, татар, қызылбас, сарт жожа-молдалары жоқты-барды құрап, бұтып-шатып хикая, қисса, насихат өлең жазып, қазақ әдебиетін бір сөйлетіп еді. Бірақ жожа-молданың талантсыз сөздерін жұрт қабылдамап еді. Қабылдамаса да, құрқол елге қисса да ермек болып еді. Міне, осы күнгі кейбір сөздер сол жожа-молдалардың өлеңдері тәрізденіп барады. Көркем өлеңге құлағы үйреніп қалған қазақ су татыған өлеңді оқымайды. Ондай өлеңге мейірі қанбайды. Енді өнер мен жамауды талғайтын заман болды. Өлең еместі өлең деп, жұрттың алдына тартуымыз ұят. Бұл туралы өлеңшілер ойлану керек.

Көркем әдебиет қандай болу керек? Мәдениетті елден үлгі алу тиіс.

Лелович айтады: «Көркем сөз, ақындық деген не? Ойыншық па? (...) (...) анықталмаған сөз) жеміс пе? Ермек пе? Демалу, ми тынығу үшін керек бірдеме ме? Егер өнер туралы Толстойдың пікірін дұрыс тапсақ, «Өнер – сезімге уығын жаятын құрал» екеніне қол қойсақ, көркем әдебиетті оқушылардың жан-дүниесін жүйеге салып, қалыптандыратын зор құрал деп тапсақ, әрбір жазушыға, әрбір әдеби сөзге мынадай сұрау қоюымыз керек: осы жазушы, осы сөз оқушының жан дүниесін қалай қалыптандырады? Қай бағытта, қандай сүрең береді? Қандай сезім туғызады? Көңілге қандай әсер

береді? Міне, әр ақынның, жазушының сөзіне қоятын өлшеу осы болу керек».

Маяковский айтады: «Өнер түрлі болу керек. Суретші, жазушы, артист таптың қолын ұстанатын құралы болу керек. Бірақ ол құрал бес, он жылдың ішінде түкке жарамай қалатын шірік құрал болса, оның түкке керегі жоқ. Осы күнде кейбір жазушымыз өлең жазады:

Мен – жалшылардың зеңбірегімін

Олай да, бұлай да атамын.

Осындай өлеңдер жұрттың алдына тартылады. «Мен – жалшылардың зеңбірегімін» дегенге ар жағында жан шошырлық бірдеме таяу шығар деп дәмеленіп қалсаң, «олай да, бұлай да атамын» дегенін оқып, мойның сылқ ете түседі. Өнер істеп үйрететін – шеберлік. Бұл шеберлік ақындарымызда, жазушыларымызда кем», – дейді.

«Қазақ ақындары» тіпті сорақы, ешбір сөзді талғамайды. Құдай аузына нені салса, соны қойып қалады. Газеттерді, журналдарды қарап отырсаң, кейбір өлеңдер оқушының сезімін тәрбиелемек түгіл, құсқысын келтіреді. Мәселен, мына өлеңнен оқушы қандай пайда алады?

Өлерінде жауыздар.

Жанталасып қалады,

Апыр-топыр кезінде

Талай гәптер болады.

.....(оқылмады)

Ойдағысын тындырып,

Келешектегі ғасырдың.

Қолына қайтып қонады.

Біздің ойымызша, оқушы түк пайда ала алмайды. Бұл – газетте басылған өлең. (Қай газетте екенін айтудың қажеті жоқ).

Тағы біреу табиғатты былай суреттейді:

Келгенде февраль өтіп, марттың айы,

Білінді сол мезгілде жаз ыңғайы.

Жылынып, күн ұзарып, түн қысқарып,

Бір түрлі жағдайлы боп шаруа жайы...
Тізіліп сыңқылдаған әндерімен
Аспанда ұшқан құстар жүр топтанып,
Шаруалар кәсібіне айналып жүр,
Әркімнің өздерінше хәлі келген...

Мұның соңынан «Мұхаммет үмбетіне жарамазан» деп қойса, үйлесе кетер еді. Мұнда қандай сурет, қандай күш, қандай сезімге әсер берерлік жері бар? Бұл сықылды «жарамазандар» көзден шоласыз. Жақсысы қайсы, жаманы қайсы? Қайткенде өлең өнер болады? О жағын тексеріп жүрген жазушылар да, сыншылар да, баспасөздер де әзір көрінбейді. Сонымен балдыр-батпақтап, не болса соны газет-журналға тығындап жүрміз.

Өлең мен жарамазан, өнер мен жамау-жасқау араласып, әдебиетті қоқытып жібермес үшін газет-журналдар баспа бетіне түскен сөздерді саралап, қылшықтап, тазалап отырғаны жөн болар еді. Жалаң өлең емес, қара сөзбен жазылған әнгімелер де тексерілген жөн. Жақсы сөз қайсы? Неліктен жақсы? Жаман неліктен жаман? Бұл – ескерілетін нәрсе.

Бұл туралы «Ақ жол» бетінде бұдан былай сын болып тұрар. Сыншылар да қарап қалмас, ат салысар деп сенеміз.

«ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ» ТУРАЛЫ БІР-ЕКІ СӨЗ

Осы күні орысша болсын, қазақша болсын Қазақстандағы төңкеріс қозғалысы жайынан мынау дерлік көрнекті, негізді бір еңбек жоқ. Ең болмаса келесідегі “ұлы” жұмыстың керегіне жарарлық “шикі” деректер жиналып шықса да біздің әдебиетке үлкен олжа болар еді. Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешу” атты кітабы (Қазақстан мемлекет баспасы. 421 бет, бағасы 3 сом 70 тиын) дүниеге келгенде, қай түрмен болса да жоғарыда айтқан жыртық жамауға жарайды екен ғой деп ойлаған едік. Өйткені жазушы Сәкен мұны жазғандағы өз міндетін былай депті: “Ұлы өзгерістің Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде із қалдыру. (Беташар, 6 жол)... бұл кітабымның көп жерлері тарихи мағлұмат болуға жарар деп білдім (Беташардың аяғы)”.

Франсуз жұртында “Сұлу әйел қанша сұлу болса да бойындағы барынан басқаны бере алмайды” деген мақал бар. Біздің Сәкен бұл мақалдың айтқанын келтірмей, ауданынан шығып кететін “сұлу әйелдердің” тұқымына қосылмайды ғой. Бірақ, шынында Сәкен қылығы бүгінге дейін осылай болып келді. Біз қазақ оқушыларының алдында, жұртшылық алдында Сәкенмен шығып отырғанымыз бір бұл ғана емес. Сәкен жұртқа баяғыдан әйгілі таныс. Орысша болсын, өзгеше болсын кеңес, партия, баспасөз жүзінде оның ақындық “оңарлығының” жайын кезінде жұртқа жайғамыз, таныстырғамыз. Орынборда болған (1923ж.) Қазақстандағы партия ұйымының конференциясындағы сөзінде де жолдас Ярославский: “Біздің қайғыбай” (горе поэт) ақынның өлеңіне бірталай тоқтап, тұқырта тексерген еді. Сәкеннің партия жолында бағытына баға кесілген еді. Қазақ әдебиетінде түбі айтылған еді. Осылардан кейін біз Сәкен енді ойланар-ау, бағытын түзеуге шындап кірісер-ау, өзінің семинариядан алған “білімімен” табандап тұрып қалмай, аз да болса саяси сауатсыздығын жоюға ұмтылар-ау деп ойлаған едік. Бірақ, оның ең соңғы жазған өлеңдері, әсіресе “Жан жолы” деген поэмасы жоғарғы үмітіміздің күлін көкке ұшырды. Сәкен – баяғы Сәкен. О күнде айтқан “төңкеріс өз бетімен кетіп барады” деген сөзіміз әлі сол сөз. Сәкен өзінің ту баста тандап түскен жолында. Ол әлі Азияның – қазақтың көткеншек дарашылдық ескі жолымен әлі

кетіп барады. Сәкен шала-шарпы жаурапаласқан “сал” үлгісіндегі қараңғы “қазақшылық” жолымен әлі күресіп келе жатыр. Бұған кешіктірмей келесі мақаламызда айырықша тоқтармыз. Қазір Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуі” туралы ғана біраз сөз жазбақпыз. Бұл кітапта Сәкен өз аузынан 1916-1919 жылдардағы қазақ жұртшылығының басынан өткен оқиғалардан өз байқағанын жазып, қорықтыңды бермек. Айталық, Сәкен кітаптың тарихтығына өзі де таласпасын. Ол “көргенін, естігенін ғана” айтсын. Біз де осы өлшеумен жақындадық. Олай қылсақ та оның кітабы, жазған өнері, тапқаны мен таянғаны ондай да өлшеуге келмейтін бір “зат”.

Бірінші – бұл “затты” әдебиеттің қай түріне қосарын (история, очерк, монография, мемуар, воспоминание, автобиография и др.), жазушы өнерінің қай саласына санарын ешкім де ажырата алмайды (Сәкен өзі де қайда қоярын білер ме екен). Мұны біздің жазушымыздың кезекті “інжуі” дейміз де.

Қожанасыр қонақ шақырыпты. Қонақтарының алдына астауға су толтырып әкеп қойыпты да, қонақтармен қоса отырыпты. Қонақтар Қожаның не қылғанына түсіне алмай алақтасыпты. Мұны Қожа сезіп: “Ғажаптанбаңыздар, меймандарым. Егер бұл астаудағы судың артығын төксе, сонан соң күріш салса, май қосса, ет тураса, сарымсақ, сәбіз салса, тұз сепсе, сонда дегенбай палау болады” деген екен. “Тар жол, тайғақ кешу” туралы да осыны айтуға болады. Егер Сәкен кітабының артық кітабын төксе (тәржіма, қалды Сәкен айналсоқтап шықпайтын толып жатқан құба қыздарды, құла қыздарды, ерні қызылша қыздарды, иегі ұзынша қыздарды, бетсіз, шетсіз, ауыл қыдыруларды, қымыз ішулерді және сол сияқты жұртқа керексіздерін шығарып тастаса), күнбатыс Сібірдегі төңкеріс қозғалысы тарихынан болмыстарды (пакті) қосса, сонан соң марксшіл әдіске алып отырып тап айқастарын, ұлт қатынастарын талдауға салысса, сондай төңкеріс қозғалысы тарихының бір парасы (очерк) болады. Ал мына қалыбында, үш қайнатса басы қосылмайтын былықпалардың мына түрінде “мен” деп басталып, “мен” деп бітетін бұл “затты” өзгеше түрдегі “Сәкеннама” деуге ғана келеді.

Әр нәрсеге рабай керек қой. Біздің Сәкеніміз осы рабайдың өзіндегі кемтарлығынан ақсайды. Сәкен жөндіні жөнсізден, мәндіні мәнсізден, керекті керексізден дым да (абсолютно) ажырата алмайды. Оның кітабының басынан бақайына шейін жапса

жапсырылмайтын өзін-өзі өрескел мақтай беру (грубая самореклама). “...Арқаның жұтынған сұлулары бәрі қосылғанда кімді мас қылмас, кімді балқытпас... Бәйсейіт екеуміздің ортамыздағы қара торы қыз ән салды. Бұл орта бойлы қара торы жастау қыз” (9-бет).

“...Жылқының шетінде текемет үстінде қотанды күзетіп Балабайдың қызымен екеуміз ғана ояу отырмыз. Ақырын домбыра шертіп Сәулім отыр. Шалқамнан көкке қарап, жұлдыз санап мен жатырмын (388-бет). (Сәкен-ау жұлдыз қанша екен?)

“...Салаумағалайкүм Сәкен! – деді...” “Кәдімгі Сайполланың Сәкені деді”... “Шіркін, Сәкен жігіт еді ғой деді...” “Шіркін, Сәкен кетті ғой деді” (393-бет).. “...Шіркін, Сәкен Түркістанға тартты ғой деді”...“...Шіркін, Сәкен домбырашы ғой деді. Ақмолада қымызшыларды аралап қымыз ішкенде, қымыз ішіп отырып домбыраны алып, қағып-қағып жіберіп ән салушы еді!..”

“Шіркін, Сәкен, тамаша еді ғой!.. деді” (441-бет). (Сәкеннің басқа да өнері бар)...”

“Қара көз қыздың бегін жарыққа шығарып қойып, қадалып отырған көзіне қапияда мен де қадала қалдым... Қыздың шешесі жеңгеймен арбасып (жылан ба екен), сөйлесіп отырып, көлеңкедегі қара көзге оқ жіберіп отырдым (369-370-бет)...”

Мінеки, біздің шіркін, Сәкен! Жігіт Сәкен! Тамаша Сәкен! Сал Сәкен. “Тар жол, тайғақ кешудің” басынан аяғына шейін осындай. Мұндайын терем деген адам шіркін, Сәкеннің мына дәу кітабын қайта қотарып шығу керек.

Біздің ауылдағы Қырықбайлардың, Сырықбайлардың бәрі де үй арасындағы бозбалашылығын, қой үркіткенін, ит үргізгенін “Тар жол, тайғақ кешу” деп “тарих” қылып жаза берсе, оны мемлекет баспамыз баса берсе, біз қайдан шығар екеміз? Бүгінге шейін жер жүзінде үлгісі жоқ Сәкен бастатқан “әдебиеттің” жаңа жаныры (жанр) Қазақстанда туғаны да!

Олай емес. Бізді, комунистерді, төңкеріс қозғалысының тарихында жеке адамның қара басы оншалық қызықтырмайды. Әсіресе Сәкеннің ана сықылды өмірбаянына онша өксімейміз, біздің ұлы үйретушілеріміз (учитель) Маркс, Энгіліс, Лениндердің дәстүрі (традициясы) бізді әркім өзін мақтай беруге үйретпейді. Қоғамның әлеумет саяси құрылысын қайта жасауға үйретеді. Әсіресе өзін дәріптеу, өзін мақтау сияқтыларды сүймеген, өте жек

көрген Ленин дәстүрі бізге өте ардақты. Сәкеннің кемінде 50 %-і өзін мақтаған кітабына біздің коммунистердің қалай қарайтындығы осымен ашылады. Жалғыз-ақ Сәкенің мына кітабына ат таба алмай әурелендім (Бет ашарда) дегеніне өз “өжеттігімен-ақ” “Мен және төңкеріс” деп қалайша атандырмады деп көңіліге келеді.

Екінші – Сәкен қоғам өмірінің суретін беруге талпынады. Сол дәуірдегі қазақ өмірінде елеулі орын алған “Алашорданы” недәуір-ақ айналдырмақшы болады. Ондай жұмыстарды қолға алған коммунистердің қай-қайсынан болса да соған сүйеніп білім жалпылауын (науч. марксист. обобщение) істейтін дерек беруді, болмыс (пакті) беруді талап етуге қақымыз бар. Ондай жұмысқа Сәкеннің күші келмейтін сияқты. Сәкеннің болмағанда көркем әдебиет түрінде болса да қоғам қатынасын талдауға таянарлық сурет беруге қолынан келмейді. Оның бар білгені анық саяси айтыста есепке кіре алмайтын толып жатқан бір тұтас боқтық, сөгу, былалып, балағат. Міне, төңкеріс қозғалысының “тойын” Сәкен осылай қылып, жұртқа осындай “табақ” тартады.

Болмаса Тынышбайұлы мен Қоңырқожаның жауында ықтап отырғанда мойнынан суды сонша сорғалатқанмен /151-бет/ тап “кегіміз” табылмайды. Олардың далада қонғаны, тоңғаны, не жылынғаны Сәкеннің өзінің домбыра шерткені, “кәрлен кесемен қымыз ішкені”, “қызбен қадалысқаны” сияқты керексіз нәрселер ғой. Бірақ амал бар ма, “Тар жол, тайғақ кешудің” басы да, аяғы да осы. Бұл Сәкен ойларының өте әлсіздігі. Байқау, бақылау деген көрген, білгенінді “көже” қыла бер деген емес. Ондайды қыла берсе, қымызды кім ішпейді, қызды кім құшпайды. Әрбір әліпби танитын ауылнай-ақ, болмаса бұрынғы Бұқар әмірінің сарайындағы сарай тарихшысы-ақ (Историограф) талай “Тар жол, тайғақ кешуді” жазып тастайды.

Үшінші – егер Сәкен көрген, білгенін дәл бұлжытпай жазатын таза хабаршы (хроникер) болса, онда оның талай білімсіздігін кешер едік қой. Сәкен ондай болмайды. Ол қазақ жұртшылығы өмірінде ұлы мәні бар нәрселерді өзінше бұзады. Өзінше бояйды. Соны оқушыға ұсынады. Мәселен, аты әйгілі қазақ Қылестаков (Хлестаков) - Төгісұлы Көлбайға арналған кітабындағы беттердің құны қанша! Сәкенше Көлбай Сәкеннің көлінен жүзіп отырып, төңкерісшіл, социалист болып шыға келеді. Егерде Сәкеннің “Марксшіл” әдісі алашордашылар жамандағанның барлығы да

ашаланбай, ажыралмай төңкерісшілдерге, социалистерге санала беретін болса, онда біз Сәкенді құттықтамаймыз! Егер Сәкеннің “қолы тисе” қазақша болсын, орысша болсын партия кеңес баспасөзінде, жұрт алдында осы мәселелер туралы аз әңгімелесек болар еді.

Сөз Сәкендікі. Біз жалғыз-ақ Көлбайларға, Көлбай сияқтылар коммунистердің ішінен өзіне жақтаушы тапқандығына, Көлбайлардың Қазақстандағы коммунизмнің тұңғыш “көсемі” болып шыға келгеніне ішіміз қатты ашиды. Ұят-ақ! Бұл ұят. Бұл масқаралық! Бұл ұят. Бұл тентектік.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

Октябрь төңкерісі езілген ұлттардың, езілген таптың қай-қайсысының болса да көзін ашып, көкірегіне сана кіргізді. Россиядағы басқа ұсақ халықтар сияқты біздің қазақ елі де қазіргі бостандығын өз күшімен алдым, өзім жеттім деп айта алмайды. Мұны әперген Октябрь төңкерісі, оны жасаған орыс жұмыскерлері.

Қазақстан ел болғанына міне алты жылға толып, жеті жасқа аяқ басты. Осы алты жылдың ішінде кеңес құрылысы, партия құрылысы, оқу, білім, шаруашылық, тағы басқа жұмыстардың бәрі де күн санап ілгерілеп келеді. Рас, бәрін бірдей бір күнде түзеп жіберуге болмайды. Әйткенмен негізі салынған, ендігі міндет – алға баса беруде.

Қоғам тұрмысында үлкен орын алатын мәселелердің бірі – әдебиет мәселесі. Бұл мәселеге тұрақтап, «алты жылдың ішінде не істедік?» деген сұраққа келсем, – «жоқ» дегеннен басқа жауапты кімнің де болса бере қоюы қиын. Мұның бұлай болуына үш түрлі себеп бар:

1) Жалпы қазақ елінің, оның ішінде кедейлерінің сауаты төмен. Соңғы уақытта ел ішіне сауат ашатын мектептер ұйымдастырып, егтеп қара танығандары болмаса, одан бұрын қазақ кедейінің жүзден 99-ы хат білмейтін еді десек өтірікші болмаспыз. Сол сауатсыз кедейлер Кеңес өкіметінің алғашқы жылынан бастап белсеніп іске кірісе алмады. Әдебиет әлеміне қатынасу түгіл басқа іске де жөнді қатынаспады. Азынаулақ талаптардың бірлі-жарымдары ол-пұл жазса яки ауызша шығарса, олары ел ішінен ілгері асқан жоқ.

2) Байшыл-ұлтшылдардан шыққан әдебиетшілер кедейден жаңа көтеріліп келе жатқан жазуға қыры барларды менсінген жоқ, «кешегі пәленшеден не шығады» деген көзбен қарады. Неше жылдан бері жазуға кәнігіленген, оқуы мол, әдебиет заңына жетік: Жұмабайұлы Мағжан, Аймауытұлы Жүсіпбек, тағы сол сықылды жазушыларға қоятын шартты көзін жаңа тырнап ашып келе жатқан, оқуы аз, әдебиет заңына шорқақ, тілі жаттығып болмаған кедей балаларына да қойды. Бұл шартты олар көтере алмады. Бірер жазғандарына тым қатаң қарағандықтан біразы бұғып қалды.

3) Біздің тұрмыс бірлесіп, біреудің білмегенін біреу үйрететін тұрмыс: партия ұяларының ашылуы; кеңестердің сайлануы, кооперациялар мен артельдердің ашылуы, тағы осындай жұмыстардың бәрі бірлесіп істеген істердің жемісті болатындығынан шыққан нәрсе. Әдебиет те осы сықылды, оның да өз алдына ұйымы болады. Мәселен, Мәскеу қаласында ұсақ өнершілер, шаруалар, жұмыскерлер жазушыларының өз алдына құрған ұйымы бар. Ол ұйымды құру мақсаты: күшті бір орынға топтау, білмегендерді үйреуге, білгендерін білмегендеріне ұстаз ету. Біздің Қазақстанда мұндай ұйым 1925 жылға шейін болмады. 1925 жылдың ішінде Мәскеудегі Кеңестер одағындық жазушылар ұйымының (ВАПП) Қазақстанда да бөлімшесі ашылған еді, ол да күрделі іс істеп жарыққа әзірге шыға алған жоқ.

Бұдан басқа біздегі үлкен кемшіліктердің бірі – әдебиет мәселесінің негізін шешу дегеннің өзі де дұрыс бағытқа қойылмады.

Қазақстан топырағында әдебиет мәселесі 1922 жылдан бастап қозғалды. «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Ақжол», «Шолпан», «Темір қазық», «Сана», «Лениншіл жас» тағы сол сықылды баспасөздерде әдебиет мәселесі талқылана басталды. Бірақ талқылаудың арты дұрыс талқы болған жоқ. Біреу біреудің жеке қара басына соқтықты; жазуды сынаған жоқ, кісіні сынады; достық, жолдастық дегендерге қарады; «соқыр, надан, ақымақ, есуас, сиыр» деген әдебиет сынауына ылайықсыз сөздердің талайы айтылды.

Бұл айтыстардың және бір көңілсіз жері ұлтшыл жазушылардың жақсы жазғаны болсын, жаман жазғаны болсын, біреуі де сыналмай, сынның көбі жаңа жазып келе жатқан коммунистерге қарай ауды.

Көлденең қараған жұртқа бұл айтыстар сын емес, ұрыс сықылды еді.

Бұл жаңжалдың арты тиянақты бір мәселеге тірелген жоқ. Қозғалған мәселенің ең маңыздысы «қазақта тап ақыны бар ма?» деген сөз еді. «Коммунист ақындардың бетін былғадық, масқараладық» деп ұлтшыл сыншылар жүрді. «Тап ақынын бар қылдық, ұлтшыл ақындарға кедергі салдық» деп коммунист сыншылар жүрді. Бірақ ұлтшыл ақындардың қателігін, залалдығын дәлелдеу жағымыз болмаса, қазақта тап ақыны бар_ма, яки бола ма? деген мәселені біз күні бүгінге дейін тиянақтап жет- кеміз

жок. Бұл туралы алты жылдың ішінде көз көріп, қолға ұстап отырғанымыз Тоғжанұлы Ғаббастың «Жүсіпбек сыны. Мағжан ақындығы туралы» деген кітабы. Бұл кітапта біраз қысқаша түсініс берілген. Бірақ кітаптың алып отырған темасы Мағжан туралы болғандықтан мәселенің көбі соған арналған.

Бұдан басқа көркем әдебиет туралы жақсы сынды Бәйділдәұлы Абдырақманның «Көркем әдебиет туралы» деген «Еңбекші қазақ» газетінде 1925 жылы басылған мақаласынан көрдік. Абдырақманның бұл мақаласын оқыған кісі ұлтшыл сыншылардың қателігін, тап жазушыларының барлығын, келешекте де болатындығын ашық көреді.

Біздің үстіміздегі дәуір күрес дәуірі, мылтық алып күреспегенімізбен, пікір жүзіндегі күресіміз әлі қойылмайды. Қазақтың өз ішінен шыққан «Алашорда» партиясы бар. Оның мүддесін аянбай қорғайтын Мағжан сықылды ақыны бар. Олар қағаз жүзінде жоғалғанмен әлі өліп біткен жоқ. Оны біздің Қазақстан түгіл, Орталық партия комитетінің осы жаздағы июль айында болған пленумы да бар деп тапты. «Алашорданы» қуаттайтын қазақ ұлтшылдары баспасөздің маңайында отырып алып, өз дегендерін ептеп іске асырып келеді. (Қазақстан партия конференциясының баспасөз туралы қаулысынан). Алты жылдық өміріміздің ішінде коммунист жазушылардың, яки солардың тілегіндегілердің шығармалары баспасөздерімізде көп көрінді ме, яки ұлтшыл жазушыларымыздың әдебиеттері (сырты сұлу, іші у) көп көрінді ме деген сөзге ұлтшылдардікі көп көрінді десек күнәлі емеспіз.

Біздің жұртшылық ілгері кетіп бара жатыр. Біздің алдағы міндетіміздің біреуі сол ілгері басқан жұртшылықпен қатар, көркем әдебиетімізді де ілгері бастыру.

Бұл арада «кешегі білімі аз кедейден шыққан жазушыларымыз бүгін қандай екен?» деген сұрақ туады. Әрине, кешегі білімі аздар бүгін бірден аспанға шығып кеткен жоқ. Ептеп өсіп келеді. Бірақ әлі көңілдегідей білімденіп болды деп айтуға болмайды. Бұл бұлай бол-ғанмен өткен жылдардан едәуір ілгері кеттік. Біріншіден, жазып жүргендер аз-мұздап алға басса, екіншіден, елдегі кедейлерден қатарға ұмтылып келе жатқан әлденеше жазушыларымыз бар. Бұлар – әлі қызметке кірмеген, өз шаруасын бағып жүрген ауыл тілшілері.

Ауыл тілшілерін алғанда Максим Горькийдің төмендегі бір сөзі есіме түседі:

«1906 жыл мен 1910 жылдың (4 жылдың) арасында менің қолымда шаруадан шыққан 400-ден аса жазушылардың тізімі бар. Бұлардың жазған жазуларының дұрыс біреуі жоқ. Бәрі де басуға жарамайтын қателер. Бірақ өзгеше бір қасиет бар, ол мынау: қай өлеңін алып оқысаң да қаладағы шаруаның немен күн көріп, неден жәбірленіп, не нәрсеге қуанып жүргенін көзіңе айқын елестетеді. Менімше қала халқының қандай күйде жүргенін білу қай оқушыларымызға болса да ұнамсыз емес шығар. Мен көбін оқыдым. Жазылған жазуға қарасаң қаламға ылайық қолдың түсірген сызығы емес. Уқаланған жаман қағазға жазған қиқы-шойқы, түкке тұрмайтын жазу. Бірақ ой жіберіп, кейбір сөздеріне қарап отырсам, жүрегім аттай тулап, төбе шашым тік тұрады. Ең бір ғажап жері әр жақтан келген жазулардың түпкі сарыны, көздеген мақсаты біреу-ақ – халық тіршілігі. Құндылығы осында.

Бұл жазушылардың он бірінің-ақ анда-санда жазғандары басылып жүр. Қалғандарынан баспаға басылғандары жоқ. Оқу жағына келсек, көбі шала хат таниды. Кейбіреулері хат алып, хат берудің де мәнісін білмейді. Бір солдат былай деп жазыпты: «Егерде жазғаным басыл-маса Васман уезіндегі Степан Наклашин деген солдатқа қайырыңыз». (История новейшей русской литературы. Львов, Роговский.)

Максим Горькийдің осы сөзі біздің қазіргі заманымызға дәл келеді. Қай губернияда шығатын қандай газетті алсақ та, оларға елдегі шала хат білетін тілшілерден, комсомолдардан, жас партия мүшелерінен, ауыл мұғалімдерінен әдеби шығармалар көп келеді. Біздің баспаларымыз олардың көбін ылайықсыз деп тауып баспайды. Әрине, Максим Горький айтқандай, ауылдан келетін өлең, әңгімелердің көбі басып жіберуге жарамсыз бірақ онда терең сыр бар: ауыл кедейлері қалай күн көріп жатыр, не нәрсеге түсінді, не нәрсеге түсінген жоқ, не нәрседен жәбірленді, байларға қалай қарайды, осыларды ашық көруге болады. Біздің алдағы күнде тапшыл жазушыларымыз кім? Әрине, солар. Осы күнгі жолбикелерге сеніп, олардан «тапшыл ақын жасаймыз ба, қайтеміз?» деп жүргеннен де, жаңа оянып келе жатқан кедей жастарына

көбірек көз салуымыз керек. Егер оларды үйрете білсек, ертең ақ қатарлы жазушы болып шыға келеді.

Осы күнде «күшті ақын» деп көкке көтеріп жүрген ұлтшыл жазушы, ақындар осы қалыптарымен туған жоқ. Мержақыптың «Оян қазағындай», Мағжанның «Шолпанындай» көже өлеңдерді біздің кедейден көтеріліп келе жатқандарымыздың қайсысы болса да жаза алады. Бұдан біз көкке көтеріп жүрген ақындардың кеше ғана жерден шыққанын көреміз. Олай болса, біздің бүгін көтеріліп келе жатқан тілшілерден шыққан ақындарымыз да ертең көкке қолын сермейді.

Ендігі бір айтатын мәселе біздің жазушыларымыздың жазу бағыты туралы.

Кедейден шыққан жазушыларымыздың жазуларының көпшілігі жалаң үгіт, айғай болып келеді: «Кедейлер ояныңдар, байлармен күресіңдер, молданы көзге шұқыңдар, өз тізгіндеріңе өздерің ие болыңдар, ұйымдасыңдар...» деген сықылды.

Кедейден шыққандарды ұнатпайтындардың кедей ақындарын, жазушыларын бір жамандайтын жері осы. Бұған азын-аулақ коммунист жолдастардан да қосылып кететіндер бар. Мәселен, Самат деген жолдастың баспаға жіберген кітабын Жолдыбайұлы Молдағали жолдас «Лениншіл жастың» бір санында сынап мақала жазады. Молдағалидың Саматқа қоятын кінәсінің ең зорының біреуі: «Октябрь төңкерісі бітті, енді төбелес жоқ. Бірақ Самат төбелестен қайтқан жоқ екен. Тыныш жатқан елге төбелес жасаймын деуі қай сөз...» Бұған Саматтың өлеңдерінен мысал алады. Мысалға алған өлеңдері жоғарғы көрсетілген айғай.

Мұндай беталыстан біздің жазушыларымыз әлі арылып болған жоқ. Құрғақ айғайдан шығатын пайда аз екеніне ешкім таласпайды. Қазіргі күннің ұраны да солай. Бірақ елді бір жағынан қанын қыздырып үгіттеу деген нәрсені менімше әзір түгелімен тастауға болмайды.

Қазақ кедейлері әлі оянып болған жоқ. Байдың ықпалынан әлі шығып жеткен жоқ. Оларды саналандыру үшін әртүрлі тәсіл керек. Соның біреуі нақты іс болса, біреуі пәрменді үгіт, онсыз болмайды.

Ал сөздің әдемілік, суретшілдік жағына келсек, ол бір күнде бола қоймайды. Оқи, біле, түсіне, көре болады.

Бұлай болған күнде жас жазушыларымызды салған жерден әдемі суреткер ете қоямыз деу шындыққа үйлеспейтін нәрсе. «Үйрен» деген сөздің айыбы жоқ. Жас жазушыларымыз үйренуге тырысулары керек. Бірақ үйреніп болғанша қыспақтап кету қате. Бәйгеге шапқан атты салған жерден өкпеге теуіп айдап кетсе, тез болдырып, шаба алмай қалады. Біздің жас жазушыларымыз да сондай.

Жүздеген жас жазушыларымыздың сөздерін мысалға алмай-ақ Абдырақман Бәйділдін мен Ғаббас Тоғжановтың сөзінен қазақта тап ақыны барлығын біз көріп отырмыз. Оны жоқ дегендер көргісі келмегендер.

Бізде жазушылар (еңбекші жазушылары) өсіп келеді. Бұларды өсіре беру алдағы басшылық ететін коммунистердің, партия мекемелерінің міндеті. Мұны V партия конференциясы баспасөз туралы қаулысында ашық айтқан. Бірақ айту бір басқа да, іс бір басқа ғой. Қазіргі қалпымызға қарағанда, жас жазушыларымыз тез көтеріледі деп айту қиын. Себебі: көтермелеуші аз. Басшылық етем деп жүрген еңбекші жазушыларының Қазақстандық ұйымы әлі ісін жақсарта алған жоқ. Бұл қалыппен бара берсек, тез көтеріле қоюымыз қиын мәселе, соның үшін бұдан былай төмендегі шараларды жүзеге асырған жөн.

1) Еңбекші жазушылардың Қазақстандық ұйымы ҚазАПП-тың ісі алға бастырылсын. Елдегі жаңа жазып келе жатқандарға жолбасшы болып, оларға тәрбие бере алатын болсын.

2) Әдебиетке жол ашатын құралдың біреуі – әдебиет журналы. Мұндай нәрсе бізде жоқ. Жазып келе жатқандардың өсуі үшін жазғандары басылып отырса, бір жағынан көтеріледі де, екінші жағынан жаманын түзейді. Соның үшін екі айда бір рет болса да әдебиет журналы ашылсын.

3) Газеттердің бетінде кедей жазушылардың іске жарарлық өлең, әңгімелері басылып отырсын. Азын-аулақ кемдіктеріне ақыл берілсін, бірақ көңілін қайтарарлықтай әзірге зілді сын болмасын.

4) Қазақстанның ойдағы, қырдағы қаламының желі бар кедейшіл жазушыларының есебі алынып, оларға газет, журналдар арқылы ақыл-кеңес беріліп отырылсын.

5) Кедей жазушылардың өлең яки әңгіме жинақтары болса жарарлықтары тез басылып отырылсын.

6) Әдебиеттің маңызы, заңы, тарихы, түрі туралы білетін коммунистерге кітапшалар жаздырып, оларды басып, елдегі жас жазушыларға тарату шарасына кірісілсін.

7) Көркем әдебиетті үйренетін курстар ашылсын. Жоғарғы мектептерге әдебиетшілер іріктеліп жіберілсін.

Әрине, бір мақалада әдебиет туралы барлық пікірді түгел айтып бітіруге болмайды. Бұл туралы жолдастар пікірлерін ұсынар, менің әзірге ұсынысым осылар.

Қорытынды сөзімде айтатыным: әдебиет мәселесін тиянақтап, бір ізге түсіретін уақыт жетті.

Көшке Кемеңгерұлы

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

(айтыс ретінде)

I

Анда-санда көркем әдебиеттің басын бір ауыртып қоюшы едік. Толғағы жеткен мәселе ғой, бұл жолы көркем әдебиет туралы қорытынды бір пікір деп, Сәбиттің көзқарасына қарсы жазып отырмын. Қарама-қарсы пікірлерді салыстырған дұрыс шығар. Пікір таластырғанда кекетіп-мұқағудың, сөгудің керегі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқын қанмен шешейік.

Алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік дегенде, Сәбит «жоқ» деп жауап береді. Сәбит өңгені көрмесе де Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді. Басылған пьесаларды, әңгімелерді, газет-журналдағы өлеңдерді, көру керек еді. «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді. Осының бәрі алты жылдың жемісі емес пе? Бірен-саран теріс бағыттағы Мағжанның өлеңдеріне қарап сарыуайым төгудің қисыны жоқ. Алдымен 6 жылдың ішінде Сәбиттің өзі ілгерілеп отыр. Әдебиетке көзқарасын кеңейтіп отыр. Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит: «Ұлтшылықты отаршылдық туғызды», «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемей» деп, Абайдан мысал келтіріп отыр. Көркем әдебиет туралы түк істелмеу себебі, Сәбиттің ойынша, 99 процент кедейдің хат білмегендігі, менің... ойымның болмағаны. Осы дәлелдеріне тоқтап көрейік. Расында, байлардан оқыған көп еді. Бірақ Абайдан, Мағжанның басқа байлар табынан ақын да, жазушы да шыққан жоқ. Себебі не? Жүсіпбек пен Мұхтар жалғыз процент кедейлердің арасынан шығып отыр. Себебі не?

Сәбиттің жүйесіне қарағанда, оқығандары көп байлардан ақын да, жазушы да шығу керек еді. Тұрмыс жүзінде олай болмай отыр. «Өнер – мәдениеттің бір бұтағы, мәдениет шаруашылықтың бір бұтағы. Әдебиет өнердің бір саласы болғандықтан, түптеп барғанда шаруашылыққа байланысты», – деп Луначарский жазды. Шын марксистердің бәрі осы пікірді қуаттайды. Әдебиетте жаңа ағым туу үшін өндіріс қатынастары өзгерсе, салт-сана да өзгереді, жаңа әдебиет ағымдары шығады. Осыны негізге алып, қазақ әдебиетінің

тарихына шолып өтсек, пролетариат әдебиетінің қазақ елінде дамымай жатқан себебін білеміз.

«Әдебиет тарихы – шаруашылықтың, не мәдениеттің, не қоғам пікірлерінің айнасы», – деп Данилов жазады. Олай болса, бұрын ауызша айтылып жүрген халық әдебиеті көшпелі шаруаның, ру қоғамының айнасы болды. Қазақ елі патша үкіметіне бағынған соң таршылық көре бастады. «Қолы жетпеген құдайшыл» дегендей шаруасы кеміп, басынан билік кеткен қазақ елінің ақындары дін үгіттерін тарата бастады. Бері келе қазақ елінің жері кетіп сауда капитализмінің уысына түскен соң ру билігі жоғала бастады. Егіншілік басталды. Салт-сана өзгере бастады. Сонымен, отаршылдыққа қарсы ұлт әдебиеті туды. Ұлт әдебиетінің 17 жылдық дәуірі бар. Октябрь төңкерісінен кейін де бұрыннан негізі бар ұлт әдебиетінің өрісі кеңейді, кемеліне жетті.

Октябрь төңкерісінен бұрын бай, кедей деген жікті айырып үндеу, үгіт жүргізген оқыған топтар жоқ болатын. Оқыған атаулы отаршылдыққа қарсы ұлтшылдықты көксейтін. Ел ішін алсақ, байға қарсы наразылығын көрсеткен кедей жоқ еді. Жалдаған малайды бай басыбайлы есебінде ұстайтын, ұрып-соғатын, ақысын бермейтін. Кедей де, малай да бәрін құдайдан көретін. Октябрь төңкерісін қазақ жасаған жоқ деп Сәбиттің өзі де айтып отыр, шыны солай. Құдайшыл, байшыл қазақ кедейлерін октябрь төңкерісі тез жіктей алмады, төңкеріс салт-сананы тез өзгерте қоймады. Әлі де ішінде құдайшыл, байшыл кедейлер, кедейді жем қылған атқа мінер кедей аз емес. Жаңа ғана кедейлер жіктеліп ұйымдасып салт-санасын өзгерте бастады. 24-жылдарға шейін қазақ кедейінің қандай күйде болғанын Бейімбеттің өлеңдерінен білуге болады. Кедей әдебиетінің өріс кеңейтуіне бас себеп: жаңа салт-сананың кемдігі, шаруашылық түрінің өзгермегендігі. Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтер деп үміттенуге болады. Әлде болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек.

Сынның қаттылығы бөгеу болады деген қисынға келмейді. Сынның әкесі Нәзірдікіндей болар, сонда Сәкен бұққан жоқ.

Сәкен ескі жазушы деп айтатындар болар, олай болса, Самат пен Байбатыр да ескі жазушылар. Қатты сыннан бұққан осы екеуі ғана. Баяғыда «Тұр, қазақты» жазған Байбатырың болатын. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді», сыннан бұққан адам тоғыз қабат торқаға бөлесең де жазушы болмайды. Төңкерісшіл жазушы

Неверов талай рет басқармадан беті қайтса да, түзетіп беруін қоймаған, ақырында атақты жазушы болды. Сол Неверов кейбір жазғандарын 50 рет түзеткен. Біздің қазақтың жазушылары оңай жұмаққа еңбексіз кіргісі келеді.

Кедейден шыққан жаңа жазушыларды газет-журналдар бауырына тарту керек еді деп Максим Горькийді мысалға алады. Максим Горький қара шаруа жазушыларын мақтаса пікір, мазмұн жағынан мақтаған. Ол кезде қара шаруа тілегі, мұңы, пікірі қоғамда болған. Осы күнде қара шаруа негізгі ұранның бірі болып отыр. Сондықтан кедей шаруалардың жазғаны мазмұн, пікір жағынан жақсы екен деп силап шығаруға болмайды. Мазмұнға түрі сәйкес болу керек, жаңа жазушының қас-қабағына қарап бейнеусіз, келімсіз өленді, қара сөзді түзетіп отыруға басқарманың уақыты болар ма екен? Және де ұнасымды өлең, қара сөз басқармада даяр тұрса оны баспай, түзетуге кіріскені ақылға сия ма?

«Өңсіз, сауатсыз жазылған өлеңдер ақынның, таптың саясат жүзінде өсе бастағанын көрсетеді. Мұндай өлең мәдениет белгісі, бірақ мұндай өлең ақындыққа жатпайды. Өнерді қолға түсіру үшін көп даярлану керек. Ала-құла өнер шын өнер емес. Еңбекшілер әдебиет әдісін үйрету керек. Үйретуге аз уақыт кетпейді», – деп Троцкий жазады. Ендеше қатты сын сабақ болады, үлгі болады. Бірақ жазушының қара басына тиіп, сөгудің керегі жоқ. Ал енді жас жазушыларымыз қайтеді? Емлені білмей жатып қатардан қалғысы келмейді, өлең жазған болады. Бұған не дерсің. Бір «жазушы» пьеса бәйгесіне өлеңмен жазып 4 бөлімді пьеса жіберген, бар жазғаны 6 бет. Өлеңінде инедей ырғақ, ұйқасым болса бұйырмасын. Осындай құр кеуделер көп. Мұның бәрін жөнге салам десе басқарманың шашы ағарады ғой. Сәбиттің ұйым керек еді дегені дұрыс, бірақ шаруашылық сабасына түспей, салт-санаға нысан кірмей ұйым болғанымен өндіргені шамалы болар еді. Бұдан былай ұйым пайда келтіруінде талас жоқ.

Сәбиттің үлкен уайымының бірі – «ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті» дейді. Ұлтшылдар газетке кінәлі болса да, басылған кітаптарға кінәлі емес шығар. Мағжанның 4-5 өлеңін кесе көлденең тарта берудің жөні жоқ. Мағжанның ол өлеңді жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі ұлтшыл болғанмен бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса не айып-шам бар. Жүсіпбектің пьесаларынан, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанмен

ұлтшылдықтың исін таба алмас. Мұхтардікі де осындай. Орыстың бұрынғы жазушыларында Достоевский мен Феттен оң пікірді жан өтпейді. Осы күнде соларды далаға тастап отырған жоқ. Ақ сүйек Тургеневті осы күнде қалай құрметтейтінді ақын Сәбит жақсы білу керек. Осылардың жақсы жағын маркстіл сын, сыншылар көрсетіп отыр.

Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын таңдап алып басып жатқанда кең бұқарашылық рухында жазылған кітаптардың басылғанына Сәбит неге ренжиді? Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ. Ұлтшылдардікі көп басылса көркемдігі үшін басылған шығар.

Бұхарин жазады: «Өнер дегеніміз – сезімдерді суретпен жүйелеу» деп. Ақындық суретпен ойлау дегенге маркстілдердің бәрі қол қойған.

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр, –

деп Ақжүністің айтқаны – кескіндеу, суреттеу болады.

«Өнер тұрмысты сұлуландырады», – деп жазады Вагнер.

«Егер кескін (сурет) орнына қисынды дәлелдерді алса, не бір пікірді дәлелдеу үшін зорланып шыққан кескін болса, ол суретші емес, әншейін «жазушы», – деп Плеханов айтады. Мінекей, бізден бір көйлекті бұрын тоздырған мәдениеті марқайған жұрттардың сыншылары осыны айтады.

Көркем жазушылық пен жай жазушылықтың арасы жер мен көктей. Ұлтшыл жазушылар кейде қоғам кемшіліктерін тереңірек қазып жіберсе, маркстілдік жолмен дұрыс-бұрысын сынға алу керек.

«Пильняк пен В. Иванов болмаса біздің әдебиетіміз сәл кедейлеу болар еді», – деп Тороцкий айтады. Қазақтың «ұлтшыл» жазушылары оларға қарағанда көп иман жүзді. Кедейшіл ақын Сәбит диалектиканы қолдану керек еді. «Оян, қазақ» пен «Шолпанды» Сәбиттің көже деп сынауы диалектикаға жатпайды. Нені болса да орнына, заманына тарихи жағдайларға қарай бағалау керек. «Оян, қазақ» пен «Шолпан» шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді, отаршылдық қандай еді. Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жаңа басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев,

Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, ақындарға орыс оқушылары пысқырып та қарамайды. «Оян, қазақ» алғашқы шыққанда Грибоедовтың «Горе от ума»-сындай болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты алашқа таратқан «Оян, қазақ» болатын. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған. Мағжанның ақын болғандығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңнен көрінген.

Тарих қайталап отырады. «Бір басқан ізін қайталап басады», – деп Гегель жазған. Оған Маркс: «Тарихтың алғашқысы – қайғылы хал (трагедия), қайталағаны – ойын», – деген. Сол сияқты заманында «Оян, қазақ» пен «Шолпан» қайғылы хал еді. Енді кедей ақындар ондай түрде жазатын болса ойын-күлкі болады. Нағыз көже сонда болады. Сәбит кішкене үгіт, кішкене айғай керек дейді. Үгіт айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын-жазушы шығаруға болмайды. «Егер маркстіл суретші аптекте дәрі өлшегендей, програм баптарына сәйкес жазуды ойласа, ондай шығарма бір бет болады, сурет ісі жойылады, сөз музыкасының келісімі бұзылады; үгіт жағы сорапып тұрады, мұндай шығарма өнер жолымен әсер бермейді. Мұндай шығарма қызықтырып, еліктіріп әкете алмайды. Ондай суретшіге біздің айтатынымыз білімді маркстіл бол, еңбекшіл бол, еңбекшілермен оттас бол, бірақ жазған кездерде өз жүрегіңмен бол, таланттыңа бағын», – деп Луначарский жазады. Ел кедейін жандандыру, саналандыру үшін кішкене үгіттен де көркем жазу тиімді. Және Сәбит: «Мағжан біреудің ақылымен суретші болған жоқ, орыстың атақты жазушыларымен танысып, солардан үлгі алып болды», – дейді. Мағжан біреудің ақылымен суретші болмаса, кедей жазушыларды газет-журнал баулымады, ұйымбасшылық көрсетпеді, суретші қылмады деп Сәбит неге кінәлайды? Небір кісінің ауыр айтқаны ақыл болып, кітаптардан үлгі алмай ма екен? Бір сөйлемдегі екі пікір бір-біріне қайшы, Сәбит біреуін ғана иемдену керек еді. Жалпы негізге қарағанда Сәбит талантқа қарсы. «Өнер ағымының терең болуы тап тұрмысына байланысты, өнер ағымы терең болмаса, күшті таланттардың өлуімен жарыққа шықпай қалады», – деп Плеханов жазады. Және Плеханов жазады: «Еш уақытта генидің барлық дарашылдығын өскен ортаның (среда) әсерімен шешуге болмайды», – деп. Талантқа баға берген маркстілдер көп.

Сәбиттің ойынша, ақын тегінде үйренумен, атақты жазушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді. Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен танысып, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжандай болатын емеспін. «Кім... би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ таланттыңда кемістік болатын шығар.

«Ақын пайғамбар да (?) емес», – деп Данилов жазады. Осы дұрыс. Таланттың шамалы болса, үлгі алумен ірі суретші бола алмайсың. Таланттың өзгешелігі жан дене құрылысына байланысты. Үйретумен, атақты жазушылардан үлгі көрсетумен Сәбит Мағжандай ақын қылатын болса, мен Сәбиттен оқыр едім. Қазақта тап ақыны бар ма яки бола ма деген мәселені біз әлі тиянақтап шешкеміз жоқ дейді де, Сәбит Ғаббас пен Әбдірахман бар деп айтты деп тағы иман келтіреді. Олай болса шешкеміз жоқ деп дүдәмәл қылудың қисыны жоқ. Сәбиттің ұстаған шараларының ішінде газет, журнал жас жазушыларды қыспақтамау керек дегені дұрыс емес, өйткені әзірге шығып тұрған газет, журналдар көптікі. Көптің ішінде көркемдік сезімі өсе бастаған, талғап оқитын мыңдаған шәкірттер, мұғалімдер, қызметкерлер бар. Бұлар түр талғайды. Сондықтан көпке ортақ газет-журнал басқармалары кім жазса да сын елегінен өткізу керек.

II

Алты жылдың ішінде көркем әдебиеттің ілгерілегеніне, аз да болсын өрісін кеңейткеніне кімнің болса да көзі жетер. Бірақ көркем әдебиет өткен дәуірді, қазіргі дәуірді түгел құшағына алып отыр ма? Болмаса шет пұшпақтап жырымдап алып отыр ма? Бір үлкен мәселе осы. Көркем әдебиет қоғам тұрмысын түгел құшағына алып суреттеп отыр деп кім айта алады? Шынында, біздің көркем әдебиет қоғам тұрмысын пұшпағынан тартып жүр. Сол шет пұшпақтың өзін көбінесе кейбір жазушылар романгизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар не үгітке, не жалаңаш парнографияға айналдырып отыр. Осы күнге дейін шын реализммен жазылған Бейімбет өлеңдері (мұның да біразы үгіт, насихат, ұран). Шын реализмнің қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жі- бергендік: Біздің жазушыларымыздың Лебединский, Сайфуллина, Всеволод Иванов, Пильняк сияқты жаза алмағандығы.

Мәселен, Лебединский «Неделя» деген әңгімесінде ЧК-ның агенті төңкеріс жауларын жалаңаштап атқанға шыдай алмай өзі атылады. В. Иванов бір әңгімесінде партизандардың қазақ әйеліне істеген зорлығын жазады. Осындай туралы бізден де біреу жазатын болса, істің үстіне шыға келер едік.

Луначарский жазады: «Дұшпанды жеңу бір басқа да, бірақ әдебиет ауданында тұмалдырық кигізу бір басқа, шығарма ашықтан ашық төңкеріске қарсы үгіттеу болмаса, оған бостандық беру керек. Шындықты өнер, әдебиет жолымен айтуға еркіншілік берсек, шаһардегі, ауылдардағы партияда жоқ көпшіліктің не ойлайтынын, не тілейтінін, қалай қарай бет алып бара жатқанын байқауымызға жақсы болады», – деп. Осындай көзқарас қазақ ұлтының көркем әдебиеті туралы бар ма? Талайлар ұлт деген сөзден қорқады. Ұлт автономиялары, республикалары ұлттық түрімен социализм қоғамына ақырын аяңмен жету екенін сезбейтіндер бар. Сондықтан ұлттық түрін қолданып жазушыларды ұлтшыл деп аластай бастайтындар бар. Ғаббастың ұлтшылдарды жіктеуі дұрыс. Ұлтшылдардың бір жігі кеңес үкіметін қазақ ұлтына пайдалы деп табады, сондықтан еңбегін аямайды, қазақ ұлтын мәдениетті болса екен дейді. Ондай ұлтшылдар ру тұрмысына, атқамінерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отаршылдарға, кең-сешілдерге, қызмет адамдарының бұзықтығына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін қорғайды, әйел теңдігін жақтайды, қазақ ұлтын орыс ұлтымен тең құқықта болуы жүзеге асса екен дейді. Осындай ұлтшылдардан шыққан жазушы коммунистің пікірін қуаттамаса да, бағалай ма? Жоқ па? Мұндай жазушының жазғаны объективная ценность емес деп кім айта алады? Ұлтшыл, бұқарашыл, кедейшіл жазушылар, ақындар үшін қазақ қоғамында сын реализм жолымен жазарлық қандай тақырыптар бар, соған келейік. Көркем әдебиеттің құшағына түгел алатын тақырыптар:

- 1) Қазақ елінің жер үшін талас-тартысы, орыс поселкелерімен қатысы.
- 2) Отаршылдықпен күрескен ұлтшылдар.
- 3) Кадимдермен күрескен жадидтер.
- 4) 16-жыл толқындары
- 5) Жетісуда жер реформасы
- 6) Февраль төңкерісінің әсері

СӘБИТПЕН АЙТЫСТЫ ДОҒАРДЫМ

Орыс әдебиетінде көркем өнер туралы, қала берді көркем әдебиет туралы марксистік жолын қолданып негіз салған – Плеханов пен Воронский, төңкерістен бері көркем әдебиет туралы негізді пікір жазып жүрген – Луначарский, Троцкий. Менің бұлардан келтірген мысалдарыма Сәбит «сену де қиын» дейді. Бұл нені көрсетеді? Сәбиттің жоғарыда көрсетілген шығармаларды оқымағандығын, тексермегендігін көрсетеді. Сәбит диалектиканың мағынасын түсінгенмен, тұрмыс жүзінде қолданбай отыр. Осындай себептерден маған қарсы жазған мақаласында Сәбит өзіне-өзі қарсы келіп отырған. Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Сондықтан айтысты доғардым. Білім жолымен айтысатындар болса мен даярмын. Жалғыз-ақ көпке ескертемін: Сәбит: «Қошкенің кедей оянуға әлі де болса талай заман бар дегеніне біз қол қоя алмаймыз», – дейді.

Мен жазған едім: «Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтеді деп үміттенуге болады. Әлі де болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек». Мен кедей оянды дегенмін. Менің пікірімді бұрып, «бүйректен сирақ» шығаруы адамшылыққа сыймайды. Әдебиетке орыс әсері туралы «болды», «болмады» деп мен бірауыз сөз айтқан едім. Сәбиттің орыс әсері туралы жазуы «бас десе, құлақ» дегенмен бір екен. Сәбиттің Зелинский деген поляктың «Қазақ» деген өлеңі бар дегеніне айтатыным: Отаршыл патша үкіметі Польшаға қырғын жасаған. Бостандықты көксеген азаматтарын айдаған, атқан, асқан. Зелинский Польшаның құлдықта шіріп жатқанын айқын көрсетуге болмаған соң астарлап «Қазақ» деп жазған.

Ұлтшыл жазушылар мен қазақ әдебиетінің ұлтшыл дәуірі туралы бөлек мақала жазамын.

КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Менің көркем әдебиет туралы жазған мақалама «Еңбекші қазақ» газетінің 267-санында Қошкенің (Қошмұхамед Кемеңгеров) қарсы жазған мақаласы басылды. Қошке мақаласының көп жерінде: Луначарский, Троцкий, Плехановтардан мысал келтірген, бірақ қандай кітаптан, қай беттен, не туралы жазғанынан келтіргені маған қараңғы. Сондықтан ол мысалдардың көбіне сену де қиын.

Әдебиет мәселесі біздің Қазақстан ішінде әзірге таластау мәселе. Соның үшін бұл туралы әркім өз пікірін айтуға ерікті. Олай болған күнде теріс болсын, оң болсын Қошкені жауабы үшін сөгуге болмайды. Мен бұл мақалада кекету, мұқату деген ойдан аулақпын. Менің ойым – Қошкенің қателескен жерлерін көрсетіп, көркем әдебиет туралы өзімнің пікірімді жазу. Мәселенің тетігі Қошкеге тірелгендіктен, алдымен, оның жазған сөздерінің біраз терістерін айтып кетуді мақұл көрдім.

I Көркемдік неге байланысты

Әдебиет, мәдениет, шаруашылықтың артына еріп жүретін атқосшысы екеніне Қошке таласпаған. Оған таласатын жол да жоқ. Шаруашылық неғұрлым ілгері басса, әдебиет те солғұрлым ілгері басады. Оған мысалды өзгені қойып өзіміздің қазақ өмірінен алсақ, қазақ әдебиетінің бұдан жүз жыл бұрынғы тілімен қазіргі тілі бір емес. Ол кездегі сөз құрасы мен қазіргі сөз құрасы бірдей емес. Омар Қарашовтың «Шайыр» деген кітабында Байтоқ жыраудың Жәңгір ханға жырлаған жыры бар. Түрі мынадай:

Атадан алғыр туған Жәңгір хан,
Екінші Смағұлдан алғыр хан,
Арғы түбін болжаған
Атаның алмаған қонысын алып,
Әннен сарай салдырған
Атадан артықшылығын әннен білемін
Ол салдырған сарайдың,

Айналасы айшылық
Көлденеңі күншілік,
Көргендер көзі қиып кете алмас

Бұл құрылыс осы күнгі өлең техникасының қайсысына келеді? Әрине, жанаспайды. Мұның себебі не? Қазіргі қазақ мәдениетінің Байтоқ заманынан ілгерілегендігі.

Әдебиет шаруашылықтың өсуіне байланысты болса, бұл арада бізге қазақ тұрмысын бір шолып өтпей болмайды. Қазақтың шаруашылығы кемеліне келмеген мешеу шаруашылық. Оны өркендету үшін мәдениетті елден үлгі алмай болмайды. Қазақтың оған өзі жетілуіне талай жүз жылдар керек болар еді. Бізге өз бетімізбен жетілеміз деп отырудың керегі жоқ. Өнерлі елдерден үйреніп, тез алға басуымыз керек.

«Капиталистердің өнерінен де үйрен» деген сөзді Ленин айтқан. Біз коммунистер көсемнің осы сөзін іске асырамыз.

Қошке мен менің бір талас мәселем үйрену туралы еді. Енді соған көшейік. Ақындық таланты жоқ кісі үйренгенмен ақын бола алмайды, Сонымен қатар талант та үйренбей кемеліне келе алмайды. Бұрынғы Қызылжар уезінде Зілғараның Әлібегі деген кісі «атымды атадың» деп біреуге пышақ салып алған екен. Сол сықылды Мағжанның атын атап «ол да үйренген» десек, Қошке пышақ ала ұмтылудан қашатын емес. Азар болса одан жаман тулар, тағы да айтайын, тіпті Абай да орыс әдебиетінен үйренген. Абайдың күшті ақын, үлгілі ақын болуына себеп – аулына жер аударылып барған Долгополов болған. Осы адам болмаса, Абай ақындық өнер биігіне көтеріле алмас еді. Абай сол Долгополов арқылы орыстың Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой сықылды ұлы адамдарының шығармаларымен танысып, солардан үйренген. Абай өлеңінің ең сұлуларының бірі – «Теректің сыйының» өзі Лермонтовтікі.

Абай толстойшылдау болған адам. Толстой – «құдайға құлшылық, сыртқы қимылда емес, көңілде» («Воскресенье», Толстой, 160 б.) десе, Абай да соны айтқан.

Орыс ақындарына келсек, олар да батыс Европа ақындарынан үйренбей қойған жоқ. Мәселен, Лермонтов бір өлеңінде былай дейді:

«Мен жаспын ғой, бірақ жүрек жанады
Байронды ол нысанаға алады
Бізде жан, ой, қайғы-қасірет біреу-ақ
Ұшқыр талант қашан баяу табады?
(«Венок» М. Ю. Лермонтову, 347 бет)

Бұлай болған күнде үйренбестен өзіне-өзі атақты ақын болады деу дұрыс емес. Орыс әдебиетін оқымай тұрып білгіш болып кетсе, Қошке баяғыдан бері қайда жүрді екен? Оқи, біле, көре «жер астынан жік шыққан» біз де «құдайға шүкір» Қошкелермен қатарласуға жақындап келеміз. Мағжанның өлеңдерінің 75 проценті орыс, татар ақындарына еліктеу. Мағжанның еліктеген ақындары: Тоқаев, Зәкир Рамиев, Пушкин, Лермонтов, Бальмонт, Соловьев, Мережковский, Блок, тағы басқалар. Мағжан осы ақындардың кей өлеңдерін тәржімалап, өз өлеңім деген. Байронның шәкіртінен яки өзінен оқымай Мағжан Байрон бола алмайды. Үйренбей, білмей Қошке қанша тырбанса да Андрей Белый бола алмайды. Қазақтың еңбекші жазушылары орыстың Бедный Безымянский сықылды пролетариат жазушыларынан үлгі алуы керек. Үйренбесе, олар да алға баса алмайды. Әлі де айтатыным: таланты бар кісіге де «ақын бол, ақын бол!» деп қақсай бергенмен түк шықпайды. Оған айтатын ақыл – «үйрен, біл» болу керек. Бұл – біздің еңбекші жазушылардың ұлы міндетінің бірі.

II Бізде қазір неше бағыт бар?

Ғаббастың ұлтшылдарға таққан белгісінің ең қолайлысына Қошке ие бола кетіп, өзіне бірнеше кісіні серік қылып ала қойғысы келген. Сөйткенде де «қазақта әдебиеттің екі-ақ бағыты бар. Біреуі – бұқарашылдық, біреуі – кедейшілдік» деген тым оңай олжаға ие болған екенсіз, азамат Қошке! Шапанға қызығып қоңсы қонамыз деуіңіз жарайды. Бірақ бадырайып тұрғанды жасыру ұятырақ болар! Қазақтың көркем әдебиетінің қазіргі бағыты екеу емес, үшеу:

1) *Еңбекшілдік бағыт.* Бұл қазақтың еңбекші табын сүйеді. Кеңес өкіметін, Коммунистік партияны жақсы көреді.

Ұлтшылдыққа да, отаршылдыққа да қарсы. Кеңес өкіметі мен қазақ еңбекшілерінің тағдыры тығыз байланысты. Онсыз ел болмайды, сол арқылы дегеніне жетеді деп ойлайды. Ал орыстың жұмыскері мен шаруасын бауыр көреді.

2) *Кеңес өкіметіне қарсы бағыт.* Бұл бағыттағылар қазақта тап бар деп түсінбейді, не түсінгісі келмейді. Егерде тап тілегі қозғалса, байға ауып жүре береді, Коммунистік партияны, Кеңес өкіметін қазақтың ел болуына бөгет деп сандырақтайды. Бұл бағыт әлі жойылған жоқ деп түсінемін. Егерде ондай бағытты адамдардың (қазақтың байшыл-ұлтшыл жазушылары) бәрі бұқарашылдық жолға түсіп, Кеңес өкіметін жек көруді қойса, Қошке оның міндетін алса, ертең «Еңбекші қазақ» газетіне «Біздің ескі саяси тілегіміз өлді, оны көмдік» деп жазсын. Содан кейін «бар» десем менің бетіме түкір, Қошке азамат! Болмаса мына пікіріңіз «жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығатынының» кебі болып жүрмесін. Олай болған күнде Ғаббас та сізге сыйлы шапан бере қояр ма екен? Ол бермес. Ол берсе өзге бермес!

3) *Шөре-шөредегілер.* Бұл бағыттағыларға тиянақты пікір жоқ. Күш кімде болса, оның тілегі сонда: Кеңес өкіметін тамағы тойса жақсылайды, қарны ашса жамандайды, бір күн байды жырласа, бір күн кедейді жырлайды. Олар тарыға қызығатын тауық сықылдылар.

III Ұлтшылдар туралы

Қошке көлденең әкеліп тарта бергендіктен ұлтшыл жазушылар мен ақындар туралы азырақ тоқтаңқырап өтпесе болмайды. Неге десеңіз, Қошке айтқандай, олардың бірнеше жылдық тарихы бар. Қошке мақаласының бас жағында менің астыма «Сен де өсіпсің» деп көпшік қойып, «кеше Ақан (Ахмет Байтұрсынов) мен Абайды жамандап енді бүгін мұның қалай» дегісі келген.

Қошкенің мақтағанына рахмет, бірақ менің Ахмет Байтұрсынов туралы (Қошке сөксе де) сондағы пікірім әлі сол қалпында. Оның айтып отырғаны 1923 жылдың март айында шыққан «Еңбекші қазақ» газетінің 69-санындағы менің «Қара тақтайға жазылып қалып жүрмеңдер, шешендер» деген мақалам

туралы болу керек. Ол мақала бір жолдастың «Ақанның алдында» деген баяндамасы туралы жазылған. Ондағы айтыс «Октябрьдің иесі, қазақ еңбекшілерінің көсемі Ақан ба, жоқ па?» деген мәселеде. Мен ол мақаламда «Ахмет әліп-биімен бағаланбаса, қазақ еңбекшілеріне бағалана алмайды. Октябрьде Ақанның жұмысы жоқ» дегенмін. Әлі сол пікірімдемін. Ақан Кеңес өкіметіне, Коммунистік партияға қосыла алмайды. Оған дәлел «Еңбекші қазақ» газетінің 1921 жылғы 8 июльде шыққан 29 санында Ахмет былай деп жазған:

«Бауырмал қазақ қалам қайраткерлері бибауырмал (интернационалист) бола алмайды. Сыртын бояса да ішін өзгертпейді. Бибауырмал өкіметке еріп қазақ елін пісіріп жегізе алмайды» деген. Байтұрсыновтың Октябрьге жанаспайтын себебі өзінің осы сөзінен-ақ ашық көрінеді.

Қошкенің «көпшігіне» алғысты осымен бітіріп, енді ұлтшылдардың жалпы бағытына көшейін. Мен бастапқы мақаламда «ұлтшылдар да жыл санап шығармалық істерінде өсті» деп Мержақып пен Мағжанның жазғандарынан мысалдар келтіріп едім. «Шолпан» мен «Оян қазақты» көже делін, диалектиканы білмейсің» деп Қошке маған ұрсыпты. Қошкенің диалектикасы басқа бір жақтан алып келген диалектика болмаса, мен білетін диалектикада менің сөзім дұрыс сықылды.

«Көже» деген сөзге шамданатын дәнеме жоқ. Қымыздың аты қымыз, көженің аты көже. «Батыр Баянды» көркемдік жағынан мен «көже» дегемін жоқ. Оған біздің таласымыз саяси бағыты туралы. «Бүркіт кегі» де сондай. Ал «Оян қазақ» туралы сол пікірім пікір.

Тарих жүрісінің буынын айыру өте қиын, тарих тұтасып отырады. Ұлтшыл әдебиеттің басын кесіп «17-ақ жыл» деуге келмейді. Қазақ елі Россияға қосылғаннан бері қазақ қанаушыларының арасында орысты жек керу болмай қойған жоқ. Орысқа қарсы сөз тарату Бұқар мен Шортанбайдан басталды. Ахмет заманында одан да асып түсті. Бұл арасына біздің таласымыз жоқ. Бірақ, қазақ әдебиетінде ұлтшылдық қана болды дегенге мен қарсымын. Қазақстанның Россияға қосылған күнінен бастап біздің өскен ортамыз Россия болды. Қазір де солай. Сондықтан орыс еңбекшілерінің яки

халықшылдарының қозғалысы біздің қазаққа да әсерін тигізбей қойған жоқ.

1831 жылы қазақ ішіне саяси көзқарасы үшін жер аударылып келген Густав Зеленский деген поляк ақынының «Қазақ» (Жиргиз) деген поэмасы бар. Ол орысшаға аударылып, Тройцкіде 1910 жылы басылып шыққан. Зеленский поэмасын қазақты «құлдықта шіріген, тағдырдың жауыз тырнағына іліккен» деп бастайды. Мұның жазылғанына биыл 96 жыл. Олай болса, орыс түгіл Батыс Еуропаның төңкеріс лебі қазақта бұдан жүз жыл бұрын тигеніне Қошке қалай қарайды? Сібір, әсіресе қазақ даласы патша үкіметінің түрмесі болды. Патшаға карсылардың бәрі де осылай қарай айдалды. Абайдың үйінде жататын Михаэлис пен Долгополов саяси жер аударылған кісі. Олар Абайға озат ой-сана сіңірді. Бұған Абайдың өзі және оның өмір тарихын жазған Кәкітай Ысқақов куә. Қысқасын айтқанда, қазақтың соңғы жүз жылдағы әдебиетіне өзге халықтың, әсіресе ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басындағы орыс төңкерісшілерінің әсері тимей қойған жоқ.

«17 жыл» дегенде Қошке Октябрьден кейін ұлтшыл ақындарды көме қойған көрінеді. 17 жыл емес, Қошкенің есебімен де ұлтшылдардың жасауына биыл 26 жыл. Мағжан «Бостандық» деген өлеңі мен «Жолдасқа» деген өлеңін жуырда ғана жазғанын Қошке қалай жасырады?

Жалпы ұлтшылдар туралы тағы бірде оралармыз. Оны мұндай қысқа мақалаға сыйғызу мүмкін емес.

IV Еңбекші жазушылар туралы

Мен бастапқы мақаламды еңбекші жазушылардың хал-жайына арнаған едім. Сөзден сөз туып, қазір ұлғайып кетіп отыр. Соның үшін бұл арасына көбірек тоқтаңқырауға тура келеді.

Қазақтың еңбекші жазушылары – еңбекші таптың өкілдері. Өйткені тап бар елден таптан тысқары шығатын акын болуы мүмкін емес.

Еңбекші таптың екі түрлі дәуірі бар. Біреуі – санасы оянбаған, байға ішінен қас болса да, сыртына шығара алмаған кезі. Екіншісі – таптық міндетін сезініп күреске белін буып

түскен кезі. «Қазақта тап бар ма?» деген сөздің өзін жұрт дау ете келіп, жаңадан ғана мойын ұсынып отыр. Бет алған жағынан бұрылмай әлі де мойынсұнбағандар бар. Қазақта тап-бұрыннан бар-ды. Бірақ тапшылдықтың сезімсіз дәуірігіде жүрген. Октябрь төңкерісі туганнан кейін қазақ еңбекшілерін тез оятатын түрлі ұйымдар ашылды. Кооперация, қарыз серіктігі, партия, кәсіпшілер одағының ұйымдары, қосшы одағы, ауыл кеңестері – осылардың бәрі қалғып жүрген қазақ еңбекшілерін тұс-тұсынан ұрандап оятып жатыр. Оған қосымша мектептер ашылып, кедейлер білімін көтеріп келеді. Еңбекші жазушылардың Октябрьден бұрын аз болып (кәтте жоқтың қасы), Октябрь артынан жүздеп шығуы осыдан.

Қошке менің алдыма «кедейден шықты» деп Жүсіпбек сияқтыларды тартқан. Олардың кедей, бай екенін мен білмеймін. Сіз солай десеңіз оныңыз да болсын! Бірақ менің оларға тағатын кінәм: өздері кедей болғанымен пікірлері байшыл. Олар әуелі «Алашорданың» белсенді достары болды. Совет өкіметі орнап еді, оның ісіне де араласып, Коммунистік партияның қатарына кірді. Партия еңбекші тапты өркендету ісін баса істеп еді, табандары тайғанақтап партиядан шығып отырды. Тағы да большевикті жамандады. Кейін олар (әсіресе Жүсіпбек) бетін қайтадан бұрып отыр.

Қазақ еңбекшілерінің 1919 жылғы төмен шаруасы, одан 25 жыл бұрын да сондай болатын. 1919 жылы жалшы жалдайтын бай 1900 жылда да жалдайтын. Шаруашылық жақтан қысым көргені соңғы жыл деу қате. Қазақтың еңбекші тап ақындарының кеш шығу себебі кедейлердің шаруасы төмендегеннен емес, қазақ еңбекшілерінің кеш оянуы олардың қараңғылығынан, ұйымдаспағандығынан, ұйымдастыратындардың болмағандығынан.

Қазіргі күнде ол дәуір өтті. Қошкенің «кедей оянуға әлі де болса талай заман бар» дегеніне біз қол қоя алмаймыз. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі арқасында қазақ еңбекшілері қатарға қосылып та отыр. Қазақ еңбекшілері неғұрлым тез көтерілсе, солғұрлым еңбекші жазушылар да тез өседі. Менің бастапқы мақалада мысалға алған көп жазушыларым сол тез өсуге бет алып келе жатқандар. Мен «соларға баспасөздер көмекші болып көтермелеу керек»

дегенмін. Әлі де соны айтам. Сын туралы мен бастапқы мақаламның қорытындысында былай дегемін. «Сын болсын, бірақ марксистдер марксистік көзімен сынасын». Қатты сын болмасын дегенде менің нысанаға ұстағаным – ұлтшылдардың долы қатындарша аузына не келсе соны шатпақтап: «ақымақ, соқыр, мал, сиыр» дегендері қойылсын дегенмін. Әлі де соны қуаттаймын. «Әлі де түк істелген жоқ» деген сөзден менің айтайын дегенім: осы күнге шейін Қазақстанда еңбекші жазушыларды тәрбиелейтін әдебиет ұйымы мен әдебиет журналы болмағандығы еді. Өсу жағына келгенде жалғыз Сәкен мен Бейімбет емес, бізде өсіп келе жатқан талай жазушылар бар. Бірақ көңілдегідей өсіп болғамыз жоқ.

V Үгіт керек пе?

Ленин «Саяси үгіт» деген мақаласында былай дейді:

– Біз жұмыскерлерді оятқанда олардың қазіргі дәуірдегі қоғамшылдық құрылысының түрін мысалға алып оятуымыз керек. Жалғыз шаруашылық мұқтажын ғана көздемей саяси көзін ашу, санасын арттыруға тырысуымыз керек. Байлардың сырты сұлу, іші у пікірлерін жұмыскерге түсіндіріп, жұмыскер арасынан ондай пікірді тез тазартуға кірісуіміз керек. Осы жолға үгіттеуіміз керек». («Революция и культура», стр. 121)

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің II пленумы осы ұранды шақырып, қазақ еңбекшілерін ояту үшін ауылда Октябрь жемісін молырақ егуді, өсіруді мақұл тапты. Әрине, бұл Қошкелерге міндетті сөздер емес. Қазақтың коммунистеріне міндетті сөз. Үкімет те, партия да қазақ еңбекшілері үшін барын аямай қимылдап жатыр. Бірақ бұл екеуі де «періштеден» құралмайды, кісіден құралады. Қазақ еңбекшілеріне үкімет болып та, партия болып та іс істейтін өздерінен шыққан саналылар.

Еңбекші жазушылар да соның бір бұтағы. Қазақ ауылын Октябрьдің дауылы түгел аралаған жоқ. Қөңілге алған ойды тез орындау үшін жалғыз іспен де, жалғыз үгітпен де ұзап шабу қиын. Қазақ кедейінің қазіргі тұрмысына мұның екеуі де керек. Бірінсіз бірі болмайды. Көркем әдебиеттің қазіргі міндеті – үкімет пен партияға көмек болып, іспен қатар үгіт те жүргізу,

кедей, жалшы, жұмыскерлердің мұқтажын табу. Осыдан үгіт шығады, көңілдендіру де шығады, тұрмысты суреттеу де шығады, әдебиеттің алатын бағыты да табылады.

VI Мазмұн мен пішін туралы

Біздің еңбекші жазушылардың әлі жетіспей келе жатқан бір жері – өлеңнің мазмұны мен пішінін түгел түсіре алмауы.

Біздің еңбекші жазушылар пішін жағынан жетіліп болған жоқ. Бұл жағынан кемшіліктері көп. Қошкенің «соқыр түйе» деген сөзін, сөгісін осындай халде болғандықтан естіп жүрміз. Бірақ өсіп келе жатқан еңбекші жазушылар мазмұн жағынан кедей емес, ел ішіндегі тұрмысты өзінің болғанындай шындықпен жазуда еңбекші жазушылар байшыл-ұлтшыл жазушылардан артық. Байшылдар жазған шығармалардың сырты сұлу болғанмен, мазмұн жағы у болып келеді. Бұл, әсіресе Мағжанда көп ұшырайды. Байшылдар өмірі біткен дәуірді, енді қанша дәріптеп жырлағанмен түк шықпайтын дәуірді, сипаттайды. Бұ да өзінше мазмұн!... Бірақ мазмұн деген нәрсе өмірге сүйкімді болмаса қасиетсіз болмақ. Екі түрді мысал келтірейін.

Әуелі мақтау керек бір құдайды,
Басқадан нұрлы қылды күн мен айды,
Өзінің барлығы мен бірлігіне
Ғаламға дәлел етті қыс пен жазды...»

Мазмұны қандай! Күн мен айды жарық қылған құдайды мақтау. Ол өзінің барлығына қыс пен жазды дәлел қылды. Осы да мазмұн ба? Жоқ.

Ерте, ерте, ерте екен,
Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен
Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға ұшып лаулап жанған өрт екен
Сол ерінен айырылған
Алты алаштың жүрегінде дерт екен, –

деп бөседі Мағжан.

Мазмұны қандай? «Ертедегі адамдардың бәрі де ер болған екен. Бүгінгі адамдар жасық туыпты. Кененің баласы Сыздық

өлді, енді қазақ та өледі. Қазақ соны уайымдайды, мен де құса болып жүрмін». Бір кісіге бір ұлттың өмірі байланысты ма? Жоқ!.. Кененің яки Сыз- дықтың ақылын алып, қазақ еңбекшілері орыс еңбекшілерімен жауласа ма? Жоқ!.. Сыздықты Мағжаннан басқа кім ойлайды? Ешкім де!.. Бұл өлеңнің жазылған дәуіріне қандай пайдасы бар? Жоқ!.. Өлген Сыздық түгіл қазақтың көзі тірі ұлтшылдары да, олардың тірегі байлары да еңбекшілердің ноктасына оңдап ілікті. Олай болған күнде «Сыздық ер, өрт екен» деген сөз бен «Әуелі мақтау керек бір құдайды» деген сөздің бағасы бірдей болып қалады. Екеуі де қайта басын көтермейтін дәуір.

Мазмұн жағына біздің еңбекші жазушылар мақтана алады. Қазақтың еңбекші табы өскен сайын, еңбекші жазушылары жедел өсіп келеді. Сондықтан еңбекші жазушылардың жазған сөзінің мазмұнына пішіні ілесе алмай отыр. Жазуы төселгендерді қоя тұрып, жаңа бастағандардан Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қазақ еңбекшілеріне» деген өлеңін мысалға алайын:

Тілегі бір, мұны бір,
Шет елдегі бауырдың,
Астында өткен өмірі
Ағылшын қара тауының
Жалаң аяқ, жалаң бас
Бір күн тойса, бір күн аш.
Өткен күнді ойласақ,
Бізбен мұңдас, қарындас
Ағылшынның жарлысы,
Осы күнде тарықты,
Көремін деп жарықты
Басын жерден көтеріп,
Жоғары қолын ұсынды.
Қол үстіне қол жалғап
Сүйе еңбекші досыңды...
Еңбекшілер атына
Еңбекші табы күйеміз
Қолынан тартып сатыға
Бауырынды сүйеңіз!

Қалмақан бұл өлеңін ағылшын жұмыскерлеріне жәрдем бер деген ұранмен жазып отыр. Қалмақан ұлтшылдардың көзіне нағыз «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» шала хат танитын шын жалшының өзі. Қошкенің «Емле білмей жатып жазуға жармасқандарға не дерсін?!» дегені осы Қалмақандар. Оның істейтін қызметі газет бүктеу (экспедитор). Мазмұн жағына келгенде Қалмақанның сөзі ұлтшылдардан әлдеқайда дәнді. Біздің алдағы күтіп отырған дәуіріміз бектердің (Сыздықтың) заманын жасау емес, жаңа дәуір жасау. Ол сөзіміз іске асатын нәрсе. Ағылшын жұмыскерлерінің қозғалысы жер жүзіне көп әсер етеді. Шала хат білетін, әлдеқалай Қалмақан мұны көріп отыр. Қошкенің таба алмай жүрген шын реализмі осы болады. Ал Қалмақанның бұл өлеңінің пішіні сұлу ма? Жоқ. Мазмұны бай ма? Әрине, бай!.. Плехановтың «өсіп бара жатқан әдебиетте пішін мазмұннан мешеулеу қалуы мүмкін» деген сөзі осы. Бірақ біздің еңбекші жазушылар поэзияның түр-пішін дәрежесін мазмұн дәрежесіне жеткізуге тырысуы керек.

VII Ұлтшылдармен біріге аламыз ба?

Қазақтың ұлтшыл жазушыларының екі түрге бөлінетінін біз жоғарыда айттық. Оның біреуі – оңшыл ұлтшылдар, екіншісі – шөре-шөрелер. Оңшыл ұлтшылдар қазақ жағдайындағы кадеттер. Олармен біз қосыла алмаймыз. Орыс жазушылары бірлескенмен, орыстың ка- дет ақындары мен коммунист ақындары біріге алмайды. «Бірігеді» деп Қошке дәлелдей де алмайды. Орыстың қосылған жазушылары болса, олар таза бұқарашылдар мен еңбекші жазушылар. Біздің қолымыздағы бұқарашылдарымыз – шөре-шөрелер. Олай болған күнде біз шөрелермен біріге аламыз. Бірақ олардың күшімен пайдаланып, тізгінге өзіміз ие боламыз. Бірақ Мағжандар, Қошкелер бізбен бірігер ме екен?! Жоқ олармен біріге алмаймыз.

VIII Кім үстем болады?

«Орыстың қоғам тұрмысы өзгерген сайын жаңа жол, жаңа тап шығады. Бұл уақытта халықсыз әдебиет артта қалады да, тапшылдық бағытқа жол береді», – дейді Плеханов. (Марксист. Хрест. по литературе), стр. 89)

Қазақтың саяси тұрмысы, өмір тіршілігі өзгерді. Елдің көбі егін кәсібіне айналып, қала болды. Өнеркәсіп орындары жыл сайын өсіп, жұмыскерлер көбейіп келеді. Еңбекші тап санасы артып, күн санап көтерілуде. Тап намысын тебіrentетін толып жатқан ұйым бар. Осылардың бәрі әдебиетке әсер бермей қоймайды, беріп те келеді. Әдебиет шаруашылықтың, саясаттың жетегінде жүрсе, күш, шаруа, саясат кімнің қолында болса, соның әдебиеті де тез өседі. Қазақ байлары ажал аузында отыр. Олар құриды. Олар өлсе жыршылары да өледі. Қазақтың еңбекші табы өркендеп келеді. Олай болса, еңбекші таптың әдебиетшілері де өркендейді. Қошке менің «түк істелмеді» деген сөзіме байланысқан. Оның артында «істелсе де аз істелді» деген сөзім бар. Бұл пікірімді әлі де қуаттаймын. Себебі мынау: біз жиылыстарда, конференцияларда «қазақ кедейі үшін жұмыс аз істелді» дейміз. Ал шынында көп жұмыстар істелді. Сөйте тұра, бізге неғылған күнде де қазақ еңбекшілерін тез өркендету керек. Іс істелсе «керек» те шыға береді. Сол жаңа шыққан «керекті» біз көрерміз де «тағы да баса істелсін» дейміз. Қазақтың еңбекшіл жазушылары өсіп келеді. Бірақ бұл өсуі көңілдегідей емес. Оны тездету керек, тездетудің көп шаралары әлі қолданылмай жатыр. Менікі соны асықтырғандық. Шаруашылық өзгерумен қатар біздің барлық жұмысымыз да өзгеріп келеді. Сол өзгерген жұмыстарымызды бізге тездету керек: бізде басқа тұрмыс түрлерінен көрі әдебиет өсуі шабандау. Мұны жасырудың керегі жоқ. Менің «аз істелді» дегенім сол еді. Әйтпеее келешек біздікі.

IX Кімнен үлгі аламыз?

Ұлтшылдардың, кейбір ұлтшылдыққа бейімдердің алдымызға үлгі ал деп тарта беретіні қазақ ұлтшылдарының шығармалары. Ұлтшыл не еңбекшіл деп бөлмей алғанда, жалпы

қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ. Сондықтан бізге көрші, өнерлі елден өнеге алмай болмайды. Бұл туралы Плеханов былай деп жазады: «Қай халық болса да көршісінен үлгі алады. Қай халыққа болсын көрші отырып бір-біріне әсерін тигізбейтін қоғам болмай қоймайды... Екі елдің әдебиеті, өнері тең болған күнде ғана бір-біріне әсер етеді. Егерде біреуі артта, біреуі алда болса, ол уақытта өнерсіз өнерлісінен әсер алады да, өнерлі өнерсізден әсер алмайды».

Бізбен көршілес отырған ел – орыс елі. Оның өнері бізге әсер бермей қоймайды. Себебі – орыс елі бізден көп өнерлі. Бірақ әзірге бір оларға әсер ете алмаймыз. Себебі: біз мәдениет сатысында төменбіз. Қазақтың соңғы ғасырдағы халық аузында айтылып жүретін өлеңдерінің пішініне (форма) ұлтшыл ақындар өзгеріс кіргізе алған жоқ. Кіргізсе де аз. Ал мазмұн жағына жаңалық кіргізді. Бірақ біз ол мазмұнмен жаза алмаймыз. Соның үшін үлгіні ұлтшылдардан алу керегі жоқ. Көрші отырған орыс еңбекшілерінен алу керек.

Әлі де айтатыным: біздің алдағы мақсатымыз – білу, үйрену, білгеннен үлгі алу. Үлгі алғанда үлгі боларлық елден алу. Қазақтың байшыл ақындары бізге үлгі болуға жарай алмайды.

X Тақырыптар

Байшыл жазушылармен біздің біріге алмайтынымыздың ең үлкені – тақырыптар туралы. Еңбекші жазушыларға одақ болатын Қошке, тақырыпқа келгенде одақ бола алмайтынын ашық көрсеткен.

Тақырып іздегенде Қошкенің кезіне алдымен партия ұяларын жамандау, орыс пен қазақтың жанжалы, байдың большевик болуы түседі. «Үш жүз» түскен Қошкенің аузына оған қарағанда нағыз байшыл «Алашорда» неге түспейді? Оның аузына 1919-20 жылдары өтірік коммунист болғандар, разверстка жинаған большевиктер түскенде, Колчактың қанішерлері, олардың ел талауы, «Алашорданың» қырып салдары неге түспейді? Бар мәселе осында. Кім нені жақсы көрсе соны мадақтайды. Нені жек көрсе соны жамандайды. Қошкелердің көзіне разверстка жинаушылар тажал көрінеді. Ал

Колчактың қазаққа қамшы соққан, талаған қулары көрінсе де көрінбейді.

Рас, біздің алғашқы кезімізде ағаттықтарымыз да болды. Оны жасырмаймыз. «Ісімізді де, кемшілігімізді де түзеу керек» деген мақаласында Ленин былай дейді:

«Революция дәуірінде ағаттық болмай қоймайды. Оны біз жасырмаймыз, бірақ түзейміз».

Алғашқы аласапыран кезінде байлардан, қулардан партияға кіргендер жоқ емес, оларды біз қазір тазарттық. Әлі де болса бірен-сарандар бар шығар. Олар да тез бітпек. Елдегі байлар түгіл партияға алдап кірген «Алашорданың» шәкірттері де жоқ емес. Қарашының (Мұхтар Саматов) 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына басқан «Тарихи суреттер» деген мақаласын оқыған кісі бұны жақсы біледі.

Менің бұл сөзімнен өткен қателерімізді жасырамыз деген пікір тумайды. Қошке көріп жүрген өткен істің қатесін партия одан артық көріп отыр. Жаман істердің қалайша жаман болғанын тексеріп, түзетуге күш жұмсап жатыр. Бірақ ол қателіктерді Қошке мен біздің сынауымыз екі түрлі: Қошкенің сынауы – коммунистердің қайдағы жоқ кемшіліктерін тауып алып «сендер жамансыңдар» деу. Біздің сынауымыз коммунистердің кемшіліктерін түзеп, жақсылыққа аяқ бастыру. Сондықтан тақырыптарға келгенде, Қошкенің жазғанына біздің (еңбекшілердің), біздің жазғанымызға Қошкелердің (Алашорданың) іші ауыратыны, ала көзбен қарайтынымыз рас. Жалпы тақырыптарға келгенде айтатыным: әдебиетші (ақын мен жазушы) тарих жазуға міндеткер емес. Олар оны жазбайды да. Жазушылардың міндеті – көбінесе өмірдің көкейтесті мәселелерін көркем сөзбен бейнелеп, өзі сүйенген еңбекші көпшіліктің алдына тартып отыру. Ескіден де, мысал, оқиға, мағлұматтар алынсын. Бірақ қайда барса қазған көрге кез келетін Қорқыт сықылдылардың керегі жоқ. Олар бұқараға өлім елестеткеннен, жасытқаннан басқа түк бермейді.

Біздегі қазіргі тақырыптардың ең күштісі, ең керектісі еңбекшілердің таптық сезіміне әсер етіп, тез оятатын тақырыптар. Олар мыналар:

1. Жалшылардың еңбек заңына сүйеніп іс істеуі (Сәкеннің «Еңбек шарты» деген поэмасы сықылды).

2. Жерді тең алу, байдың егіндік, пішендік жерлерінен кедейге жер алып беру үшін кедейлердің соған көңілін бұру, ояту.

3. Кедейлерді шаруашылық жағынан ұйымдастыру туралы жазу (кооперацияның толып жатқан бөлімдері, қоғам және басқалар).

4. Қосшы одағы, кәсіпшілер одағы, партия ұясы, тағы сол сықылды тап сезімін оятатын ұйымдарды күшейту жағына шығу.

5. Әйел теңдігі мәселесі.

6. Атқамінерлердің, байлар мен молдалардың кедейлерге істеп жүрген қиянаттары.

7. Сот, кеңес, милициялардың үлгі боларлық істері, олардың жұмысындағы кемшіліктері, оны түзеу жолы.

8. Орыс қазақ еңбекшілері мен басқа да ұлттар еңбекшілерінің достығы.

9. Хан, би, бай, болыстардың елді қалай қанағаны.

10. Кедейлердің, ауыл коммунистерінің хат танымаушылығын, саяси сауатсыздығын жою туралы.

11. Елдегі мектеп ашу ісін күшейту.

12. Өнеркәсіп орындарының жұмысын жазу. Жұмыскерлерге еңбек өнімділігін арттыруды, сауаттарын ашуды үйрету.

Айта берсе тақырыптар толып жатыр. Оның бәрін жаза беруге мүмкіндік жоқ. «Бұларың поэзияға келе ме?» деп Қошке бас салмасын. Тұрмыстың ең күшті поэзиясы осы. Шын социализм де осыдан табылады. Бірақ тілін біліп жазу керек. Бірақ оған Мағжанның тілі келмейді. Мағжанның тілі келетін тақырып – байларды, хандар мен бектерді мадақтау, күні өтіп, өліп бара жатқан өмірді мадақтау. Ал біздің Қалмақандарымыздың жаңа өмірді жазуға тілі әбден келеді. Олар оңдап жаза да алады. Ал өткен дәуірдің істерін жазғанда осы күнгі тұрмысқа не үлгі болатын, не болмаса ескінің жаманынан жирендіретіндерін ғана жазу керек.

XI Қорытынды

Қазақта жігі ашылған екі таптың да жазушылары бар: біреуі еңбекшілдер, екіншісі байшылдар. Бұл екеуі бір-біріне өмірінде қосыла алмайды. Байшылдардың азырақ есі барлары өлетінін біледі де шөре-шөрелікке айналып, бізбен жақындасуға тырысады. Қысқасын айтқанда, күшейіп келе жатқандар да, келешегі күштілер де еңбекшілдерден шыққандар.

Әдебиет майданында күн санап өсіп келеміз. Бірақ кемшіліктеріміз де бар.

Қошкеше: шаруашылық сабасына түспей ұйым жасауға болмайды-мыс. Қошке айтқан саба, қымыз құятын ыдыс болмаса, қазақ елінің шаруашылығы қазір соғыстан бұрынғы дәуірінің 95 процентіне жетті. Мұның аты – түзелген шаруа. Қазақ елінің шаруашылығы әдебиет ұйымы түгіл одан үлкен ұйымды ашуға да жарайды.

Әдебиет ұйымынан партия ұйымдары күшті екенін жақсы білеміз. Партия ұйымдары – қазіргі дәуірде саяси көсем. Қошке қорыққаны, жамандағанымен біз ел ішінде партия ұяларын да ашып жатырмыз. Жалғыз шаруашылық емес, біздің әдебиетіміз де, әдебиетшілеріміз де өсіп келе жатқанын жоғарыда дәлелдедік. Сол өсіп келе жатқандарды көтеру үшін менімше 5 түрлі шарт керек.

1) Әр жерде басын қоса алмай жүрген еңбекші жазушыларды бір жерге жинайтын ұйым керек. Ұйым керек болғанда аты ұйым болмасын, күрделі іс істесін. Бұл туралы мен бастапқы мақаламда пролетариат жазушылар ұйымының Қазақстандағы бөлімшесі өркендесін деген едім. Әлі де сонымды қуаттаймын. Бірақ бұл күйінде ол ұйым бізді қанағаттандыра алмайды. Ұйымның программасы Орталық Россия ұйымдарының жағдайына ыңғайлас жасалуы керек. Одан кейін тиянақты басқарма сайланып, ұйымның ісін алып жүруге міндетті болсын. Жергілікті орындармен байланыс жасап, барлық еңбекші жазушыларға көмек көрсетіп отырсын. Бұл ұйымды көрнекті ұйым ету үшін Қазақстанның әр түкпірінде жатқан жазушылардың жиылысы шақырылып, басқарма содан кейін ашылсын. Оған шейін ұйымдастыру

бюросы сайлансын. Нендей мәселе болсын жиналыста шешілетін болсын. Бұл іске Өлкелік Партия Комитетінің баспасөз бөлімі бірнеше әдебиетшілерді ақылшылыққа алып, басшылық етсін.

2) Әдебиет журналы туралы. Бастапқы мақаламда мен бұл сөзді өте қысқа айтып едім. Енді толығырақ жазуға тура келіп отыр. Ұйым ашылғанымен жемісін жарыққа шығарып отыратын қолында құралы болмаса іс істей алмайды. Бізге қазір ең керек нәрсенің біреуі айында бір рет шығаратын әдебиет журналы. Осы журнал ашылса, жаңа жазып келе жатқандарға жолбасшы да болады, оларды жазуға үйретуші де болады. Бастарын қосып ұйымдастырушы да болады. Бұл болмаса сөздің бәрі қағаз жүзінде қала береді.

Мұндай журналды шығару бір кісінің қолынан келмейді, оған қаражат керек. Айына 3 баспа табақ қағаз етіп шығарғанда, қалам ақысын қоспағанда, жеке саны 500 сомдай шығын керек етеді. Жазушылар ұйымы әбден қалыптасып болғанша бұл іске тиісті мекемелер қаражат беруі керек. Бірер жыл шығарғаннан кейін ондай журнал өзін-өзі ақтай алады.

3) Мектептерде әдебиеттің марксистік бағыты туралы сабақ берілсін. Әсіресе бұл сабақ партия мектептерінде, техникумдар мен институттарда міндетті түрде оқытылсын. Кейбіреулер, әсіресе Қошке «кісіні қайдан табамыз?» деулері мүмкін. Ол дұрыс емес. Біздің жыл санап жоғары дәрежелі мектептерді бітіріп шығып жатқан коммунистеріміз, яки Кеңес өкіметін жақсы көретін партияда жоқ жастарымыз бар. Олардың ішінде әдебиет мәселесіне жақсы қарайтындары да жоқ емес. Мәселен, қазақ педагогика институтында Ахмет Байтұрсыновтың орнына Ғаббас Тоғжанұлы немесе марксизммен қаруланған сондай жастар оқытса, Маркс көзқарасын анағұрлым жақсы таныстыра алар еді. Ал ұлтшылдар инедей мүмкіндік бар жерде өз идеясын өткізуге тырысады. Мектептерде әдебиет үйірмелері де ашылуы керек. Мектептерде оқылатын оқу құралдарымыз да жоғарғы жобаға сәйкес жасалулары керек. Осы күнге дейін біздің оқу құралдарымыз «пәлен бидің айтқанымен» келе жатыр. Бұл жаңалыққа сүйремейтін керітартпалық.

4) Қазақ тілінде шығатын барлық газет, журналдарымыз еңбекші жазушыларға тәрбиеші болсын.

5) Мүмкін болған күнде әдебиет үйренетін курс ашылсын. Ол болмаса тиісті мекемелер стипендия беріп, орталықтағы әдебиет мектептеріне әдебиетшілерді жіберіп тұрсын.

Әрине, бір мақалада көркем әдебиет мәселесін түгел баяндау қиын. Әлі де болса бұл туралы жазармыз. Әзірге осымен тоқтаймын.

Смағұл Сәдуақасұлы

ӘДЕБИЕТ ӘНГІМЕЛЕРІ

(Айтыс ретінде)

I

Соңғы кезде «Еңбекші қазақ» бетінде көркем әдебиет жайынан едәуір мақалалар басылды. Кейбіреулер бұл туралы күдіктенетін де көрінеді. «Анда-санда желпініп алатын қазақтың ескі әдеті еді, бұл жолы да сондай болып шықпаса игі еді», – дейтін секілді біреулер.

Меніңше, айтыс үшін уайым жеуге болмайды. Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де, айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр.

Орыс жұрты бір нәрсенің аздығын айтқысы келсе, «саусақпен санағандай» дейді. Біздің ауызға алар ірі жазушылардың санының өзі он саусақтан асып кетті. Осылар туралы анда-санда газет бетінде көрініп қалатын бірен-саран мақалалар болмаса, табанды зерттеуді ешкім әлі жазған жоқ. Мағжан туралы былтыр Ғаббастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы алысқан Мағжанды көрдік. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды. Бірақ тоғыз жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған куә – оның соңғы жазғандары, Мағжанды қайтседе жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы» мен «доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі – біздің Әбдірахман.

Мағжанның ол өлеңі Сібірде, Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Мұны өзге жұрт білмесе де Мағжанмен ол кезде сабақтас-табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма: «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса».

Мінеки, ең атақты, ең даулы ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп жатқан жоқ.

Басқалар туралы жым-жырт десе де болады. Бұдан табандай бір жыл бұрын Жүсіпбектің «Қартқожасы» шықты. Ләм деген кісі жоқ. Бұдан бес жыл бұрын басылған Мұхтардың «Қорғансыздың

күнін» жұрттың көбі осы күні ұмытып кетті. Анда-санда Сәкен дегенде Нәзірдің «жыны» ұстап қояды. Бәлкі оның да пайдасы бар шығар. Өзгелер туралы о да жоқ.

Осы күні көзі жоқ жазушыларымызға келейін. Абай, Сұлтанмахмұт, Бернияз, тағы басқалар. Анда-санда әйтеуір Абайды көрінен аударып қоямыз, онда да жүре салды. Сұлтанмахмұт, Берниязды кім біледі? Қай сыншы бұлардың табысын зерттеп, қорытынды шығарды? Шындыққа келсек, бұл екі ақынның екеуі де – ірі кісі. Мүмкін олардың жазғанының көбі біздің марксизм көзқарасымыздан қате де шығар, бірақ осыны айту керек емес пе?

«Абай-мамайыңды біз білмейміз, Бернияз-перниязыңды біз естігеніміз жоқ, осы күнгіге өзіміз де жараймыз» деушілер де болды. Егер бұлай деушілер бола қалса, олар біздің надандығымыздан басқа ешнәрсені дәлелдемес еді.

Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ, болмаймыз ба?

Бұл – үлкен, негізгі мәселенің бірі. Біздің көбіміз (мен біз дегенде коммунист сыншыларды айтам) бұл мәселеге әлі үстірт қарап жүрміз. Мысалы, Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында: «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ», – дейді.

Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?

Қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда жаңа қайдан өспекші?

Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады.

Абай да – ескі мұра. Бірақ Абайдан қалған мұраның көбі әлі ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек.

Осы күні орыстың үлкен қалаларында үлкен-үлкен үйлер салынып жатыр. Оны совет өкіметіне үйреткен – ескіден қалған инженер білімі. Инженер білімі біздің пайдамызға асса, оны ескіден қалған деп, әрине, далаға тастамаймыз.

Абайдың шеберлігі де сол секілді. Абайдан шеберлікті үйрену керек.

«Шеберлік сөздің сырты, оның іші жұртшылыққа қарсы болса, еңбекші таптың ілгері басқан аяғын кейін шегерсе, ондай сөзге біз қарсымыз» деушілер болар.

Бұлай деушілерге мен әбден қосыламын. Бірақ Абай туралы бұлай деуге келмейді. Абайдың жазғандарының көбі қазақтың жаңа жұртшылығының алдында әлі ескірген жоқ.

Бұдан жүз жыл бұрын жазылған Гогольдің «Ревизорын» орыстар әлі ескірген жоқ дейді. Біз Абайдың «Болысын» қалай ескіртеміз.

Болыс болдым, мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде – қом, атта – жал
Қалмады жұртқа тығындап.

Бұл болыс әлі тірі емес пе? Абайдың заманындағы әлеумет аурулары бәрі бірдей жойылып кете қойды ма?

Олай болса, ол аурулармен, ол кемшіліктермен күресу жолында Абайдың жазғанын да неге пайдаланбаймыз?

Меніңше, Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» да – ескірмеген мұраның бірі. Бақытсыз Жамал – сүйгеніне тие алмаған қазақтың сорлы қызының бірі. Оны бақытсыз қылған – малына сенген таз Жұман.

Осы күні «Бақытсыз Жамал» тіл жағынан болсын, жұртшылық ретінен болсын, ескірді ме, жоқ па? Қазақтың әйелі түгелімен теңдік алып болды ма, жоқ па? Әлі де ел ішінде «бақытсыз Жамал» бар ма, жоқ па?!

Өлкелік комитет жанындағы әйелдер бөлімі «Бақытсыз Жамалды» қайта бастырып шығарса, олар көп обал істемес еді.

Сондықтан ескіден қалған мұрадан біз ешуақытта жерімейміз. Керегін аламыз, керексізі қалады.

II

Осы күні қазақ әдебиетінде басы жанжалда жүрген – партияда жоқ жазушылар. Бұларды кейбіреулер «шөре-шөре» дейді, біреулер «жолбикеш» дейді. Сәбит те, Жүсіпбек те, Мұхтар да «тазалықты сүйетіндігі» үшін бізге еншілес бола алмайды. Мағжан туралы екі сөзге келудің өзі үлкен айып секілді.

Плеханов айтады: «Күлкі сөзге шын жауап берудің өзі – күлкі», – деп. Әрине, бұл сөз – Плехановсыз да ойға қонатын сөз.

Бірақ жұрттың көбі өз пікірін «қадистетіп» дәлелдейтінді шығарып жүр. Сондықтан мені де ешкім сөкпеуге тиіс.

Мұхтар мен Жүсіпбек тазалықты сүйсе, сүйе берсін, ол өздерінің еркі, бірақ бұдан олардың қазақ еңбекшілеріне қарсылығы табыла ма?

Мұхтардың жазған ірі нәрселері: «Еңлік-Кебек», «Қорғансыздың күні», «Қарагөз» – бұлардың бәрі қара қазақтың тұрмысы. Қазақтың ескі әдетінің арқасында ер жігіттің басы қандай қиыншылыққа түсетінін көрсетеді. Қазақ елінің ілгері басу жолында ескі әдетінің қандай бөгет екенін сипаттайды.

Қазақ ішінде жаңа жұртшылық орнату партияның да, үкіметтің де зор міндетінің бірі болса, жаңалықты орнату үшін ескіні білу, болғанды білу – оның ар жағында міндетті нәрсенің бірі. Өткенді білмей – қазіргіні түсіну мүмкін емес. Қазіргі тұрмыс – болашақтың негізі.

Көркем әдебиеттің ең үлкен қызмегінің бірі – тұрмысты, өнерді таныту. Тұрмысты, өмірді білім жолымен де тануға болады. Мысалы, бұрынғы қазақ тұрмысының тарихын жазу, бұрынғы қазақ елінің шаруасын зерттеу, бұрынғы қазақтың әдет-ғұрпын сынау – соның бәрі білім жолы.

Қазақтың осы күнгі тұрмысын да білім жолымен ұғуға болады. Мысалы, қазақта пәлен миллион мал бар дейміз, қазақтың жері пәлендей дейміз, солтүстікте кара топырақ, оңтүстікте қызыл топырақ – міне, бұл да білім жолы.

Көркем әдебиеттің білім жолынан айырма жері: көркем әдебиет ұғындыратын нәрсесін суреттеп, сыпаттап айтады. Көркем жазушы көзі көрген нәрсесін білімдінің зерттеп біліп айтқанындай көз алдына елестетеді. Көркем әдебиет пен жәй білімнің айырмасы осы.

Мұхтардың, Жүсіпбектің де жазғандарына өмір тану, тұрмысты ұғыну ретінен қарағанда оларға рахмет айтпасақ, лағынат оқитын орнымыз жоқ.

Жүсіпбектің жазғандары толып жатыр. Оның ең соңғы жазғаны – «Қартқожа». «Қартқожа» туралы біз пікірімізді басқа бір жолы толығырақ жазбақпыз. Қазір айтып кететін нәрсе: «Қартқожаның» көркемдік жағы, тұрмысты сыпаттау түрі туралы. Бұл жағынан қарағанда, «Қартқожа» – қазақ әдебиетінде үлкен

оқиға. Біздің әдебиетіміз де жалғыз Жүсіпбектің романымен шанағаттанбақ емес, бұл үлкен тема.

Тіл жағынан «Қартқожа» қазақша жазылған романның бәрінен артық.

Бұл олай болса, Жүсіпбек те, Мұхтар да сөзсіз біздің ішімізде болу керек. Бұлар – коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жұртшылықтың дұшпаны емес, досы. Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу – осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп.

Әрине, бұл сөзден Жүсіпбек, Мұхтардың қатесін көрсетпейміз деген мағына шықпайды. Ондай уәдені біз ешкімге бере алмаймыз. Жүсіпбек пен Мұхтарда қате жоқ емес, бар. Бұлардың кейбір жазғандарынан ұлтшылдық иісі шығатыны да бар. Бұл туралы Қошкенің пікіріне қайткенде де қосыла алмаймыз. Қошке «Мұхтарда да, Жүсіпбекте де ұлтшылдық пікір тіпті жоқ» дейді. Қошкенің жазуына қарағанда, оның өзі де ұлтшыл емес секілді. Біздіңше, ұлтшылдықтан Қошке де сау емес. Қошкелер бізбен айтысқанда барын жасырудың орнына, барына дәлел табу керек. Олардың дәлелінен біздің дәлеліміз күшті болса, жөнді сөзге қол қою керек.

Біз Мұхтардың, Жүсіпбектің, Қошкенің тіл жағынан, тұрмысты сыпаттау жағынан көркемдігін, шеберлігін айтсақ, пікір жағынан олардың қатесін де айтамыз. Бірақ бұлардың қазір кемшілігінен жақсылығы көп. Бұлардың кемшілігі күннен-күнге ұлғайып келе жатқан жоқ, қайта азайып келеді. Бұлар совет өкіметіне қарсы қайнасып қалған ұлтшылдар емес, бұлардың болашағы әлі алдында.

Біз, коммунист жазушылар, бұлардың кей кезде сезіліп қалатын ұлтшылдық сарынына қарсымыз. Құр ғана қарсы болып қоймаймыз, ұлтшылдық пікірімен күресеміз. Бұл – біздің коммунистік міндетіміз. Бірақ бұлар – жалпы алғанда қазақ әдебиетіне үлкен пайдалы жазушылар. Бұларды біз пайдаланамыз. Қатесін көрсетіп отырып, қатесімен күресіп отырып пайдаланамыз.

III

Қошке де, Сәбит те мақалаларында Бейімбет, Сәкен секілді жазушыларды төрт аяғы түгел коммунист етіп көрсеткісі келеді, бұлардың ойынша Бейімбет пен Сәкен коммунист партиясының

мүшесі болушылығымен бар күнәдан тысқары секілді... Расына келсек, Бейімбет те, Сәкен де – әлі сөзсіз марксизм негізіне түсініп жетпеген жазушылар. Әсіресе Сәкен.

Сәкен – әлі ауылды көксейтін, ауылдың ескі қызығын, ескі мерекесін сағынатын ақын. Сәкеннің кітаптарының аты: «Асау тұлпар», «Домбыра», «Қызыл сұңқарлар». Бұның бәрі – ескі ауылдың сағымы. Қолда домбыра, аста асау тұлпар. Бұл кім?

Бұл – қазақтың кедейі емес, мырзасы. Асау тұлпар мен сұңқарға ғашық қылатын – Сәкеннің қазіргі халі емес, өткен күні. Сәкен өткендегі «мырзалығын» талақ қылған жоқ. «Өткен күндер» Сәкеннің жүрегін жылытпаса, суытпайды. Өткенді ескергенде Сәкеннің ақындығы өзгеше қозады. Сәкеннің жақсы өлеңдерінің бәрі – өткеннің сыпаттары.

Әйткенмен Сәкен – ескі жазушылардың ішінде өктәбір төңкерісін ең алдымен құттықтаған адамның бірі. Бірақ бұл жерде ақын Сәкен мен саясатшыл Сәкенді айыру керек болады. Сәкеннің төңкеріс туралы жазған өлеңдерінің ішінде ең күштісі – «Азия». «Азияда» Сәкен коммунист емес. Сәкеннің «Азиясы» мен Мағжанның «Күншығысы» – ағайындас нәрсе, Мағжанның «Күншығысы» «Азиядан» екі жылдай бұрын шықты. «Күншығыс» туралы жұрттың әңгімесін Сәкен екі жылдай естіп жүрді. Сөйтіп барып жазғаны – «Азия». «Азия» – пікір жағынан да, әдемілік ретінен де «Күншығыстың» туысқан інісі.

Бертін келе Сәкен оқушыларына «Экспресті» берді. Домбыраның қоңырау үнінен Сәкен тура экспрестің «трактактәгіне» түсті. Пойыздың жүрісі де өз алдына ән екенінде ешкімнің дауы жоқ. Бірақ домбыра мен «трак-так-тактің» арасында едәуір адыр барында тағы ешкімнің дауы жоқ.

Біздің заманымыз – білім, техниканың заманы. Оның үстіне қазақ елінің қазіргі тағдыры үлкен төңкеріс дәуіріне кез келді. Бұрын қоламтада бүлкілдеген адам баласының өмірі, осы күні үлкен жалынның отында қайнап жатыр. Аса алмайтын асқар бел осы күні бір-ақ аттап өтетін төмпешік боп қалды. Қазақтың көк бұйдалы түйесі өз өмірінде экспресс поезбен жарысатын халге жетті.

Бұлай болса «асау тұлпардан» «Экспреске» түскеніне Сәкен кінәлі емес. Сәкеннің бұл жамандығына жатпайды, жақсылығының белгісі. Бірақ бұдан осы күнгі жалпы қазақ әдебиеті «Трак-тактің» әніне қосылсын деген ұран шықпайды. Түйені де таста, биені де

таста, домбыраны сындыр, киіз үйдің шаңырағын ортасына түсір дей аламыз ба? Күні кеше домбырасын тартқан қазақ ауылын енді келіп бір түнде көшіре алармыз ба?

Мүмкін емес.

Біз ауылды өзгертеміз, ауыл электрден жарық алады, трактормен жер жыртады, машинамен шөп шабады. Шым үйдің орнына тас үй, алтыбақанды тастап театрға түседі.

Бірақ бұның бәрі бір күнде емес, көп заманнан кейін жасалады. Аспаннан тас үй жаумайды, осы күнгі жаман тұрмысын жөндеумен, соны түзеумен, соны өзгертумен, соны көркейтумен барып ауыл дегеніне жетеді.

Олай болса, экспресті бір кісі жазса, қазақтың жаман арбасын он кісі жазуы керек. Болашақтың әдемілігін бір кісі айтса, қазіргі заманды түзету жолын жүз кісі айтуы керек. Олай болса, Жүсіпбек те керек, Мұхтар да керек, Қошке де керек. Қазіргіні сыпаттау, қазіргі әлеумет ауруларымен күресу жолында бұлардың пайдасы қазақ әдебиетіне асқар таудай.

Бейімбет – ескі жазушының бірі. Бейімбет адымын Сәкендей емес, мөлшерлеп басады. Бейімбет әлі шолақ атты Мырқымбайдан қол үзген жоқ. Тегінде Бейімбет қайда барса да, Мырқымбайдың әліне қарайтын түрі бар. 20-жылдарда, ашаршылық заманында Мырқымбай аштан өліп қала жаздады. 22-жылдарда Мырқымбайдың түбіне жеткен «подвод» болды. Осы күні Мырқымбай ауылдай болып жүр. Мүмкін, болыс боп кетуі. Бірақ салық шіркін, кейде теріс түсіп, Мырқымбайды кейде есебінен жаңылдырып жібереді. Әйткенмен, Мырқымбай жаман емес, күннен күнге басқан аяғы ілгері қарай жылжуда.

Мырқымбай – анық қазақ, қазақтың нағыз қалың бұқарасы, Бейімбеттің қазақ әдебиетінің алдында істеген зор еңбегі Мырқымбайдың өмірін, соның тұрмысын жазуында.

Осы күнгі Қазақстанның кіндігі – Мырқымбайлар. Мырқымбайды адам қылсақ, дүниенің бәрі түгенделеді. Ең әуелі Мырқымбайдың баласын оқыту керек. Өз заманында Мырқымбай экспреске міне алмаса, оған оның баласы мінсін. Екінші, Мырқымбайдың шаруасын түзету керек, оған жер жыртатын соқа керек, шөп шабатын машина керек. Соқаға, машинаға жегетін көлік керек. ОНЫ сатып алар Мырқымбайда ақша жоқ, Қазақстанның

ауыл шаруасына жәрдем ететін банкісі несиені алдымен Мырқымбайға беру керек.

Мырқымбайдың көбі ел ішінде аурудан өлгелі жатыр. Оның үсті бит немесе басы таз, әйтпесе көз ауруы бар, әйтпесе құрт мерезден де Мырқымбай сау емес. Үкіметтің міндеті: Мырқымбайдың ауруына дәрі беру, дәрігер беру. Жаңа жұртшылықтың міндеті – Мырқымбайға жәрдемнің керектігін айту. Мырқымбайды ап-ашық қылып жалпының көзіне көрсету.

Мырқымбайдың әлі ауылдағы билікке қолы жеткен жоқ. Мырқымбай байына қарсы, бірақ қарсыласар қолында қаруы жоқ. Бар болса, тіпті аз. Мырқымбайдың көбі партияны да жөнді танымайды.

Жаңа жұртшылықтың міндеті – Мырқымбайды ауылдың саяси адамы қылу. Мырқымбайдың саяси сауатын ашып, сол арқылы баймен күресіп, сол арқылы ауылды билеу.

Мырқымбай – Қазақстанның негізі. Бізде өнеркәсіп күшейсе, біз шойынжол салуға кіріссек, біз фабрика-завод салсақ, соның бәріне жұмыскер болатын тағы әлгі Мырқымбайдың баласы. Айта берсе, осы күнгі қазақтан шыққан азынша жұмыскердің көбі әлі Мырқымбай.

Мырқымбайдың әңгімесі – үлкен тема. Мұны түгендеу үшін бір Бейімбет емес, әлденеше Бейімбеттің күші керек. Әзірге біреу, болашақта бұлардың неғұрлым көбейгеніне біз тілектеспіз.

IV

Ұлы төңкерістің арқасында қазақ елі ұлт республикасын жасап, шаруасын социализм негізімен түзетуге бет қойды. Көшпелі тұрмыстан капитализм дәуірін аттап өтіп, біздің шаруамыз социализм жолына қарай бет алмақ. Біз бұған сенеміз. Сенетін себебіміз: жалпы Ресейге Совет өкіметі арқылы социализм жасалып жатыр. Егер Ресейде осы күні капитализм үкіметі болса, Ресейді билеген орыстың капиталистері мен помещиктері болса, онда әрине, есі бар қазақ біздің қазіргі халімізбен социализм жасаймын деп айтпас еді. Сондықтан қазақ елінің тағдыры жалпы Ресейге байлаулы.

Қазақ елі бұрын Ресейдің құлы болса, енді ұлы болды деп отырмыз. Құлдықтан құтылу үшін қазақ елі төңкерістен бұрын ұлт ұранын көтерді. Әуелі ұлт болып алып, әуелі ұлттық есімізді жинап

орыстың капиталының тегеурінінен құтыламыз деді. Империализмнің қол астындағы ұлттардың бостандық жолының, Индия, Африка қозғалыстарының бәрінің ұраны осы. Еуропа соғысынан кейін өлімші болған түрік елі де ұлт туының астында бостандық алды. Коммунист партиясы, совет өкіметінің көзқарасы осы.

Ұлт сезімін жинап, әр халық өзін-өзі ұлт деп танушылық капитализмнен құтылуға қару болса, болашақта социализм орнату жолында да үлкен қару керек. Қазақ елі социализм жасауға кірісіп отырса, мақсатына жету үшін ең әуелі өзінің ұлт екенін біліп, ұлттығын танып алу керек. Сондықтан совет өкіметі бізге ұлт автономиясын берді. Біздің бостандығымыз ұлт автономиясы деп жарияланса да, әзір Қазақстан түп-түгел ұлт республикасы болып жеткен жоқ, Қазақстандағы коммунистердің 5-конференциясы қазақ ұлттының өзін-өзі ұлт деп тануын (консолидация казахской нации) әлі де алдымыздағы міндеттің бірі қылып отыр.

Қазақ жұрты бұрын орыстың байларымен күресіп, ұлт болуға бел байлап, енді, күрессіз, жанжалсыз совет өкіметінің бауырында өзін-өзі ұлт деп танып халге жетпек. Ұлы төңкерістің қазақ жұртының бүгінгі тағдырына кіргізген өзгерісінің ең үлкені – осы. Сондықтан Қазақстанның еңбекші табының тілегі мен қазақ елінің ұлттық тілегі бір жерден шықты. Еңбекші тап қазіргі Қазақстанның көсемі болса, ол ұлт тілегі мен тап тілегін қоса білгендігі үшін болып отыр.

Бұрын біздің байлығымызды орыстың байлары тартып алып отырса, енді ол байлықты қазақ жұрты қатардағы ел есебінде жалпы социализмнің негізіне аудармақ. Бұрынғы орыстың байлары, помещиктері біздің тілімізді бұзып, мәдениетімізді жойып, бізді «православный» қылу жолында еңбегін сарп етсе, енді біздің мәдениетіміз жалпы адам баласының мәдениетінің санаулы бір мүшесі болмақ. Жалпы мәдениет базарына біз өзіміз жасаған мәдениет бұйымымен бармақпыз. Біз олардан алсақ, олар бізден де алмақ. Имперационализмнің негізі – мәдениеттің сыртқы түрін (ұлттық кескінін) бір түсті қылу емес, ішкі маңызын бір тілектен шығару.

Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұқсаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жұмсалып керек. Жалпы адамшылық қызмет еңбекші табының тілегімен қабысады.

Сондықтан біздің әдебиет – тап әдебиеті, еңбекші таптың әдебиеті. Бұл – біздің жалпы беталысымыз.

Еңбекші таптың жалпы тілегіне бейімделген жол ұлт сарынын да жоғалтып жібермейді. Өйткені қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлт сарыны жалпы еңбекшілер тілегінен шығады.

Ұлт сарыны дегеніміз – қазақ ұлтының әрбір қаулыларда, декларацияларда жарияланған правосын із жүзінде жүзеге шығару. Мекемені қазақыландыру, оқу-ағарту жұмысында қазақты басқа ұлттардың қатарына жеткізу, шаруашылық жағынан қазақтың шикізатын тиісті бағасымен өткізу және басқа ұлт мәселесінің жетіспеген жерлерін жөндеу, бұл туралы осы күні жұмыстар істеліп те жатыр. Бірақ әлі алдымызда тұрған көп қиыншылықтар кез келмекші. Ол қиыншылықтармен күресу керек. Қазақтың ұлттық мақсатын өмір жүзінде шешу керек. Сонда ғана біз ұлт республикасы бола аламыз. Сонда ғана бізге берілген автономиядан дұрыс нәтиже шығады.

Әдебиеттің міндеті – қазақтың ұлттық сезімін (ұлтшылдық емес, ұлттық) тәртіптеу, қазақтың да мекемеде істей алатындығын көрсету, қазақша оқып-ақ іске жарайтындықты білдіру және осы секілді басқалар.

Мысал үшін мынадай бір сөз айтайық: қазақ базарға сатуға сиырын алып келді. Распискасы қазақша жазылған. Оны қазақша білмейтін милиция дұрыс деп таппады. Анаған расписканы орысша жазып әкел деді. Жай қарағанда, бұл, әрине, ұсақ нәрсе. Ұлттық психология жағынан тексерсек, бұл – үлкен жұмыс. Қазақша жазылған расписка жарاماғаннан кейін ана қазақтың жүрегінде өз ұлтының кім екендігі сезіледі. Оның көзінде қазақтың жұмысының бәрі орынсыз, осал секілді боп көрінетін болады. Ол өзінің күшіне өзі сенбуге айналады. Оған басқа ұлттың алдында жасқаншақтық пайда болады, ол басқа жерде кеудесі көтеріліп, аяғын алшаң басып жүре алмайды.

Өз аулында жүргенде қазақтан көп айқайлайтын халық жоқ. Қалалы жерге келгенде қазақтың үні шықпай қалады. Қаланың көшесінде қазаққа арбамен жүру үлкен азап. Қалай бұрыларын білмей, талай қазақ извозчиктен таяқ жейді.

Осының бәрі ұлт психологиясына, ұлт тәрбиесіне жатады. Осының бәрін қазақ әдебиеті жазуы тиісті. Ұлт мәселесі – қазіргі халде біздің әдебиетке ең үлкен теманың бірі.

Бұл теманы да жалғыз коммунист жазушылар өз еншісіне алды дау – кітс пікір. Меніңше, партияда жоқ жазушылар (оның ішінде Мұхтар, Қошқе, Жүсіпбек) бізге әбден пайдасын тигізе алады. Бұл жерде жалғыз айтып өтетін сөз – ұлт сарынының ұлтшылдық сарынға түсіп кетпес шарасын ескеріп отыру керек.

Қазақ елінің ұлт теңдігіне жету жолында біреу екінші ұлтты құлдану, екінші бір ұлтқа үстемдік жүргізу мақсатына айналдырса, ондай пікірді біз ұлтшылдық дейміз. Екінші, ұлтты құлдану, Қазақстанның ауданында кішкене империализм болу – ол қазақ еңбекшілерінің пайдасына жатпайды. Сондықтан ондай ұлтшылдық еңбекші таптың тілегіне қарсы, онымен қабат жалпы қазіргі көркем әдебиетте империализммен астарласқан ұлтшылдық жоқ. Ондай ұлтшылдық бола қалса, онымен біз, коммунистер күресеміз. Ол – біздің коммунистік борышымыз. Ұлттық, ұлтшылдық – екеуі екі басқа нәрсе. Ұлттық сарын біздің әдебиетте негізі бар, жөні бар, жолы бар сарын. Ұлтшылдық тарихи өлген, орынсыз, жолсыз ашалды сарын. Бұл сарынға түскен адамға біз, әрине, қосыла алмаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі тап сарынының ұзын ырғасын жоғарыда Бейімбет туралы айттық. Осы күнгі «тапшылмын» деп жүрген ақындардың көбі, меніңше, дұрыстап тұрмысты біле алмай жүр. «Құдай!» дегенмен жан қала ма?» деген секілді «тапшыл» деген сөзді әлсін-әлсін қақсай бергендіктен жазушының тапшылдығы дәлелденбейді. Бұл – бір. Екінші, біздің тапшыл ақындарымыздың жазғанынан айқайы көп. Бұл аурудан Сәкен де сау емес, Сәбитте де әлі айғай көп.

Айғайға зорлайтын ауру жалғыз қазақта емес, осы күнгі орыстың пролетарский ақындарының көбінің әдеті. Жуырда «Правда» газетінде жазған мақаласында Бухарин жолдас былай дейді: «Өмірді зерттеудің орнына, бұқарамен қатынасып, бұқараның жырын жырлаудың орнына біздің ақындарымыздың көбі сыншы боп кетті, саясатшыл, топ жинағыш боп кетті. Кейде бұқараның қысымына шыдай алмай «өлеңдеткен» болады. Бірақ ол «өлеңі» (ішіндегі ең беті қайтпайтындарыныкі де) екінші біреуден үйреншікті болып шығады...» дейді.

Мәскеудің ақындары туралы Бухарин былай десе, өзіміздің ақындарымыз туралы біздің де Бухаринге қарсы сөйлер дәлеліміз аз.

Тапшыл жазушылардың ішінде осы күні аты шығып отырған – Сәкен мен Сәбит. Сәкен туралы жоғарыда айтып өттік. Сәбит әлі жас. Сондықтан, әсіресе оған үйрену керек, оқу керек. Сәбит «Еңбекші қазақта» жазған мақаласында: «біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз», – дейді.

Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы – бізге үлкен үлгі. Осыны түсінсе, Сәбиттің өсуінде сөз жоқ, түсіне алмаса, жасына жетпей шал болып, құр айқаймен қалғаны.

Менінше, Сәбит өнерсіз ақын емес. Сәбиттің білімі мен қазіргі табысы – үлкен еңбек. Сәбит Бухарин айтқандай «сыншы» болуды қойып, өзі баяғыда ішінен шыққан бұқараның тұрмысын түсінсе, сол бұқараның жырын жырлап, екінші жағынан білімін толтыра отырса, Сәбиттің болашағына біз тілектес.

Қазақ әдебиеті балалық күйінен асып, есеюге бет қойды. Соңғы жылдардың ішінде бұрын естілмеген жазушылар шықты. Олардың көбін біз әлі де білмейміз. «Арқалық батырды» жазған Жұмат, «Құралай сұлуды» жазған Иса, Жетісудан шыққан Ілияс Жансүгірұлы – бұның бәрі болашағы үлкен адамдар.

Біз әдебиет туралы сөйлегенде екі-үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауға кірісу керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады.

Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы. Көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы қазақ елінің ұлт теңдігі, еңбекші табының үстемдігі болсын.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

(Айтыс ретінде)

«Еңбекші қазақтың» 227-228 санында Сәбит, 248-санында Абдурахман, 247-санында Қошке жолдастар көркем әдебиет туралы айтыс ретінде пікірлер жазып өтті.

Шынында, осы кезде аудара қарап, ақтара тексеретін мәселенің бірі әдебиет болып отыр.

Сондықтан мәселенің жетіспеген жерін көп ортасынан күтіп бізде өз пікірімізді айтып өтуді лайық көрдік.

Мәселе айтыс ретінде болғандықтан бұрынға жазып өткен жолдастардың кейбір сөздеріне тоқтап өтуге тура келді.

I

Сәбит мақаласының ішінде: қозғалған мәселенің ең маңыздысы, «Қазақта тап ақыны бар ма?» деген сөз еді, бұл туралы аяқталған пікір жоқ дейді әңгіменің сөлі де, маңызы да осында екені рас.

«Қазақта тап ақыны бар ма, жоқ па?» деген мәселе кімнің де болса, әсіресе, коменес жазушылардың пікірі айқындалуы керек. Тап ақыны туралы түйінді шешкенде қанағатты дәлелдер болуы тиіс. Әйтпегенде, айтыстың көбі құрғақ айтыс болады.

Қазақта тап ақыны жоқ емес, бар. Бірақ, нағыз таза жұмыскер таптың дара шыққан ақындары қазақта қазір жоқ. Себебі: таза жұмыскер табының дара ақынын тудыруға, тұрмыс пен шаруашылық өзгерісінің зор әсері бар. Қазақ шаруасы осы күні өңделмеген түрін өзгертіп ғылым жолына түскенде, таза жұмыскер табының ақыны сөзсіз тумак.

Осы күнгі қазақтың тап ақыны деп жүрген жолдастарымыз (Сәкен, Сәбит, Бейімбет, тағы басқалар) біздің мынау айтып отырған жеке жұмыскер табының дара ақыны емес. Бұлар кедей қара шаруа табының ақыны. Олай екендігі олардың жазған көркем әдебиеттерінен көрініп тұр. Әсіресе, Бейімбет көбінесе ауылдың келбетін, ауылдағы қара шаруаның тұрмысын негізге алдып жазады. Сәкен менен Сәбит те ауылдан ұзап кете алған жоқ. Мұны істетіп отырған тұрмыс болса керек.

Пролетариат (жалшы) табы көркем әдебиеттің үстемдігі, жеке-дараланған күшті, қазақ түгіл орыста да әзірге жоқ екендігі расталып отыр. Мұны 25-жыл үйіннің 18-інші көркем әдебиет жиынында партия саясаты туралы алынған қарарында ашық айтады.

(Қарардың 9-буыны)

Тап ақынын жалпы алғанда, жоқ деп ешкім де айта алмайды. Бірақ, осы күнгі тап ақыны дегендеріміз жеке ғана жұмыскер табыныкі ме, жоқ, кедей мен кара шаруа табының ақыны ма? Міне, мәселенің түйіні осында болуы керек. Мәселені бұ жағынан талдағанда қазақта кедей таза шаруа табының ақыны дегенге таласым жоқ.

Тап ақыны турады жазатын жолдастардың осы күні қазақта жеке жұмыскер табының дара ақыны бар деген пікірі болса толық дәлелдерін көрсетсін, тіпті, қазақта тап ақыны жоқ дейтіндер де себебін айтса дұрыс болар еді.

II

Қошке: «Сәбиттің коменес ақындарға сын қатты болды дегені дұрыс емес, кедей табынан жаңа шығып келе жатқандарды сынағанда, басын жарып, көзін шығару керек. Көркемдігі ұлтшылдардікіндей болмағанның сыншылардың тақиясына анау, мынаулардың тар келеді» дегендей пікірде.

Қошкенің мұнысы сынның не екендігіне алдымен өзінің түсінбейтіндігін көрсетеді. 25-жылғы үйеннің 18 індегі көркем әдебиет жайындағы партия қарарында, сын көбінесе тәрбие жолымен болсын. Көркем әдебиетке жазылған сында ұрысу, аз қатесін түзетудің орнына түймедейін түйедей қып жазушының бетіне басуы секілді, ақырып зекірген баспа билік болмасын. Керек болса, жол бикелердің әдебиетіне жазылған сын дауларды дұрыс жолға түсіргендей, үйрене келе жалшы табының таза ақыны қылып шығаруға сын басшы болсын. Сында ғылыми тәрбие жолы күшті болсын деп отыр (қарардың 10-12 інші буындарында).

Мұры көріп отырып көркем әдебиетке жазылған сын «Шаш ал десе бас алып, қас ал десе көз шығару керек» деген Қошкенің сөзі адасқандық демей не дейміз?

Сәбит айтса дұрыс айтып отыр. 1924-жыл «Лениншіл жас» журналында Нұржанұлы Саматтың өлеңдеріне Молдағали Жолдыбайұлы сын жазды. Молдағалидың сыны Саматтың

жанын түзейтін сын ба еді? Олай емес еді. Молдағалидің сыны, бетін жаңа түзеп келе жатқан жас Саматқа орынсыз жапқан толып жатқан кінә еді.

Молдағали Маркс жолын тәуір білетін қисыншыл әдебиетшіміздің бірі десек, коменес партиясы, Маркс жолы, Самат секілділердің өлеңіне осылай сын бер деп Молдағалиға үйрете қойды ма екен? Үйретпесе керек.

Сондықтан, Сәбит ол сөзінен кінә емес қашқынның әдебиет мәселесін Маркс жолымен түйіндейтін ойы болған көрінеді. Олай болғанда, сөздің негізін басқа жаққа аудармау керек қой.

Қошкенің тағы бір сөзі: «Ұлтшылдардың әдебиеті көп басылса көркемдігінен басылып отырған шығар? Кедейдің жас жазушыларының былықбайымен кім бас қатыстырып отырсын. Білмегенді айт, терісті түзе деген қайдан шыққан жол?» дейді. Қошке бүгін ұабын төгіп, жаны қиналғанмен жас кедейшілдердің әдебиетін болашақ көркем қылмасқа кімнің көзі жетіпті? Баяғы Молда екең сынайтын Самат өлеңін жылдан жылға түзеп келеді. Көркемдік жағынан да ұлтшылдың әдебиетінен кем соқпайтындары толып жатыр. Самат секілді жаңа бетін түзеп келе жатқан көркемшілер жоқ па? Бар ғой. Ондайлардың аз кем қатесі болса басқарма болсын, басқа болсын түзетпейтін не жөні бар? Жұрт тоқтай қалатындай ұлтшылдардың да төңкерістен кейінгі тұрмысты жіпке тізіп тастағаны белгілі. Жиналып кітап болып шықпай жатқаны болмаса, көркемдік жағынан ұлтшылдардан кем соқпайтындары шығып келеді.

Солардың бірін мысалға алайық: Қошкенің айтқаны дұрыс шығар ма екен? 1916 ыншы жылғы уақиғаны еске түсіру ретінде «Ақбас» деген жас акын былай деп жазады (өзі сол жылы қарамалай қызыметіне барған жігіттің бірі еді).

Іздеген жарық сәуле сондағы үміт,
Таң атты нұры балқып, серіліп бұлт,
Құлдықтан еңбекші ел азат болды,
Белгісі өткен күннің бәрі де ұмыт.
Шынында азат қылған октебір ғой,
Әлемде бұл төңкеріс мыңнан бір ғой,
Таяу тұр алдымызда он жылдығы,
Мереке әне сонда, не үлкен той.

деп, тыныштық орнап октебр төңкерісінің арқасында ел бостандыққа ие болып, өткен күнін бірте-бірте ұмытпа бастағандығын, сонымен бірге «Ақбас» болашағының зор қуанышты екендігін айтады.

Ақбасты әзірге ешкім білмейді. Жалғыз-ақ ауыл газетінде, Ақбастың таңдамалы өлеңдері басылып жүр. Ақбас секілді кедейшіл, өткенін де, келешегін де біле бастаған жас көркемшілдер әр жерден-ақ табылады. Сондақтан, Қошкенің былықбайларыңмен басымыз қатты дегені бекер.

Көрінгенді көрмей, кедей жазушылары ұлтшыларға жеткенше, «жер көмірге, көк темірге айналады» деп қиналуда орынсыз. Кедей жазушылары да өз атының басын өзі алып жүргендей заманды кешпей-ақ Қошкемен бірге тұрмыс көрсеткелі отыр. Шынын айтқанда Қошкелердің тиышы кеткендей қалып қазірде де жоқ.

III

Түйіні шешілмеген талас мәселенің бірі төңкерістен бұрынғы қазақ жазушыларының әдебиеті болып келеді.

Сәбит мақаласында бұл туралы «Оян қазақ» пен «Шолпанды» көже теп жазады. Сәбиттің бұларды көже деп қай жағынан айтып отырғаны белгісіз. Тегінде біздің ескі әдебиет туралы тоқталатын жерлеріміз: маңызы, көркемдігі, тілі, әсіресе, заманымызға қайшы келерлік саясаты болуы керек. Олай болғанда ескі әдебиеттің маңызы мен көркемдік жағынан заманымыз қабысатындарын, ел тұрмысының белгілі бір дәуірінен орын алатындарын, керексіз қылып жеңіл қарау қате. Сәбит айтты айтпады, заманымызға қайшы келіп саясаты оғаш тұрғандарын әлпештей алмасақ керек.

Ескі әдебиет туралы мәселенің бетін ашпай жеңіл қараудың пайдасыз екендігін, мұндай көзқараспен күресудің керек екендігін көркем әдебиет туралы алынған қарарында партия ашық айтқан (қарардың уақыты жоғарыда көрсетілген. Қарардың 11-буыны). Ескі әдебиет туралы коменес жазушылардың ішінде пікірін анықтап, керекті, керексіз жағына дұрыс мән беріп отырған Тоғжанұлы Ғаббас. «Оян қазақ» пен «Шолпанды» Сәбит айтқандай көже десек, өзгелерін сүт демекпіз бе? Күрделі мәселе, туатын сөзді үстін тарап түйінсіз тастау керек емес. Сондықтан, жалғыз «Оян

қазақ», «Шолпан» емес, басқалары туралы да коменес жазушылардың пікірін аяқтайтын уақыт.

IV

Қошке «өнер дегеніміз сезімдерді суретпен жүйелеу» деп Бұқарин жазады. Сондықтан, «ақындық суретпен ойлау» дегенге марксшілдердің бәрі де қол қояды, дейді. Қошкенің мұнысы дұрыс емес. Максшілдер ақынның суретшілдігімен ғана қанағаттанып, оның суретпен жүйелеген сөзінің ішкі мазмұнына көңіл бөлмейді дегенді Қошкеден ғана естіп отырмыз.

Әлде, Қошке Бұқарин солай дейді, басқа Марксшілдер де бұған қол қойған десем, сөзім дәлелдірек болады деді ме екен?

Бұқарин «өнер дегеніміз сезімдерді суретпен жүйелеу» деп суретшілердің сыртынан мән берсе бүгіндегі ақындардың суретінде ішкі мазмұны, мұлиондаған кедей мен кара шаруаны артынан ерткендей жалшылар табының негізгі мақсұтын қарақшы қылған күш болсын деп, суретшілдіктің ішінде мән беріп отыр. Марксшілдер де осыған қол қойып отыр. Суретшілдік пен мазмұн туралы пртия саясаты да осыны айтып отыр. 18-үйен 25 інші жылы көркем әдебиет пен суретшілдік туралы партияның қарарын қараса Қошке Бухариннің не дегенін білер еді.

Бұл туралы партия жолы соқырға таяқ ұстатқандай. Сондықтан, мәселені үстін қарап, сыңаржақ кеткендер мен марксшілдер қабыса алмаса керек.

V

Қошке мақаласының аяғында ұйым туралы пікір айтқан көрінеді. Менің ойымша ұйым біреу-ақ болуы керек. Бізде кедей кара шаруа жазушылар ұйымы ашылып, қазақтың жалшы малайлары мен кедей, малайы мен жалшысын біріктіріп жалшылар табына қоспай, жеке жалшылар ұйымы болып, аналардан қол үзуге болмайды.

Жалшылар табы (пролетариат) жазушылар ұйымы қазақтың қазіргі жағдайына ертерек болады. Сондықтан кедей кара шаруа ұйымын ашқан жұрыс болар еді.

Бұл туралы әлі де жазушылар болар. Біз пікірімізді айтып өткен. Не қылған күнде де ұйым туралы пікірді қорығып, ұйым жұмысын қолға алатын уақыт жетті-ау деймін.

БАЙДЫҢ ТОЛҒАҒЫ

«Еңбекші қазақтың 187-188 сандарында «Көркем әдебиет туралы» «Екеудің» (Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов. Автор) мақаласы басылды. Шынында «Екеудің» мақаласы әдебиет туралы ғана емес, әдебиетті бүркеншектеп, біздің ұстаған түпкі мақсатымызға түбімен қарсы пікір. Үстіртін қараған кісіге әдебиет туралы сықылды көрінгенмен, бұл мақаланың астын қазсаң батпағы шығады. Сөзім өтірік болмау үшін алдарыңызда «Екеуді» сөйлетіп қойып, сындарыңызға берейін. Өздеріңіз сыншы болыңыздар.

Ең әуелі «Екеудің» мақаласын тексеруден бұрын жалпы көзқарасты айта кетейін. Қазіргі дәуір тап күресінің бітпеген дәуірі. Тап күресі кезінде екі тап тату тұра алмайды. Әр таптың көсемі яки көсемсінгені («Екеу» сықылды) өз табының жырын жырлайды. Жырламаған еркіне сүйенген табы қоймайды. Біздің Кеңестер Одағында еңбекші табы үстем болып отырғанмен, басқа таптар құрып кете қойған жоқ. Тапсыз коммунизм дәуіріне біз аяқты жаңада ғана салып келеміз. Пролетариат өз үстемдігінің арқасында ескі тұрмысты құрытып, коммунизмді негізге ала социалистік тұрмыстың дүкенін құрса, байлар бұған құтырған бурадай кесе-көлденең келіп, жынын шашады. Ол өлгенше өз мақсатын көксеуді қоймайды. Шамасы келсе ашып айтады. Қара күшке де салады. Ол қолынан келмесе ішімізге кіріп алып, өз жолын сыналап, пролетариат тілегіне жабыстырғысы келеді.

Қазақстанда жаңа тұрмыстың негізі салынды. Біздің аулымыз кеңестеніп, шаруамыз социалистік құрылысқа бет алды. Ескі тұрмысқа тұсау түсіп, ескілік күннен күнге кері кетті. Ауылдағы қожалық қылатын бай, молдалардың ықпалы түсті. Бұл жай бай мен молдаға болсын, оның «сұлу тіл» жоқшысы — «Екеуге» де болсын осал тиіп отырған жоқ. Бұлардың қайсысы болса да жаңа тұрмысқа амалсыз көніп отыр. Бірақ көндім деп қарап отырған жоқ. Көріне қарсы шыға алмайтын болған соң кеңесшіл болғансып, жолымызды бөгегісі келеді. Салт-сана жағынан да қазақтың байы «кеңесшіл» әдісті

қолданғансып, қимыл қылып отыр. Үстірт қараған кісіге олардың кейбір пікірлері біздің жолымыз сияқты. Олар тіпті Маркс пен Лениннің сөздерінен мысалдар келтіріп те соғады. Соңғы кезде мұндай боямалардың әлденеше әдістерін санауға болады. Жаңа әліп-би туралы Омарұлы Елдестің, Мержақыптың айтқан сөздерін олардың төңкерістің басындағы Советке қарсы сөздерімен салыстырсаң көп айырма, боямалық бар.

Ол уақытта бұлар Советті, большевикті «бұзақы, сұмырай» десе, енді ол сөздерінен тайып, екіжүзділікпен «Совет өкіметі ұсақ езілген ұлттардың мәдениетін көтеретін өкімет» деп жалтармақ болады.

Жаңа әліп-би соның бір жолы болса, оған саясатты қатынастырып не қыламыз. Қазаққа қолайлы ма, қолайсыз ба, соны тексерейік те.

«Екеуге» сөз берейік, не дер екен? «Манадан бергі сөзіміздің қорытындысы: қазақтың ұлтшылдығы, басқаны өзіне бағындыруды көксеген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жан сауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған (әдемілеуін! С.М.) тіленші ұлтшылдық тұрмыс жүзінде ұсақ ұлттардың қалың бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшылдық жойылмайды. Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық (қазір киім киіп пе?! С.М.) бұл күнде бұқарашылдыққа айналса (оны қайдан таптың?! С.М.) бұл бір саты, бұл бір табиғи жол. (Па, шіркін-ай!.. С.М.) Қазақ капитал дәуірін аттап өтіп тегістік тұрмысқа жетсе құба-құп (бәсе, осылай келші! С.М.), жете алмаса әдебиетті аттатам дегенімен тұрмыс аттамайды».

Біз бұл дәлелге келтірген сөздің басқа жағына кезінде айналармыз. Қазір «құба-құпқа» тоқталайық. Ең әуелі «Екеуге» мен бұл жерде пікірлерін ашып айтқанына рақыммет айтам. «Екеу» мақаласының басынан аяғына дейін жалтақтап, қадисті қолына ала сөйлейтін дүмше молда сықылды. Марксті қолына ала жүгіріп, бетін бір бояп, бір сүртіп отырып, қалай ұсталып қалғанын аяғында білмей қалған. Шіркін, тап күресінің талқысы шыдатсын ба?!

«Екеудің» еркіне қойғызсын ба? Жүрегіндегі запыранын еріксіз құстырғанын қарашы?! Қазақтың байшылдарынан «Екеудің» «құба-құбын» бояма түрде талай естіп келеміз.

«Қазақ капиталдық дәуірі түгілі ақсақалдық дәуірінде жүр. Сол себепті қандай жұмысымызды болса да таптық негізімен істеуге болмайды. Қазақты бай, кедейге бөліп не қыламыз, бәрін бірдей тегістік тұрмысқа жетілтсек қайтеді» деп, мәймөңкелеп бастаушы еді олар. «Екеу» «қайтеді» дегенді былай тастап, «құба-құпқа» ерттеп мініп кеп алды. Әрине, «Екеу» болсын, басқа байшыл-ұлтшылдар болсын, әрқашан Қазақстанда социализм құруға болмайды дейтіндерін жаңа ғана естіп жүргеніміз жоқ. Және олардың айтатынын да білеміз. Олар айта алмай отыра алмайды да. Социалистік негізде құрылған Кеңестер өкіметі Қазақстанда жеті жыл толғаны олардың зәресін ұшырады, үрейін қалдырмайды, сол жеті жылғы табыстың жемісін қазақ еңбекшілері көріп отырса, олар көрмейді, көргісі де келмейді.

Қазақ еңбекшілерінің жеті жылғы теңдік өмірінде біздің жұмыла кіріскенісіміз ауылды кеңестендіру болды. Кеңестендіру дегеннің саяси мағнасы өкімет, әлеуметтік жұмыстарының бәріне еңбекшіл бұқараны қожа ету деген сөз, ел билігін еңбекші бұқараның қолына ұстату деген сөз. Жаман, жақсысы болсын әлеуметтік тұрмыстың қожалығы еңбекші бұқараның қолында емес деп «Екеудің» өзі де айта ала ма екен? Бұрын бүтін бір елді пәлен ақсақал, пәленшекең билесе, енді (болыс, ауылнай деген ат қалмағанмен) жұмыстың бәрі бір адамның қолында деп кім айта алар екен?! Рас, біздің аулымыз көңілдегідей кеңестеніп болған жоқ. Бірақ, баяғымен салыстырғанда ауылдағы еңбекші бұқара көш бойы ілгері кетті. Мұны ас ішкенде көзін жұмған мысықша «Екеулер» бүркеншектеп көрсеткісі келмегенмен тарих жасырмайды, еңбекші бұқара жасырмайды. Мұны көрмегеннің көзіне еңбекші бұқара күл төгеді.

Кеңестендірудің шаруашылық жағы мен мәдениет мәселесіндегі міндеті – бұрынғы ескі шаруа негіздерін бұзып, еңбекші бұқараға тиімді қылу. Және бетін тегістік шаруаға бейімдеу. Жерге орналастыру жұмысы, кооператив мәселесі, шабындық, егістік жерді бірдей бөлу, ауқатына қарай салық алу, соның бәрінен құралған қаражаттарды жалпы еңбекші елдің шаруасын көтеруге, қараңғылығын жоюға жұмсау, мұның бәрі кеңестендірудің жемісі емей немене?! Бұрын бір аяқ

өумалы үшін байдың қысы, жазы малын бағып, отын жағатын еңбекші бұқара, қазір өз шаруасын көтеруге кірісіп жатқан жоқ па? Үкімет қолдан келген жәрдемін істеп, қарасқан жоқ па? Ең аяғы жалшыға шейін байға тұрса шарт қағазбен тұрмай ма? Мұны олар бұрынғы күнде білетін бе еді? Бай ақысын берсе беріп, бермесе бермейтін жалшы, қазір еңбегін байдың көзін бадырайтып алып отырған жоқ па? Бұдан олардың шаруасы, тұрмысы түзелмегенде қайтеді? Қазақстанда түрлі өнеркәсіп орындары ашылып жатыр: жылына неше миллион пұт май беретін Оралдағы мұнай кәсібі анау. Керекті құралдарының бәрі түгелденіп, іске кірісе бастаған Қарсақпай мынау. Семейде Риддер бар. Електің тұз кәсібі бар. Каспийде тау-тау боп үйіліп жатқан балық. Жетісуда шойын жол салынып жатыр. Қызылжардан Ақмолаға бет алып, Жетісу жолын төтелеп, Ақмола-Қызылжар жолы бара жатыр. Шымкентте, Семейде тоқыма фабрикалары ашылуға айналды. Губерниялық, уездік қалалардың көбінде сабын, тері, кірпіш заводтары бар. Бұларды «Екеу» көрмегенімен біз көреміз, ілгері бастырамыз, қазақтың ауылдарындағы мындаған жұмыссыз батырақтарды соларға жинаймыз. Жинап та жатырмыз. Мұның аты өнеркәсіп орындарын социалистік бағытқа көшірген емей немене?

Бай табының сенімділері өз мақсатын біздің жолмен бояп іске асыру үшін мың түрлі әдіс, айла қолданады. Идеология майданындағы күшті құралдардың бірі – көркем әдебиет. Байшылдардың да қалада сығалайтын бір тесігі осы. Бұл ретте олар ашық қарсы болмай Марксты шымылдық қыла сөйлеуге тырысады. Жақында ғана баспада жарияланған Мағжанның: «Ал, мен тоқсанға қосылам, кедейшіл болам, нанбасаң байды ит-шошқа, жуан қарын, пасық, арамтамақ деймін. (Бұлай десе баяғыдан бері қайда қалды екен? С.М.) Маған қалай сенбейсің, мен де кеңесшілмін» деген сөзі қазақ байының бояма пікірінің нағыз өзі. Мағжанның бұл боямасы қазақ байының өліп бара жатқанын сипаттайды. Бірақ Мағжан осы оймен жазды ма, болмаса, «дәм-тұзымызға» еріксіз келді ме, ол арасы әлі талас мәселе.

Мынау алдарыңызға салып отырған «Екеудің» мақаласы да олардың кеңес тонын жамыла қойғанын көрсетіп отыр. Бұл –

арада отырған бізге қарсы байлардың пікірінің сұрқияланған бір түрі.

Енді «Екеудің» боямаларына келейік.

«Екеу» сөзінің басын өзіміздің тілмен астарлап бастайды дедім. Соны жекелеп тексерейік. «Құба-құп» деген қорытындысын дәлелдеу үшін «Екеу» қазақтың қазіргі әлеуметтік-мәдениет құрылыстарына өзінше сын береді. Қазіргі қазақтың мәдениетін былай деп суреттейді: «Мәдениеті жоқ ел дүниені, табиғатты білім жолымен, ақылмен танымайды, жорумен, аңыз қылумен таниды. Мәлімсіз күшпен (құдаймен) жаратылып тұр деп сенеді. Дүниеде өздеріне зияны тиетін қас күштер, пайдасы тиетін дос күштер бар деп сенеді. Дос күштер құдай, періште, пайғамбар, Қыдыр-Ілияс, аруақ, қас күштер: дәу-пері, жын-шайтан, сұмырай... Мұндай елдің ақылынан сезімі басым келеді. Міне, қазақ елі осындай» («Екеудің» мақаласынан қысқартып алдым. С.М.). Екінші сөзбен айтқанда, «Екеудің» ұғымынша қазақ елінің әлі күнге дейін дүниені ақылмен, ғылыммен тану түсіне де кірген жоқ. Қазақ елі бәрін құдайдан деп біледі. Екінші сөзбен айтқанда Октябрь революциясының, советтік құрылыстың оларға түк те әсері болған жоқ... Мұндай да бояма, қисынсыз өтірік болады екен-ау! Қазақ елі, әлі күнге дейін тағылық заманнан шыға алмай жүр, бәрі де құдайдан басқа өнер, күштен түк білмейім дегенге бұрын нанса да, қазір есі дұрыс кісі нанар ма? Рас, қазақтың мәдениеті кемеліне жеткен мәдениет деп ешкім де айтпайды. Бірақ аз болса да мәдениетіміз бар, оның өскендігі байқалады.

Табиғат күшін пайдалану ретінде қазіргі жайды алсақ, қазақ халқы аруаққа, құдайға ғана сеніп отырған жоқ. Көрші отырған мәдениетті елдерден алып, пайдаланып отырған толып жатқан өндіріс құралдарын қоя тұрып, қазақтың өз ішіндегі бойына біткен өнерлерін санайық: етікші, үйші, оюшы, ұсталық, зергерлік, тағы сол сықылды толып жатқан өнерлерді қазақтың қайсысы құдайдан, аруақтан алдық деп айтқанын «Екеу» естіген екен? «Рас, құдайдан жаңбыр тілеп, күн тұтылса тасаттық беру, топалаң келсе аруаққа жалынып, малын молаға түнету, немесе молдаға хатым оқыту, дертті үшкірту, бақсыға қарату, бәрі де табиғат сырын білмегендік. Қазақ елі әлі осындай» дейді «Екеу». Қазақтың бәрі «жақсы құдайдан»

жаңбыр тілесе, Сыр бойындағы қазақтар, Қазақстанның басқа аймақтарындағы диханшы елдер шығырынан сарқырап ағатын суы болмаса, құдайдың жаңбырынан түк үміт күтпейді. Жаңбыр бер деп тілемейді. Мұны «Екеу» неше жыл осы пудандарда жүрсе де көрмеген екен. «Екеу» көрмеді деп басқа жұрт мұны өтірік демейтін шығар. Науқасты бақсыға қаратудан гөрі дәрігерге қаратуды елдің көбі мақұл көреді. Мал дәрігері мен адам дәрігерін іздеп, қалада жүрген қазақтарды талай көрдік. Мұны көргісі келмеген «Екеуге» біз ұрып көрсете алмаймыз. Нас, діншілдік, ел ішінде жоқ демейміз, бар. Бірақ күллі қазақ елі тұяғынан сондай деу, талтүсте жұртты адастырғандық. «Құба-құбын» дәлелдеу үшін «Екеудің» бірінші боямасы осы. Қазақтың мәдениетін тек құр қиялға сүйсінді деп дәлелдеу, қазақ әлі баяғысынан бұлжыған жоқ деген сөз. Шынында, ойлап қарасаңыз, «Екеудің» мақаласының түпкі сарыны, әдебиет ағымын дәлелдеу емес, қазақтың қазіргі мәдениет жайын теріс баяндауға тырысу, өздерінше қазақ мәдениеті баяғысынан бір қадам да алға ілгерілеген жоқ деп түсіндіру.

Қазақтың қазіргі әлеуметтік құрылысын «Екеу» былай деп сипаттайды:

«Ақсақал дәуірі, ру таласы осы күнге дейін қалмай келіп отыр. Үлкенді сыйлау, пәленше білсін деу әлі күнге бар. Осы күнге дейін Исполкомдардың болыс атанып, болыс есепті іс қылып, ауыл кеңестерінің ауылнай болып жүруінде де сондай терең сыр бар. Әлеумет құрылысы қандай болса халықтың ой жүйесі де, жан қалпы да соған лайықталып, икемделіп қалыптанады. Жаңа жұртшылық әлі қалыптана алмай жатыр. Бұрын жеке адамға бағынған дарашылық пікір үстем болса, енді көпшілік, тапшылдық пікір күшейіп отыр. Мұның бәрі де әдебиетке әсер етіп отыр».

Әрине, «Екеуден» бұдан артық ұғуды күтуге болмайды. Бұл жерде «Екеу» әлгідей емес, мойындайын дейді. Жоғарыда мәдениет туралы қазақ қимылдамай орнында тұр десе, әлеуметтік құрылысқа келгенде көпшілдік, тапшылдық пікірі күшейіп отырғанын, жаңа жұртшылық жасалып келе жатқанын тана алмайтынын айтып отыр. Бірақ мұның да боямасы бар. Біз ауылды кеңестендіріп, жаңа жұртшылықты күннен күнге

қалыптандырып келеміз десек, «Екеу» қалыптана алмай жатыр дейді. Біз көпшілдік, тапшылдық үстем десек, «Екеу» ұрыншак аттай көлденеңдеп шауып-шауып алады, шөгір кірген кісідей аяғын тап баса алмай, тыпырлай береді, майда тілдерімен жаңалықты азайтып, шамасы келсе, жоқ деуге де оңтайланып, ол болмаған соң «ескінің қалдығы анағұрлым артық емес пе, совет дегендердің аты болмаса заты жоқ нәрсе емес пе» дегісі келеді. Мұнысынан «Екеудің» кім екені айқын әшкереленді. Олар дамып келе жатқан жаңалықты көрмей, өліп, құрып бара жатқан ескілікті тірілтіп, жандандыруға жан сала тырысады.

Әдебиетке негізгі әсер ететін экономика, өндіріс қарым-қатынастары екенін «Екеудің» айтқысы келмейді. Айтса «тұрмыстан әдебиетті айыруға болмайды» деген үстірт сөзге бұрып әкетеді.

«Екеудің» айтуынша әдебиетке әсер ететін тек ескі тұрмыстың қалдықтары: діншілдік, ақсақалдық дәуірі, болмаса сол сияқтыларға ұқсайды. Олардың бәрінің тамырымен құруға айналып отырғанын, оның себепкерін көргісі келмейді. Қазақстанның ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі мәдениеті елден кейін екенін дәлелдегенде тандайы тақ ете қалады да, жалпы Одақ шаруасының оған әсер ететінін көрмейді. Бұл арасына келгенде бетін бүркеп, ептеп басып өте шығады. Біздің Кеңестер Одағын жалпы алғанда қазір өнеркәсіптің кем дегенде 50 проценті социалистік негізінде құрылған. Оған қосалқы: сауда-саттық, кооператив, тағы сол сияқтыларымыз бар. Осылардың бәрі де қазақ шаруасына әсер етіп отыр. Бұдан былай да әсер ете бермекші. Олай болса тегістік («Социализм» мағынасында) дәуірі алдағы қиял емес, шындық. Сол себепті пролетариат ақындары тегісшіл тұрмысты адақтап жазса, «Екеу» айтқандай «сарындамалық» болмайды, шындық болады. Сәкеннің «Экспресс» деп поезды суреттеп жазғанын «Екеу» пайдасыз сарындамалық қиял дегенде, қазаққа поездың керегі жоқ дегені ме, болмаса қазақта шойын жол болмайды деп ойлағаны ма? «Екеу» қалай ойласа солай ойласын, бірақ Қазақстанда да шойын жол болмақшы, болмақ түгіл Жетісу, Ақмола жолы салынып та жатыр. Шойын жолдан қазақ кашпақ түгіл соны өз қолымен істеп жатыр. Олай болса, Сәкенді «Экспрессі» жаздың деп айыптау құрғақ ұрынғандық.

«Екеу» екі сөзінің бірінде – «біздің жаңа жазушыларымыз болғанды, нағызды жазбайды» дейді. Басқа сөзбен айтқанда, оларша, Бейімбет «Мырқымбайды», «Жас ұланды» жазғанда «сарындамашыл» боп қалыпты. Шынында солай ма екен? Жоқ, жазушыларымыз, «Мырқымбайға» – кеңес жолымен шаруанды түзеті!», «Жас ұланға» оқы, жаңа тәрбие ал, оның жолы мынау» десе, сарындамалық қиял емес, нағыз шындық деген сол. Әрине, қазақ тұрмысында, кейбіреулері шу дегеннен болмай жатқаны рас. Бірақ, біз оны болдырамыз дейміз. Болдырып отырмыз. Болмағанын қалай болдырудың шарасын көздейміз. Жаңа жазушылар соны жазса, бізге нағыз шындық сол. Бұдан мен ескінің бәрін пайдаланудан ат-тонымызды ала қашамыз деп отырғам жоқ. Ескінің бізге қажетін, тиімдісін пайдаланып, жаңаны көбейтуіміз керек деймін.

«Екеу» сықылды ұлтшылдар қит етсе «Абайдан қашасындар, пайдаланбайсындар» деп кінәламақшы болады бізді. Ал шынында Абайдың кейбір шығармаларын «Екеулердің» өзіне қарсы салуға да болар еді.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді ап берем деп.
Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елу басы шар салып леп берем деп.
Жалаңқай жат мінез жау алады,
Бермей жүрсең мен сені жек көрем деп.

Абайдың бұл өлеңінде байдың озбырлығы, болыс, бидің елге істеген қиянаты, өтірігі, алдауы, сұмды-сұрқиялығы ашық әшкереленді. Саяси жағынан «Екеу» сықылдылардың – «бұрын қазақта тап күресі жоқ еді, бай, кедейді қайдан тауып алдыңдар?» дегендеріне Абайдың бұл сөздері үлкен соққы.

Манағы мәселеге қайта оралайық. Әдебиетке әсер тигізетін себепкерді «Екеу» көргісі келмейді. Қазірде үстем тап – пролетариат табы. Барлық жұмыс соның үстемдігімен жүреді. Қазіргі ауылды кеңестендіру, кедейді қосшыға ұйымдастыру, тағы сол сықылдылар пролетариат үстемдігі қазақ арасында да күш алғандығына бір дәлел. Ауыл кеңестенген сайын бұрынғы ақсақалдық, рушылдық қалдықтары құри береді. Ауылда салт-

сана өзгерген сайын ауыл бұқарасының ақыл-санасы да өзгереді. Бұл – марксизмнің әліп-биі, «Екеу» маркстіл болса, ең болмаса осыны ұғу керек еді. Әдебиет шындықты жазатын болса, біздің жаңашыл жазушыларымыз ескінің құрығанын, жаңаның туғанын жазса, оның аты сарнау емес, шындықтың өзі.

Әдебиет мәдениеттің бір түрі дедік. Сол мәдениеттің үлкен бір тірегі – жалпы халықты ағарту жұмысын алсақ, «Екеу» айтқандай, қазірде жұрттың бәрі кейін кетіп, «Салсал» мен «Зарқұмды» ғана біліп, одан басқаны білмей отырған жоқ. Ел шаруасы жылдан-жылға надандықтан құтылып келеді. Бұрын бір ауылдан бір бала оқыса, қазірде мыңдаған-жүздеген қазақ балалары оқып жүр. Қазақтан бұрын жоғары оқу орындарын бітірген бірен-саран бай балалары ғана болса, қазір жүздеген қазақ жастары жоғарғы дәрежелі білім алып шығып жатыр. Олардың бәрі дүниені білім, ақылмен танып отырғандар. Әдебиетке бұлар әсер етпейді деп кім айтар? «Екеудің» өзі де айта алмайды. Бірақ оны көргісі келмейді, айтқысы келмейді. «Салсалдың» орнына ауыл адамдары толып жатқан газет, журналдар алып оқиды. Ел кедейлері осы күні кісіден көрген қорлығын, құдайдан бұрын газетке шағады, ел айнасы газет екенін білмейтін елде бір де бір адам бар ма екен? «Салсалды» көр аузына тақалған қарттар, жексұрын болып бара жатқан молдалар оқиды. Ел жастары «Салсалдан» гөрі қазіргі Кеңес баспасөзінің қадірлі екенін «Екеумен» менен кем білмейді.

Бұрын жиын-тойда отырғанда:

Әуелі ағузы деп қалам алдық.

Екінші бисмелла деп жаза салдық.

Ғауамнан бар айладың бір ғарыпты,

Басыма салма құдай қайғы, зарлық, –

дейтін жастар, қазір:

Намысы бар кедейдің балалары,

Неше мың жыл құл болған бабаларың,
жолдастар! –

дейді. Болмаса:

Ал қазақ кедейлер,

Ұйымдас жалшымен,

Байларды, молданы

Қойдай қу қамшымен, –

дейді.

Осы өлеңдерді мен өзім көрген қазақ аулында естімеген жерім жоқ. Елдегі жастар жаңа әдебиетке әуестеніп, ескіні ұмытуға айналды. Елде тіпті дінді ескерген жөнді жас жоқ. Ел жастары «Салсал» түгіл «Құранды» да ұмытып барады. Осындай көзге бадырайып тұрғанды айтпай, ауылдағы жастардың бәріне құман ұстатып, дәрет алдыруға тырысқан «Екеуді», бояма демегенде не дейміз?

«Екеу» сөзінің қорытындысында: «біздің мәдениетіміз толық ұлттық мәдениет емес, тіленші ұлттық мәдениет» деп бітіреді. Мәдениетіміз ұлтшыл болсын дегенді ашып айта алмай, «тіленші ұлттық қой, олай болса өздерің не дейсің, толық ұлттық жасап алып, социалистікке көшу керек деулерің керек» деген сөз тастайды.

Марксизм ілімі бойынша ұлттық дегенді таптық мағынасында алмасақ, қанаушы таптың ұраны болып шығады.

Біздің ұлт, ұлт мәдениеті мәселесі дегенге беретін жауабымыз осы. Қазақтың қалың еңбекші бұқарасы да осылай ұғады. Оны біз Қазақстан елінің Кеңес үшін күрескен жеті жылдық өмірінен ашық көріп отырмыз. Бір кезде алашордашылар «қазақ ұлты үшін өлеміз» десе, билік қазақ еңбекшілеріне көше бастаған соң, олардың өздерінің ұлтшылдық пішіндерін қалай көрсетіп алғандарын жақсы білеміз. «Билік қазақтың еңбекшілерінде болсын. Қазақ байлары көпшілікке мойынсұнсын» деген сөзге алашорданың қарсы болып, большевикке «солай дейсің» деп оқ атқанын қалың бұқара әлі ұмытқан жоқ. Ұмытпақ түгіл жеті жыл соған қарсы күресіп, байшыл-алашордашыларды құртып келеді. Қазақстандағы барлық ұлттың еңбекшілері бірігіп, шаруашылық, мәдениет және басқа барлық құрылыстарды Кеңес жолыммен өркендетіп келеді. Қазақ еңбекшілерін осы жолда тәрбиелейміз. Қазақстандағы барлық ұлттардың еңбекшілері еншілес мәдениет жасасып жатыр, мұның аты интернационалдық мәдениет.

Тап тілегінен тысқары мәдениет жоқ, одан тысқары мәдениет болмақ та емес. «Екеу» «ұсақ ұлттардың қалың

бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшылдық жойылмайды» деп қорытынды жасап, аржағын көмескілей береді. Бұл сөзден «қазақ халқы әлі ұлтшылдық жолмен барсын, мәдениеті де ұлтшыл болсын» деген сөздің иісі аңқып тұр.

Біздің ұғымымыз «Екеуден» басқа. Бізше, қазақ елі бұрын тіленші болса, енді тіленші емес. Өзіне өзі қожа, бірақ бай емес, еңбекшілер қожа. Сол қожа болған еңбекші бұқаралар басқа ұлттардың еңбекшілерімен тізе қосып, байларға үкімін жүргізеді, ортақ мәдениет жасайды. Әдебиетті де солай жасайды. «Мәдениеттің түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық болсын» дейді партия.

Қазіргі дәуірде қазақтың қалың еңбекші бұқарасының саяси мақсатын алсақ, оларды қысқаша мыналар деуге болады: Қазақстан көлеміндегі барлық еңбекші елі таптық жолмен ұйымдасып, достығын, бірлігін күшейту, қазақ елінің өз ішіне келсек қазақ кедейін, жұмыскерлерінің таптық санасын көтеру.

Бұларды орындау үшін жақын арадағы міндеттеріміз – ауылды кеңестендіру, ауыл коммунистерін тәрбиелеу, қосшы одақтарының жұмысын жақсылап, кооперативті күшейту, жалпы халықты ағарту, жастарды, жұмыскерлерді тәрбиелеу, үгіт-насихат баспасөз арқылы жалпы еңбекші елдің салт-санасын нағыз Кеңес жолына түсіру. Олай болса, біздің әдебиетіміз осы мақсаттарды қалай, қандай тәсілдермен тезінен жүзеге асыру керек? Соны суреттейтін айна болу керек. Соның бір құралы болу керек. Осылай болса ғана қазақтың жаңа әдебиеті өз міндетін орындай алғаны, Сондай болу үшін біздің әдебиетіміздің әсіресе сыртқы пішінінен де ішкі мазмұны анағұрлым артық, айқын болу керек. «Әсіресе біздің жаңа әдебиетіміз мазмұнды болсын, әсіресе салт-сана жағынан таза болсын, төңкерісшілдік қасиеті болсын, жаңа көзбен танырлық болсын» дейді жаңа әдебиетті жақсы білетін жолдастардың біреуі – Коган. Біздің айтатынымыз да осы. Әсіресе біздің Қазақстан жайында мазмұн айқын, таза болмаса, біздің әдебиетіміздің пайдасы шамалы болады. Неге десеңіз, біздің қай жұмысымыз болса да үгіттеуді, түсіндіруді керек қылады. Неге десеңіз біз қай жұмысымызды болса да өзіміздің ішкі құрылысымызда алдымен ескіге қарсы күресуден бастаймыз. Олар біздің жалпы жағдайымыздан туып отырған нәрсе.

Мысалға жер бөлу жұмысын алсақ, бұл ретте біз, бір жағынан соның неге екендігін түсіндірсек, екінші жағынан, соны қалай орындауды қадағалап үйретіп отырамыз, басқарып отырамыз.

«Екеудің» боямаларын қысқаша түрде ашып, сөзімді енді бітірмекпін. «Екеудің» мақаласында бұлардан басқа да теріс жерлері толып жатыр. Бірақ оның бәрін теріп отырудың қажеті жоқ.

Біздің мақсатымыз – негізгі боямаларын, байшыл-ұлтшылдық сырларын, сол байшылдығын екіжүзділікпен бүркемелеуге тырысқанын әшкерелеу еді. Сөйтіп, қорыта келгенде, «Екеу» мақаласының саяси астары бар. Оның әдебиет туралы біздің негізгі пікірімізді боямалап өзгерткісі келеді. Біз – «Қазақ еліне төңкеріс көп жаңалық кіргіздік, қазақ елі баяғыдай құдайға, молдаға, ақсақалға сенбейді, Кеңес жолына сенеді, дүниеге ғылым жолымен, ақылымен қарайды» десек, «Екеу» оны көргісі келмейді. Көргісі келмек түгіл «оларын жоқ» деп таласады. Қазіргі мәдениет, шаруашылық, басқа құрылыстарда істеп отырған жұмыстарымыз әдебиетке әсер беретін себепкер екенін айтудың орнына, «Екеу» «себепкер тек қана ескілік» дейді, олай болса, барлық жұмыстарыңды соған бейімдеп жасаңдар, қазақ елін капитализмнен аттатып, тегістік тұрмысқа жеткізем деп жүргендерің қиял, сарындамалық, сандалма» дейді. Міне «Екеудің» мақаласының саяси жат пікір екені, біздің жолымыз емес, қазақ байының жыры екені. Біздің міндетіміз – осыны айыра білу керек. «Екеудің» мақаласындағы әдебиетке жататын талас мәселелері туралы тағы бір ораламыз. Әйткенмен әзірше айтып кетейін деген пікірім мынау: бізде жаңа әдебиет көбейіп келеді. Оның негізгі бағытын біз пролетариат әдебиеті негізіне бейімдеуіміз керек. Біздің жайда пролетариат бағыты дегенді жоғарыда санап кеткен негізгі алда тұрған мақсаттарымызды өмірге асыруға құрал болсын деп ұғу керек.

Пролетариат әдебиеті дегенде, жалғыз жұмыскердің ғана тұрмысын суреттейтін әдебиет деп шолақ ұғуға болмайды. Әдебиетте болсын, қай жұмысымызда болсын ұлтшылдық бағытпен күресу керек. «Екеу» бір сөзінде: «әдебиетте ұлтшылдық бағыт орыста да бар» деп Пильнякты мысалға келтіреді. Мұнысы тіпті өтірік. Қазіргі орыс әдебиетінде жалпы

үстем бағыт пролетариат әдебиеті. Түбінде пролетариат әдебиеті үстем болуға жағдай жасалып келеді. Пильняктар жаңа әдебиет жолында біздің жолбикелеріміз деп саналады. Орыс әдебиеті солардың ықпалымен жүріп отырса, оларды жолбике деп айтар ма едік.

Ең болмаса «Екеу» осыны ұғу керек еді. Қысқасы әдебиет туралы айтыста бізге ең алдымен керегі, әдебиеттің мүшелін іздеу емес қой деймін. Мәселенің түйіні: қазақтың ескі әдебиетін қалай пайдалану керек, жаңа әдебиетіміздің өрісін қалай кеңейту керек, әдебиет ескі әдебиет адамдарын қалай, қандай тәсілдермен өзімізге тарта, тәрбиелей білу керек, әдебиетіміздегі мазмұнды жасаудың жолдарын сұрыптау, тағы сол сияқтылар ғой деймін. Ендігі айтыс осы ретте болсын.

Мәмет келіні Әминова

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ (мақаладан үзінді)

Соңғы кезде баспасөз бетінде көркем әдебиет туралы өңімелер басылып келеді. Дұрысында бұл сүйінерлік нәрсе. Сондықтан бұл жөнде менде пікірімді оқушыларымыздың алдына салуды лайық көрдім.

Көркем әдебиет деген не нәрсе, қай заманнан, қалайша басталған, не нәрсеге байланысты, бұған болатұғын сын қандай түрде болмақ?... Деген мәселелерге қысқаша пікірімді жазып өтіге тура келді.

Қоғам тұрмысының негізі өзгеріп, екінші жаңа өмірге аяқ басқаннан бері қарап, сол қоғам негізі қалай қарап бет алса, солай қарап домалайтұн жалпы бұтақтарында да (надстройке) өзгеріс болды. Белгілі бір шаруашылық құрылған тұрмыста туған тілек (идеалогия) сол тұрмыстың бұтағында, тұрмыс (тілек болсын, басқа болсын) барлығына негіз болады. Көркем әдебиет деген нәрсе де қоғам тұрмысының түрлеріне келіп туған көп тілектердің біреуі. Сондықтан ол сол қоғам тұрмысының зарын зарламай, мұңын мұңдамай өз бетіне жайылып кете алмайды. Неге десеңіз, сол қоғамға, сол тапқа көркем әдебиеттің де бас-аяғы байлаулы. Сондықтан біздің осы күнгі социализмге жетеміз деп отырған кездегі көркем әдебиетте тізгінді қолға алып отырған таптың тілегіне, жалпы алған жолына түсіп, жырын жырлап, мұңын мұңдауы керек.

Белгілі бір тап тізгінін қолына алып, мемлекетін өз тілегіне, өз жолына салып болған сонда ол таптың алдыңғы қатардағы сана-сезімі жетекшілері де көркем әдебиетінде сол жолға, сол тілекке аударып алуға ұмтылады. Бұл шаруашылық өзгерген сайын сонымен қатар өзгеріп қабырғаласып қалмай келе жатқан тұрмыстың жалпы заңы, бұған тарих айғақ.

Бұған дейін қай нәрсені болса да сынға салып келе жатқан адам баласы, көркем әдебиетті де сынамай кете алмайды. Бізде осы күні «сын» деген нәрсенің төбесі көріне бастады. Бірақ, ол «сын» қалайша, қай түрде болуы керек, әсересе көркем әдебиет туралы болғаны. Бұл жағы әлі де болса бір бағыт алып, тура бір соқпаққа

түсіп болғаны жоқ. Білім көзімен қарап сынауға жол ашық болған кезде орынсыз жүз жырту, бет тырнау, өткенді қазбалау деген менім ойымша сынға білім көзімен қарамағандық. Көркем әдебиетке сын деген нәрсенің дұрыс шығып, жалпыға ұғымды болуы үшін жалпы алғанда әдемі өнер (эстетически искусство) деген не нәрсе? Соны із қысқаша шолып озған жоқ. Неге десеңіз, көркем әдебиет дегеніміз де сол әдемі өнердің ішіндегі бір түрі болады. Әр бір көзі ашық саналы адамдардың бәріне де белгілі осы күнгі диалектика қолданған затшылдардың (материалист) әдемі өнерге болған көзқарасы бір күн ішінде, я болмаса осы төңкеріс кезінде ғана болып отырған нәрсе емес. Бұл көзқарас адам баласының түрлі кездегі түрлі өмірлерін, сана-сезімдерін талдап тексеріп, тарихтан оқып шырғарып отырған қорытынды. Жалпы алғанда әдемі өнер деген не нәрсе, қала берді жоғарыда мұның бір бұтағы деп өткеніміз көркем әдебиет деген не нәрсе? Міне осыларға келейік:

Айтайын деп келе жатқан әдемі өнер ішіне кіретұн: музыка, скульптура, живопись, поэзия деген нәрселер адам баласы жаралып жер жүзіне орын тепкен күннен бастап, бірге жасап, өсіп, өніп келеді. Жоғалған жоқ; болған кезін тарих білмейді, адам баласының ертеде аң ауылап күн көрген меншіктену, өзімшілдік (част собства) дегенді білмеген. Батша, құл деген нәрселері болмаған кездерін алайық. Міне, осындай уақыттардың адамдарының өздеріне көре әдемі өнері болған. Мұнан қала берсе бір заман бүтін жер жүзіне аты шулы мәдениеті гүлденіп, әдебиеті көркейген, қараған көзді тұндыратын перамиттерін қалдырып гретсия өтті. Тағы берірек келген соң Рафаел, Мекеланджело, Рембрант сықылды әдемі өнер көсемдерін тудырған байлар дәуірінің нағыз гүлденіп, көкке көтерілген кезі де эпоха (возраждение) келіп өтті. Міне бұл санағанда тарихтағы ең көзге түсетіндері. Бұлардан басқа да талай дәуіршіктер болып озды. Ендігі жерде адам баласы осындай дәуірлерді оздыра-оздыра екінші бір тұрмыстың жаңа түріне аяқ басып отыр. Ол қазірге ұмтылып отырған социализм дәуіріміз. Бұл дәуір де өзіне көре әдемі өнерлері болмақ. Мұның шешілмеген жұмбақтары әлі де болса алдымызда жатыр. Енді біздің жоғарғы айтып озған дәуірлердегі әдемі өнерлер заманында қандай орын тұтқан. Міне осы жағын шолып өтейік.

Бұл туралы алғашқы әдемі өнерлерді көп тексерген Гернес деген білгіш «бұл арнаментика (жануар, өсімдің тағы да басқа

нәрселер менен, ойып салған сүгреттер) деген нәрсенің өсуі, гүлденуі, көркейуі сол жұрттың көп күнелтіп отырған кәсібіне, еңбегіне байланған. Кәсіп, еңбек ете білмеген жұрт арнаментиканы білмейді» дейді.

Понденштейн деген білгіш: «сызық, сүгрет салу деген өнер адам баласының күнбе-күнгі өмірінде ұшырайтұн нәрселерге пішін, үлгі салып алуға ұмтылудан келіп туған» дейді.

Быйоқер алғашқы кездің тұрмыстарын, шаруаларын тексере келіп, мынадай қорытынды шығарады: «жұмыс, музыка, поэзия деген нәрселер алғашқы алға баса бастаған кездерінде-ақ бір-біріне қосақталып байланысқан нәрселер. Бірақ, үшеуінің ішіндегі жетекшісі - жұмыс еді» деп қояды. Сүйтіп көркем әдебиеттің түп атасын Быйоқер ойынша жұмыстан іздеуісіз керек болады. Бұлай болса түрліше ырғалған толқымалы сөздердің (поэзия) арғы түбін қалайша деп түсіндіреміз? Деген сұрауға Быйоқер менің ойымша – «мұндағы ырғалған толқымалы сұлу сөздер адамның өзінің жүріс-тұрысындағы тіршілік жүзіндегі, жұмыстарындағы толығысқан сұлу қозғалыстарына сөзбен еліктеуден келіп шыққан» дейді.

Енді мұны Плеханов мынадай етіп толықтырады: «толқымалы сұлу сөздер адам баласының толқымалы сұлу қозғалыстарынан туатын болса, ондай дұрыс, сыпайы, сұлу қозғалыстарды беретұн еңбек, өндіріс орындары» деп бүтін жұмысқа апарып тірейді. (Основн. вопросы Марксизма Плеханов стр.5). Сөтіп Плеханов өлең, көркем әдебиет деген нәрсе жұмбағының шешуі өндіріс орындарында деп қояды. Міне осы айтылғандардан жалпы қарағанда әдемі өнер деген нәрсенің түп қазығы еңбекте екенін сеземіз. Бұл әдемі өнер деген нәрсеміздің өзі де адам баласы менен еңбек арасындағы байланыстарды көрсететін түрліше болған тіршілік түрлерінен туған көп нәтижелердің біреуі. Міне осы адам менен еңбек байланыстарынан жалпы жинағынан келіп қоғам тұрмысының құрылысы шығады. Плеханов жоғарғы сөздерінің соңында сценаға қойылатын театр, концерт сықылды нәрселердің қайдан келіп шыққаны туралы Баллашік деген білімпаздың сөздерін келтіреді. Ол айтады: «сценаға қойылатын нәрселерден келіп туған түп атасы: 1) аң аулау, соғысы сықылдылар. Аңшылар өздерінің тұрмыстары байланысқан түрліше жануарлардың жүріс-тұрыстарын ойнақшып, секіріп өз ара ойнаған ойындарын еліктеп, билеп көрсеткен. 2) мал бағып, мал ұстағандар қолдарындағы малдарының

тұрмыс тіршіліктеріне, қозғалыстарына еліктеген. 3) егін егіп, тіршілік еткен адамдар сондағы жұмыстарын, тұқым шашқандарын еліктеген деген сықылды тұрмыстарын байланған нәрселерді жасап көрсеткен. Сүйтіп алғашқы заман адамдары да тіршілік таласында тұрмысты өмірі не нәрсеге байланған болса соларды көрсетіп, соларға еліктеген. Мысалы, ол замандағы ескі грек жұртының күнбе-күнгі өмірлерінде үлкен орын алған жануар – ешкі болған. Сондықтан ең әуелге гректен шыққан осы күнде «трагедия» деп театр ойындарында сенаға қойылып жүрген нәрсеміз грекше «трагостан» келіп туған. «трагос» мағынасы «ешкі» деген сөз. (основн. Вопросы Маркс. Плеханов стр. 53)

Міне, осы айтылғандарға қарағанда ең алғашқы күннен-ақ адам баласының өмір түрлері қай түрде, күнелткен шаруашылықтары не күйде болса, әдемі өнерлерді де соларынан тысқары шығып, алысқа ұзап кете алмағаны көрінеді. Қысқаша айтқанда – алғашқы кезде адам баласы қандай нәрсеге болса да тіршілік жүзінде пайдасы тие ме, жоқ па? (утилитарны) сол жағынан қарағанда, пайдалыларына еліктеген сұлу ма, әдемі ме, жоқ па? Ол жақтарына көз салмаған, ойламаған, ентелемеген; тек болғаны беріректе адам баласының шаруашылық түрлері өзгере, мәдениеті жорғалай бастаған кезде әдемілік, сұлулық, көркемдік деген пікірлер туған. (Искусство и литература в Марксистск освещен. стр. 247)

Есіктегі атақты грек философы Платон «әдемі өнер деген нәрсе, әдемілікті, сұлулықты (прекрасный) көрсету үшін ғана» деп мазмұн жағына онша көңіл бөлмеген. Екінші философ Аристотель әдемі өнердің тек пішін, кескін жағына ғана көңіл бөліп, әдемілік дегенді соларынан ғана қарастырған. Бұл уақыттарда адам баласының әдемі өнерге тек болғаны тіршілік таласындағы беретін пайдалылықтарына ғана қарайтын аңшылық дәуірі өтіп, мәдениеттері есейе бастаған кез еді. Сүйтіп адам баласының тіршілік түрлері, шаруашылық күйлері өзгерген сайын әдемі өнерге болған көзқарастар да бірге қабырғаласа өзгере келгенін көреміз. Қаншама техника өзгеріп, қоғам құрылысы түрленген сайын, тілек-сана сезімдері де (идиология) әдемі өнерге соншама түрленіп, өзгеріп, құбылып тұрған. Бұрынғы аңшылық дәуіріндегі пайдалылық жағынан қарайтын пікір қалып, тек әдемілігі, пішіні, кескіні, көркемдігі жағынан қарайтын, жұбанатын, көңіл көтеретін

(наслождение) пікір дәуірі туған. Осылайша әдемі өнер туралы болған пікірлер түрлі дәуірле түрліше өзгеріп келген. Енді бұл «әдемілік» деген сөз қайдан келіп шыққан, қоғам тұрмысына байланысы бар ма? Қарасаң бөрік түсетін Египеттің перамиттері, үлкен етіп тастан ойып жасаған Перғауындарының (Патшалары) суреттері не себептен заманның адамдарына әдемі болып көрініп, көңілдерін көтеріп, қай-қайдағыларын қозғаған (наслождение) дұрыс тексеріп қарағанда бұлардың әдемі мүліктері де заманның тұрмысынан аулақ емес. Мысалы – Вавиолн патшасы Қамыурабы заңның бір жерінде: «мен теңдесім жоқ Қамыурабымын. Маған алмас, алғыр құралдарды «замама» мен «иннаналар» берген. Мұндай ақыл артық даналықты «ел» мен «марыудық» берді. Көкте де, жерде де дұшпандарымды жойдым. Тыныштық орнаттым. Ұлы құдайлар мені достыққа үндеуші деп атады. Мен дұрыстық патшасы Қамыурамбымын. Мұндай дұрыс үкім жүргізуді «Шамаш» берді» дейді... («Замама, иннанна, шамаш» дегендер сол күндегі табынатын құдайларының аттары)

Ол замандағы патшаларға адамдары қарай қараған, мұны Египет патшаларының құлпытасына былай деп жазылған: «Патшаны жан-тәндеріңмен сүйіп, оң баталарыңды беріңіз; ойларыңнан шығармай, көңілдеріңде тұтыңдар, ол тар жолдарда ақыл құдай еді. Ол о дүние мен бұл дүниені күн көзінен де жарық қылатын күн. Және жаны жансыздарға жан беруші»... (Искусство и литература Марк. освещен. стр. 269-70) Сүйтіп жоғарғы айтылған пирамиттер құр ойлап шығарған қиял емес; сол кездегі патшалардың дәрежесін, күшін, құрметтерін суреттеп көрсететін белгілері. Сондықтан ол кездегі әдебиет сөдері де патшалардың ықпалымен жазылған, сөйленгендер еді.

Ескі Грек патшалығы мен Троя арасында болған соғыста, ол кездегі адамдар ерлік, батырлық деген нәрсеге бас иген. Бұған ескі грек ақыны Гомердің «Иллиада мен Одиссея» деген кітаптары (поэмалары) сықылды көркем әдебиеттегі болуы дәлел.

Мұнан берірек келген соң жайын, қара бұқара ақылына түсініксіз, жұмбақ крестері бұлт шалған шіркеулер, «Алла, құдай» деген дін дәуірлері басталып, оның да келе-келе бастапқы кездегі гүлденіп, өрлеген дәуірі өтті. Сүйтіп бұл соңғы замандар егін салу, жер жырту, жер билеу (феодалный) дәуірінің төменде саудасаттық, ақша капиталының жоғарлап келе жатқан кезі еді. Бұларда

да өз заманыдағы өмір тұрмысқа байланған әдемі өнерлері болған. Тексеріп қарағаныңда барлығыда кезіндегі өмірдің түп-түгел көлкекесі. Қандайын алсаңда заманның өмірінен, шаруашылық түрінен асып, тысқары шығып кете алмайды. Түрлі кездердегі (эпоха) түрліше болған. Әдемі өнерлерді әр қайсысын бас-басына тексеріп, талдап тұрмаймыз. Себебі: бірден санай берсек газет бетіне сыймайды. Екіншіден бір қатар қысқаша болса да жоғарғы жазғандар жетсе керек. Қандай болса да әдемі өнер кезіндегі өмірдің (шаруашылық түрінің құлы), соны ел істетіп, көз алдыға қоятын айнасы.

Бұған осы күнгі бастан-аяқ басып отырған социализм әдемі өнері айғақ. Социализм кезіндегі әдемі өнерге ескі ғасырларда істелген, қарасың бөрік түсетін пирамиттер, кресі бұлт шалған шіркеулер... сүгреттеледі деп адамдар айта алмас. Себебі, тұрмыс басқа, өмір басқа, шаруашылық түрлерінен келіп туған социализімнің тілегі де басқа. Бірақ өзіне гөре. Қоғам тұрмысына, шаруашылық түрлеріне (болашақ) қабырғаласа жанасқан өз әдемі өнері болмақ. Бізге өткен перамиттердің ешбір көркемдігі болмайды. Бірақ олар кезіндегі қоғам тұрмысын, тілегін, шаруашылық құрылысын елестетіп дұрыс көрсететін тарихна, өткендердің нағыз көлеңкесі болмақ. Осы соңғы жағынан ғана бізге қымбат. Бұл соңғы айтып отырған әдемі өнерге көзқарасты затшылдық көзқарас дейді (төменге қара). Бірақ мұның өзі де басынан әлде неше әдемі өнерге болған мұратшылдық дәуірлерін өткізіп келіп туып отыр. Бұған дәлел үшін бірінші мұратшылдар (идеалист). Қисындарын келтіріп озайық.

Әдемі өнер туралы жоғарғы айтылған философиясыз Платон қисыны бұлай дейді: «Әдемілік дегенді тайға таңба басқандай суреттеп, қолға ұстатып беру қиын. Ол ойда, қиялда болатын нәрсе. Бұған мысал етіп ақындықты алады. Ақындық айтуға оңай сөз, бірақ кез келген адам қолынан келмейді. Ақынға ақындық күшін Апалон, Музей өздерінің құдайлық күші менен ойына салады. Ақын етеді» дейді. Сүйтіп Платон ақындықты жаратылыстан тысқары бір күш деп есептейді.

Аристотель қисыны қысқаша жоғарыда жазылды. Адам баласының тарихи дәуірлеріне қарап мұндай қисындарды көзқарастарда жүз құбылып, он тоғызыншы ғасырдың басына дейін өзгеріп келді. Платон сияқты жаратылыстан тыс құдайдан болатын

нәрсе дей қоймаса да «Әдемі өнер үшін (искусство для искусство) деп шаруашылық, өмір, тұрмыс түрлері дегеннің әдемі өнерге қатынасы бар» демеді.

Бұлардан соң он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында тақты орыс халықшылдарынан Г.Шернишевский «әдемілік деген нәрсе өмір, тіршілік» дейді. Г.Шернишевскийдің ойынша қайта тірлік жан белгісі болса, сұлулық та сонда болмақ. Ол бір сөзінде тас бақаны алады: «Тас бақа көрмеге кеспірсіз. Бірақ оның қасиеті ұстасаң дененді тітіркендіреді. Көз алдыға жаны жоқ өлікті елестетеді. Сондықтан тасбақа сұлу да, әдемі де емес» дейді.

Біз жоғарыда мұратшылдар (идеалистер) «әдемі өнер» әдемі өнер үшін. Бұған қоғам тұрмысы, шаруашылық түрінің әсері болмаса керек». Деген сөздерін келтіріп едік. Мұратшылдарының бұл сөзіне Г.Шернишевский қарсы балай дейді: «Бұл әдемі өнер, әдемі өнер үшін ғана. Байлық байлық үшін, білім білім үшін деген сықылды маңызы жоқ ерсі нәрсе, қандай болмаса да адам баласының өз еңбегінен туған нәрсе, өз пайдансына асатын түйірлі болуы шарт. Маңызы жоқ нәрсе еріккендер жұмысы. Сондықтан әдемі өнер дегеніміз адам баласының басқа жұмыстар сықылды белгілі бір пайдалы жеміс беруі керек. Мұратшылдар айтқан (өзі өзі үшін) деген нәрсе қисыны жоқ, ақылға қонбайтын бір қысыр сөз» дейді.

Г.Шернишевский тағы бір сөзінде әдемі өнер ішінен әсіресе өмір жүзінде ең үлкен орын алатын «поэзия». Неге десең «поэзия» елге көп тарайды. Оны адам көп оқиды. Сосын оқушылардың көбі «поэзияға» елігеді, дейді.

Ал енді затшылдарша әдемі өнер деген не нәрсе, қайда, қалайша туады? Затшылдар көзі мен қарағанда не нәрсе болса да барлығының шығатын бұлағы, туатын негізі, шаруашылық түрлері, өндіріс күштері, техникалары болады. Бұлардан келіп қоғам құрылысы, оның түрліше ұйымдары келіп тура сол өндіріс техникаға байланған қоғам құрылысына, дін, философия, көркем әдебиет, музыка деген сықылды қоғам тілектерін (идеологиясы) шығып тұрмысты еліктейді. Сүйтіп қоғам тілегі оның техникасына байлаулы. Бұлай екендігіне адам баласының өткендегі өмір тарихтары айғақ.

Біз жоғарыда адам баласының тілектеріне (идеология) өндіріс жұмыстарының әсері түрлі кезде (эпоха) түрліше болатынын айтқан

едік. Бұған мысал алғашқы кездегі адамдардың өмірі, тіршілігі, не нәрсеге байланған болса, сол нәрсені құбылтпай, өзгертпей, еліктеп, суреттеп көрсетулері. Бірақ бері келген сайын өндіріс жұмыстары өзгеріп, техника күшейіп құрылған сайын адам баласының тілектері де түрліше күйге түседі, құбылады.

Сонда да бұл құбылмалы нәрселердің барлығы да заманның техникасынан тыс емес. Тек болғаны мұнда өндіріс жұмыстары, техника алғашқы кездегідей тұп-тура әсер тепей, екінші жолдармен арада бірнеше қырлар, баспалар қалдырып, алысқан орағытып барып әсер етіп отыр. Бұлай екенін анық етіп түсіндіру үшін Плехановтың мынадай бір орынды мысалдарын келтіріп озайық:

«Австралиядағы тұрғын әйелдердің өздерінің ойын-сауық, көңіл көтеретін жерлерінде билеп көрсететін билері бар. Ол билері өздерінің жерлерінде өсетін шөптерді тергендегі иілген, бүгілген қозғалыстарын көрсетеді. Бұдан Австралиядағы тұрғын жұрттың тіршілігі сол жинайтын шөп түрлеріне байланысты екені көрінеді.

Ал енді 18 ғ дағы Франсуз жұртының кербез, сұлуларының бүгілген, иілген тансаларына келсек – жоғарғы Австралия әйелдерінің билеріне қараған көзбен қарауға болмайды. Бұлардың тансаларын өздерінің еңбек түрлерін көрсетеді деп айта алмайсың.

Неге десеңіз олар өмірлерінде өнімді жұмыс істеп көрген жандар емес, бұл тансаларға түсіну үшін Францияның сегізінші ғасырдағы жалғыз шаруашылық түрлерін ғана білу жетпейді. Мұны білу үшін өнімді жұмысқа мойын қоймаған «жатып іш таптың» психологиясын тексеру керек. Бұлардың психологиясының көбі «көргенділер жүріс-тұрыс, әдет-ғұрпы» деген нәрсеге тірелген болады. Сүйтіп үстен қарағанда тұрмыс жүзінде әр нәрсеге бұлақ, негізі болатын шаруашылық түрі (эканом фактора) бұл жерде орнын психологияға берген болып көрінеді. Міне, осындай кезде сол өнімді жұмысқа мойын қоймайтын жатып іш тап дегеннің өзі қайдан келіп шыққанын ойлау керек. Тексеріп сын көзіңменен қарасаң бұл еңбексіз тапты туғызып отырғанда құбылып түрліше күйге түсіп өзгерген, алға қарап аттаған, баяғы бастағаннан қайтып келе жатқан шаруашылық ағымының алға басуы деген нәрсеміз болады. Сүйтіп мұнда да шаруашылық ағымы өнімді жұмыс дегеніміз өз орынын психологияға беріп отырғаны жоқ. Өзінің еншісіне тиген орнын (фазистігін) қиядан қиырап келіп басып

отыр...» (Основн. Вопросы Марксизма Плеханов. стр. 64-65) Бұған қарағанда түрленуіне қарап қоғам тұрмысы ұйымдары да түрленеді, өңіреді. Бұдан келіп сол қоғамның өзіне көре тілегі (идеология) туады. Сүйтіп (идеология) техниканың біз жоғарыда айтылған тұп-тура әсері болмай, кел-келе техника өзінен көрі онан туған екінші нәрселер (побочн. Факторы) әсері күшейеді.

ӘДЕБИЕТ МҰРАЛАРЫ

(Ұсыныс ретінде)

«Еңбекші қазақтың» бір нөмірінде М.Б. «Мәдениет мұралары» деген мақала жазды. Бұл мақалада мәдениет мұраларының маңыз-қасиеттері мұрыннан тізілген М.Б.-ның ұсыныстары орындалып, тозған асылдарымыз жаңартылып, жас тарихымыздың мәдениет табағына олжа салуымызбен келешекте – дардиып мақтануымыз анық болса, оған дейін осы мақаланың өзі қуандырарлық. Іске асарлық жоспарлы сыйымды сөз сөйленіп, оның орындалу шарасына кірісілсе ғана нәтижесі зор іске айналады. Қисынды, қонымды сөз – іс атасы. М.Б. мақаласы құрғақ сөз, мәдениет мұрасы «керексіз қу мола» деп ешкім дауласпас.

Ендеше мұралар құламай, жоғалмай тұрып жаңғыртылуына жұрт қол қояды. Бұлай болса, бізде тағы бір мұра бар. Ол – әдебиет мұрасы.

Қазақ жұрты әдебиет дүниесіне олжа қосарлық деректерге не екендігіне кім де болса ден қояды. Бірақ сондағы алынып отырған әдебиет деректеріміз жазба (баспа) түріне айналған әдебиет емес, ел аузындағы әдебиет.

Төңкерістен кейін баспа жүзіне шыққан азды-көпті әдебиеттеріміз бар болса да, бірақ ауыз әдебиетінің жүзден бірі баспаға түсірілген жоқ. Ауыз әдебиетіміз қаймағы туырылған күйінде ел аузында отыр.

• Бірақ бұл күйінде ел аузында ұзақ сақталып, көп жасай алмайды (...) жұлдырады, қанатын алдырады, мертігеді. Бұның түбі бара-бара біразда жоғалу болады.

Олай болса, тозып бара жатқан мәдениет мұраларымен қатар тозып бара жатқан әдебиет мұраларымыз да ауызға алатын, ауыз емес-ау, қолға алынатын уақыт жетті. Мәдениет мұрасы тарихымызға бір олжа салса, әдебиет мұрасы он олжа салады.

Жоғарыда әдебиетіміз ел аузында жүр дедік.

Бірақ ел аузында болғанда жалпы елдің қатын-қалаш, бала-шағаның аузында емес, оннан, жүзден, мыңнан біреуінің аузында ғана бағалы сара әдебиет бар.

Әр жүздің, әр тайпаның, әр рудың ішінде ескі сөзді, кәрі ауызды қарияларымыз бар. Міне, ескі әдебиет мұрасы дегенде, біз соларды алып отырмыз.

Мәдениет мұрасы сияқты бұл әдебиет мұралары да тозуға айналулы, жылдан жылға кемулі, қалғандары аз.

Жоғарғыларды қорығқанда, ұзатпай ауыз әдебиетті жаңғырту қамына кіріспесек, біз бос қаламыз. Бүгін болмаса ертең олардың аузындағы сөз өзімен бірге жоққа айналады. Мысал үшін сол қарттарымыздың білетінінен екеу-үшеуін атайын. Оның бірі – Ақмола уезі, губерниясы Қоржынкөл, болысының Қанжығалы – Ералы Саққұлақ баласы. Ералы – қазақтың шежіресіне, хан, бағыр, билердің бітім, билік, жорық, үлгілі сөздеріне жүйрік қарттың бірі.

Екінші: Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қу болысының қазағы Қаракесек – Мағат қожас Ақай баласы. Бұл кісі де Ералы сияқты ескі сөздің түрлі жүйесіне жүйрік.

Үшінші: әсіресе, қазынасының аузын ашса қапшықтан түйдегімен төгетін жел ауызды жүйріктің өзі – ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Семей губерниясы, Кереку уезі Сүйіндік-Күлік (осы күнгі қонысы – Шідерті болысы).

Мәшһүрдің 70-ке жақындаған жасы бар. Мәшһүр – бала жасынан дүние кезген адам. Қазақ ішінде Мәшһүрдің баспаған жері аз. Ұлы жүз, Орта жүзді тегіс аралаған. Сол жүрген жерлеріндегі естіген әңгімеден Мәшһүрдің білмейтіні аз шығар. Ол білетін сөздерінің жазылғаны да бар, бірақ көбін ауызша айтады. Ауыз сөзінде қазақ шежіресінен бастап, хан, би, батыр, жомарт шешен, жұмбақ, қара өлең, айтыс, тақпақ, жар-жар, беташар, ай, жыл, күн аттары, ескі тұрмыс суреттері, ғұрып-әдет көлеңкелері, ырым-жырымдары – тегіс Мәшһүрдің аузынан ағытылады. Мәшһүрдің жазған сөздерінен бұрын «бастырамыз» деп алушылар болған. Олардан біз білетініміз: Сұлтанмахмұт, Уалихан Омарұлы, тағы әркімдер.

Сұлтанмахмұттың кісі сөзі түгіл, өз сөзін бастыратын мұршасы болған жоқ. Уәлихан алған сөз басылған жоқ. Басқалардағысы да аяқсыз кетті. Сондықтан Мәшһүр забты болды. Аузы күйді. Соңғы кезде басқаға сөз беруді қойды.

Осы сияқты әңгімеге бай қарттар әр жерде бар шығар. Тегінде мұндай адамдар сөз беруге сараң да келеді. Бірақ ол сөздері жоғалмайтындығына, баспаға түсірілетіндігіне, сөйтіп ескі сөз берушілер келешектегі қазақ мәдениетіне ат салысқан, еңбек етіп, қолқабыс тиюшілерден саналатындықтарына көздері жеткізілсе, жазба болсын, ауызша болсын сөздерін береді деп сенеміз.

Сөйтіп, мен мынаны ұсынамын:

1. Ел аузындағы ескі әдебиетті жиюға оқу комиссариатының білім ордасы өзі кіріссін. Өзі болмағанда губерниялық оқу бөлімдерін ие қылсын.

2. Жалпы қартты түгендеп жүруге болмайды. Әр губерниядан 2-3 қана таңдамалы адамдардың аузынан жиылсын. Мысалы, Семей губерниясынан жоғарыда екі адамды атадық.

3. Бұл сөздерді жинаудың өзіне таңдаулы кісі керек. Кез келген біреуге «сен жазып әкеле ғой» деуге болмайды. Сондықтан қолынан іс келетін, ауыр аманатты адал орындарлық тиянақты кісілер жіберіліп, жазып алатын болсын.

4. Қарттардың қазақ мәдениетіне қолқабыс еткен еңбектері ақталу үшін (олардың еңбектері – ескі сөздері) бастырылып, таратылатындығына білім ордасы өзі кепілдік берсін. Сөздеріне қарай сый белгіленсін.

Ұсынылған жобаның артық-кем алып тастайтынына өксімейміз. Жалғыз-ақ ұстанып қалатынымыз: Мәшһүр сияқты адамдардың сөздері өздерімен бірге кетіп жүрмесін дейміз.

Бізге қазір «Қаракөз», «Арқалық батыр», «Еңлік-Кебек», «Батыр Баяндарды» беріп отырған – ел аузындағы ескі әдебиет материалдар.

Білім ордасы ескі әдебиетті жиғызып-ап, қорытып, мәдениет дүниесіне жайса, аты бәйгеден келеді деп сенеміз.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

(Айтыс ретінде)

Газет бетінде көркем әдебиет жайынан әңгіме қозғалып жатқанын көріп, қозғаушылардың мақсаты қалайда әдебиетті гүлдендіру шығар деп жорып, талас мәселелер ашылуға әнтек қолқабысымыз тиер ме екен деп, қалам ұстадық.

«Бәрі жиылып бір терінің пұшпағын уқалауға арналған адамдар бірін-бірі ұғынудан, бірін-бірі сыйлаудан кетсе, бітпес дауға кеткенмен (дәл мәнісі: бабыл мұнарасын орнатам деген) бір бас. Бұдан жаман нәрсе жоқ» (Воронский), – дейді, осы күнгі бір дәріпті сыншыл. Олай болмас, ұғысармыз деген үмітпен жазып отырмыз. Ұғыса алмасақ, амал не, әдебиетіміздің әлде бағына, әлде сорына көтерілген бір әңгіме болып қала берер.

Газетте сөз жазған адамдар: Сәбит, Әбдірахман, Қошке. Олардың талас мәселелерін түгел алып қарамақшы емеспіз, кейбір басты-басты маңызды пікірлеріне пікір жасамақпыз. Әуелі Әбдірахман пікірлері жайында.

Жиып-теріп келгенде, Әбдірахман сөзінің түйіні:

Әдебиетімізде екі-үш түрлі бағыттың барлығы анық, оларды, әрине, тұрмыс туғызып отыр... тұрмысымыз көшпелі дәуірде болғандықтан әдебиетімізде де осы көпшілік болып отыр... Бұл дәуірде көбінесе нағыздық (реализм) пен төңкерісші сарындамалық (романтизм) бағыттары есеюге тиіс», – дейді.

Бұл пікірге қарсы емеспіз, тек толықтырып өткіміз келеді. Әбдірахман пікірін дәлелмен бекітпеген, жетілдіріңкіреп, бетін шырпып өте шыққанға ұқсайды.

Әдебиеттің бағытына реңк беретін маңызды себепкерлер (фактор) болу керек. Біз сол себепкерлердің бірталайын көрсетпекпіз. Олар:

1) Пәлендей әдебиеті бар халықтың мәдениеті қай мүшелдегі мәдениетке жатады?

2) Ол халықтың тұрмыс жағдайы қандай?

3) Дін әсері.

4) Әлеумет құрылысы, одан туған әлеумет пікірі (ұлтшылдық, бұқарашылдық, тапшылдық деген секілді).

5) Заманындағы үстем пікір (Идея).

6) Ақыл, қиял, сезім таластары.

Жазушының жан сипатындағы өзгешеліктер... Енді осы себепкерлерді қоздатып, түсіндіріп көрейік. Мәдениеті марқайған ел – асарын асап, жасарын жасаған ел, нешелер дәуірді басынан кешіріп, ой көзін өсірген ел; қиядан қияға, тереңнен тереңге, жаңа пікір, жаңа өнер, жаңа тұрмыс табуға құлаш сермеген ел – табиғат сырын дендеп білген, табиғатты жеңген ел. Ондай ел жалбырауыққа балаша қызығып алданбайды: пайдасызға, ақылға қонымсызға малданбайды. Ондай елдің ақыл, қиял, көңіл тілегі де өскен, ұстарған, нәзіктелген. Азға тұрғысызға, тайызға қанағат етпейді, талғаушыл, таңдаушыл келеді. Талғау жолында шалықтап әр қияға бір шығады; кейде тым шеткері теріс бағытқа да түсіп кетеді. Мұндай елдің қиялынан да ақылы күшті болады. Міне мұндай елдерде биттей де қатып-піскен, кемеліне келген нағыздық (реализм) түрін көбірек қолданады.

Мәдениеті көпей ел дүниені, табиғатты білім жолымен, ақылмен өлшеп танымайды; жорумен, аңыз қылумен таниды; бүгінгі мәдениетті елге әншейін, жай нәрсе тәрізді көрінген табиғат сырлары, істері, күштері бұларға жат, керемет болып көрінеді. Бұлар жоққа нанады. Дүние мәлімсіз күшпен (құдай) жаратылып, мәлімсіз себептермен өмір сүріп тұр деп сенеді. Бұлар дүниеде өздеріне зияны тиетін, қаскүнем күштер (иелер) бар, өздеріне болысатын, пайдасы тиетін дос күштер бар деп біледі. Дос күштер: құдай, періште, пайғамбар, әулие, ілияс, аруақ... Қас күштер: дәу, пері, жын, шайтан, тажал, ібіліс, албасты, жалмауыз, жезтырнақ, сұмырай... Мұндай елдің ақылынан да қиялы басым келеді. Қазақ міне әлі осындай ел.

Аңшылық, бақташылық, егіншілік кәсіптерімен күн көрген халық қалай да табиғат күшінің ықпалынан арыла алмайды. Жұт,

идет, құрғақшылық, боран, дауыл, жауын-шашын, нажағай, өрт, күн, ай тұтылуы секілді құбылыстардың бәрі де керемет тәрізденіп көрінеді. Құрғақшылық болып шаруасына зиян келерін білсе, жақсы құдайдан жаңбыр тілеу; күн тұтылса, пәле таянды деп тасаттық беру; топалаң келсе, аруаққа жалынып молаға түнету немесе молдаға хатым оқыту, дертке үшкірту, бақсыға қарату... бәрі де табиғат сырын білмегендіктің салдары.

Қазақ елі осындай ел.

Мәдениеті көпей, табиғат сырына ақылы жете алмаған елде дін әсері де күшті болады. Жоққа нанудың, бұлдыр қиялдың ұясы, дін, бақсы, балгерге, әулиеге, кереметке, дуаға, тұмарға, ішірткеге, аруаққа жалыну, кітап көтеру, жан бар деп, жұмақ, тамұқ бар, көр азабы бар, қиямет, сират бар деп сену – бәрі де дін мұрасы. Дін әсері күшті болғандықтан дін әдебиеті осы күнге шейін келіп отыр. Ел ішіндегі өлеңшілер құдайсыз, пайғамбарсыз, «пісімілдә», «ағузысыз» әлі де өлең айта алмайды. Біз осыны жазып отырғанда, ел ішінде әлде бір хат білетін жігіт немесе әйел «Зарқұмды», «Салсалды» оқып отырмағанын қайдан білеміз. Міне, қазақ әлі осындай ел.

Қазақ кешегі заманға шейін хандарға, билерге, батырларға, болыстарға бағынып, соларды – «жақсыларды» – жыр қылып келіп отыр. Ақсақал дәуірі, ру таласы осы күнге дейін қалмай келіп отыр. Бұрын елді топ – бұқара, кеңес билеген жоқ; жеке адамдар билеп келді. Әлеумет құрылысы мұндай болудың, бір адамға бағынудың әсері халықтың жан әлеміне (психологиясына) да терең із қалдырды. Үлкенді сыйлау, «пәленше білсін» деу әлі күнге бар. Осы күнге шейін исполкомдардың «болыс» атанып, «болыс есепті іс қылып», «ауыл кеңестерінің» ауылнай болып жүруінде сондай терең себеп бар. Әлеумет құрылысы қандай болса, халықтың ой-жүйесі де, жан қалпы да соған ылайықтанып, икемденіп, қалыптанады. Жаңа жұртшылық әлі қалыптана алмай жатыр. Бұрын жеке адамға бағынған дарашылдық пікір үстем болса, енді көпшілдік, тапшылдық пікір туып отыр.

Мұның бәрі әдебиетке әсер еткен, етіп отыр, етпек. Әдебиетке тағы да әсер етуші себепкерлер бар.

Әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине, оны ешкім ойлап шығармайды. Тұрмыс туғызады. Орыс әдебиетінде бір заманда жаурапшылдық, сылаваншылдық, бір заманда халықшылдық бағыттар болған секілді, қазақ та бір кезде ұлтшылдық, діншілдік, батыршылдық бағыттар болған ұлтшылдық бағыт әр ұлтта бар; әсіресе, байларында бар. Алайда, ұлтшылдық бағыт орыстың осы күнгі әдебиетінде де көрініп отыр. Орыстың Есенин, Иванов, Пильняк тәрізді жазушы-ақындары орыс төңкерісін ұлтшылдық бағытта суреттеп отыр. Ескі бағыт, ескі ұғым жуырда арыла қоймайды. Тұрмыс жаңа түрге түсіп, жаңа тәрбие орнаған сайын, барып-барып қалады.

Әдебиет бағытында тағы да әсер ететін себепкерлер бар.

Атам заманнан адам баласының тарихында ақыл-қиял, сезім таласы қалмай келе жатыр. Бір заманда қиял-сезім үске шығып, әдебиетте санашылдық (идеализм), сарындамашылдық (романтизм), күйректік (сентиментализм) бағыттарын туғызса, кей заманда ақыл жеңіп, натурализм, реализм, материализм бағыттарын туғызып отырған. Адамда ақыл, қиял, сезім (көңіл) деген сипаттар бар. Бір дәуірдің жазушылары (ойшылары) бір жола ақылдан немесе қиялдан безіп кете алмайды. Адам әр алуан болып жаратылады. Біреудің ақылы басым, біреудің қиялы, біреудің сезімі басым болады. Сондықтан әдебиетте нағыздық (реализм) бағыты басталды-ақ, сарындамашылдық (романтизм) бағыт пышақ кескендей тоқталады деп ұғу дұрыс емес. Екі бағыт араласып жүріп отырады: тек біреуі басымырақ болғандықтан пәлен бағытта деп айтылады. Толстой сынды нағызшыл (реалист) жазушысы бар орыс әдебиеті нағыздық бағытын тұтынып жүрген кезде Максим Горький тәрізді сарындамашыл (романтик) ақыны да болған. Қазақ бір жағынан Абайдың, Ахметтің, Міржақыптың нағыздық бағыттағы өлеңдерін жаттап жүргенде, бір жағынан «Тотының тоқсан тарауын» да, «Мың бір түнді» де, «Бақытсыз Жамалды» да жақсы тыңдаған. Ақын-жазушы біткенді бір қалыпқа соғуға болмайды.

Қиын күшті ақын романшыл болса, ақылы күшті ақын нағызшыл болса, неге бұлай болмай, олай болсын деу – «өзінді қайта жарат» деген сөз.

Ұзын сөздің қысқасы – қазақ асарын асап, жасарын жасаған, мәдениеті көпей ел; табиғат сырына ақылы жетіп болмаған, бақташы, диханшы ел; дін тұманынан әлі арылмаған ел; жан жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі жаңа қалыпқа әлі қалыптанып жетпеген ел; ұлтшылдық сезімі кемеліне келмеген ел; тапшылдық әлеуметшілдік пікірін жаңа ғана естіп отырған ел. Өткендегі хандарын, билерін, батырларын жырлап, ақыл-ой ертегімен, қыссамен, қиялмен суарылып келген ел; ескі өкіметтің зорлығын көріп, жерінен, еркіндігінен айырылған ел; сондықтан қазақ әдебиетінің бұл күнгі бағыты көбінесе, сарындамалық, қала берсе, нағыздық бағытта болуға тиісті, осы күнгі азды-көпті әдебиет табыстарымыз осыны көрсетеді (мысал келтіріп жатуға орын тар), бұл бағытта ешкім кесіп-пішіп бермейді. Ешкім мына бағытты алсын деп күштей алмайды, оны тұрмыс, тарих ағымы өзі белгілейді. Сыншының міндеті: барды бар, жоқты жоқ деу; бұлай болса тәуір болар еді деп, түзеу, жөн сілтеу, жазушыға жәрдемдесу.

Жалғыз-ақ сарындамашылық қай түрде болу керек? Қайткенде пайдалырақ болар еді? Осыны тілек қылу керек. Әрине, сарындамашылдық өршіл болу керек деген дұрыс пікір, бірақ өршіл болу үшін жалпы көптің, бұқараның тұрмысы өрге жүзу керек. Тұрмыс бір басқа болып жүре алмайды. Ол әдебиет болмайды, тегінде, әдебиет болғанды көбірек жазады; болашақты жазса ол қиял болып шығады.

...Анығында әлеуметшілдік, камүншілдік тұрмыс алдымызда деп отырмыз. Алдағы жетсем-ау деген нәрсе арман болады. Арманға жету үшін қиялға сүңгімей болмайды. Қиялға сүңгімей нағыз өмірді жазған болмайсың. Идеализм, романтизм деген осындайдан туады. Ал нағыздық бағытпен жазғанда, бүгінгі тұрмыс нағыз қалпында суреттелу керек. Бүгінгі әлі қалыпталмаған, кем-кетігі көп өмір сондай сұлу ма? Осы өмірді аудармай жазған қалай? Қияға құлаш ұра, жақсылықтың шетін қыттылдата жазған қалай?

«Не нәрсе өмірден гөрі жақсы болса, не нәрсе өмір шындығынан да артық шындыққа ұқсаса, сол – өнер. Всеволод Иванов осы жолға түсулі. Өйткені ол құдайдың мейірімен «жаратылған талантты ақын» (Воронский).

«Біздің еңбекші бағытындағы «тапшыл» жазушыларымыз жабайы сүр өмірді жазуға әуестеніп, өнер болу жағын ескермей кету қаупі бар. Қолма-қол пайдасы тиетін, үгіт болмаса, «еңбекші» деген сөзді қыстырмаса, дәретсіздігі сезілетіндей, тым қысыла-қыстырыла жазатын тәрізді. Өнердің пайдасы күнбе-күн, қолма-қол тие беруі шарт болмаса керек; өнерден пайда күткен көзқарас төңкерісшіл көзқараспен қандай ауылтүй қонса, ескішілдік көзқараспен де отаса кетеді. Ондай көзқарасқа бейімдік неден туады десеңіз, бұл шарт; қай түрлі болсын әлеумет құрылысына, немесе әлеумет мұратына жан салып, бүйрегі бұрылудан туады. Бұл шарт әлде бір себеппен жоғалса, ондай бейімдік те жоғалады», – дейді Плеханов.

Бұл мысалдарды келтіргенде, біз өнер үшін деген жолды тұтыну керек дейміз. Өнердің тұрмысқа, тұрмысты ұғуға, жан әлемін тәрбиелеуге пайдасы болуға тиіс деген пікірді қолдаймыз.

Қошке мен Сәбит айтыстарының маңызды жерлері, қазақ әдебиетінің өсу-өспеуі, қандай адам жазушы, ақын болуы, қазақ жазушыларының қазіргі бағыттары жайынан көрінеді.

Қазақ әдебиеті, оның ішінде еңбекші тап әдебиеті, жақын арада тез күшейеді, тез өседі деуге толық себеп жоқ. Кеңес өкіметі орнап, еңбекші тапты жақтағандықтан, сүйгендіктен келешекте еңбекші тап кенеледі деп сенгендіктен әдебиет тез күшейіп кетеді деу тым ұшқары, тым желпілдеткен сөз болуға мүмкін. «Үкіметті тартып алудан, оны ұстап тұрудан өнер-білім табу анағұрлы қиын» деген Воронскийдің сөзі дұрысқа келетін тәрізді. Жалаң Воронский емес, көшпелі дәуірде әдебиеттің, өнердің тез көтерілмейтінін басқа білгіштер де сынаттап отыр.

Барлық көшпелі дәуірлерде сын көсемсөз (публицистика) рухымен суарылады: кейде сын емес, нағыз көсемсөздің өзі болады да қояды, деп Плеханов айтады.

Құрғақ ойға, құр даурыққа, көсемсөзге беріліп, көшпелі дәуірдің көркем әдебиеті күшеймейді деуге қазір де келіп те отыр. Еңбекші таптың жазушылары көбінесе үгіт сөз, үгіт өлең жазуды дұрыс тауып жүр. Бұл өнер емес, қара сөз, көсем сөз екеніне өздері де таласа алмайды. Ендеше әлгі айтқан білімдардың сөздері шыға келгені ме? Жоқ па? Шыға келгені. Үгітшілер бұлай жазғанына өздерінше дәлел келтіреді: «Еңбекші таптың партиялық мақсатын орындап жүрміз», – дейді (партияның жолын өнерсіздіктен емес, өнермен орындауға болмайтын-ау!), оның үстіне жазушының, ақынның міндетіне тым сол көзбен қарайды. Ақын сөзді ажарлаумен ақын болады. «Ақын да, арбашы да, қойшы да... өз орнында ақын...» деген сөздер ақын міндетін тым жабайы көрсеткендік; ақынның өнерін де, өрісін де тым тарылтқандық болады. Ақын көтермекші, атарман-шабарман деген сөз болады. Мұндай пікір орыстың ең солшыл, өнерсіз жазушыларында бар.

«Солшыл» жазушылардың ішінде мұндай көптің ұғымына қарамай өз әуестенуімен жазып кетушілік әсіресе Сәкенде бар. «Экспресс», «Аэроплан», «Так-так-так-рудзутак»... сықылды өлеңдері көпке, оның ішінде, еңбекші қазаққа қандайлық ұғымды, жұғымды болар екен?

Қазақ төңкеріске жолдан қосылған жұрт. Төңкерістен бұрын коммунист жолында болған қазақ жоқ. Қазақ саясаттың өзіне кеш кірісті. Төңкерістен бұрын қалам ұстағанның бәрі ұлтшылдық бағытта жазып жүрді, төңкерістен кейін кейбір жазушылар еңбекшілік, тапшылдық, төңкерісшілдік бағытқа түсті. Бұрынғы ұлтшыл жазушылардың енді еңбекшіл, тапшыл болуына, әрине, төңкеріс, үкімет, саясат құбылуы әсер етті. Саясат әлеумет құрылысы өзгерген соң, пікір де өзгермек қой. Алайда, қазақ жазушыларының бұрынғы ұлтшылдық сезімі пышақ кескендей жоғалып кетуі табиғи нәрсе ме? Төңкеріс болмаса, патша үкіметі құламаса, отаршылық саясат өрши берсе, сонда да сол тапшыл болып отырған жазушылар ұлтшылдық бағытын тастар ма еді? Орыстың төңкеріс туғызған жазушыларының өзінде ұлтшылдық пікір қалмай отырғанда, қазақтың төңкерістен бұрын ұлтшыл

жазушыларында негіп ескіліктің жұғыны аз да болса қалмады? Қалмады десек шын болар ма? Міне, бұл ойланатын нәрсе? Троцкий айтқандай «боялып, қу болып» жүрген жазушылар бізде жоқ деуге болмайды. Шын жүректен табиғатынан қайнап шықпаған сөзде жан болмайды, ондай сөз ақындыққа жатпайды, «бей намаздың» намазы болып шығады. Міне, осы себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз жуырда аяқтана алмайды.

Төңкерістен соң қалам ұстағандар өздерін төңкерістің «бел баласы» деп санап жүр. Көп төңкерістен кейін қалам ұстауда емес, жергілікті «тума пікірінде». «Пікірінде» дейтініміз: байдан, не кедейден шыққандығымды дәйім пікірге әсер етеді деуге болмайды. Энгельс сынды бай адам жұмыскер, тапшыл болуы, бай балаларынан шыққан кейбір қазақтың коммунист болып жүруі кедейліктің шарт емес екенін көрсетіп отыр. Сөз жоқ, жұрттың бәрі Энгельс бола алмайды. Пікір (идея) үшін өмірін құрбан қылуға ірі адам болу керек.

Бүгінгі төңкеріс туғызған жазушыларымызда еңбекші таптың дүние танысын, жан дүниесін, тілеген арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам әзір білінбейді.

Біздің еңбекші тапты қолдаушы жазушыларымыз орыстың пролетариат (жалшы) жазушыларының жолын тұтынып жалшы ақындарының ұйымын (ВАПП) ашып отыр. Қазақта аз да болса, жалшы, жұмысшы бар. Бірақ, қазақтың жазушылары жабропаныкіндей (Еуропа –) соқа басынан басқалығы жоқ. Қара қасқа жалшы (пролетариат) емес: бір аяғы кенде, тұзда, балық кәсібінде, шойын жолда, зауытта болса, бір аяғы елде жүрген жалшы, өйткені олардың азды-көпті малы, шаруасы бар, ағайын-туысқанымен байланысы бар; атасынан, руынан, құдандалы тамыр-таныстан қол үзіп кеткен жоқ. Олардың ақыл, ойы, рух әлемі ел кедейлерінен қара үзіп кеткен жоқ. Алғашқы кезде кәсіп іздеп қалаға барған мұжықтан шыққан жалшылар да осындай күйде болған; олар жүре-жүре поселкеден қол үзген соң, машина күпшегіне басын мықтап байлаған соң барып пролетари болған. Олай болса қазаққа шын пролетариат әдебиетін жасауға әзір болар

ма екен?! «Ә, құдай, пәле-жалаңнан, жұтыңнан сақтай гөр!» деп күннің көзіне қарап, көктен жақсылық күтіп отырған елдегі жаман тыммақты қыруар кедейге машина әдебиетін ұқтыруға келер ме екен? Бұл тым «айға шыққандық», тым «сақалын бояғандық» болмас па?! Қазақ былай тұрсын, әуелі орыста да жалшы әдебиетші жоқ деп білгіштер жазып отыр. Троцкий сияқтылар: байлар мәдениетіне, байлар өнеріне жалшы мәдениетін, жалшы өнерін қарсы қоям деу түбінен дұрыс емес. Жалшылардың мәдениеті де, өнері де тегінде болмақшы емес, өйткені жалшылар тәртібі уақытша өткінші тәртіп. Оның пікірін дұрыс емес дейін десе, төңкерістің бас қайраткері.

Жалшылар әзір өз жазушыларын келешектен күтіп отыр. Бүгінгі әдебиетіміздің жалпы бағыты халықшылдық (народничество), қала берсе, оқыған (интеллигентский) халықшылдық деп басты сыншының бірі Воронский тағы да жазып отыр.

Біздің Сәбит: «Шөре-шөрелерде тиянақты пікір жоқ. Күш кімде болса олардың тілегі сонда, кеңес үкіметін тамағы тойса жақсылайды, тамағы ашықса жамандайды. Бір күн байды жырласа, бір күн кедейді жырлайды» деп отыр. Оған мысалға Мұхтар мен Жүсіпбекті келтіріп, «бұлардың өзі кедей болса да, пікірі байшыл интеллигент. Ондай интеллигенттерде табан болмайды, тап күресі туған күні, дүние аласапыранға айналған күні олардың басында миы қалмайды. Қайда барарын білмейді. Жанын қорғап қалғысы келеді...» деп отыр.

Әбдірахман: соңғы кезде «жатып атарлық қылу» әдісіне түскен ұлтшылдық бағытпен қатар, тапшылдық, төңкерісшілдік және жолбикелік бағыттар таласулы» деп отыр. Сүйтіп, бұлар «шөре-шөре жолбикелерді» құлдыратып жамандап отыр. Сәбит, Әбдірахмандар бұлай десе, орыс сыншылары не дейді екен, көз салайық:

«Жолбикелер әдебиеті өз алдына кеңестің жана бұқарашылдығы, бұл күнде орыс әдебиетінің маңызды әскері «жолбикелер» (Троцкий).

«Бүгінгі мәдениет – өрелік өткінші дәуірдегі кеңес мәдениеті. Бұл мәдениетте не көп, мұжықтың «бұқарашыл» оқығандардың қосқаны көп. Жалшылардікі аз, өйткені бұлар әлі жол үстінде тұр» (Воронский).

Сәбит интеллигент жазушыларды табансыз, пікірсіз, жанын қорғағыш, пайдасыз деп тауып отырса, 96 еңбекші тап әдебиетін қара күшпен, «интеллигентсіз-ақ» соғын шығарамыз деп отырса, өнерлі жұрттың сыншылары не дейді?

Біздің өнеріміз оқығандар (интеллигент) – мұжық пен жұмысшының арасында (Сәбитше), «шөре-шөреде» жүрген жаратылысы екеуіне де жанаса алмайтын, алайда, өзінің ерлік халіне, өзінің байланысына қарағанда, жұмысшыдан гөрі мұжыққа иксем оқығандар: бұлар нағыз мұжықтың өзі бола алмайды. Бірақ «мұжықшылау» қолынан келеді (Троцкий).

Сәбит: «шөре-шорелерді пайдаланамыз, тым еркелеп бара жатқаны болса, так-так дейміз».

«Жақсысын аламыз, жаманын тастаймыз» деп жолбикелердің еңбегіне жол бергісі келмей отырса, өзге жұрттың білгіштері:

«Қай ақын төңкерісшіл, қай ақын қарсы деген өлшеуішті қойып отырып, көркем әдебиет жөнінен бойы есіп, өз бетін нығайтуға оларға да (ақындарға) толық еркіндік беруіміз керек», – деп отыр Воронский.

«Бізде ақынды көмуге тырысатын әдет бар». Өйткенше оларға қалай көмек беруді ойлаған жақсы емес пе? Біздің жазушыларымыз мейлі еңбекшілеріміздікі мейлі емес болсын, бәрі де бұл күнде ауыр дағдарысты басынан кешіріп тұрғанын ұмытпау керек» (Троцкий).

Міне көргенді ел жазушыларына, ақындарына осылай қарайды екен; сыпайы келеді екен. Қаламынан пайда күтіп, бағалайды екен, сонда барып әдебиет көркейеді деп шамалайды екен.

Үйірге жаңа түскен сәуірше бірін-бірі сауырламайды, мүйіздемейді екен; сынаса өзін емес, сөзін сынайды екен.

Әдебиеттің күшеюіне, қаламшыларға азды-көпті еркіндік керек. Мүйіздеп қысымшылық көрсете бермеу керек; «жатып атар» ұлтшылдық қылып жазса, «мына жерің ұлтшылдық» деп сынау

керек. Ұлтшылдықтан орыс әдебиеті де құтылған жоқ деп айттық. Ұлтшылдықты отаршылдық туғызғанына Сәбиттер таласпайтын болар. Бір күнде отаршылдық та, ұлтшылдық та жоғалып кетпекші емес. Бірі қалғанда, екіншісі де қалады. Бұдан артық қаза беруге болмайды.

«Қашанда кей кәсіп тез, кей кәсіп кеш өседі; кәсіптің қайсы бірі кейде әлде бір себептермен мүлде жоғалып кетеді. Салт сана (надстройка) жүзінде де солай. V ғасырда Афин (грек) жұртында техника жаман болса да, пәлсапа жақсы күшейген. XX ғасырда Америкада техника күшті болғанмен, пәлсапа артта қалған. Салт-сананың ең жоғарғысы – әлеумет (высшие надстройки) рухының «бұтақтары» (Энгельс), қай бұтақ қай бір себеппен көбірек нәр жесе, сол бұтақ артығырақ өспек» (Бухарин).

«Сәулет өнерінен өзге өнердің бәрі де техникаға тек ұшығы ғана барып тіреледі. Техника барлық мәдениеттің іргесі. Өнердің өте-мөте сөз өнерінің іс жүзінде зат техникасына байланысы тым құрдым. Сондықтан Американың ауа кемесін, аспанмен тілдескен заңғар үйлерін, сүңгуір қайықтарын жырлаған поэманы Резан губернесінде отырып та мұқыл қарындашпен сұр қағазға жазуға болады» (Троцкий).

Ендеше, техникамыз төмендіктен әдебиетіміз төмен болып отыр деуге болмайды, жалпы мәдениетіміз, шаруамыз төмен болғандықтан және жоғарғы көрсетілген себептермен төмен болады, төмен болмақ десек сыяды.

Сәбит әдебиетті техникаға тіркеп, Жәңгір хан тұсындағы талантсыз Байтоқ жыраудың шоқбұт өлеңімен дәлелдемек болған. Бұл тым о жар батылдық, бірлі-жарым жаман өлеңмен де, жақсы өлеңмен де бір дәуірдегі әдебиетке баға беру шетін пікір. Өткендегі әдебиеттен жақсы мысалдар көрсетуге болады. «Қобыланды», «Тарғындарды» шығарған Марабай ақындардың сөзі кімнен кем? Сол Жәңгір тұсындағы Махамбет батырдың Баймағамбет төреге айтқаны әуелі осы күнгі асқан ақыныңнан табылар ма екен? Бұл өзі таласуға да тұрмайтын сөз еді; тек солақайлау болған соң айтып отырмыз.

... Сәбит жаратылыста ақын болып туады деген пікірге қарсы. Ол: «Қай адам болса да ақындық әсері болады. Ақындыққа арналған мида бір бөлшек болады. Барлық адамның ақын болмайтын себебі, ақындыққа арналған миының бөлекшесін қозғап жіберелік оның өмірінде себеп кездеспейді. «Сонымен ақындық миы ұйықтаған қалпымен өтеді», – дейді.

Бұл пікір бұл күнде мансұқ болған, ежелгі грек данышпаны Аристотельден қалған «зейін қисыны» («Теория способностей») деген пікір. Ақындыққа немесе басқа өнерге арналған мидың бөлшегі жоқ, тек жалпы ақыл-ой, сана қызметін басқаратын үлкен ми бар. Дененің бар мүшелерін қозғап, басқарып тұратын мидың бөлімшелері бар екені рас, мидың осы бөлімшелерін Сәбит әлде ақындық туғызатын бөлімдер деп шатастырып отыр немесе Аристотельдің ескі пікірін айтып отыр. Аристотельдің ол қисыны XIX ғасырдың аяқ шенінде, Герберт тұсынан бері білім тәжірибелері мансұққа шығарған. Бүгінгі затшыл, тәрбиелі әлімдер «зейін қисыны» сөз екен деп аузына да алмайды.

Сәбиттің «жаратылыста ақын болып тумайды. Барлық адам бірдей болып жаратылады» дегені де білім жолына қайшы. Тегіне тартудың шындығын, сүйекке біткен соқыр сезім, серпілісі (реакция) дегендердің барлығын бүгінгі «ілім» «бионегентический законмен» бекітіп отыр. Қазақтың «ер тағайына тартады» дегені тәжірибеден шыққан, білім растап отырған пікір. Тегіне тартқандықтан, сүйегіне біткендіктен адам әр түрлі болып жаратылады. Сүйегіне біткен соқыр сезімді, серпілісті ғана тәрбиелеуге, жетілтуге болады. Сүйегінде, жаратылысында ақындығы жоқ болса, «май құйсаң да» ақын болмайды. Сүйегіне бітпесе хат білмейтін Марабай, Махамбет, Шөжелер кімнен үйреніп ақын болды? Жасы, тәрбиесі, оқытуы бірдей болса да, мектептегі балалардың біреуі зерек, біреуі миқұла, топас болатынын Сәбит немен дәлелдейді? Үйретумен ақын қыламыз деу болмайтын әңгіме. Аржағында «бір шағым миы» болмаса, қалай үйретсең де оңбайды. Үйретіп ақын қылу деген ақылға да, білімге де сыймайды. Сатылған

Сабатайыш неше факультет бітірсе де, отыз жыл оқыса да түк болмаған.

Манадан бергі сөзіміздің қорытындысы: «қазақтың ұлтшылдығы үстемдігі, бағындыруды көкसेген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жансауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық. Тұрмыс жүзінде уақ ұлттардың қалың бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшылдық жоғалмайды. Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашылдыққа айналса, бұл бір саты, бұл табиғи жол. Қазақ капитал дәуірін аттап өтіп, тегістік тұрмысқа жетсе, құба-құп. Жете алмаса, әдебиетті аттадым дегенмен, тұрмыс аттатпайды. Қазақ жұмыскерлері шын мәнінде пролетари емес. Бұхара көпшілігі кедей мен орта шаруа. Ендеше орыстікі тәрізді, біздің әдебиетіміздің мінезі де халықшыл бұқарашыл болуға тиіс. Әдебиет техникаға байланса, онда тым бұқарашыл болу керек.

Әдебиетті, өнерді оқығанның өнерлісі, оқымағанның самар оттары жасайды.

ҚАНДАЙ ӘДЕБИЕТ ҮСТЕМ БОЛМАҚ, ҚАНДАЙ ӘДЕБИЕТИМІЗ БАР

Төңкерістен бұрынғы қазақтың көркем әдебиетінің жалпы сарыны ұлтшылдық еді.

Ақмет, Міржақып, Мағжан, Ғұмар Қарашұлы, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мұқтар, Сәбит Дөнентай – қысқасы, қаламының желі бар ақын, жазушыларымыздың бәрі де қазақтың надандығын, орыс патшасының қорлығында жүргенін, қазақтың өзін-өзі билеген заманының өткенін, әділ хан, билерінің кеткенін, қазақ әйелдерінің малға сатылатынын, ескіліктің қазақ еліне бөгет-шырмау болып отырғанын жазушы еді. Ол кездегі үлгі қылатын адамдар – жақынына қарасқан, ұлт қамына ат салысқан қазақтың береген, мырза бай, атқамінер қадірлі ақсақалы, қазақ қамын жеген оқығаны, сүйгеніне баруға ұмтылған қазақтың әйелі, ел ортасындағы “елекесі” ер жігіт – сал жігіт – міне қазақ әдебиетіндегі “үлгілі” адамдар, оқушыға тәрбие беретін, жақсылықтың шетін көрсететін “жақсы” адамдар осылар еді.

Қазақ әдебиетінің осы күйіне төңкеріс кездесті. Ресейде жаңа үкімет құрылды. Үкімет басына жұмысшылар, еңбекшілер отырды. Жаңа тап өз тілегінше жаңа тұрмыс жасауға кірісті. Өз салт-санасын құра бастады. Жаңа жұртшылық тудырды. Сол көп жаңалықтармен бірге жаңа әдебиетін – төңкерісшіл тап әдебиетін де жасай бастады.

Жаңа әдебиеттің тез өскен жері – орыс елі. “Киіз кімдікі болса, білек соныкі” дегендей, төңкеріске басшылық қылған, алдыменен аянбай кіріскен – орыс жұмысшылары. Салт-сана құру жөнінде өзге елдердің алдында отырған да – осы орыс жұмысшылары, орыс еңбекшілері.

Орыс әдебиетінде төңкерістен бері көп өзгеріс болды. Төңкерістен бұрын орыстың екі-үш қана жұмысшылар, еңбекшілер тілегін жыр қылған ақындары, жазушылары болса – осы күні ондап-жүздеп, мындап шығып отыр. Әсіресе, соңғы үш-төрт жылда орыстың жаңа әдебиеті – еңбекшілер тілегін жыр қылған төңкерісшіл әдебиеті едәуір өсіп отыр. Түр жағынан да, мазмұн, идея жағынан да көзге түсіп, ауызға алынып отыр. Бұдан екі-үш жыл бұрын орыс сыншыларының арасында үлкен айтыс болды.

“Орыс әдебиетінде пролетариат әдебиеті бола ма, пролетариат ақындарымыз бар ма” деген сөздер қырық айтысқа түсті. Бастығы Троцкий болып бірен-саран сыншыларымыз “біздің қазіргі дәуіріміз – көшпелі дәуір. Капитализмнен социализм дәуіріне аяқ басып отырмыз. Бұл дәуірде нағыз пролетариат (жұмысшы) ақыны бола алмайды. Көшпелі дәуірімізге лайық әр елдің – көшпелі ақындарымыз, сатсалисшылдықты, адамшылықты көксеген көшпелі әдебиетіміз болады” дегенді айтты. Бұл пікірге маркстіл сыншыларымыздың көбі қарсы болды. “Жоқ, бізде көшпелі дәуір болғанмен, тап әдебиеті – пролетариат әдебиеті болады. Өйткені пролетариат табы әлі жер жүзінде байлар табын жеңіп біткен жоқ. Байлар табымен күресіп отыр, күресейін деп отыр. Пролетариат табы – өз үстемдігін, өз салт-санасын тудырып, өз жұртшылығын жасап, өзінің тап тілегін сұрыптап отырған тап. Бүйтіп отырған таптың өз тілегін жырлаған, өз мұңын мұндаған, өз тұрмысын суреттеген көркем әдебиеті болмасқа мүмкін емес. Біздің көшпелі дәуіріміз – ұзақ дәуір күреспен, тап тартысымен бітетін дәуір. Тап заманында билеген тап өзінің әдебиетін жасайды.

Бүгін адам баласына ортақ әдебиет, тапсыз, сатсалисшыл әдебиет тапқа бөліну жоғалғанда ғана болады. Олай болса, біздің орыс әдебиетінде де пролетариат үстемдігі жүріп тұрғанда, пролетариат әдебиеті туады. Пролетариат әдебиеті қазірдің өзінде-ақ туып отыр” десті. Осы күні соңғы пікір аныққа шығып, үстемдік алын отыр. Бұл пікірдің рас екенін кәмөнестер партиясы да айтып отыр. Көркем әдебиет туралы шыққан Орталық партия кәмитетінің қаулысында пролетариат әдебиетінің барлығы, болатындығы, күшейетіндігі ашып айтылған, алайда қазақтың бір сыпыра сыншылары бұл пікірге әлі де қол қоймаған көрінеді. Пролетариат әдебиеті жоқ, болмайды деген Троцкийдің қате пікірін Екеу мен Әминә (Мәмет келіні) қатты жақтайтын көрінеді. Екеу мақаласында:

«Қазақ тұрсын, орыстарда пролетариат әдебиеті жоқ, осыны Троцкий, Воронскийлер жазып отыр» («Еңбекші қазақ», №179-180) дейді.

Әминә жазады: “Біздің осы күнгі бастан кешіріп отырған дәуіріміз – талас-тартыс дәуірі. Келешектегі сатсализм тұрмысына ұмтылыс дәуірі екеніне адам таласа алмас. Бұл сергелденде техника де, қоғам тұрмысы да, қоғам құрылысы да, жалпы тілектері де

(идеологиясы да), бұлардан келіп туатын әдемі өнер, көркем әдебиетіміз де түгелінен бастарынан кешіріп отыр.

Тіршілік етіп отырған қоғамымыздың өзі де, тексеріп қарағанда, нағыз жұмыскер табының қоғамы емес (?) Сондықтан осы күнгі айтып жүрген “пролетариат әдемі өнері, пролетариат көркем әдебиеті” деп жүргеніміздің өзі таза жұмыскер табының тілектерін суреттейтін нәрсе болмай, ала-құла тап жіктер тілектерін суреттейтін (әрине, жұмыскер табы алдыменен) аралас өнерлер болып отыр.

Бұл туралы Троцкий “осы күнгі дәуіріміз жаңа мәдениет дәуірі емес, тек оған қарап ұмтылып, босағасына қарап аяқ салған кезіміз” дейді. Троцкий жолдастың мұнысы – талассыз дұрыс нәрсе. Тізгінді жұмыскер табы алып отырғанмен, қоғамымыз ала-құла болып, жалғыз жұмыскер табы қалып тазарып бітпегендіктен (!) әдемі өнер, көркем әдебиет дегендеріміз де ала-құла болған қоғам тұрмысын еліктеп суреттеп өте алмай отыр... Тап тазарып жетпеген кезде – аралас дәуірде ойдағыдай тап-таза тап мәдениетін орнатуға болмайды”.

Оқушыларымызға Троцкийдің қате пікірін жақтаушылардың сөзін де, дәлелін де түгел білдіру үшін Әминаның көп сөзін әдейі келтіріп отырмыз. Пікірін дәлелдеуге сөзді өзіне беріп отырмыз. Бұл сөздерге қарағанда, Екеу де, Әминә да “орыс әдебиетінде пролетариат әдебиеті жоқ, болмайды” деп, Екеу «Троцкий» осыны айтты деп Троцкийді ғана дәлел қылып отыр. Әминә өзінше дәлелдер келтірген. Дәлелдерін тексеріп көрейік. Әминаның бір үлкен дәлелі – “орыс пролетариаты тізгінді қолына алып отырғанмен, қоғамымыз ала-құла болып жалғыз жұмыскер табы қалып тазарып бітпегендіктен, мұндай тап тазарып жетпеген кезде – аралас дәуірде ойдағыдай таза тап мәдениетін орнатуға болмайды” дейді.

Әминә мақаласын маркшілдік жолменен жазған. Маркшіл сыншыларымыздың бір сыпыра сөздерін де келтірген. Мақала мазмұнына қарағанда, Әминә әдебиет мәселесімен таныс адам сықылды. Алайда Плехановты оқыған, Ленинді оқыған, Маркс жолыменен танысқан Әминаның мына пікіріне біз таң қалып отырмыз, ең аяғы, Әминаның өзі жақтап отырған Троцкий де пікірін мұндай дәлелдермен жақтаған жоқ еді. Әминаның мына пікірі де “жаңа”, дәлелі де “жаңа”. “Естімеген елде көп” қой. Соның бірі

шығар. Әйткенмен де бұл пікірге біз қайтсек те қосыла алмаймыз. Біздің ойымызша, бұл пікірдің Маркспен түк қатысы, жақындығы жоқ. Маркс тірі күнінде, маркшілміз деп жүрген біраз адамдар Маркстің пікірін қате түсініп, өздерінше бұзып, “сіз осылай дейсіз ғой” деп Маркске келген екен. Сонда Маркс тұрып, “жоқ, мен бұлай демеймін. Мұны сіздер сықылды “маркшілдер” айтады, менің дұрыс пікірім бұл емес” деп сықақ қылған екен. Маркс тірі болып, Әминә мына пікірін айтса, күмәны жоқ, Әминә да сол “маркшілдердің” жауабын алар еді.

О заман, бұ заманда “нағыз жұмыскер табынан ғана қоғам жасалады. Өзге таптар жоғалып, тазарып, жұмыскер ғана қалады” дегенді Әминәдан естіп отырмыз. Әминә жолдас, бұл “теорияны” қайдан таптыңыз?

Біз білген тарихта, біз білген тап тұрмысында бір таптан құралған қоғам жоқ. Тап болған жерде, бір тап болуға мүмкін емес қой. “Тап” деген нәрсе адам баласының бай, кедейге, құлдаушы, құлдатушыларға бөлінген кезінде ғана болады. Ақсақалдық, хан-бектер заманын алсақ, болған жоқ. Хан, феодал табы билеп өзгені құл қылды. Айтқанына жүргізді. Өзінің үстем салт-санасын жасады, тап мәдениетін құрды.

Бертін келе капитализм заманы болды. Капиталшылар үстемдік құрды. Жұмысшыларды, қалың еңбекшілерді айдағанына жүргізді. Өзінің тілегіне жанастырып жаңа салт-сана тудырды. Жаңа мәдениет – тап мәдениетін жасады.

Тапқа бөлінген қай қоғамды алсақ та, бір таптан жасалған қоғам жоқ. Бұл – бір. Екінші, ешбір заманда, өзі ғана тазарып қалып, өзге тап жоғалып қалмайды. Рас, капитализм дәуірі кемеліне келіп, феодал заманы кеткенде, феодал табы жоғалады. Алайда феодал орнын капиталшылар басады. Капиталшылармен бірге жұмысшылар туады. Тапқа бөлінуудің, тап тұрмысының түрі өзгергенмен, заты – қорлығы, зорлығы, әділсіздігі қалады. Пролетариат табы үстем болғанда да, капиталшылар – байлар табы ғана жоғалып кетпейді. Пролетариат табы билігі арқылы өзге таптар жоғалғанда, пролетариат табы да жоғалады.

Жұмысшы таптың идеалы, мақсаты – адам баласының тапқа бөлінуін жою.

Тап бар жерде адам баласына бірдей әділдік жоқ. Әділсіздіктің, қорлық-зорлықтың бірі – тап тұрмысының жемісі.

Сондықтан жұмысшы табы тап дегенді жоймақ. Сол жоятын таптың бірі — өз табы. Бірақ бұл тілекке жұмысшы табы бір күнде, бір жылда закон шығарып жетпейді. Бұл тұрмысқа жұмысшы табы — жұмысшы үстемдігі арқылы ғана жетеді. Тарих жолы, тұрмыстың өзі осы тапсыз тұрмысқа әкеп соғады. Байлар табы, шаруа табы бітсе, жұмысшы табы да өзінен-өзі бітеді. Өзге таптар жоғалып, жеке жұмысшы табы ғана болып жасауға болмайды.

Былай болса, Әминаның жұмыскер табы қалып, тазарып бітпегендіктен, қазіргі қоғамымыз жалғыз жұмыскер қоғамы болмағандықтан, пролетариат (жұмысшы) әдебиеті болмайды дегені — қисыны жоқ сөз. Капиталшылар табы өз мәдениетін, өз әдебиетін өзге таптарды билеп, аралас-құралас отырып-ақ жасаған. Пролетариат табы да сөйтпек.

Әминә болсын, Екеу болсын, “пролетариат әдебиеті болмайды. Орыста да пролетариат әдебиеті жоқ” деген сөзді мақалаларында дәлел үшін ғана келтіріп отыр. “Орыста да жоқ қой, қазақ арасында болушы ма еді, ауызға да алуға болмайды” десіп отыр. Шынында осылай ма? Мұны да тексерейік.

Бірінші — Екеу мен Әминаның “орыс марксистдері “пролетариат әдебиеті болмайды” деп айтты” дегені — өтірік. Троцкий, Воронский сықылды бір-екі адам ғана осы пікірді қолдаған. Марксист сыншылардың көбі бұл пікірге қарсы болған. Қателігін айтқан. Кәмөнестердің түп қазығы — кәмөнестер партиясы да троцкийшілдердің пікірі қате, пролетариат әдебиеті болады. Әзірдің өзінде де жасалып жатыр деген. Себебін жоғарыда айттық.

Екінші — Әминә, Екеу, Қошке сықылды сыншыларымыз “пролетариат әдебиеті болмайды” дегенде, “қазақ арасында кедейшіл әдебиет өркендемейді, көрнекті орын алмайды, үстем әдебиет бола алмайды” деген пікірді дәлелдеу үшін айтады. Міне, осы пікірді толығырақ тексеріп көрейік.

Жоғарыда тексеріп, “орыс елінде пролетариат әдебиеті бар. Пролетариат үстемдігі жүріп тұрғанда, үстем тап өз әдебиетін жасайды” дедік. Орыс әдебиетінде пролетариат әдебиеті қазірдің өзінде үстем бола алды ма, жоқ, әлі жаңа жасалып, жаңа күшейіп келе жатыр ма, бұл — өз алдына сөз. Бұл сөзге бұл арада біз тоқталмаймыз. Бірақ пролетариат әдебиетінің барлығына, үстем болатындығына шүбә болмауы керек. Осыны кәмөнестер партиясы да айтып отыр. Марксист сыншыларымыздың да көбі жазып отыр.

Ал енді қазақ арасына келсек, біздің қазақ еңбекшілері де орыс еңбекшілерінен етек-жеңін қымтап, бөлек, өзгеше тұрмыс жасап отырған жоқ. Кеңес Одағында қай елдің еңбекшілерінің болса да тілегі бір. Бүгінгісі де, келешегі де біріне-бірі байлаулы. Бірінсіз-бірінің күні жоқ. Бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып Кеңес Одағындағы еңбекші елдердің бірігіп, бір мемлекет құрып отыруының мәнісі де осы.

Қай ұлттың болсын еңбекшілері тілегіне пролетариат үстемдігі арқылы ғана жетеді. Капитал заманында еңбекшілерді бастайтын көсем тап — пролетариат табы.

Осы пролетариат табымен қол ұстасып бүгін жер жүзі еңбекшілері теңдік тұрмысына, сатсиал тұрмысына жетпек. Пролетариат табына еріп, пролетариат табымен тілек қосып, іс қосып теңдікке жетем деп отырған еңбекші елдің бірі — біздің қазақ еңбекшілері. Біздің Қазақстанда да пролетариат басшылығымен еңбекшілер үкіметі құрылып отыр. Қазақ еңбекшілері пролетариат табының басшылығымен жаңа тұрмыс жасап жатыр. (...) Қысқасы, орыс еңбекшілері арасындағы үкімет құрылысы, мәдениет құрылысы бізде де болып отыр. Рас, бізде тұрмыс басқалығынан туған өзгешеліктер бар. Біз шабан өсіп келеміз. (...) Орыс мәдениетінің — соның ішінде көркем әдебиеттер бар — біздің қазақ мәдениетінен көлемі де басқа, өсіп-өркендеуі де басқа. Алайда орыс арасында, қазақ арасында да жаңа мәдениет пролетариат бағытымен өспек — пролетариат табының басшылығымен жасалмақ.

Сол мәдениет жұмысының бір бөлігі — көркем әдебиет. Рас, көркем әдебиеттің өзге мәдениет жұмыстарынан өзгешелігі бар. Тез, бірер жылда, ойлағандай көркем әдебиет жасауға болмайды. Өзге мәдениет жұмыстарымызға қарағанда, әдебиет кенжелеу болады, кешеулеп отырады. Алайда көркем әдебиетте де пролетариат әдебиеті үстем әдебиет болмақ. Пролетариат әдебиеті жұртшылықты тура суреттейтін, жұртшылық тілегін таба білетін, жырылай білетін үлгілі әдебиет, басшы әдебиет болмақ.

Ұлт республикелерінде мәдениеттің сыртқы түрі ұлт мәдениеті болса, мазмұны — ішкі түрі пролетариат бағытымен болсын деген осыдан туады.

Қазақ арасында пролетариат әдебиеті бола ма деген сөзге біз осыны айтамыз. Бірақ мұнымен біздің таласымыз бітпейді. Біздің

сыншыларымыздың қазіргі бір үлкен таласы — қандай әдебиетіміз бар деген сөзде. Дәл осы сөзде кәмөнес сыншыларымыздың арасында да пікір басқалықтары бар. Кәмөнес сыншыларымыздың пікірлерін кейінірек сөз қылармыз. Әуелі ұлтшыл сыншылардың пікірін тексерейік. Бұлардың (ұлтшылдардың), өздерінше айтқанда, сөз түйіні мынаған келеді.

“Қазақ әдебиетінде қазір екі бағыт бар. Біреуі — бұқарашылдық. Екіншісі — кедейшілдік. Қазақ елі — жан жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі жаңа қалыптанып жетпеген ел. Ұлтшылдық сезімі кемеріне келмеген ел. Тапшылдық, әлеуметшілдік пікірін жаңа ғана естіп отырған ел. Өткендегі хандарын-билерін, батырларын жырлап, ақылы, ойы ертегімен, қиссамен, қиялмен суарылып келген ел. Қазақ әдебиетінде кедей әдебиеті (Қошке сөзі, Г.), тапшыл әдебиет (Екеу сөзі, Г.) жоғарыда айтқандай көрнекті орын алады деуге болмайды.

Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашылдыққа айналып отыр. Бұл – табиғи жол. Біздің әдебиетіміз халықшыл, бұқарашыл болуға тиіс. Әдебиет техникеге байланса, онда тым бұқарашыл (тым ұлтшыл дегені ғой? Г.) болу керек. Қазақтың ұлтшылдығы — үстемдікті, бағындыруды көкसेген, шегіне жеткен озбыр ұлтшылдық емес — алдымен, бас қорғауға, жансауға қылуға, жете алса, теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық”. («Еңбекші қазақтың» 27-жылдағы 267-нөміріндегі Қошкенің мақаласын қара.)

Соңғы кездегі ұлтшылдардың қазақ әдебиеті туралы негізді пікірлері осы.

Біз ұлтшылдардың қорытып айтқан өз сөздерін ғана келтірдік. Осы сөздерін Қошке де, Екеу де маркшілдердің сөзімен дәлелдемек болған. Әсіресе, Екеудің бір сөзі өздерінікі болса, екі сөзі Троцкий, Воронский, Луначарскийлердің сөздері болып отырады.

Біздің бұл сөзімізге кейбір оқушылар танданар да, “е, бұлары жақсы емес пе. Өздерінің пікірімен айтқанша, маркшілдердің сөздерімен айтса, одан артық не керек. Бұған кінәлауға бола ма?” дер. Оқушыларымыздың бұл сөзі — айтарлық сөз. Осыны айтқан кісінің сөзіне біз де құлмыз. Бірақ, ұлтшылдарымыз маркшілдердің пікірін қалай ұғындырады, қалай пайдаланады, орнымен келтіре ме, міне, әңгіме осында. Маркшіл сыншыларымыздың дұрыс пікірін

дұрыс ұғындырса, бұзбаса, қисайтпаса, орнымен айтса, әрине, кінәлауға болмайды. Кінәлағаны сол — бұған біз қуанар едік.

Амалың не? Біздің ұлтшылдарымыз осыны істемей отыр ғой. Бұлар маркшілдіктің атын алып, затын өзгертіп отыр. Маркшілдердің сөздерін келтірсе, өздерінше бұрмалап бұзып-жарып келтіреді. Немесе бірен-саран маркшілдердің теріс пікірлеріне жармасып, сол теріс пікірге сүйеніп өздерінің теріс пікірлерін өткізбек болады.

Мұның атын саясат тілінде “сасық қулық” дейді. “Сасық қулық” емей, немене? Біреудің дұрыс пікірін бұрыс қылып түсіндірсе, орнымен айтылған сөзді орынсыз жерге әкеп қиліктірсе, біреудің атын сатып жұртқа білдірмей өз пайдасын (пікір жағынан айтамыз) табам десе, мұның аты — әрине, “сасық қулық”.

Ардақты оқушы, өз көзіңмен көріп отырсың, ұлтшылдарымыздың жоғарғы өз сөздерінің маркшілдік пікірмен не жанасы, не жақындығы бар?

Сөздерін бас-басына тексерейікші.

Қошке, Екеудің ойынша, қазақ елінде әлі де өзгере қоймаған ештеңе жоқ. Бұлардың ойынша, қазақ елі тапшылдық пікірді естіп қана отыр. Әлі де хан-батырын, биін жырлап ақылы, ойы солармен суарылып отыр. Ұлтшылдығы кемеліне келмей отыр. Қазақтың бұрынғы ұлтшылдығы бүгінде бұқарашылдыққа айналып отыр.

Ұлтшылдықтың бұқарашылдыққа айналуы — бұл табиғи жол.

Қазақтың мәтелі бар ғой — “әркім өз ойынан хабар береді” дейді. Маркс та айтады, капиталшылар — байлар табы өзінің ойын, өзінің тілегін, мінез-құлқын басқа таптарда да бар деп біледі. Өзіне қарап жұртқа үлгі пішеді дейді. Осы сөздің растығына мына Қошке мен Екеудің сөзі анық дәлел.

Екеу мен Қошкенің басына тапшылдық пікір бар деген сөздер енді ғана кіре бастаған. Сондықтан бұлар тапшылдық пікірді бүгін қазақ еңбекшілері де жаңа ғана естіп отыр дейді. Бұған кім нанар? Ресейде Кеңес үкіметі орнағанына 10 жыл толып, 11 жылға аяқ басты. Қазақ еңбекшілерінің де өз үкіметін, өз республикесін құрғанына 7 жыл болды.

7 жылдың ішінде қазақ ішінде өзгеріс болмай отыр ма? Қазақ кедейі ұйымдасып отыр. Кедей “Қосшы” ұйымына кіріп отыр. Қазақтың еңбекші жастары кәмсәмол болып отыр. Қазақ еңбекшілерінің саналы басшылары кәмөнес партиясын жасап,

жұртшылықты, үкіметті басқарып отыр. Өзге қазақ еңбекшілерін былай қоялық, осы ұйымдасып отырған қазақ еңбекшілері де жан жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі қалыптанбай, тапшылдық пікірін жана ғана естіп отыр ма? Осылар да қазақтың батырын, ханын, биін жырлап, жоқтап отыр ма?..

...Біз манадан бері ұлтшыл сыншыларымыздың қазақ еліне берген жалпы сынын тексердік. Енді ұлтшылдарымыздың қазақта қандай әдебиет бар, қандай әдебиет көрнекті орын алады деген сөздеріне келейік.

Әрине, қазаққа ұлтшылдық керек деп отырған ұлтшылдарымыз “қандай әдебиет керек?” дегенде де ұлтшылдық (мұны бұлар бұқарашылдық деп айтады!) жолындағы әдебиет керек дейді. “Қандай әдебиет көркейеді?” деген сөзге де осы жауап: “қазақ әдебиетінде кедей әдебиеті — тапшыл әдебиет жуырда аяқталмайды. Көрнекті орын да ала алмайды. Қазақ әдебиеті бұқарашыл (ұлтшыл деп отырғаны. Е.) әдебиет болуға тиіс дейді.

Біздің Әбдірақман 1926-жылы “Қазақ әдебиеті қай дәуірде” деген мақаласында “ұлтшылдарымыз соңғы кезде “жатып атарлық” әдіске түскен” деген еді. Қошке, Екеудің мына сөздеріне қарағанда, ұлтшылдарымыз енді “жатып атудан” “түрегеп атуға” түскен деуге болады.

Қазақ еңбекшілері жылдан-жылға сана-сезімі артып ұйымдасып отыр. Байды кәперетіптен, мектептен, кеңестен қуып отыр... Өстіп отырған елде ұлтшылдарымыз “әдебиетте ұлтшылдық — байшылдық үстем болады” дейді!

Жоғарыда да айттық қой, қазақ байы — күні кетіп, биліктен айрылып кер кетіп тозып бара жатқан тап. Келешегі жоқ — өлген, өлетін тап. Мұндай таптың көркем әдебиетінде қандай келешек болмақ? Биліктен кеткен, кер кетіп тозып бара жатқан таптың көркем әдебиеті үстем әдебиет болғаны қай тарихта, қай тұрмыста бар?

Өсетін әдебиет қашан да болса, үстем жұртшылыққа сүйенеді. Бізде үстем жұртшылық — кедей жұртшылығы — еңбекшілер жұртшылығы. Қазақтың үстем болатын, өсетін әдебиеті де осы жұртшылыққа сүйенбей ме?

Байдың тілегін жырлап ұлтшыл әдебиет болып отырып еңбекшілерге жағатын әдебиет бола ала ма? Тіпті мысалмен дәлелдейік. Мағжанның “Жолдасқа”, “Күн шығыс”, “Пайғамбар”

деген өлеңдерін алайық. Бұл өлеңдер бай тілегін, Қошке, Екеуше айтқанда, ұлтшылдық (шындығында, ұлтшылдықтың бір түрі. Ғ.) тілегін жырлап отыр.

Мағжанның осы өлеңдері қазақтың қай кедейіне керек өлеңдер? Мағжанның осы өлеңдерімен қазақ еңбекшілерінің ойын қозғауға бола ма, тілегін табуға бола ма? Әзір соқыр болса да, “болады” деген сөзді Қошке, Екеудің өздері де айта алмаса керек. Олай болса, ұлтшылдық әдебиет өседі деуде не шындық бар? Шындығы жоқ сөз. Қошке, Екеудің байшылдық тілегінен ғана туып отырған сөз.

Әрине, қазақ арасында байшылдық, ұлтшылдық жойылмаған соң, бай тілегін жыр қылған ұлтшыл ақындарымыз да болады. Мұндай ақындар қазірде де бар. Ұлтшылдық бағыттағы әдебиет әлі де болса күшті. Бірақ қанша күшті болғанмен, бұл әдебиет — өркені өспейтін, келешегі жоқ әдебиет. Мағжан, Мұқтарлар қанша күшті ақын болса да, бай тілегін, бай жұртшылығын жырлап отырғанда, ілгері баспайды. Кер кетеді. Жаңа жұртшылыққа — еңбекшілер жұртшылығына жексұрын болады; “Екі дәуірдің пікірі бір-біріне қарсы келгенде, ескі пікірге, ескі жұртшылыққа сүйенген көркем әдебиет жаңа жұртшылыққа жексұрын болады — ешбір әсер бермейді” деп Белинский де айтқан (В. Белинский — Соч. А. Пушкина. Выпуск 1, стр. 19) (1). “Орыс сыншылары” деген мақаласында Белинскийдің осы пікірін Плеханов та қуаттайды: “Күшті ақынның күштілігі тарихи маңызы бар, келешегі бар жұртшылықты жырлай білсе ғана көрінеді” дейді. (Г. Плеханов. том X, стр. 298.)

Қазақта да осылай. Қазақтың да келешектен үміті бар, өзімді де, ақындығымды да көмбеймін деген ақын еңбекшілер жұртшылығына ғана сүйенсе, ақындығын көсіпте алады. Осындай ақыннан ғана еңбекшілер үлкен үміт қылады. Пайда табады. Қошке, Екеудің тап әдебиеті (бұлар кедей әдебиеті деп те айтады) өркендемейді дегендей тағы бір үлкен дәлелі: “Еңбекші жазушыларымыз жабайы, сұр өмірді жазуға әуестенді. Өнер болу жағын ескермейді. Баяғыда францияда якобинистер құрғақ айғайға салынған. Қазірде де солай (Екеу сөздері). Біздің жазушыларымыз емлені білмей жатып, қатардан қалғысы келмей өлең жазады (Қошке сөзі)” дейді. Бұл дәлелдерін де тексеріп көрелік.

Орыс әдебиетінде нағыздық бет күшейіп, халықшыл, бұқарашыл жазушылар орыстың шын өмірін, әсіресе, қалың жұмысшының өмірін жаза бастағанда, орыстың байшыл сыншылары “әдебиетіміз кара сөз болып барады. Саясатқа беріліп кетті. Көркемдіктен айрылды” деп жылаған. Әсіресе, мұндай әдебиеттің өркендеуіне марксистдер сыны кінәлы деген.

Қошке, Екеудің “қазіргі еңбекшілер әдебиеті сұр өмірді жазып кетті, құр айғайға (саясатты бұлар айғай дейді) беріліп кетті” дегені осы орыс байшылдарының бұқарашылдық әдебиетке берген сыны сияқты. Содан түк айырмасы жоқ.

“Бай байды табады”, Қошке, Екеу де бұл жөннен адасып отырған жоқ. Түпкі тілегі бір мұндас, орыс байшылдарымен бұл мәселеде де қосылып отыр.

Біз бұрын да айтқамыз. Біздің үстіміздегі дәуір – көшпелі (переход) дәуір. Еңбекшілер жұртшылығы — жаңа өсіп келе жатқан жұртшылық. Жаңа жұртшылықпен бірге жаңа әдебиетіміз де өсіп келеді. Жаңа әдебиетіміз жас жұртшылықтың бүгінгі тұрмысын, бүгінгі тілегін жыр қылса, бұл – табиғи нәрсе. Мұндай уақытта қай жұрттың тарихын, әдебиетін алсақ та, саясатқа (публицистика) қатынасқан. Алдыменен жаңа жұртшылықтың идеясын, тілегін суреттеуге тырысқан. Плеханов айтады: “белгілі бір дәуірде керкем әдебиет саясатқа — күнбе-күнгі жұртшылыққа (публицистика) беріледі. Саясат, жұртшылық тілдер әдебиетті өз үйінде билеп салады” — дейді.

Плехановтың бұл сөзін толығырақ айтқанда, “көркем әдебиет белгілі бір дәуірде, әсіресе, жаңа өсіп келе жатқанда, алдыменен жұртшылық тілектерін табуға тырысады. Саясатқа көбірек қатысады. Сөз өмірдің анығын жазады” деген сөз болады.

Мәселен, біздің қазіргі төңкерісшіл әдебиетіміз төңкерісті жырлайды. Төңкерісті жасаған ерлерді жырлайды. Төңкеріс заманында туған жаңа тұрмысты, төңкеріс заманындағы еңбекшілер дұшпанын, ескілікті, ескі адамдардың тұрмысын қандай суреттесе, төңкеріспен туған жаңалықтарды, жаңа адамдарды да сондай суреттейді. Қысқасы, бүгінгі барды бар күйінде жазады. Барды, тұрмысты төңкеріс көзімен көріп жазады. Еңбекшілер жұртшылығына сүйеніп жазады.

Міне, мұның бәрі күндегі сұр өмір — бүгінгі жұртшылықпен, саясатпен байланысып жатқан өмір. Еңбекші ақын,

жазушыларымыз осы өмірді жазса, төңкеріс көзімен көріп жазса, бұған еңбекшілер жұртшылығы қуанбаса, ренжімейді. Өйткені бүгінгі дәуірде еңбекшілердің тілеп отырған әдебиетінің өзі — осындай әдебиет.

Мұндай әдебиет, әрине, қазақтың байына, байшындарына ұнамайды. Күні кеше байшыл, ұлтшыл әдебиетте қазақтың байы, билік айтқан шешен биі, байшыл оқығаны, сары қымызды сапырған бәйбішесі, сауық құрып сайрандаған, қыз-келіншекпен ойнаған, жүйрік жүгірткен, қаршыға салған сал жігіті, мырзасы, байды мақтаған ақыны жұртқа үлгі-өнеге берсе, ақын жазбаларында төрден осылар орын алса, жұртшылыққа осылар басшы болса, бүгінгі әдебиетте, еңбекшілер әдебиетінде бұлар ол “қасиеттен” айрылып отыр.

Бүгінгі еңбекшілер әдебиетінде жұртшылық еліктейтін геройлар — қазақтың көмөнес, кәмсәмолы, жұмысшы, қосшы кедейі, батырағы, еңбекші әйелі, кедейшіл оқығаны. Бұлардың бәрі де көркем әдебиетте — жаңа заманмен туған жаңа адамдар. Қазақтың ескі әдебиетінде көзге түспеген, ауызға алынбаған адамдар. Қошке, Екеулер қанша бұларға жол бермеймін десе де, бүгінгі еңбекшілер әдебиетінде төрден орын алатын — осылар. Жаңа жұртшылықтың тілеп отырған кедейлері де осылардан шығады. Өркені өсетін, өз түсін білген ақын, жазушы осыларды жыр қылады. Жаңа жұртшылыққа алдыменен осыларды көрсетеді. Қысқасы, не жазса да, жаңа жұртшылыққа сүйеніп жазады.

Міне, осындай жаңа заманның жаңа адамдарын суреттеген әдебиет, жаңа жұртшылыққа сүйенген әдебиет — келешегі бар әдебиет. Өсетін, беті ашық әдебиет.

Қошке, Екеу бұл әдебиет өспейді десе, біз өседі дейміз. Өскені сол, бүгін, ертең қазақта үстем әдебиет болады дейміз. Байшыл әдебиет жылдан-жылға өше бермек, еңбекшілер әдебиеті — бұқарашыл, кедейшіл әдебиет жылдан-жылға өсе бермек.

Осы күннің өзінде де жаңа әдебиет едәуір таралып қалды. Сәбит, Бейімбет, Сәкен, Жақан, Илияс, Асқар, Қалмақандар — жаңа әдебиеттің ақындары. Рас, бұлардың кемшіліктері жоқ емес. Ол туралы кейін жазбақпыз. Бірақ, қандай кемшіліктері болса да, бұлар — жаңа заманның ақындары, төңкеріс ақындары. Еңбекшілер жұртшылығына сүйенетін ақындар.

Сөз қорытып, қазақта қазір қандай әдебиет бар дегенде, біздің айтарымыз — қазақта негізінде екі жұртшылыққа сүйеніп отырған әдебиет бар, бірі — байшылдық, ұлтшылдық жұртшылыққа сүйенетін байшыл әдебиет. Екінші — еңбекшілер жұртшылығына сүйенетін бұқарашыл, еңбекшілер әдебиеті.

Қазақта өркені өсетін, көрнекті орын алатын әдебиет — еңбекшілер әдебиеті.

Біз манадан бері ұлтшыл сыншыларымызбен таластық. Ұлтшыл сыншылардың қазақта қандай әдебиет бар, қандай әдебиет өседі деген сөздерін тексердік, қате пікірлерін аштық. Бір реттен, осымен сөз доғарсақ та болар еді. Бірақ әлі де болса, біздің таласымыз біткен жоқ. Ұлтшылдармен бітсе де, өз арамыздағы (кәмөнестер арасындағы) таласымыз біткен жоқ. Қандай әдебиетіміз бар деген сөзді өз ішімізде де түрліше ұғынатындарымыз бар. Енді осыған келейік.

Біз жоғарыда қазақта қай әдебиет үстем болады дегенде, еңбекшілер әдебиеті үстем болады дедік. Осы сөзді кәмөнестер сыншыларымыздың бәрі де айтады. Бірақ осы сөзді ашып алуымыз керек.

Еңбекшілердің ішінде жұмысшы бар, кедей бар, өз еңбегімен күн көріп отырған орта шаруа бар. Біз еңбекшілер дегенде, осыларды жалпы алып айтамыз. Бұқарашыл, кедейшіл әдебиетіміз дегенде де, біз пролетариат әдебиеті мен шаруа әдебиетін қосып айтып отырмыз.

Ал “еңбекшілер” деген сөзімізді екшеп, еңбекшілер әдебиетінің ішінде қай әдебиет үстем болмақ деген сөзге келсек, әрине, жұмысшы пролетариат әдебиеті үстем болмақ дейміз. Мұның себебін жоғарыда айттық. Тағы да дәлелдеудің қажеті жоқ.

Жалғыз-ақ, бұл арада айрықша тоқталатын сөз біздің дәл бүгінгі бұқарашыл, кедейшіл әдебиетімізде қандай әдебиет үстем болып отыр. Біздің қазіргі бұқарашыл, төңкерісшіл ақындарымыз қай тұрмысты жазып отырған ақындар, міне, осы сөзге тоқталуымыз керек. Өз арамыздағы таластың бір сыпырасы осы сөздерге байлаулы.

Екінші біріне мәлім нәрсе — ауылдағы шаруа тұрмысы мен фабрика-зауыптағы жұмысшы тұрмысы бір емес. Әр қайсысының тұрмыс басқалығынан туған өздеріне қас мінез, құлықтары бар. Пікірлері бар. Салты бар. Шаруа тұрмысын жазсаң, шаруа мінезін,

шаруа салтын көрсетесің. Жұмысшыға (бірен-сарандары болмаса) түсініксіз болады. Өзге тұрмыстан, бөтен тұрмыстан жазылған болып көрінеді. Жұмысшы тұрмысынан жазылғандардың да бір сыпырасы шаруаға осылай көінеді. Бұл — табиғи нәрсе. Екеуінің тұрмысы екі басқа. Әр қайсысының өз тұрмысы өзіне түсінікті. Өзіне жақын көрінеді. Өзінің күнде көріп жүрген тұрмысынан жазылған әңгіме, өлең адамды тез қозғайды. Көңіліне тез қонады. Тез әсер береді.

Көркем әдебиеттің бір үлкен “қасиеті” тұрмыстағы барды бар күйінде жазуында. Нағыздың жолдағы әдебиетіміз — осындай әдебиет. Шаруа тұрмысынан жазсаң, жоқ адамды басыңнан ойлап шығармайсың. Бар шаруаны жазсаң, шаруа тұрмысының жақсы жағын да, жаман жағын да керсете жазасың. Жұмысшы тұрмысынан жазсаң да осылай.

Біздің осы күнгі еңбекшілер әдебиетіміз, осы жағынан қарағанда, қандай әдебиет, қай тұрмысты жазып отыр?

Біз білген бұқарашыл ақындарымыз әлі қазақтың даласында жүр. Қазақтың шаруасының тұрмысын жазып жүр. Қазақтың жұмысшыларының тұрмысынан жазғандар — жоқтың қасы. Жұмысшылар тұрмысынан жазған Сәкен, Сәбиттің бірен-саран әңгіме, өлеңдерінен басқа жазылғандарды біз білмейміз. Бұл сезбен біз ақындарымызды кінәлайық деп отырғамыз жоқ. Ақындарымыз ауылды жазып отырса, бұл айып емес. Ақын көргенін, білгенін жазады. Біздің осы күнгі бұқарашыл ақындарымыздың бәрі де — ауылдан шыққандар. Ауылды жақсы біледі. Өскен ортасы - ауыл. Көргені — ауыл. Бұқарашыл ақындарымыз сол көрген, білгенін жазады. Сондықтан қазіргі бұқарашыл әдебиетіміз де көбінесе шаруа әдебиеті болып отыр. Қазақ жұртшылығына шаруа тұрмысын суреттеп отыр. Әрине, келешекте де бұқарашыл әдебиетіміз осы қалпында қалады деуге болмайды. Бүгін болмаса, ертең қазақ жұмысшыларының тұрмысынан жазушыларымыз да шығады. Қазақ жұмысшылары жылдан-жылға көбейіп келеді. Қазақ өміріне әсер ететіндей болып келеді. Қазақ жұмысшысы, сөз жоқ, көркем әдебиеттен тиісті орнын алмақ. Бүгін болмаса, ертең пролетариат әдебиеті қазақта да басшы әдебиет, көрнекті әдебиет болмақ.

Біздің ойымызша, бұған талас болмасқа керек. Алайда қазірдің өзінде де ауызға аларлықтай қазақта пролетариат әдебиеті бар дегенге біз қосыла алмаймыз. Мұны айтатындар өзін де алдайды,

жұртты да алдайды. Рас, жұмысшы ақыны болам дегендер бізде жоқ емес. Бұл жақсы тілек болу керек. Тілектеспіз. Бірақ болам деп ниет қылу мен болудың арасында көп айырма бар. Бізде де әлі жұмысшы ақыны жоқ. Жұмысшы ақынымыз деп жүрген Сәкен мен Сәбитті алсақ та, әлі жұмысшы ақыны емес. Бұлар да көп өлеңінде әлі шаруа ақыны болып отыр.

Біздің кейбір кәмөнестеріміз ақынның кәмөнестік белеті болса, ол ақын пролетариат ақыны бола қалады деп ұғады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Жалғыз ақындық емес-ау, нені де болса белетпен дәлелдеу — бейшара адамның ісі. Кімнің де болса кәмөнестігі ісінен, негізгі пікірінен көрінеді. Ақынның да кім екені, қандай ақындығы белетінен емес, жазған өлең, әңгімесінен көрінеді.

“Әдебиет майданында” деген мақаласында Сәкен “біздің туысымыз пролетариат болмаса да, пролетариат әдебиетін жасаймыз” дегенді айтып отыр. Пролетариат тұрмысын білсе, пролетариат тілегіне сүйенсе, пролетариат табының жақсы, жаманын кәмөнестік көзімен көре білсе, әрине, пролетариат болып тумаса да, пролетариат әдебиетін жасай алады. Бұған талас жоқ. Бірақ бізде әлі ондай болып отырған ақынымыз жоқ қой. Әңгіме осында ғой.

Сәкен, Сәбит жұмысшы ақыны боламыз дейді екен, бола алмайсың деп таласпаймыз. “Бол” дейміз. Тек біздің айтарымыз — әлі болған жоқсыңдар дейміз. Міне, талас осында ғана.

Кейбір кәмөнестеріміз пролетариат әдебиеті болу үшін қай тұрмыстан жазғаны есеп емес, тек нені жазса да, пролетариат бағытында жазса болғаны. Біздің пролетариат ақындарымыз да қазақтың шаруа тұрмысын ғана жазып отырғанмен, пролетариат бағытында жазып отыр, сондықтан олардың жазғанын пролетариат әдебиеті деуге болады дейді. Бұл сөздің дұрыс та жері, бұрыс та жері бар. Алайда дұрыстан бұрысы көп. Талас жоқ, пролетариат әдебиеті жалғыз пролетариат жайында ғана жазу керек деп ешкім де айтпайды. Бірде пролетариат — үстем тап. Бүтін еңбекшілерді артына ертіп, бастап отырған тап. Өзімен-өзі ғана болып отырған жоқ. Сондықтан пролетариат ақыны шаруа тұрмысынан да жаза алады. Қала мешаны, байлар тұрмысынан да жаза алады. Бірақ, негізінде, пролетариат әдебиеті пролетариат тұрмысынан туады. Фабрик-зауыт, кен — міне, пролетариат әдебиетінің ошағы — осылар. Пролетариат әдебиетіндегі геройлар осындай жерден

шығады. Мұндай жерден шықпаса да, пролетариат тұрмысымен тағдырын байлаған, пролетариат жұртшылығын жасап, бастап отырған адамдардан шығады.

Осы күнгі орыс әдебиетіндегі пролетариат ақындары деп үлгі қылатын Глазков, Серафимович, Лебединскийлердің ауызға алынған әңгіме, романдарындағы геройлар, көбінесе, не фабрик-зауыттан шыққан кәмөнестер, не жұмысшылар. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында орыс жұмысшыларының көбі соғыс майданында болды. Жұмысшылар не әскер бастығы, не әскердің өзі болып кетті. Көп фабрик-зауыттар тоқталып қалды. Орыстың осы кездегі пролетариат ақындары да жазатын болды. Қызыл әскер мен ақтардың соғысын, қызыл әскердің ерлігін, тұрмысын жазатын болды. Алайда пролетариат ақындардың геройлары әскердегі фабрик-зауыттан шыққан жұмысшы мен кәмөнестер болды. Сондықтан пролетариат ақындарымыздың соғыс майданын жазғаны да пролетариат әдебиеті деп саналады. Біздің бұқарашыл, кедейшіл ақындарымыз кімді жазып отыр? Біздің кедейшіл ақындарымыздың геройлары — ауыл кедейі, ауылдағы жылқышы, қойшы, батырақ, ауыл кәмөнесті, ауыл әйелі. Пролетариат ақыны дейтін Сәбиттің де көбінесе жазып отырғаны — ауыл батырағы, ауыл кедейі. Өзге бұқарашыл ақындарымызға қарағанда, батырақ, кедейдің тұрмысын анығырақ көрсеткен — Сәбит деуге болады. Әсіресе, Сәбит байдың жалшы кедейге істеген қорлығын, зорлығын жақсы суреттейді. Алайда Сәбиттің де кедейі — ауыл кедейі. Ауыл тәрбиесінде өскен, ауылдан ұзап шықпаған, ауылдың ескіліктен, надандықтан қол үзбеген кедейі. Пролетариат салт-санасына оңдап түсінбеген, түспеген кедей. Бейімбеттің Мырқымбайы да сондай.

Сәкен — Сәбит, Бейімбеттерге қарағанда, қалаға жақын ақын, қаланың айырпыланына экспресіне, аптамебеліне Сәкен өзге ақындардан бұрын мінді. Бұрын жырлады. Бірақ бұлармен де Сәкен пролетариат ақыны бола алған жоқ. Сәкеннің де жырының түпқазығы ауылда жатыр.

АЛҚА

Табалдырық

Қазақ адабияты тоғыз жолдың торауында тұр. Артында - бір жол, алдында - мың жол. Мың жолдың ішінде - өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ адабиятын мынау мың жолдың торауына алып келіп, аңыртып тұрған тұрмыс. Қазақ тұрмысы, орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығысуы - қазақ адабиятының орыс әдебиеті екпініне, орыс адабияты арқылы еуропа адабияты екпініне кез келуі; тас пен жапалақтың - жапалағы өлмек. Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ адабияты еліктемек.

Бірақ, бізге молда болатын еуропа адабиятының өзі - бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау еуропаны қоя-ақ қоялық, көршіміз орыс адабиятын алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде, пролетариат төңкерісі дәуірінде, Кеңес үкіметінің өзінде орыс адабиятының мың бағыты бар. Бәрінің жалауы - қызыл, ұраны - төңкеріс, алды - ортақшылық сықылды. Алайда, искусство, хәм оның бір саласы болған адабият туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар - «Искусство бар хәм болмақ» деген бағыттан бастап, «искусство жоқ хәм болмақ емес, бұрын болса да, бұдан былай болмақ емес» болуға тиісті емес - деген бағытқа шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, ертен өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз: Әйеліміз, ерлеріміз, саясаткерлеріміз, шаруашылдарымыз, адабиятшыларымыз - тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс те осыны тілейді. Тұрмыс та осыны тілейді. Бірақ, майдандағы әскердің әрбір тобының, әрбір табының дербес міндеті болмақ. Әр топ өз міндетін дұрыс атқарса ғана, жалпы әскер соғысты ұтып шықпақ. Бұл топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айқайы - аттанының желімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты, үркердей бір тобы. Бұлардың мойнында, жалпы әскерлік міндетінен

олса да дербес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса - ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе - әскер емес.

Қазақ елі, Еуропа мәдениеті көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қамалып қалуы мүмкін, әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айқайдың екпінімен кетуге мүмкін. Адабиятты - айқай ғана деп, ақындықты - үгіт-насихат қана деп ұғуға [мүмкін]. Мысалы, адабият - не діншілдік «Бәдуамы», не дінсіздік «Бәдуамы», әйтеуір, «Бәдуам»⁴ деп ұғынуға мүмкін. Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуі мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, адабият қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз, тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес - Абылайша⁵. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша [қарау] керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, Абылайша қалып, бәріміз сыятын боз орда тігілер. Бұл - келешектікі. Әзірге баспана - абылайша.

Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап төрге шық!
«Алқаға» кір.

I

Адабиятымыз

«Адабияттың өзінше дәуірлеуі техника мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды», - дейді (*) Маркс. Осы пікірін бекіту үшін Грек тарихының Гомер заманы мен Еуропа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында, Гомер заманындағы гректің, Шекспир заманындағы Еуропаның техникалық мәдениетінің балаң болғаны рас.

⁴Бәдуам - ашппе

⁵Абылайша - жорық кезіндегі әскери көс

⁶К. Маркс - Введение «К критике полит. экономии». Изд-во Москва. Рабочий, 1922 г.

Алайда, сол дәуірлерде Грек пен Еуропа адабияты құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру — адабият тарихшысының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне табыстырсақ, «Қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған, [сондықтан да] адабияты да жоқтың қасында болған» деген пікір ұстау - қате. Шынында, қазақтың өзінше терең адабияты болғаны хақ һәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі - қыры, қайғысы - қуанышы, ойы - қиялы адабиятында түсіп отырған. Әзірше, тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой, қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар-қазақ даласына бет алған еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ адабиятының алыбы Абай - қазақ даласына кеулеп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да, тереңдігі де - осында. Абайдың алыптығы - қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолымен екі өмірмен алысқандығы, сондықтан, қазақ адабиятының ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, адабиятқа жаңа түр кіргізгендігі.

Абай жиын тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе, баспа сөздің жоқтығынан Абайдың адабияттағы бағыты, әсіресе, түрі елге тарай алмайды. Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре береді, ел езіле береді. Адабиятта, бағыт та, түр де қалмайды. Әдебиет «Ғизатлұл - оқу - мұтырлы», «Биссимиллаһ деп башлайын сөздің басын» сықылды балдыр- батпаққа айналады.

Бірақ, еуропа отаршылдығының бір қасиеті - «құлды көп қуып батыр қылуы», өлімге бұйыруы мен өмірді сүйгізуі, езілген елдің ұлттық сезімін оятуы. Осы заң бойынша 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сүлесіз жатқан қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанның есін жия бастағанда бірінші үні - ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905 жылдан соңғы адабиятымыз - «Оян қазақ», «Қырық мысал» сықылды, елім, жұртым деген адабиятымыз сол күңірену. Сол зар ете күңіренген жаралы жанның көзіне әлгінде ғана қылышынан қан тамып майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ел — кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Адабиятымыз

да мынау «Оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасынан елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Адабиятымыз осы күйде тұрғанда, біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік.

Бұл күнге шейін төңкеріс һәм адабиятымыз

Үстіміздегі зор төңкеріс - бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен біздің адабиятымыз бастапқы жылдарда төңкеріс туралы еш нәрсе жаза алған жоқ, адабиятымызда төңкеріс туралы қолға аларлық еш нәрсе болмағаны даусыз. Адабият өзінің бұрын келе жатқан бетімен жүре берді. Бір жағынан, орыс отаршылығының зардабынан елге кірген бүліншілік, бұзықтықты суреттеп, екінші жақтан- елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты.

Маркстіл зор ғалым Плеханов: «Шаруа - тұрмыс-салт төңкерісіне бейімделуі болмақ» ⁽⁷⁾ - дейді. Төңкеріспен қазақ тұрмысының сырты ғана соқтыққан сықылды болғанымен, санасы - дағдылы жолымен келе жатты. Сондықтан, адабиятымыз төңкерістің бастапқы дәуірінде де өзінің табиғи жолымен өсіп келе жатты. Осы жолда жаңа адабиятымыз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша табиғи жолымен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі адабиятымызды қарғауға емес, алқауға (мақтауға) міндеттіміз. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадың» деп томпыып өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз. Адабиятымызға төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибелерде теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі - төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, соңынан емес, солынан кіруі алақандағы нәрсе ғой, мұны бүркеп қоюға болмас. Маркстің «Санаға сипат беретін салт» деген асқар пікірін де аттап кетуге болмас. Төңкерістің оң жағын түсірем деп ұмтылған адабиятымыздың тәжірибесі соңғы бірер жылдың ішінде ғана басталды.

⁷Плеханов - «К вопросу о развитии монистического взгляда на историю» СПб. 1825 г. 1-е издание.

Бұл айтылғандардың бәрі - әдебиетіміздің бұл күнге шейін жүріп келген жолы, тарихтың, тұрмыстың құрыш заңы бойынша өз бағытымен, дұрыс жүріп келген жолы. Енді бұдан былай деген мәселе тумак: аққан судың өзінен айырылмайтын сипаты - ағу. Аққанда жазық жерде жайылып, жыбырқанып, тар жерде тастың бауырында көбіктеніп, көпіріп, жарды соғып, лепіріп ағу. Яғни, өзінің ағу заңына да, жолдың, арнаның заңына да бағыну. Тұрмыс та ағып жатқан су сықылды. Қазақ тұрмысы да, салты да жаңа арнамен ағуға бет алды. Зор төңкеріс қазақ даласына енді күнге бетінен кіргелі тұр. Енді, сөз жоқ, адабиятымыз да бірте-бірте жаңа жол іздемек. Сонау жаңа жолдың жөні қайда?

Бұған жауабымыз мынау.

Енді төңкеріс һәм адабиятымыз

Үстіміздегі төңкеріс – адамзаттың тарихында теңі жоқ төңкеріс. Адамзат тарихының ең соңғы албастысы - отаршылықты, капитализмді жойып, тарихты жаңа арнамен ағуға бет алған төңкеріс. Еуропаның отары болған жалпы шығыс елінің еңбекшілері, шығыстың бір ұшқыны болған, әсіресе, толқынның ішінде отырған еңбекші қазақ елі мынау теңсіз төңкерісті- досым деп ұқпай, қасым деп ұғуы тіпті мүмкін емес.

Отаршылық — Еуропа пролетариатының жауы болса, отар болған елдердің де - жауы. Төңкерістің тарихы еуропа тарихында тереңде жатқан болса да, Еуропа тарихы тудырған төңкеріс затында жат болса да, төңкерістің мақсаты - бір еуропаны ғана астан-кестен қылу емес жалпы адамзатты бақытқа жеткізу болғандықтан, жер жүзінің езілген елі, тарыққан табы мынау төңкерісті менікі емес деуі мүмкін емес. Шығыстың отар болған елдері, соның бір ұшқыны болған кедей қазақ-отаршылықты, капитализмді жою жолында, төңкерісшіл пролетариаттың шын жолдасы. Басқаша болуға мүмкін емес. Адабиятымыз да төңкерісті - біздің төңкерісіміз деуден басқаша жырлауы мүмкін емес.

Бірақ, бағытта[ғы], негізде[гі] бірлікті - мінезде[гі] бірлік деп ұғу қате. Зор төңкеріске пролетариат- зеңбірек, пулемет, машина, қайыс камзолымен кіріссе, қазақ - қамшы, сойыл, балпаң етік, малма тұмағымен, жолдан қосылып отыр. Еуропаның музыка оркестрі бар. Елу, алпыс, жүз музыка құралдарынан құралған оркестр - бір ойнағанда бір ғана күйді ойнамақ. Бұл - оркестрдің

сұлулығы - барлық музыка құралдарының бәрі бірдей бір дауыспен барылдауы, яки шикылдауында емес, жеке музыка құралының өз орнында, өз мінезіне лайық үн шығаруында. Төңкеріс адабияты дегенде де осыны ескеру керек. Төңкеріс адабиятының тура төңкерістің өзінен туатын, яғни пролетариат төңкерісінің өзінен туатын пролетариаттың өз адабияты болмақ. Бұл — төңкеріс адабиятының бірінші түрі. Яки, төңкеріске қазақ сықылды жолдан қосылған елдің, яки таптың төңкеріс адабияты болмақ.⁸ Бұл - екінші түрі. Мұндай түр - пролетариат төңкерісінің өзінен тумай, алыстан, рухынан, екпінінен тумак. Біздің адабиятымыз да қазір бірінші түр бола алмақ емес. Екінші түр болуға тиісті, һәм болмақ. Біздің адабиятымыз - қазіргі дәуірде «пролетариаттың төңкерісі, біз сықылды езілген елдің төңкерісі болды» деген пікірді нысана қылып қоя білсе, осы төңкерістің екпінінен қазақ сықылды құл болған елге өмір үміті кіргенін жырлай білсе, төңкерісшіл адабият болғаны.

Маркстіл зор ғалым, ақын Луначарский⁹ жазады: «Жаңа ұлт, жаңа тап бұрынғының бітірген жерінен бастап кетпейді... жаңа тап яки жаңа халық бұрын өздерін билегендерге қас болып, олардың мәдениетін жек көретін болып өсіп-өркендейді», - дейді.

Сондықтан, осы мінез, осы қулық, үстен қарап айтқанда, осы қияңқылық, ыстық қандылық - қазақ әдебиетінде де болуы мүмкін. Болғанда өзінше, қазақша, Азияша болуы мүмкін. Тап бір ойланатын нәрсе - осы.

Дұрыс, зор төңкерістің алды - ортақшылдық екені рас. Төңкеріс - құр қирату үшін ғана емес, жер үстіне жаңа тұрмыс орнату үшін екені рас. Еуропа пролетариатымен қол ұстасып, біздің сол жаңа өмірге, ортақшылыққа бет алғанымыз рас. Біздің де көксейтініміз- сонау қиырда көгерген жаңа дүние екені рас. Адабиятымыз да құр қиратуды, құр төңкерісті ғана бағыт қылып қоймай, төңкерістің артындағы жаңа өмірді бағыт қылағыны рас. Бірақ, пролетариатпен қол ұстасып, жаңа дүниеге бет алған жолымызда өзіміздің шығыстығымыз, қазақ иісіміз шықпауы мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, адабиятымызда Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының, қайыс камзолының

⁸Л. Троцкий «Литература и Революция», стр. 169-170.

⁹Луначарский «Основы позитивной эстетики» Москва. 1923 г. стр. 128.

ісі шықпауы, қазақтың мың жылдық тарихының елгірі тұмағының ісі шықпауы- мүмкін емес. Адамзаттың артындағы, тарихтың таңындағы ортақшылдық-таңба басылған бір ойлы, бір сезімді санасы жоқ хайуанның ортақшылдығы. Алдымыздағы ортақшылдық - түрлі пікірді, түрлі сезімді санамен тізгіндеп отыратын, тұрмысын солай құра білген, шын адамның ортақшылдығы. Пролетариатпен қол ұстасып осы ортақшылдыққа құйылысқан адамзат тарихы һәм мәдениетінің құйылысқан майданына бет алғанымызда, осы жолда, қазақ ақыны кедей қазақтың күңгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ максұтын жырлаумен бірге, кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуы міндетті. Болмаса, қазақ адабияты деген адабият тұмақ емес. Бағытта емес, рухта басқалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана басқалық болса, адабият шеттен аударылған аударма, тәржіма ғана болып қалмақ. Негізде бірлікті мінезде бірлік деп ұғу - адасқандық. Адабиятымыз бен төңкеріс арасы туралы сөз осы. Адабият мәселесі мұнымен бітпейді. Енді оның басқа жағын шолалық.

Адабият не нәрсе? Адабияттың жалпы заңы.

Адабият-искусствоның бес тарауының біреуі. Искусство - адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған. Сұлулықтың өзі не нәрсе? Философ Кант былай деп жауап береді: «Түрімен ғана тура құлқынға байланбаған ләззәт ойнататын нәрсенің бәрі - сұлулық» - дейді. Осы сөзде түгел болмағанмен бірталай шындық бар. Шынында, мысалы, қазақтың мұрнын тесіп зере салуында құлқын үшін, тұрмыс үшін қандай тура пайда бар. Әрине тура қолма- қол пайда жоқ. Қазаққа мұны істеткен Кант айтып отырған құлқында байланбайтын сұлулық сезімі. «Сұлулық сезімі барлық жануардың, оның ішінде адамның жаратылысына салынған, табиғатына берілген» - дейді Дарвин. Осы пікірлерді Маркс философиясы негізінде қате демейді. Маркстілдіктің бұған қосатыны, толықтыратыны бар. Маркстіл зор ғалым Плеханов жазады: «Адамның табиғаты адамның сұлулық ұғымдары болуының мүмкіндігіне жол ашқан. Айналадағы шарттар осы мүмкіндікті іске асырады. Қоғам адамның (қоғамның, бір халықтың, бір таптың) сұлулық ұғымдарының тууы, сипаты анадай

болмай мынадай болуы осыайналадағы шарттарға байлаулы»¹⁰ - дейді. Мынау сөзді ұғымдырақ қылып айтқанда былай болады: бір халықтың, бір таптың бір заманда анандай сұлулық ұғымы болмай, мынадай сұлулық ұғымы болуы, сипаты анадай болмай, мынадай болуы тұрмыс түріне, еңбек түріне байлаулы. Бұл пікірдің тұрмыстығында дау жоқ. Қазақтың мұрнын тесіп зере салуы - Еуропа көзінде саналық емес, тағылық деп саналады ғой. Тұрмыс өзгерген сайын, зерге қазақ өзі де тағылық деп қарап келеді ғой. Яки, Еуропаның күн батқандағы суретті аузының суы құрып мақтауы-қазақтың өз әдебиетінде жоқ қой. Біз жоғарыда сұлулық сезімінен, һәм сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылудан искусство тұмақ дедік. Бұл мәселе жоғарыдағы сөздермен біраз шет қалды. Искусство да тұрмыс түріне, еңбек түріне қарап өзгеріп отырмақ. Искусствоның тұрмысқа байланысы жалғыз тұрмыспен бірге өзгеріп отыру ғана емес. Искусство сезім арқылы, сезімнен туған һәм сезім оятатын сурет арқылы жаратылыс өмірді ұғуға ұмтылу болғандықтан, искусство өмірге, тұрмысқа пайда тигізуге тиісті. Бірақ, искусство тұрмысқа тура қолма-қол пайда тигізбейді, тигізе алмайды. Арада талай қол арқылы алыстан тигізбек. Әдемі өлең, сұлу күй ешкімнің қарнын тоқ, көйлегін көк қылмақ емес. Бұлардың пайдасы - қығаш, алыстан орап барып тиетін пайда.

Маркстіл ғалым Ортодокс осы пікірді бір сөзінде толық айтады.¹¹

Қысқасы, искусствоның негізі - сезім, құралы - сезімнен туған сурет, максұты - білім беру емес, сезім ояту. Бұлай болса, искусство қайраткерлерін, ақынды өлшейтін кез мынау болады: Сұлу терең суреттер арқылы қандай болса ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса, ол- ақын, оята алмаса- ақын емес. Сондықтан, Ага-мемнон, Ахеллесді жырлаған Гомер өмірді қарғап өтсе де, суреті терең болып тұңғыық сезім оятатын Байрон қайткенде де ақын;

«Тарғынды» жырлаған Марабай, «Жібек қызды» жыр қылған Жүсіпбек қожа қыл көпірді, мақшарды, жұмақ, тамұқты суреттей біліп, тындаушыны еңіреткендей дін қыссасын шығара білген біреу — қайткенде де ақын. Ал, қырық парызды санайтын Орынбай, қырық парызына келгенде - ақын емес. Уақытында «Айқапта» басылған «Қазағым, өнерлен, мектеп аш, қала бол, егін сал» деген

¹⁰ Плеханов. «Об искусстве». Сб. «Искусство». Изд-во «Новая Москва», 1922 г., стр. 44.

¹¹ О. Ортодокс. «О. Уайльда» изд. «Основа», Иваново - Вознесенск, 1923. Стр. 50-53.

сықылды ақылды өлеңдер қайткенде де ақындыққа жанаспайды. Ақындық бағытта емес, «ақындық - ақындықта. Қалай жұмсалса да, талантты талант дейміз ғой»¹², - дейді Луначарский. Қысқасы, ақынды өлшейтін бірінші өлшеуіш - ақындық. Бірақ, ақын қандайда болса да, бір елдің, бір таптың азаматы болғандықтан, өлімді емес, өмірді, жауыздықты емес, ізгілікті нысана қылған жалпы адамзаттың бір мүшесі болғандықтан, ақынның оқушы да, қараушы да ізгі, дұрыс сезім, өмір сезімін оятуға ұмтылуы - азаматтық борышы. Осы борышты атқару үшін ақын ақындығын өмірге, тұрмысқа жанастыруға міндетті. Таза ақындықпен бірге осы борышты да атқарған ақынды ғана ел «[тап] өз ақыным» демек. Ақындықты азаматтықпен өлшеу - бұл ақынға салынатын екінші өлшеуіш. Бұл арада апып кететін сөз мынау: ақындықтың тұрмысқа жанасуын тұрмыстың құлы болу деп ұғу қате. Ақындық жаратылысты, тұрмысты айныппай, бұлжытпай құр түсіріп қана отыратын фотография емес, фотография - ақындық емес. Тұрмыс пен жаратылыс - ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып басып, осыны құрал қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жинап бір топ қылып, сол топқа ақын өзіндік түс беруге міндетті. Тип портрет емес, тип- қашанда болса жасама. Лениннің фотография түсірген портретінде ақындық жоқ. Ал, суретшіл ақын салған портретінде ақындық бар. Мұның себебі не? Еуропа ақыны- Шекспир, осы Шекспирдің ақындығы ХҮІ - ХҮІІ ғасырлардағы, қалса Англияның, асса Еуропаның тұрмысын бұлжытпай суреттегендігінен ғана ма? Еуропаның асқан ақыны Гете айтады: «Кәдімгі бір күшікті тұрған күйінше суретке салсаң, жердің жүзіндегі толып жатқан күшіктің санын көбейтіп, кәдімгі бір күшік қосқан болып табыласың. Онымен суретшіл ақын болып табылмайсың - дейді. Ақын Гетенің тағы бір жұмбақ сөзі бар: «Адабият әсері неғұрлым жабайы өлшеуден аса берсе, неғұрлым ақылға ұғымсыз болса, соғұрлым сұлу болмақ».

Жоғарыдағы пікірлерді қорытқанда былай болады: ақындық ауданында ақын - ақын ғана, тұрмыс ауданында - әрі ақын, әрі азамат; Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын азамат та болуға міндетті. Ақындық - фотография емес, фотография - ақындық емес, ақынның міндеті - білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту.

Тарихта адабияты тұрмысқа тиянақталмаған, жалаңаш пікір билеп кеткен дәуір бар.

Сүмірейтіп, тұқыртып, тұрмыс билеп кеткен дәуір бар. Бастанқы дәуірлерде, соңғы дәуірлерде де жиһан әдебиеті бәсеңдеген, төмендеген. Ал, тұрмыс пен асқар пікірді қиюластырып қоса білген дәуірлерінде асқарлаған, өрлеген адабияттың шын асқарлауы, сөз жоқ, тұрмыс пен қиялды мүлтіксіз қабыстыратын ақындықтағы ортақшылдық дәуірінде болмақ. Бірақ, үстіміздегі төңкеріс дәуірі-адамзат тарихының теңсіз бір дәуірі. Бұл бір дәуір - тұрмыстың қиялға, шын бақытты өмірге қол созған дәуірі, қиялдың, жаңа өмірдің жерімізге жақындап, көгімізде қалықтап ұшып жүрген дәуірі. Мұндай дәуірде терең де екпінді адабият тууға тиісті, бірақ, мұндай дәуірдің адабиятының екі бетінде екі нұр болмаса, мүмкін емес. Плехановтың «Жаңа таптың тудырған искусствосы реализм мен феодализмның бір түрлі қоспасы болмақ»¹³ деген сөзінің мәнісі осы.

Бұл сөзде шошитын еш нәрсе жоқ. Ұққысы келген адамға бір қолымен қиратып, бір қолымен жаңа дүниені құрып жатқан пролетариаттың өзінің өмірі - феодализм мен реализмнің қоспасы екені ашық қой. Тарихта ең зор, ең қасиетті істер осындай қоспа өтпелі, транзиттік дәуірде істелмек. Терең де, екпінді де әдебиет осындай қоспа [өтпелі транзиттік] дәуірде тұмақ.

Марксистік хәм адабият не жазуға.

Марксистік адабият туралы негізгі пікір мынау: адабиятқа сипат беретін-тұрмыс, тұрмысқа түр беретін- техника мәдениеті. Яғни негізінде адабиятқа бағыт беретін - тұрмыс. Өмірге қадам басқан, елдің яки таптың адабиятының алды өр, үкіммен қадам басқан елдің яки таптың адабиятының алды - көр. Бұл даусыз. Бірақ, адабиятты тұрмыс бағытымен ғана өлшеумен іс тамам болмайды. Адабият көзінен қарағанда, адабият-құр бағытпен жақсы да, жаман да адабият бола алмайды. Байрон- құлап бара жатқан ақсүйектің ақыны, оның ақындығының негізгі бағыты- қирауға бет алған ақсүйектің ақыны. Дін қиссаларын жазған біздің Жүсіпбек қожамыз- діншіл ақын. Бірақ, бұларды табумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін [тұрмыс] бағытты болжаумен бірге, олардың ақындығын тексеру керек.

¹²Л. Луначарский «Что такое искусство» «Этюды». - Госиздат Москва, 1922 г. Стр. 32.

¹³Петров, «За двадцать лет». СПб. 1905. Стр. 307.

Плеханов жазады: «Адабият әсерін тұрмыстағы негізін табумен ғана адабият сынының ісі бітпейді. Тұрмыстағы негізін тапқан соң, оның ақындық жағын тексерсе, сол уақытта адабият шын адабият болмақ»¹⁴ - дейді. Дұрысы бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті. Бір тап екінші таптың ақынына жау болуға тиісті. Бірақ, бұл шеттік, бұл жаттық, бұл жаулық ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті. Болмаса, мысалы, «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап», - деп жырлаған ақынға осы ақындығын жат көру, осы ақындығы жағынан жау көру, даусыз, ақымақтық болар еді. Осы себептерден ақсүйек ақын Пушкин пролетариатқа азаматтық жағынан шет болса да, ақындық жағынан шет болмақ емес. Пушкиннің тап төңкерісі дәуірінде де пролетариаттың қолынан түспеуінің мәнісі - осы. Пролетариат Пушкинді азаматтығынан емес, ақындығынан сабақ алайын деп ұстап отыр. Плеханов, Ленин, Медних, Тисъмер, Бухарин, Клара Цеткин, Луначарский, Троцкий сықылды маркшілдік көсемдердің пролетариатқа - «Азаматтық жағынан қас не дос екенін біліп ал да, ақындық жағынан адабияттың алыптарынан сабақ ал» деп үгіт беруінің мәнісі осы.

Осы үгітті біз де ұғуға міндеттіміз. Біз де бағыт сабағын төңкерістік пролетариаттан алған соң, таза адабият сабағын жиһан адабиятының ергежейлерінен емес, алыптарынан алуға міндеттіміз. Көшерін жел, қонарын сай білетін қаңбақтардан емес, заман толқыны қатты долданып соқса да былқ етпей, елең қылмай тұрып келген асқарларын молда қылуға міндеттіміз.

Жиһан адабиятының алыптарынан адабият сабағын алудың тағы бір себебі - шын ақынның тар тапшылдықтан қанша дегенмен жоғары болуы, белгілі бір тап мүшесі болса да, шын ақынның тапшылдыққа ғана қамалып қалмай, өз табынан мойны озық жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанында қайғылы яки қуанышты ішекті шерте білуі. Адам әуелі адам, онан соң бір таптың мүшесі ғой. Осы сөздерден адабиятымызда тап мәселесі келіп шығады. Үстіміздегі төңкеріс тап төңкерісі болғандықтан, адамзатты бақытқа пролетариат табы жеткізеді деп күмәнсіз сенгендігімізден, жердің жүзі екі тапқа бөлінген күнде ғана төңкеріс қанатын кең жаяды деп білгендігімізден, сөз жоқ, адабиятымызда тап сарыны болуы әбден

мүмкін. Бұл сарынның күші қанша болар, мұны тұрмыс жуырда-ақ көрсетік.¹⁵

Жолдастарымыздың кейбіреуінде «Қазақтың осы күнгі күңгірт тап сезімі өспек емес, ұзамай өшпек», - деген пікір бар. Дәлелдері: - «Тап сезімін тереңдеткендей бай, кедей шаруаларының негізінде айырма жоқ, Айырма болса, сипат жағынан емес, сан жағынан еді. Осы шалажансар айырма осы күні-ақ құрып қалды деуге болады. Бай, кедей шаруасы аз жылдың ішінде-ақ сан жағынан да қарайлас болып қалды деуге болады. Шаруада да айырманың енді қайта тууына жол жоқ. Осы себептерден қазақта тап сезімі тереңдей алмай, өсе алмай осы күнгі күңгірт күйінше өшіп кетуі мүмкін. Бұлай болса, адабиятымызға тап сарыны терең түспеуге мүмкі. Дәлелдері - осылар. Тағы да ескертерлік — бұл бәріміздің емес, кейбір жолдастардың ғана пікірі.

Бірақ, адабият басынан бақайына шейін тап туралы ғана болсын деп ұғу-маркшілдікке де, адабиятқа да қиянат. Маркшіл бір адабият сыншысы Н. Чумак айтады: «Жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба деп ақынды қамап қоюды маркшілдік білмейді һәм білгісі келмейді»¹⁶. Төңкеріске қосшы аталған адабиятшылардың біреуі Лев Лунц: «адабият әсері үстіндегі заманды суреттеуі де мүмкін, суреттемеуі де мүмкін, одан жақсы - жамандығы табылмайды»¹⁷, - дейді. Троцкий жазады: «... жаңа адабиятта (социализм адабиятында) трагедия болмақ, әрине, құдайсыз болмақ. Жаңа искусство құдайсыз искусство болмақ қой! Жаңа адабиятта комедия болмақ: жаңа адамға да күлкі керек! Жаңа адабиятта роман өспек. Жаңа адабиятта терең сыршылдық болмақ. Жаңа адам бұрынғы адамнан күшті сүймек қой! Жаңа адабияттың ақыны өмір, өлім туралы жырламақ. Жаңа адам бұлар туралы ойламақ қой»¹⁸ дейді. Қысқасы, адабият домбырасында бір ғана ішек [перне] емес, көп ішек [перне] бар, һәм болуға тиіс. Көп ішектің бәрі басылуға тиіс. Бірақ, барлық ішекті рет- ретімен басқанда бір ғана күй шығатын болсын. Яғни түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы болмасын. Негізгі бағытымыз - төңкеріс арқылы ортақшылдық. Адабият негізінде осы

¹⁴Петров «За 20 лет». Предисловие к третьему изданию

¹⁵Н. Чумак, «К эстетике марксизма». Сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921 г. стр. 26-28

¹⁶Н. Чумак, «К эстетике марксизма». Сб. «К диалектике марксизма». Чита, 1921 г. стр. 26-28.

¹⁷Лев Лунц «Сератовны братья». Сб. «От символизма до октября». 1924 г. Изд. «Новая Москва».

¹⁸Лев Троцкий «Литература и революция»

бағытты темір қазық қылумен бірге, өзінің ішкі заңы бар адабият екенін ұғып, дұрыс жүре білсін.

Әсіресе, біздің жас адабиятымыз жан-жаққа, алға, артқа, көп қарауға міндетті. Мұның бір себебі мынау: Еуропа адабиятының артында асқар байлығы бар. Еуропа өмірінің өрі, қыры, күнгей де, теріскей де беттері адабиятына түскен. Еуропа адамының терең сезімдері, асқарлаған қиялдары адабият алыптарының сұлу суреттерінде болып, жалпы адамзаттың алдына тасталған. Қара да, хан да, бай да, кедей де, данышпан

да, надан да, ер де, әйел де, тәңірге махаббатшылы да, елге махаббатшылы да, әйелге махаббатшылы да, ұлтшылы да, ортақшылы да, бүгіншілі де, ертеңшілі де, меншілі де, сеншілі де - бәрі де жақсы да, жаман да жағынан суреттелген. Қалайда, Еуропа пролетариатының атадан қалған мұра, қазынасы сансыз таңдауына да, талдауына да жетеді, келесі байлығына қоры мол. Ал, біздің адабиятымыздың Еуропа жолына түскеніне 15, 20 жылдан артық емес. Жаңа адабияттың тартылса, «ағзубий» ғана тартылды, биссимилласы әлі басталған жоқ. Өміріміздің күнді һәм күңгірт дәуірлері болғанды, һәм бар [ақиқат]. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған, һәм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Өзінше елді қоғамдаған хан, қоғамды қорғаған батыр, өзінше қоғамның қорғаны болған би, хан заманында құл, төре заманындағы төлеңгіт, бай заманындағы кедей, жауынгер ерге жолдас болған әйел, өткен һәм ертеңгі күніміз, ертегідей күніміз, кешегі капитализм кеулеп кірген дәуірдегі азғындық, мұн-зар, бүгінгі кедейлік, бүліншілік, сонымен бірге жаңа өмірге бет алу..., қысқасы, қазақтың ертеңгі күні, ертегідей күні, өткен күні, кешегісі, бүгінгісі - бізде айтарлықтай суретке түспеген. Осылар түспей, қазақ адабияты терең адабият болмақ емес. Осылар түспей, адабият - өз адабиятымыз бола алмақ емес.

Сондықтан, жас адабиятымыздың осы күнгі мойнындағы жауапты міндет - қай жаққа болса да бір езу болмау. Бұл - бір бағытты болмау деген сөз емес. Бағыттың аты- бағыт, бір езудің аты - бір езу.

Саясатшыл азаматтың алдында бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында өткен, бүгін, келешек - үшеуі де тұруға тиісті. Осы үшеуі арасына көпір салуға міндетті.

Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бірталай айырма бар. Пролетариат ақыны- төңкерісті өзі жасаған, өзі қиратып, өзі құрып жатқан төңкерісті өзінің тарихы тудырған, Еуропа тарихының машина дәуірі тудырған ойы, сезімі завод, фабрикке байланған таптың ақыны. Қазақ ақыны тарихы бөлек, тұрмысы бөлек, рухы бөлек, төңкеріске жолдан қосылған жабайы тұрмыс-елдің ақыны. Сондықтан, екеуінің ақындығының мінезі бір болуы мүмкін емес, бірақ негізі бір болуы тиісті, һәм бір болмақ. Бұл- бір ортақ негіз, бір- ортақ бағыт, зор төңкерістің үдеуі, төңкеріс арқылы жер жүзіне бақытты тұрмыс ортақшылдық орнауы. Домбырада бірі қоңыр, бірі ащы үн беретін екі ішек бар. Екі ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ.

Оқушы!

«Алқа - осы»

Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын, «Алқа» - осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» - сенікі.

«Алқаға» кір.

Өзіңнің сұмырай мақсатыңа шындықты құрбан қылып, шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқаға» кір, «Алқа» - сенікі.

«Алқаға» кір.

Шын адабиятшыл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» - сенікі.
«Алқаға» кір. Алқа, уа, Алқа - құшағыңа қойнымыз ашық.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ

I

Жаңа дүниенің, Социалистік қоғамның В.И.Ленин өзінің әйгілі «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген мақаласында бейнелегендей, тың әдебиетін, мазмұны жағынан да, түрі жағынан да халықтық, социалистік әдебиетін жасауға Совет үкіметі мен Коммунист партиясы, В.И.Ленин Октябрь революциясының алғашқы күнінен бастап-ақ кірісті. Бірақ оған бөгет жасаушы теріс, зиянды ағымдар көп болды. Солардың бірі Пролеткульт (Пролетариаттың мәдени-ағарту ұйымдары) деп аталды.

Пролеткульт Октябрь революциясынан біраз бұрын құрылған еді. Революция жылдарында кең өркен жайды. Ол пролетариаттың мәдени-ағарту орындарын партия ұйымына бағынбайтын, өз бетінше жұмыс жүргізетін мекеме, ұйым етіп құрды, тіпті оларды партия ұйымдарына қарама-қарсы қойды.

Пролеткульт халықтың бұрынғы мәдени мұраларынан безді, мәдениеттің бұқарамен, күнделікті өмірмен тығыз байланысты болуынан қашты. Социалистік мәдениетті бұрынғы мәдениет мұраларынсыз, Партия мен Совет үкіметінің басшылық көмегінсіз, күнбе-күнгі өмірге араласпай, Пролеткульт студияларында отырып-ақ жасауға болады деп сенді.

Пролеткульт басшылары социализмнің өзін теріс ұқты: социализмді машинизм деп ұқты. Осыдан олар социалистік қоғам әдебиетін жаңсақ түсінді: жұмысшы үшін поэзия дегеніміз оның өзі қызмет істеп тұрған машинасының ырғағы болып табылады деп білді; пролетариат өз тілін, өзінің таптық тілін жасайды деп көкіді.

Сөйтіп, Пролеткульт буржуазиялық идеалистік теорияларды қолданып, марксизмге қарсы күресті; футуристер, декаденттер жолына түсті; пролетариат мәдениеті деген сөзді бетке ұстап, партияның социалистік мәдениет жасауына бөгет болды.

Пролеткульттің теріс, зиянды көзқарастары мен іс, әрекеттерін коммунист партиясы, В. И. Ленин дер кезінде байқап, оларға қатты соққы берді. Ленин Пролеткульттің 1920 жылы, октябрьде болған съезі қаулысының жобасын жазып берді. Онда: «Марксизм революцияшыл пролетариаттың идеологиясы ретінде жержүзілік – тарихи мән алып отыр. Ол буржуазиялық дәуірде жасалған аса қымбатты мәдени мұраларды ешбір мансұқ еткен емес. Қайта адам баласы ақыл, ойы мен мәдениетінің екі мың жылдай уақыт ішіндегі табыстарын түгел меңгереді, қайта қарап, пайдаланады» (В.И.Ленин, шығармалар, 31-том, 292-бет) – деді.

Яғни Ленин социалистік мәдениет тек марксизм негізінде, бұрынғы мәдени мұраларды сын көзімен түгел пайдалану негізінде емін-еркін өркендей алады дегенді айтты.

Сондай-ақ, Ленин өзінің жиырманшы жылдардағы бірнеше сөзінде, баяндамасында Пролеткульттің көз қарастарын әшкерелей отырып, нағыз пролетариат мәдениетінің күнделікті өмірден туатынын, өмірдегі жаңалықты байқау, мәпелеп өсіру қажет екенін, пролетариат мәдениетінің түрін белгіледі. Пролетариат мәдениетін жасаудың айқын жолын нұсқады.

РК(б)П Орталық Комитетінің Пролеткульт жөніндегі 1920 жылғы, 1 декабрьдегі тарихи хаты В. И. Лениннің әлгі жобасы мен сөздерінің негізінде жазылды; партияның революция жеңгеннен кейінгі мәдениет жөніндегі тұңғыш документі еді. Онда Пролеткульт күйретілді; социалистік мәдениетті өркендету жолы көрсетілді; партияның азамат соғысы жылдарындағы, онан кейінгі дәуірдегі әдебиет туралы саясаты баяндалды.

Партия мен В.И.Лениннің Пролеткультке қарсы күресі – елімізде мәдени революция жасау күресі, көркем өнер мен көркем әдебиетті халықтық, коммунистік, партиялық жолға салу күресі болды.

Партия 1924 жылы өзінің XIII съезінде баспасөз туралы арнаулы қаулы алып, соның ішінде көбінше совет әдебиетіне көңіл бөліп, жол сілтеді. Әдебиетте түрлі әдебиағым, топ яки мектеп болсын; олар өзара жарысып, селбесіп жұмыс істейтін болсын; тек олардың бірде бірі партия атынан сөйлемейтін болсын; көркем әдебиет кітаптары партия-совет баспасөздері бетінде партия жолымен үнемі сөз болып, сыналып отырсын. Сын жазушының совет құрылысын жете түсінбеуінен болған қаталарын көрсетіп,

бұрынғы буржуазиялық салттан арылуына көмек беретін болсын дегенді айтты.

Осының артынан, еліміздегі жаңа жағдайға: шаруашылықты қалпына келтіру дәуіріне байланысты, 1925 жылы, 18 июньде РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты туралы» деген тарихи қаулысы шықты. Онда Орталық комитет әдебиеттің таптық жайы, өсу жолы, бағыт-түрі туралы дәл, айқын жол сілтеді.

Жалпы бізде тап тартысы тыйылмайтыны сияқты, әдебиет майданында да тап тартысы тыйылмайды. Жалпы көркемөнердің, оның ішінде әдебиеттің таптық нәсіл-жаратылысы, саясаттағыдай тіке айтылмай, есепсіз көп, сан алуан түр арқылы айтылады. Таптық қоғамда қалыс көркемөнер болмайды, бола да алмайды.

Сын коммунистік жол, бағыттан ешқашан таймайтын болсын. Сонымен қатар, ол пролетариатқа еретін, еруі мүмкін әдебиетшілерге төзімді, сақ келіп, идеологиялық жақтан ағалық істеу керек. Сонда ғана сын нағыз тәрбиелеуші бола алады.

Әдебиетіміздің идеясы нағыз жұмысшы, шаруа бұқарасына лайық болсын; соларға түсінікті түр іздеп табатын болсын... әдебиет тек бір заводтың, бір цехтың әдебиеті болмасын, болмысты, құбылысты кең қамтып, терең ұғып көрсететін болсын, миллион шаруаны соңынан ертіп күрес жүргізіп отырған ұлы жұмысшы таптық әдебиеті болсын.

Советтер Одағының толып жатқан республикалары мен облыстарында ұлт мәдениетін өркендетуге мейлінше көңіл аудару қажет – дегенді айтты партия.

Партияның XIII съезінің қаулысына сәйкес, бұл кезде орыс әдебиетінде бірқатар әдеби ұйым, топ бар еді. Олардың ең ірісі Россия пролетариат жазушыларының ұйымы (РАПП) еді. Бұл ұйым пролетариат жазушыларының бүкіл одақтық ұйымына (ВАПП) қарайтын еді.

Осы үлгі, осы тәртіп бойынша 1925 жылы, июль айында қазақ пролетариат, шаруа жазушыларының ұйымы құрылды (орысша толығы: Казахская ассоциация пролетарских и крестьянских писателей, қысқасы: Каз АПП еді). Ол әлігі пролетариат жазушыларының бүкіл одақтық ұйымына қарады.

Қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының басқармасы сол жылы, 16 июль күні ұйымның жобасын, соған

байланысты жазушыларға жазған үндеуін жариялады. («Еңбекші қазақ» № 340, 16 июль, 1925 жыл.)

«...Қазақстан еңбекші табының төңкерісші жазушыларының ұйымы құрылды... ол өзін жалпы кеңестер одағының пролетариат жазушылары ұйымының бір бұтағы санайды... Сондықтан Қазақстан еңбекші табының төңкерісші жазушылар ұйымы жалпы кеңестер одағының пролетариат жазушылары ұйымының жобасын қабылдап, қолданады», – деді.

Ал, жобада: «...Жалпы кеңестер одағының еңбекшілер жазушылар ұйымы (ВАПП) құрылды. Бұл ұйым еңбекші таптың бір бөлімі, дүниені затшылдық ережесімен ғана таниды...»

Еңбекші таптың әдебиеті тап әдебиеті бола тұрып, сол еңбекші таптың құлқын, санасын, сезімін тәрбиелейді... Еңбекші тап әдебиеті өз жұмысының негізіне төңкерісшіл – маркстіл дүние тануды қолданады.

Жасайтын суреттің затын кәзіргі еңбекші таптың жасап жатқан шындығынан алады және тіршіліктің төңкерісшіл көркемдігінен алады; еңбекші таптың өткендегі тартысынан, оның күресінен алады.

Солай болған соң еңбекші таптың жалпы жаңа тұрмыс жасауына, әлеумет тіршілігіне белсеніп қатынасқан жазушы ғана еңбекші тап жазушысы болады...» — деді.

Осылай ұйым қазақтың жұмысшы, жалшыдан, кедей, орташадан шыққан, жаңа жаза бастаған ақын, жазушыларының басын қосты; солардың шығармаларын бастырды; 1927 жылы «Жыл құсы» деген альманах, 1928 жылдың басынан айлық тұрақты журнал «Жаңа әдебиет» журналын шығарды.

II

1925–1930 жылдары Қазақстан партия, совет ұйымдары социалистік құрылыс жөнінде, саясат, шаруашылық, мәдениет салаларында зор тарихи табыстарға жетті. Бірақ оларға оңайлықпен жеткен жоқ. Шиеленіскен тап тартысы үстінде, ел ішіндегі әр алуан тап жауларына қарсы, алдымен, ұлтшыл-алашордашылдарға қарсы қиян-кескі күрес арқылы жетті.

Ол тап тартысы салт-сана, идеология майданында да, онын ішінде әдебиетте де өте күшті болды. Онда бай, феодалдар, буржуазиялық элементтер, тап жаулары өздері ғана қарсылық білдіріп, жаулық жасап қоймай, сонымен бірге, кейбір жазушыларға, партия, совет қызметкерлеріне әсер етіп, сөзін соларға да сөйлетті.

Коммунист партиясы Орталық Комитетінің 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты туралы» қаулысы шыққаннан кейін, қазақтың пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының құрылуына байланысты, 1925–1927 жылдарда қазақ баспасөзінің бетінде әдебиет туралы, жазушылар ұйымы туралы бірқатар ұсыныс пікірлер айтылды, ұзақ айтыс болды.

Сонда кейбір коммунист жазушылар қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымына, оның солай аталуына қарсы шықты; ол не қазақтың бұқарашыл жазушыларының ұйымы болып, не қазақ совет жазушыларының ұйымы болып қайта құрылсын; оған қазақ жазушылары тегі мен табына бөлінбей, жаппай алына берсін, кешегі ұлтшыл жазушылар да алынсын, өйткені бізде кәзір ұлтшыл жазушы жоқ; бұрынғы ұлтшыл жазушылар кәзір совет жазушысы болды деген ұсыныс пікір айтты.

Бұл жолдастар қателесті: әдебиет майданындағы жағдайды дәл аңғармады. Ол кезде еліміздегі бұрынғы интеллигенция, соның ішінде бұрынғы жазушылар түгелдей совет идеясына келіп болған жоқ еді; олар арасында әлі Совет үкіметіне қарсы, жау адамдар да бар еді.

Қазақтың кейбір ұлтшыл-алашордашыл ақын, жазушылары совет тақырыбына бірді-екілі шығарма жазса, ол мұны көз бояу, із жасыру мақсатымен істеді. Белгілі «Тоқсанның тобы» да осы мақсатпен жазылған болып шықты. Олар пролетариат, шаруа жазушыларымен одақ, бір ұйым бола алмайтын еді.

Бұл сол әдебиет айтысы үстінде-ақ ашық көрінді. Ұлтшыл алашордашыл ақын, жазушылар өздерінің мейлі көзқарасы жағынан болсын, мейлі әдеби әдісі жағынан болсын пролетариат, шаруа жазушыларымен бірлесе алмайтындарын ресми түрде айтты; өз алдарына әдеби ұйым құрды. Оны «Алқа» деп атады.

Сондай-ақ, әдебиет жөніндегі айтыс қазақтың ұлтшыл-алашордашыл ақын, жазушыларының әдебиет мәселелері яғняжөнінде идеалистік, буржуазияшыл декаденттік, троцкийшілдік жолда, көзқараста екенін айқындады.

Себебі олар жазған мақалаларында, айтқан пікір, көзқарастарында троцкийшілдердің Советтер Одағында пролетариат мәдениетін жасауға болмайды. Советтер Одағы көшпелі дәуірде, капитализмнен коммунизмге көшу дәуірінде. Бұл дәуірде пролетариат мәдениет жасай алмайды. Оған қолы тимейді, үлгірмейді деген тезистеріне сүйенді.

Осыдан ұлтшыл-алашордашыл жазушылар, алдымен, қазақ пролетариат әдебиеті жоқ, ол жақын арада болмайды да деп көкіді: «...Еңбекші тап әдебиеті жақын арада тез күшейеді, тез өседі деуге толық себеп жоқ. Кеңес өкіметі орнап, ол еңбекші тапты жақтағандықтан, сүйгендіктен, келешекте еңбекші тап кенеледі деп сенгендіктен әдебиет тез күшейіп кетеді деу тым ұшқары, тым желпілдеген сөз», (Екеу – «Көркем әдебиет туралы» // «Еңбекші қазақ» № 179, 8/III, 1927 жыл) – деді.

Осыдан, екінші, «Қазақтың кәзіргі әдебиеті сиырдың бүйрегіндей қырық құрау. Ол реализмді көтермелейді. Оған сентиментализмнен қол үзуге болмайды», (Жыму – «Тікеннің мақаласы туралы» // «Еңбекші қазақ» № 385, 30/V, 1925 жыл) – деп бірі айтты. «Қазақтың кәзіргі әдебиеті бұрынғы романтизм, символизм бағытымен даму керек. Реализм бағытымен дамыса, ол нағыз көркем әдебиет болмайды», (Қошке — «Көркем әдебиет туралы» // «Еңбекші қазақ» № 267, 1/XII, 1926 жыл) – деп екіншісі айтты. «Әдебиет үгіттен аулақ, таза болу керек, әдебиет — әдебиет үшін болу керек... Біз өнер — өнер үшін деген жолды тұтыну керек дейміз», («Еңбекші қазақ» газетінің әлгі санындағы Екеудің мақаласынан) – деп үшіншісі қорыттты.

Үшінші – ұлтшыл-алашордашыл жазушылар нағыз көркем шығарма жасау кедейден, жұмысшыдан шыққан жазушылардың қолдарынан келмейді. «...Бүгінгі, «төңкеріс туғызған» жазушыларымызда еңбекші таптың дүние танысын, жан дүниесін, тілегін, арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам әзір білінбейді». Жүзіктің көзінен өткендей көркем шығарманы ұлтшыл, оқыған жазушылар ғана жасай алады.

Сондықтан оларды мүйіздемеу керек. Олар өз көзқарасын еркін айтатын болу керек деп соқты.

Қазақ пролетариат шаруа жазушыларының ұйымы КазАПП партияның жолына, қаулыларына сүйене отырып, ұлтшыл-алашордашыл жазушылардың із жасырушылықтарына да, идеалистік, декаденттік пікір, көзқарастарына да қарсы шығып, сокқы берді; оларды күйрете жеңді.

Рас, сонымен қатар, айтыс, тартыс үстінде қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының, оның кейбір басшыларының қатесі де болды. Қатесі сол – олар, кей ретте, ұлтшыл-алашордашылдарға, олардың зиянды көзқарастарына қарсы күресті қазақ халқының бұрынғы құнды әдеби мұраларынан безуге, соларға қарсы күреске айналдырып жіберді. Басқасы былай тұрсын, тіпті Абайдан атонын алып қашты. Бұл бір.

Екінші. Партияның әдебиет саласындағы бұл дәуірде көздеген негізгі нысанасы бұрынғы әралуан бағыт, көзқараста болған жазушылардың тезірек совет платформасына келулеріне жәрдемдесу, пролетариат, совет жазушыларының қатарын көбейту болушы еді.

Сондықтан да Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1928 жылғы, «Жаңа әдебиет» журналын шығару туралы қаулысында: «...Бұл журнал барлық революцияшыл және Совет өкіметіне іштартатын, бір табан жақын тұрған жазушыларды біріктірудің және оларды коммунизм рухында тәрбиелеудің құрамы болуға тиіс», («Жұлдыз» журналы № 2, 1928 жылы, 118-бет. Т.Кәкішевтің «Жаңа әдебиеттің жаршысы» деген мақаласы бойынша) – деген еді.

Өлкелік партия комитеті журналды Қазақ мемлекет баспасы жанында шығарды, оның редакторларын КазАПП басшыларынан қойды. Ондағы мақсаты, журналға қазақ жазушыларын – олардың революцияшыларын да, Совет өкіметіне іштартқан, бір табан жақын тұрғандары мен екі ойлы, жолбике болып жүргендерін де тегіс қатынастыру еді.

Бірақ журнал, оның редакторлары Өлкелік партия комитетінің қаулысын, көздеген түп мақсатын ескермеді, орындамады: өз маңына КазАПП мүшелерінен басқаларды жолатпады. Басқасын былай қойғанда, сол кезде совет идеясына келген, совет тақырыбына шығармалар жазып жүрген Сәбит Дөненгаев сияқты жазушыларды да жолатпады. Лияс Жансүгіровті, тағы басқаларды

түрткіледі. (С.Мұқановтың «Сағанақ» жинағына жазған бет ашарын, сынын қараңыз)

Жалпы алғанда, сөз жоқ, Қазақ пролетариат, шаруа жазушыларының ұйымы, партияның басшылығымен, совет әдебиетінің партиялық принциптерін қорғап, соны насихаттады, іске асырды. Қазақ совет әдебиеті идеялық жақтан едәуір өсті.

III

Сөз болып отырған дәуірде қазақ совет әдебиетінде негізгі әдеби жанрлар: поэзия, проза, драматургия жанрлары өсіп, нығайды. Соған байланысты жиырмасыншы жылдары қазақ совет әдебиетінде әдеби сын туды. Газет-журналдарға бұрынғы әдеби мұралар туралы, әдебиет мәселелері туралы, жеке шығармалар, жинақтар, жеке ақын, жазушылар туралы үнемі мақала, сын, рецензия шығып отырды; бірсыпыра мақалалар жазылды, үш-төрт кітап шықты.

Әдеби сын қазақ совет әдебиетінде жаңа, тың жанр еді. Өйткені әдебиет, жазушы туралы қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиетінде тек төрт-бес мақала ғана болған еді. Ол Қ.Ысқақ ұлының Абай өлеңдеріне жазған сөз басы (1909 жыл), М.Сералиннің «Шаһнама» туралы (1914 жыл), С.Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (1913 жыл), «Қазақ» газетінде (№39, 23 ноябрь, 1913 жыл) шыққан «Қазақтың бас ақыны», Екеудің «Абайдан соңғы ақындар» («Абай» журналы, № 5, май, 1918 жыл) деген мақалалары еді. Әдеби сын қалыптасқан жанр ретінде жоқ еді. Аз уақыт ішінде жаңа жанрдың жасалуы қазақ совет әдебиетінің зор табысы болды.

Бұл, революциядан кейін қазақ әдебиетінде бірінен соң бірі жаңа әдеби жанрлардың туып, дамуы, он шақты жыл ішінде негізгі әдеби жанрлардың түгелденуі қазақ совет әдебиетінің бүкіл совет әдебиетімен, өте-мөте, орыс әдебиетімен тығыз қарым-қатыста болуының, солардан ұтымды үйренуінің нәтижесі деп білу қажет.

Жиырмасыншы жылдары бүкіл совет әдебиетінде әдеби сынның, әдебиет танудың дәрежі социологиялық тәсілі: әдеби шығарманы, жазушыны бір жақты, тек саяси бағыты, ата-тегі

жағынан ғана талдау, сынау, бағалау тәсілі басым болды. Оның үстіне, бұл кезде РАПП-тың бірқатар басшылары мен сыншылары бұрынғы әдеби мұралар жөнінде Пролеткультидің теріс көзқарасы ықпалында еді; бұрынғы әдеби мұраларды менсінбеуші еді.

Қазақ совет әдебиетінде жиырмасыншы жылдары болған әдеби сын мақалалар мен еңбектер көбінесе осы дәрекі социологизм бағытында, РАПП-тық бағытта жазылды. Оған жазушылардың ептеп жікке бөлінуі, жер ыңғайына қарай топталуы, шығарманы, жазушыны сол тұрғыдан сынап, бағалауы сияқты жайсыз жағдайлар араласты. Әдеби сын ойлағандай идеялық дәрежеде болмады. Бұл жағдай сол мақалалар мен еңбектердің бағыты мен мазмұнынан анық байқалады. Енді соған келейік.

IV

Жиырмасыншы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің біразы бұрынғы әдеби мұраларды, жеке ақындарды сөз етеді, солар туралы пікірлер айтады. Ондай мақалалар мен еңбектердің көрнектілері мыналар деуге болады:

1. А.Сегізбаев – «Халық пен әдебиет» («Қызыл Қазақстан» № 2-3, 1922).

2. Қоңыр – Қазақ әдебиетінің кәзіргі дәуірі («Шолпан» № 2-3, 1922).

3. С.Мұқанов – «Қазақ әдебиеті мен Ыбырай» («Қызыл Қазақстан» № 7-9, 1924 жыл).

4. Б.Кенжебаев – «Абай өлеңдерінің 1923 жылғы басылуы туралы» («Еңбекші қазақ» № 359, 360. 14-15 август, 1925 ж).

5. Нұрпейіс – «Сұлтанмахмұттың өлгеніне бес жыл» («Еңбекші қазақ» № 44, 25 февраль, 1926 жыл).

6. Е.Алдоңғаров – «Жазушылар мен көркем әдебиет» («Еңбекші қазақ» № 269, 3 декабрь, 1926 жыл).

7. Д.Мәжит – «Сыншылар мен көркем әдебиет» («Еңбекші қазақ» № 289, 29 декабрь, 1926 жыл).

8. М.Әуезов – «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Кітап. 1928 жыл).

9. С.Мұқанов – «Әркім өзінше ойлайды» («Жаңа әдебиет» № 3, март, 1928 жыл).

10. Ы.Мұстанбаев – «Абай» («Жаңа әдебиет» № 7, июль, 1928 жыл).

11. І.Қабылов – «Абайдың философиялық көзқарасы» («Еңбекші қазақ», 2 июль, 1928 жыл).

12. С. Мұқанов – «Қазақ әдебиеті» («Жаңа әдебиет» № 9-10, 1930 жыл).

Бұрынғы әдеби мұралар, ақын, жазушылар жөніндегі марксизм-ленинизм классиктерінің жолы, партияның саясаты әуелден айқын еді. В.И.Ленин 1913 жылы-ақ: капитализм дәуіріндегі әр ұлт ішінде екі ұлт бар, әр ұлт мәдениетінде екі түрлі мәдениет — буржуазиялық, демократтық мәдениет бар. Біз әр ұлт мәдениетінен оның демократтық мәдениетін ғана аламыз деген еді.

Бұл қағиданы коммунист партиясы, Ленин Октябрь революциясынан кейін, Пролеткультидің бұрынғы әдеби мұралар жөніндегі қате, зиянды көзқарасына байланысты тағы ескерткен еді. Біз бұрынғы әдеби мұраларды сынап, сұрыптап аламыз. Оларды осылай пайдаланғанда ғана пролетариат мәдениетін жасай аламыз, — деп нұсқаған болатын.

Алайда, жоғарыда аталған мақалалар мен еңбектерде қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары, ақын, жазушылары жөнінде бірталай қате, кемшіліктер: әдеби мұралар жөніндегі маркстік-лениндік қағидадан, партияның сара жолынан оңға да, солға да ауытқулар, асыра сілтеулер көп ұшырайды.

Мысалы, кейбір мақалалар мен еңбектерде қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары, жеке ақындары тым асыра бағаланған: бір жақты мадақталған, тамашаланған; түгелдей халықтық деп бағаланған; қазақ әдебиеті ежелден бірыңғай бағытта — халықтық бағытта дамыды деп дәлелдеуге тырысқан.

Енді бірқатар мақалалар мен еңбектерде, керісінше, қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары, ақындары түгелдей мансұқ етілген: ескішіл, байшыл, ұлтшыл. Олардың бізге ешбір қажеті жоқ. «...Ондай зерттеген кісіге байшылдық, ұлтшылдықтың түп қазығы Абай. Абайдың молдасы Пушкин мен Лермонтов қой. Орыс әдебиетін Маркс көзімен сынап жүргендер ол екеуін орыстың жаңашыл байларының жырышылары дейді». (С.Мұқанов — Әркім өзінше ойлайды. «Жаңа әдебиет» № 3, март, 1928 жыл)

Рас, бірді-екілі мақалаларда қазақтың бұрынғы әдеби мұраларын түгел болмаса да, кейбіреуін, атап айтқанда, Абайды дұрыс түсініп, дәл бағалауға талпыну кездеседі. Мысалы, Аманғали Сегізбаев: «...Абайдан бұрынғы ақын- дар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстырсақ, Абайдан соңғы ақындардың сөздері тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген» (А.Сегізбаев – Халық пен әдебиет. «Қызыл Қазақстан» № 11, сентябрь, 1922 жыл) – дейді. Осы сияқты, менің мақаламда Абай халық ақыны, прогресшіл ақын деп бағаланады.

Бірақ, жоғарыда айттық, бұл кездегі әдеби сында, әдебиет тану ғылымында дәрежелілік басым еді. Ол: тұтас халық жоқ. Халық бірнеше таптан, топтан құралады. Ақын сол таптар мен топтардың бірінен шығады. Өз табының, тобының жырын жырлайды. Абай көктен түскен жоқ. Қазақтың бай-феодал табынан шықты. Соның жыршысы деп дәлелдеді. Осылай қырқыншы жылдарға дейін Абай ескішіл, бай-феодал табының ақыны болып бағаланып келді.

V

Жиырмамыншы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің біразы әдебиет мәселелерін, сол кездегі қазақ совет әдебиетінің кейбір проблемалық, теориялық мәселелерін сөз еткен. Ондай мақалалар мен еңбектердің көрнектілері мыналар:

1. С.Мұқанов – «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» № 277, 228. 14, 15 октябрь, 1926 жыл).

2. С.Садуақасов – «Әдебиет әңгімелері» («Еңбекші қазақ» № 37, 15 февраль, 1927 жыл).

3. Ы.Мұстамбаев – «Көркем әдебиет туралы айтыс» («Қызыл Қазақстан» № 2, 1927 жыл).

4. Ш.Тоқжігітов – «Әдебиет мәселесі» («Қызыл Қазақстан» № 3-4, 1927 жыл).

5. С.Мұқанов – «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» («Қызыл Қазақстан» № 1, 1927 жыл).

6. Әмина Маметова – «Көркем әдебиет туралы» («Қызыл Қазақстан» № 5-5-7, 1927 жыл).

7. Сәкен – «Әдебиет майданында» («Жаңа әдебиет» № 1, 1928 жыл).

8. Ғ.Тоғжанов – «Әдебиет мәселелері» (1929 жыл).

9. Ғ.Мүсірепов – «Әдебиет айтысына» («Еңбекші қазақ», № 151, 4 август, 1929 жыл).

10. Б.Кенжебаев – «Әдебиет мәселелері туралы» («Еңбекші қазақ» № 160, 4 август, 1929 жыл).

11. Е.Бекенов – «Көркем әдебиет туралы» («Жаңа әдебиет» № 2, 1929 жыл).

12. Қ.Жүсіпбеков – «Әдебиет майданындағы мақсаттарымыз» («Жаңа әдебиет» № 12, 1929 жыл).

Бұл мақалалар мен еңбектер айтыс, пікір алысу ретінде жарияланған; Орталық партия комитетінің 1925 жылғы «Партияның әдебиет жөніндегі саясаты туралы» деген қаулысынан кейін, қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының құрылуына байланысты болған әдеби айтыстың жалғасы. Осыдан бұларда көбінесе қазақ пролетариат әдебиеті бар ма? Кәзір жоқ болса, ол түбінде бола ма? деген мәселе сөз болған.

Жоғарыда келтірдік, ұлтшыл жазушылар бұл сұрауларға: қазақ пролетариат әдебиеті жоқ. Ол жуықта болмайды деп жауап берген еді. Бірқатар коммунист әдебиетшілер осы пікірді қостады. Мысалы, Ғаббас Тоғжанов 1925 жылы «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» деген кітабында былай деп жазды:

«Қазақ пролетариат ақыны жоқ. Қазақтың кәзіргі тұрмысында пролетариат ақыны шыға қоймайды. Өйткені бізде пролетариат аз. Ол қазақ тұрмысына әсер беретіндей хәлге келген жоқ... Біздің ақындарымыздың көбі шаруа тұрмысын, қазақтың даласын жазатын ақын», – дейді.

Жиырмамыншы жылдардың ақырында Ғаббас бұл қорытындысын біраз өзгерткен. Бірақ қатесін түгел түзеген. «...Орыс арасында да, қазақ арасында да жаңа мәдениет пролетариат бағытымен өспек, пролетариат табының бас- шылығымен жасалмақ... Көркем әдебиетте де пролетариат әдебиеті үстем әдебиет болмақ» (Ғ.Тоғжанов – «Әдебиет мәселелері» 29, 43-бет, 1929 жыл). Бірақ «Қазақ кәзірдің өзінде де, ауызға аларлықтай пролетариат әдебиеті бар дегенге біз қосыла алмаймыз. Мұны айтқандар өздерін де алдайды. Жұртты да алдайды» (Ғ.Тоғжанов — «Әдебиет мәселелері» 41-бет) – деген.

Оның үстіне, Ғаббас осы «Әдебиет мәселелері» деген кітабында бір үлкен қайшылық жіберген. Бір жерде, әлгідей, қазақ кәзір пролетариат әдебиеті жоқ деп қателессе, екінші жерде: «Бізде

осы күннің өзінде де жаңа әдебиет едәуір құралып қалды. Сәбит, Бейімбет, Сәкен, Жақан, Илияс, Асқар, Қалмақандар жаңа әдебиет ақындары... Қандай кемшіліктері бола тұрса да, бұлар жаңа заманның ақындары, төңкеріс ақындары, жаңа жұртшылыққа сүйенетін ақындар» – деп дұрыс айтқан.

Яғни Ғаббас бұл жерде, бірінші, екі түрлі сөйлеген, бір сөзі екінші сөзіне қарсы келген; екінші, пролетариат әдебиеті өзіне басқа, жаңа, революцияшыл әдебиет өзіне басқа, екеуі екі бөлек нәрсе деп ұққан, тағы қателескен.

Аталған мақалалардың көбі ұлтшыл жазушылардың теріс, жат пікір, көзқарастарына, Ғаббас сияқты коммунист сыншылардың әлгідей қате, кемшіліктеріне қарсы жазылған. Қазақ әдебиетінде пролетариат бағытында жазатынақын, жазушылар болады, олар осы күннің өзінде де бар, бірталай деген. Соның әрқайсысы өзінше дәлелдеген; негізінде дұрыс дәлелдеген. Мысалы, Сәкен былай деген:

«...Біз Қазақстанда кәзірде-ақ пролетариат бағытымен жазуға бет алған және беталмақ жазушыларды ұйымдастыруға мүмкін. Кәзірде-ақ әдебиет майданында пролетариат ықпалын жүргізуге, ұйымдасып іс қылуға мүмкін дейміз.

Өзі жұмыскер емес адамдар да жұмыскер-пролетариат табының тілегіне қосылуға мүмкін. Сол таптың түпкі мақсатына жату жолында өз басының рахатын, өз басын құрбан қылуға даяр болып, белсеніп майданға шығуы мүмкін.

Мәселен, Коммунист партиясы. Коммунист партиясының ішіндегі адамдардың бәрі теп-тегіс жұмыскер ме? Жок. Бірақ олар сонда да жұмыскердің жырын жырлап отыр. Жұмыскер емес жазушылар, әдебиетшілер де осылай». (Сәкен – Әдебиет майданында «Жаңа әдебиет» № 1, 1928 жыл, 131 – 136-бет)

Бұл ой, пікір бір қатар мақалаларда қазақ совет әдебиетінің, әсіресе Сәкен мен Сәбиттің, Бейімбет пен Илиястың, Асқар мен Қалмақанның, Жақан мен тағы басқалардың тақырып, идеялық, ақындық шеберлік өсулерімен дәлелденген, айқын сыпатталған.

VI

Жиырмасыншы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің бірсыпырасы жеке шығармалар мен жинақтар, жеке

мақалалар мен еңбектердің біразы мыналар:

1. Н.Төреқұлов – «Асау тұлпар» туралы («Темір қазық» № 1, февраль, 1923 жыл).

2. С.Садуақасов – «Бейімбет өлеңдері» («Лениншіл жас» № 6, 1925 жыл).

3. Ғ.Тоғжанов – «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» (кітап. 1926 жыл).

4. М.Көшекөв – «Күндеспейтін қатын» туралы («Еңбекші қазақ» № 113, 22 май, 1927 жыл).

5. Е.Бекенов – «Шолпан өлеңдері» («Қызыл Қазақстан» № 8, 9, 1927 жыл).

6. М.Көшекөв – «Підияшыл молдалар» туралы («Еңбекші қазақ» № 201, 2 сентябрь, 1927 жыл).

7. С.Садуақасов – «Бәйбіше, тоқалға» сын. («Еңбекші қазақ» № 24, 31 январь, 1926 жыл).

8. Б.Байтоғаев – «Жалшы» (Қалмақан өлеңдерінің жинағы) туралы («Жаңа әдебиет» № 7, 1923 жыл).

9. О.Ә. «Тулаған толқында» туралы («Жаңа әдебиет» № 9, 1928 жыл).

10. Ә.Ақдәулетов – «Қырдың қызыл гүлдеріне» сын («Еңбекші қазақ» № 57, 11 март, 1928 жыл).

11. Н.Төреқұлов – «Тар жол тайгак кешуге» сын («Еңбекші қазақ» № 296, июнь, 1929 жыл).

12. Б.Байтоғаев – «Тілші» туралы («Жаңа әдебиет» № 3, 1929 жыл).

13. Сот – «М.Дәулетбаев өлеңдерінің бірінші жинағы» («Жаңа әдебиет» № 8, 1929 жыл).

14. Ж.Орманбаев – «Сұлушашқа» сын («Жаңа әдебиет» № 4, 1929 жыл).

15. С.Үсенов – «Сұлушаш» туралы («Жаңа әдебиет» № 11, 1929 жыл).

Жиырмасыншы жылдардағы шығармалар мен жинақтар, ақындар мен жазушылар туралы әдеби сын мақалалардың үш түрлі ерекшелігі, үш түрлі кемшілігі бар. Олар мынадай:

Бірінші. Ол кездегі сындар көбінше шағын көлемді, кітап, жинақтың баспадан шыққанын, пьесаның театрда ойналғанын мәлімдеу ретінде, библиография, рецензия болып келген. Әсіресе

Байтоғаев Балқай мен Көшекөв Мұстафаның түрлі жинақ, кітап, пьесаларға жазған сындары осылай болып келген.

Екінші. Ол кездегі сындар әдеби сыннан гөрі саяси мақалаға ұқсайды. Оларда шығармаға, жинаққа әдеби талдау жасалмай, әдеби сын, баға берілмей саяси-идеялық талдау жасалған, олардан саяси қате, кемшіліктер ізделген, оларға саяси кінә тағылған. Осыдан сынның арты кейде жазушы мен сыншының баспасөз бетінде ұрсып-таласуына, балағаттасуына айналған.

Үшінші. Ол кездегі сындардың әдеби, ғылыми дәрежесі төмен болған. Оларда шығарманың әсемдік асылын, көркемдік қасиетін, жазушының талантын байқау, тиісінше ашу, әділ бағалау жетпей жатады; шығарманың, жазушының жақсы жағынан жаман жағы, жетісінен кемісі әдейі баса, көбірек айтылады.

Біздің бұл қорытындыларымызды мына жағдайлар растайды.

Нәзір Төреқұлов Сәкеннің «Асау тұлпар» жинағына сын жазған. Сәкеннің ондағы біраз өлеңдерінің («Айт күні», «Жазғы түнде», «Азия», тағы басқа) саяси-идеялық қате, кемшіліктерін көрсеткен, сынаған.

Шынын айту керек, өте орынды көрсеткен, әділ сынаған. Оны Нәзірге жазған жауабында Сәкеннің өзі де мойындаған: «Мен бұл өлеңдерді Маркстің қағидасына тұл-тура келеді деп айтпаймын» (Сәкен – «Асау тұлпар» туралы // «Қызыл Қазақстан» № 7, 8, 1923 жыл, 42–51-бет) – деген.

Сонымен бірге, Нәзір сынында тым асыра сілтеген, қате жіберген. Әлде әйтеуір сынау, Сәкенді қалайда кінәлеу керек деп ойлағандықтан ба, әлде лирикалық өлеңнің мән-жайын, ерекшелігін білмегендіктен бе, Нәзір Сәкеннің бірқатар жақсы, идеясы ұстамды, түрі көрікті өлеңдерін («Маржан», «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерге», «Иван менен Мырзабек» деген өлеңдерін) сынаған.

Нәзірдің қатесін пайдаланып, Сәкен өзінің жауабында Нәзірді мазақтаған, балағаттаған. Ал, Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабы туралы жазған мақаласында Нәзір кітапты жете талдау, әділ бағалау орнына Сәкеннен өш алған: оны келеке қылған. Осылай сын аяғы өш алуға, бас араздыққа айналған.

Онан соң, жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында қазақтың сол кездегі көрнекті ақын, жазушылары салт-санасы, саяси бет-бағыты жағынан болсын, ақындық шеберлігі жағынан болсын әлдеқайда өсті; олар терең мағналы, ұстамды идеялы, көркем

суретті бірталай өлең, поэмалар, әңгіме, повестер, драмалық шығармалар берді; тіпті, классикалық шығармалар жасады.

Алайда, бірқатар сыншылар сол кездегі әдебиеттің, көрнекті, коммунист ақын, жазушылардың көбінесе кемшіліктерін ғана көрді. Мысалы, Сәкеннің махаббат, көңіл күйі лирикасын идеалистік жолға түскендік, торыққандық деп бағалады; Илияс, Бейімбет ел, ел деп өзеурейді, бұлар пролетариат жазушылары емес, бұқарашыл жазушы; Сәбит Мұқанов өлеңдерінің жалпы мазмұны дұрыс болғанмен әдемілігі, шеберлігі түкке тұрмайды (Ғ.Тоғжанов – «Әдебиет мәселелері», «Төңкерісшіл ақындарымыздың кемшіліктері» деген бөлімі) – деді.

Айта берсек, Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1929 жылы, декабрьде болған V пленумы: қазақтың осы күнгі әдебиетінде, жеке коммунист ақын, жазушыларында байшылдық, ұлтшылдықтың ықпал-әсері әлі бар, – деген. («Жаңа әдебиет» № 1, 1930 жыл, 5-бет)

1959.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Сұрақтар:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мақаласында Абай поэзиясына қалай баға берілген?
2. Р. Мәрсеков баяндамасында қазақ әдебиеті қалыптасу жолдарының қаралуы.
3. Ә. Бөкейханұлының роман бәйгесі туралы мақаласы.
4. Ә. Бөкейханұлының Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығына тоқталуы.
5. Ғ. Сағдидің «Абай» мақаласы және абайтану мәселелері.
6. С. Сәдуақасұлының әдебиетті сынау жайлы ойлары.
7. І. Жансүгіров «Абай кітабы» мақаласында тоқталған абайтану проблемалары.
8. Сәкен Сейфуллиннің «Әдебиет һәм оның бағыттары» зерттеу мақаласын саралау.
9. «Қисық сынға әділ төре» мақаласында қозғалған жайларды саралау (Ғ. Мүсірепов).
10. Н. Төрәқұловтың С. Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына айтылған пікірлерін талдау.
11. Қ. Кемеңгерұлының көркем әдебиет туралы мақаласына тоқталыңыз.
12. С. Сәдуақасұлының «Әдебиет әңгімелері» мақаласындағы аталған шығармалар туралы өз пайымдарыңызды айтыңыз.
13. С. Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» мақаласы туралы айтыңыз.
14. С. Мұқанов пен Қ. Кемеңгерұлының әдеби айтыстарына тоқталыңыз.
15. Ж. Аймауытовтың көркемдік ұстанымдарының өзіндік сипаттарын айқындаңыз.
16. Ғаббас Тоғжанұлының «Қандай әдебиет үстем болмақ, қандай әдебиетіміз бар» мақаласындағы пролетарлық әдебиет туралы байламдары қаншалықты ғылыми негізді деп ойлайсыз?
17. М. Жұмабаевтың әдебиет тарихын зерттеу еңбектері бағытында өзіндік пайымдаулар жасау.
18. «Табалдырық» платформасының жазылу алғы шарттары туралы айтыңыз.

19. М. Жұмабаевтың «Әдебиет» ұғымына берген теориялық анықтамаларына тоқталыңыз.

20. Б. Кенжебаев және жиырмасыншы жылдардағы әдеби сын мәселелері.

21. Профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жиырмасыншы жылдардағы әдеби сын мақалалар мен еңбектерді жүйелеу бағыттары қаншалықты ғылыми негізді деп ойлайсыз?

22. Б. Кенжебаевтың еңбегінде ғалымның өзіндік ғылыми ұстанымдарына қайшы тоқтамдар байқала ма?

Тапсырмалар:

1. Ахмет Байтұрсынұлының мақаласын өзге Абай туралы мақалалармен салыстырып реферат жазу.
2. Қазақ әдебиетінің бастаулары жайлы пікіріңді білдір.
3. Қазақтағы алғашқы роман бәйгесінің қазақ арасында роман жазылуына қосқан үлесі жайлы эссе жаз.
4. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тіліне сипаттама беріңіз.
5. Алғашқы роман жарысы мен бүгінгі роман жарыстарының айырмашылықтарына тоқтал.
6. Ғ. Сағди тоқталған Абайтану мәселелерінің қазіргі кезеңдегі зерттелу бағыттары туралы баяндама жасау.
7. І. Жансүгіровтің әдеби мұраны жинап, бастырудағы, Абайтанудағы еңбектері туралы ғылыми реферат жазу.
8. С. Сейфуллиннің көркемдік ұстанымдары, жазудағы шығармашылық қырының сипаты жөнінде өзіндік ой-пайымдаулар жасау.
9. «Тар жол, тайғақ кешу» және Нәзір Төрәқұлов. Ғылыми баяндама.
10. Қ. Кемеңгерұлы баға берген әдеби туындылардың әдебиет тарихындағы мәнін уақыт ұғымы аясында баяндау.
11. С. Сәдуақасовтың әдеби-сын еңбектерін зерттеушілердің бағалау бағыты тұрғысында реферат әзірлеу.
12. С. Мұқановтың ұлтшыл әдебиет туралы ойларындағы ақиқат пен астар тұрғысында кеңірек кезеңдік тарихи ахуалды тұтастықта алып зерттеу жазыңыз.
13. Ж. Аймауытовтың әдеби-сын еңбектеріндегі терминдік мәнді қолданыстарды анықтау.

14. Жазу өнерінде Ж. Аймауытовтың ұстанған әдеби әдіс-тәсілдерін «Ақбілек», «Қартқожа» романдарын талдау арқылы айқындау.

15. Ғ. Тоғжанов зерттеулеріндегі өміршең тоқтамдар тұрғысында баяндама жасау.

16. XX ғасыр басындағы әдеби басылымдардың көркемдік мәселесін қозғау бағыттары сараланған зерттеу мақала жазу.

17. Ә. Бөкейханұлының қазақ әдебиетінің көркемдік тарихы мәселелері бағытындағы еңбектері туралы реферат жазу.

18. Бейсембай Кенжебаевтың «Абай» поэзиясы туралы 1925 жылғы мақаласын оқып, конспектілеңіз. Еңбектің абайтанудағы мәніне тоқталыңыз.

19. Бейсембай Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт Торайғырұлының поэзиясы туралы зерттеуіне саралау жасаңыз.

20. «Алқа» ұйымы, «Табалдырық» платформасы туралы қазіргі кезеңдегі зерттеулерден реферат жазу.

ТҮСІНІКТЕР

Түсініктерде XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі көркем сөз өнері жайлы сын мақалалар мен әдеби айтыстардың алғаш жарияланған уақыты мен кітапқа қай басылымынан алынғаны жайлы мағлұмат берілді. Ел тәуелсіздігі жылдары мәдени мұраларымыз қайта басылып, ел игілігіне ұсынылуда. Оқу әдістемелік хрестоматияға енген мақалалардың бәрі де жекелеген авторлардың көп томдығында, «Қазақ», «Айқап», «Алаш көсемсөзі» (10 томдық) жинақтарында жарық көргендіктен әр мақаланың түсінігінен соң мақала алынған басылымға сілтеме жасалды.

1 **Қазақтың бас ақыпы** – мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39, 40, 43-сандарында жарияланған. Кітапқа 1991 жылы Р. Нұрғалиев құрастырған Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағынан алынып берілді.

Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б. (216-222)

2 **Қазақ әдебиеті жайынан** – мақала «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 112, 113 сандарында жарияланған. Кітапқа 1998 жылы шыққан «Қазақ» газеті жинағынан алынып берілді.

«Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б. (154-157)

3 **Роман не нәрсе** – Әлихан Бөкейхановтың «Бақытсыз Жамалға» жазған сыны. 1914 жылы «Қазақ» газетінің 67 санында жарық көрген. Мақала «Арыс ұлы» бүркеншек есімімен басылған. Кітапқа Ә. Бөкейхановтың 1995 жылы жарық көрген «Тандамалы» жинағынан алынды.

Бөкейхан Ә. Тандамалы (избранное) / бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 480 б. (329-330)

4 **Роман бәйгесі** – мақала Әлихан Бөкейхановтың Есенқұл Мамановтың роман бәйгесі туралы жазған мақаласы. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 120 санында жарық көрген. Мақала «Ғали хан» бүркеншек есімімен жарияланған. Кітапқа 1998 жылы шыққан «Қазақ» газеті жинағынан алынып берілді.

«Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б. (181-183)

5 **Тіл-әдебиет** – мақала «Айқап» журналының 1912 жылғы 10 санында басылған. Кітапқа 1995 жылы жарық көрген «Айқап» энциклопедиясынан алынып отыр.

Айқап. Энциклопедия. / Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 368 б. (115-116)

6 **Роман жарысы туралы** – мақала «Айқап» журналының 1915 жылғы 7-8 санында басылған. Кітапқа 1995 жылы жарық көрген «Айқап» энциклопедиясынан алынып отыр.

Айқап. Энциклопедия. / Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 368 б. (292-294)

7 **Әдебиетімізге көз салу** – мақала «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 9 қаңтардағы 164 санында жарияланған. Кітапқа 1993 жылы жарық көрген «Абайды оқы таңырқа...» жинағынан алынып берілді.

Абайды оқы таңырқа... / Құраст. М. Мырзахметов – Алматы: Ана тілі, 1993 – 160 б. (82-87)

8 **Редактор мен оқырман** – мақала «Янги Шарқтың» 1919 жылы 2 қыркүйегіндегі 12 санында «Дәруіш» атымен басылған. Н. Төрешұловтың көп томдық жинағының 1-томынан (2007) алынды.

Төрешұлов Н. Шығармаларының көптомдық жинағы. 1 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007.– 256 б. (222-223)

9 **Киргизская литература** – С. Сәдуақасұлының «историко-критический очерк» айдарымен «Труовая Сибирь» журналында (Омбы) 1919 жылы 1-санында жарық көрген еңбегі. «С.С.С-овъ» псевдонимімен жазған. Кітапқа 2013 жылы Д. Қамзабекұлы құрастырған С. Сәдуақасұлының үш томдық шығармалар жинағының 1-томынан алынды.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. / Құрастырған: Д.Қамзабекұлы. 1 том. – Астана: Нұра-Астана, 2013.– 376 б. (280-287)

10 **Абай** – мақала Ташкент қаласынан шығып тұрған «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 335, 356, 359, 363, 369, 372 сандарында жарияланған. Кітапқа «Абайды оқы, таңырқа» жинағынан алынды.

Абайды оқы, таңырқа...– Алматы: Ана тілі, 1993 – 160 б. (115-145):

11 **Әдебиеттерді қалай сынау керек** – мақала 1926 жылы 8 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Кітапқа 2013 жылы Д. Қамзабекұлы құрастырған С. Сәдуақасұлының үш томдық шығармалар жинағының 1-томынан алынды.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. / Құрастырған: Д.Қамзабекұлы. / 1 том. – Астана: Нұра-Астана, 2013. – 376 б. (307-308)

12 **Қалам қайраткерлері жайынан** – мақала 1922 жылы шілденің 8-і күні «Еңбекші қазақ» газетінің 29-санында жарық көрген. Профессор Тұрсынбек Кәкішев «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылы 5-ақпандағы кезекті нөміріне бүгінгі қазақ әрпіне түсіріп, тұңғыш рет оқырман назарына ұсынған болатын. Кітапқа Ахмет Байтұрсынұлының 2013 жылы жарық көрген алты томдық шығармалар жинағының 5-томынан алынып берілді.

Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. V том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (182-187)

13 **Қазақтағы қалам қайраткерлеріне** – мақаланы «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 санында Басқарма атынан Мұхтар Әуезов жариялаған. «Алаш көсемсөзі» он томдығының 1 кітабынан алынды.

Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап: Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 352 б. (110-111)

14 **Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі** – мақала «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 санында, 1923 жылғы 4-5 санында «Қоңыр» атынан басылған. Кітапқа «Алаш көсемсөзі» он томдығының 1, 2 кітаптарынан алынды.

Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап: Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 352 б. (220-225)

Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2-кітап: Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 360 б. (21-29)

15 «Қызыл сұңқарлар» – М.Әуезовтың сыны «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 санында «Қоңыр» атымен басылған. Кітапқа «Алаш көсемсөзі» он томдығының 1-кітабынан алынды.

Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап: Шолпан. – Алматы, «Өнер», 2010. – 352 б. (176-179)

16 Ақаңның юбилейі туралы – мақала 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған. Кітапқа 1991 жылы жарық көрген А. Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағынан алынып берілді.

Байтұрсынов А. Ақ жол. / Құрастырған: Р. Нұрғали. / – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б. (15-16)

17 Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей) – мақала 1923 жылы «Ақ жол» газетінің 63 санында жарық көрген. Кітапқа 1991 жылы жарық көрген А. Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағынан алынып берілді.

Байтұрсынов А. Ақ жол. / құрастырған: Р. Нұрғали / – Алматы: Жалын, 1991, – 464 б. (17-20)

18 Абай кітабы – мақала А. Құнанбаевтың өлеңдер жинағы үшінші рет 1922 жылы Ташкентте басылуына сәйкес жазылған. Рецензия 1923 жылы 8 мамырда «Тілші» газетіне басылған. «Абайды оқы, таңырқа» жинағынан алынды.

Абайды оқы, таңырқа... – Алматы: Ана тілі, 1993 – 160 б. (108-114)

19 «Асау тұлпар» – мақала «Темірқазық» журналының 1923 жылғы 1 санында басылған. Н. Төрекұловтың көп томдық жинағының 1-томынан (2007) алынды.

Нәзір Төрекұлов. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 256 бет. (37-46)

20 Сынға сын – мақала Орынбордағы «Қызыл Қазақстан» журналында (1923) басылған. Кітапқа С. Мұқановтың 1978 жылы жарық көрген 16 томдық жинағының 14-томынан алынды.

Мұқанов С. Он алты томдық таңдамалы шығармалары. 14-том: Өсу жолдарымыз / мақалалар/. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б. (10-13)

21 «Асау тұлпар» туралы – мақала «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 17-18 санында басылған. С.Сейфуллиннің көп томдық жинағының 6-томынан (2006) алынды.

Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006.– 392 б. (27-40)

22 Ел асылып жасытпаңдар – мақала Н. Төрекұловтың көп томдық жинағының 1-томынан (2007) алынды.

Төрекұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 256 б. (49-бет)

23 «Бақыт жолына» сын – мақала «Темірқазық» журналының 1923 жылғы 2-3 санында басылған. Н. Төрекұловтың көп томдық жинағының 1-томынан (2007) алынды.

Төрекұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 256 бет. (49-51)

24 Әдебиет һәм оның бағыттары – мақала «Қызыл Қазақстан» журналының 1922 жылғы 13, 1923 жылғы 15 сандарында басылған. Мақаланың жалғасы табылмады. С.Сейфуллиннің көп томдық жинағының 6-томынан (2006) алынды.

Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 392 б. (16 – 24)

25 Бекет – рецензия «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 18 сәуіріндегі санында басылған. С. Сейфуллиннің көп томдық жинағының 6-томынан (2006) алынды.

Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 392 б. (24-26)

26 Мағжанның ақындығы туралы – мақала «Лениншіл жастың» 1923 жылғы 25 қаңтардағы санында басылған. Кирилл әрпімен «Қазақ әдебиеті» газетінде 1989 жылы 20, 27 қаңтарда З. Илиясовтың, А. Айдашевтің дайындауымен басылды. М.

Жұмабаевтың 1989, 1993 жылдардағы жинақтарына енген. Кітапқа Ж. Аймауытовтың алты томдық жинағының 6-томынан алынды.

Аймауытов Ж. Алты томдық. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (155 – 186)

27 Қисық сынға әділ төре – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жыл 24 наурыздағы 183 санында басылған. Ғ. Мүсіреповтің «Суреткер парызы» мақалалар жинағынан (1970) алынды.

Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Мақалалар жинағы. / Құрастырған ф.ғ.к. Ә.Нарымбетов. / – Алматы: Жазушы, 1970. – 544 б. (5-9)

28 Әдебиет мәселесі – соңына «Жүсіпбек» деп қол қойылған мақала «Ақ жол» газетінің 1925 жылғы 1 сәуірдегі санында берілген. Ж.Аймауытұлы мұрасын жинаушы арнайы топтың әзірлеуімен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1992 жылғы 10 шілдедегі санында жарық көрді. Ж. Аймауытовтың алты томдық жинағының 6-томынан алынды.

Аймауытов Ж. Алты томдық. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (221 – 223)

29 Көркем әдебиетті саралау – мақала «Ақ жол» газетінде 1925 жылы 17 сәуірде басылған. «Ж.» деп қол қойған бұл мақаланы «Қазақ әдебиеті» газеті 1992 жылы 10 шілдеде жариялаған. Ж. Аймауытовтың алты томдық жинағының 6-томынан алынды.

Аймауытов Ж. Алты томдық. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 бет. (223-225)

30 «Тар жол, тайғак кешу» туралы бір-екі сөз – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жыл 24 желтоқсандағы 296 санында басылған. Кітапқа Н. Төреқұловтың көп томдық шығармалар жинағының 1-томынан алынды.

Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 256 бет. (86-90)

31 Көркем әдебиет туралы – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жыл 14-15 қазандағы 227-228 сандарында басылған. Кітапқа С. Мұқановтың 1978 жылы жарық көрген 16 томдық жинағының 14-томынан алынды.

Мұқанов С. 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 14-том: «Өсу жолдарымыз», мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б. (26-32)

32 Көркем әдебиет туралы – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жыл 1 желтоқсанындағы санында жарияланған. Кітапқа Қ.Кемеңгерұлының 2013 жылы жарық көрген үш томдық жинағының 1-томынан алынды.

Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – (214-222)

33 Сәбитуен айтысты доғардым – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 30 қаңтардағы санында жарияланған. Кітапқа Қ.Кемеңгерұлының 2013 жылы жарық көрген үш томдық жинағының 1-томынан алынды.

Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – (223 бет)

34 Кейбір қорытындылар – мақала «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы 22-23 санында жарияланған. Кітапқа С. Мұқановтың 1978 жылы жарық көрген 16 томдық жинағының 14-томынан алынды.

Мұқанов С. 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 14-том: «Өсу жолдарымыз», мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б. (33-49)

35 Әдебиет әңгімелері – мақала «айтыс ретінде» түсініктемесімен «Еңбекші қазақ» газетінде 1927 жылы 15-16 ақпанда жарияланған. Кітапқа 2013 жылы Д. Қамзабекұлы құрастырған С. Сәдуақасұлының үш томдық шығармалар жинағының 1-томынан алынды.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Астана: Нұра-Астана, 2013. – (291-304)

36 Көркем әдебиет туралы – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 2 ақпандағы санында жарияланған.

37 Байдың толғағы – мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 223-224 сандарында жарияланған. Кітапқа С. Мұқановтың 1978 жылы жарық көрген 16 томдық жинағының 14-томынан алынды.

Мұқанов С. 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 14-том: «Өсу жолдарымыз»: мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б. (50-61)

38 Көркем әдебиет туралы – мақала «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы 5 санында жарияланған. Кітапқа үзіндісін енгізіп отырмыз.

39 Әдебиет мұралары – мақала «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1927 жылы 20 маусымда жарияланды. «Таңашбай» атты бүркеншік есімі мен қолы қойылған. Кітапқа Ж. Аймауытұлының алты томдық жинағының 6-томынан алынды.

Аймауытұлы Ж. Алты томдық. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (268-271)

40 Көркем әдебиет туралы – мақала «Еңбекші қазақ» газетінде 1927 жыл 8-9 тамызда басылған. Соңына «Екеу» деп қол қойылған (Екеу – Ж. Аймауытов пен М. Әуезов). Кирилл әрпінде «Қазақ әдебиеті» газетінде 1989 жылдың 3 қарашасында басылды. Кітапқа Ж. Аймауытұлының алты томдық жинағының 6-томынан алынды.

Аймауытұлы Ж. Алты томдық. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 бет. (271 – 282)

41 Қандай әдебиет үстем болмақ, қандай әдебиетіміз бар – мақала «Жаңа әдебиет» журналының 1928 жылғы 5 санында жарияланған. Жалғасы бар делінгенмен, табылмады. Кітапқа «Жұлдыз» журналының 2006 жылғы 6 санынан алынды.

42 Табалдырық – кітапқа 2011 жылы жарық көрген «Табалдырық. Манифест» кітабынан алынды.

Жұмабаев М. Табалдырық. Манифест. Алматы: Тау-Самал, 2011. – 108 бет + 20 бет т-т жапсырма. (47-62):

ҚР ҰҚК-нің Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты. 6-к., 011494-іс. Т-7. 219-236 тт.

43 Жырымасыншы жылдардағы әдеби сын – мақала автордың 1966 жылы жарық көрген «Шындық және шеберлік» жинағынан алынды. XX ғасыр басындағы әдеби сын, әдеби айтыстарға қазақ әдебиеттануындағы кеңестік кезеңнің бір көзқарас үлгісі ретінде ұсынылып отыр.

Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. – Алматы: «Жазушы», 1966. – 264 б. (15-29)

МАЗМҰНЫ

АНДАТПА	3
Ахмет Байтұрсынұлы ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ	5
Райымжан Мәрсеков ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНАН	14
Әлихан Бөкейханов РОМАН НЕ НӘРСЕ	21
Әлихан Бөкейханов РОМАН БӨЙГЕСІ	24
Нәзір Төрекұлов ӘДЕБИЕТІМІЗГЕ КӨЗ САЛУ	33
Нәзір Төрекұлов РЕДАКТОР МЕН ОҚЫРМАН	37
Смағұл Сәдуақасұлы КИРГИЗСКАЯ ЛИТЕРАТУРА	38
Ғабдрахман Сағди АБАЙ	46
Смағұл Сәдуақасұлы ӘДЕБИЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ СЫНАУ КЕРЕК?	70
Ахмет Байтұрсынұлы ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН	72
Мұхтар Әуезов ҚАЗАҚТАҒЫ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ	78
Мұхтар Әуезов ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ	80
Мұхтар Әуезов ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ	85

Мұхтар Әуезов «ҚЫЗЫЛ СҮҢҚАРЛАР»	93
Мұхтар Әуезов АҚАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ (ЮБИЛЕЙ)	99
Ілияс Жансүгіров АБАЙ КІТАБЫ	106
Нәзір Төрекұлов «АСАУ ТҰЛПАР»	111
Сәбит Мұқанов «СЫНҒА СЫН»	122
Сәкен Сейфуллин «АСАУ ТҰЛПАР» ТУРАЛЫ	126
Нәзір Төрекұлов ЕЛ АСЫЛЫҢ ЖАСЫТПАҢДАР	142
Нәзір Төрекұлов «БАҚЫТ ЖОЛЫНА» СЫН	143
Сәкен Сейфуллин ӘДЕБИЕТ ҒӘМ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ	146
Сәкен Сейфуллин БЕКЕТ	156
Жүсіпбек Аймауытов МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ	159
Ғабит Мүсірепов ҚИСЫҚ СЫНҒА ӘДЛ ТӨРЕ	190
Жүсіпбек Аймауытұлы ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ	195
Жүсіпбек Аймауытов КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ САРАЛАУ	198
Нәзір Төрекұлов «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ» ТУРАЛЫ БІР-ЕКІ СӨЗ	201

Сәбит Мұқанов КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ	206
Қошқе Кеменгерұлы КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ	213
Қошқе Кеменгерұлы СӘБИТПЕН АЙТЫСТЫ ДОҒАРДЫМ	222
Сәбит Мұқанов КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАР	223
Смағұл Сәдуақасұлы ӘДЕБИЕТ ӘНГІМЕЛЕРІ	241
Сәрсембіұлы Жәкен КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ	253
Сәбит Мұқанов БАЙДЫҢ ТОЛҒАҒЫ	258
Мәмет келіні Әмина КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ	271
Жүсіпбек Аймауытов ӘДЕБИЕТ МҰРАЛАРЫ	280
Екеу КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ	283
Ғаббас Тоғжанұлы ҚАНДАЙ ӘДЕБИЕТ ҮСТЕМ БОЛМАҚ, ҚАНДАЙ ӘДЕБИЕТІМІЗ БАР	296
Мағжан Жұмабаев АЛҚА	312
Бейсенбай Кенжебаев ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ	326
СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР	342
ТҮСІНІКТЕР	345

Қ. Мәдібаева

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ

Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр/м² Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 360 бет. Шартты баспа табағы 23.



ЭВЕРО

«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43.
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru